Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ» 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНА ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

2026 ж.

ӘОЖ 347.963 (574)
КБЖ 67.72 (5Қаз)
П77

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры, заң ғылымдарының кандидаты, философия докторы (PhD) Н.М. Әбдіровтің жалпы редакциясымен

Рецензенттер:
1. **Өмірәлиев Жандос Жәнібекұлы** – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, 2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі.
2. **Үнзила Шапақ** – Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы, з.ғ.д., доцент
3. **Игорь Михайлович Мацкевич**– Ресей Федерациясы прокуратурасы университетінің ректоры, 2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, заң ғылымдарының докторы, профессор.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII Конституциялық заңына ғылыми-практикалық түсініктеме / авторлар ұжымы; Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры, з.ғ.к., философия докторы (PhD) Н.М. Әбдіровтің жалпы редакциясымен – Қосшы, 2026. – 428 б.

ISBN 978-601-82556-3-2

Осы ғылыми-практикалық түсініктеме Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 2022 жылғы 5 қарашада қабылданған Конституциялық заңының ережелерін түсіндіруге арналған.

Түсініктеме Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша заңнамасы ескеріле отырып дайындалды.

Ғылыми-практикалық түсініктеме қолданыстағы заңнаманы, Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының құқықтық ұстанымдарын, сондай-ақ прокуратура органдары қызметінің практикасын жүйелі талдауға негізделген Конституциялық заң ережелерін арнайы заңдық және доктриналық түсіндіру болып табылады. Онда баяндалған түсіндірулер мен тұжырымдар түсініктеме беріліп отырған нормалардың мазмұнын түсіндіруге және олардың прокуратура органдарының қызметінде іске асырылу ерекшеліктерін ашуға бағытталған.

Басылым прокуратура органдарының және басқа да құқық қорғау және мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне, судьяларға, ғылыми және практикалық қызметкерлерге, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушыларына, докоранттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы прокуратурасының ұйымдастырылуы мен қызметі мәселелеріне қызығушылық танытатын өзге де адамдарға арналған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
Ғылыми кеңесімен басып шығаруға ұсынылған

ӘОЖ 347.963 (574)
КБЖ 67.72 (5Қаз)
ISBN 978-601-82556-3-2



АЛҒЫ СӨЗ

2026 жылғы 15 наурызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы - мәні жағынан халықтың ерік-жігеріне негізделген, ұлттық мемлекеттіліктің іргелі негіздерін бекіткен халықтық Конституция, Тәуелсіз Қазақ елінің Ата Заңы. Онда адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, заң үстемдігі мен тәртіп, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау басты орын алатын жалпыұлттық құндылықтар мен ел дамуының қағидаттары конституциялық деңгейде бекітілді.

Конституциялық өзгерістер прокуратураны қоса алғанда, мемлекеттік институттарды дамытудың заманауи бағдарларын айқындады. Прокуратураның конституциялық миссиясы заң үстемдігін қамтамасыз етуден, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудан тұрады. Бұл міндеттерді іске асыру заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етумен және қоғамда «Заң мен Тәртіп» қағидатын дәйекті түрде орнықтырумен тікелей байланысты.

Прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелері алғаш рет Конституциялық заң деңгейінде кешенді түрде заңнамалық реттелді. Онда прокуратураны ұйымдастыру мен оның

қызметінің құқықтық негіздері, прокурорлық қызметтің қағидаттары, жоғары қадағалаудың мазмұны мен шектері, прокуратураның өзге де конституциялық функцияларын іске асыру тетіктері, сондай-ақ прокуратура органдарында қызмет өткеру мәселелері айқындалған.

Заңнаманың дамуы, мемлекеттік басқарудың жаңа конституциялық моделі, құқық қорғау қызметінің цифрлық трансформациясы және туындайтын құқықтық сын-қатерлер прокуратура функцияларын іске асыру тетіктерін одан әрі дамытуды негіздейді әрі оларды реттейтін құқықтық нормаларды біркелкі және жүйелі түсінуді талап етеді.

Жаңа бағыттардың бірі – Бас Прокурорға Инвестициялық омбудсмен функцияларының заңнамалық деңгейде берілуі. Кәсіпкерлік кодекске сәйкес оған инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүктелген. Өңірлік деңгейде бұл функцияны инвестициялық прокурорлар – облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар жүзеге асырады, ал Инвестициялық омбудсменнің қызметін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті қамтамасыз етеді[1].

Прокуратура қызметінің құқықтық тетіктерін кеңейту және нақтылау Конституциялық заңның ережелерін дәл түсінуге және оларды Қазақстан Республикасының Конституциясымен, салалық заңнамамен, Бас Прокурордың құқықтық актілерімен, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларымен өзара байланыста қолдануға қойылатын талаптарды арттырады.

Бұл осы ғылыми-практикалық түсініктемені дайындауға негіз болды. Оның мақсаты - Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Конституциялық заңы ережелерінің мазмұнын, олардың қолданыстағы заңнаманың өзге де нормаларымен және прокуратура

[1] Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ / http://10.61.42.188/kaz/docs/K1500000375

органдарының өкілеттіктерін іске асырудың құқықтық тетіктерімен өзара байланысын жүйелі түрде ашу.

Басылымды дайындауға прокуратура органдарының басшылары мен практик қызметкерлері, тиісті құқық салаларындағы ғалымдар мен мамандар қатысты. Қызмет тәжірибесі мен ғылыми тәсілдердің осындай ұштасуы Конституциялық заңның ережелерін заңнаманы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының құқықтық ұстанымдарын, ведомстволық нормативтік реттеуді және прокуратура органдарының қызмет практикасын ескере отырып қарастыруға мүмкіндік берді.

Осы басылым прокурорлар, судьялар, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлері, ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, докторанттар, магистранттар мен заң мамандықтарының студенттері, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелерімен кәсіби түрде айналысатын барлық мамандар тарапынан сұранысқа ие болады деп сенемін.

Ғылыми-практикалық түсініктемені дайындауға қатысқан Академия ұжымына, ғалымдарға, прокуратура органдарының практик қызметкерлеріне және барлық авторларға алғысымды білдіремін.

Басылым Конституциялық заңның ережелерін жүйелі түсінуге, оларды қолданыстағы заңнамамен өзара байланыста қолдануға, сондай-ақ прокуратураның конституциялық миссиясын ғылыми және практикалық тұрғыдан одан әрі пайымдауға ықпал ететініне сенімдімін.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б.Н. Асылов

Авторлық ұжым:

Б.Н. Асылов – 5, 7-баптар
Н.М. Абдиров, з.ғ.к., PhD докторы – 12, 28-баптар
С.М. Айтпаева – 11-бап
А.М. Алибекова з.ғ.к. – 3-бап
И.У. Аубакирова з.ғ.д., профессор – 41-бап
М.Д. Ахметов з.ғ.к. – 21-бап
А.Н. Ахпанов з.ғ.д., профессор – 23-бап
М.Е. Аширбеков PhD докторы – 14-бап
А.Н. Баданова PhD докторы, **К.К. Тусупов** – 42, 19-баптар
И.Ш. Борчашвили з.ғ.д., профессор – 29-бап
А.К. Даулбаев з.ғ.к., доцент – 1-бап
Н.О. Дулатбеков з.ғ.д., профессор – 8-бап
А.Ж. Жакиялин – 25-бап
Н.Ш. Жемпиисов з.ғ.к., қауымдастырылған профессор – 4-бап
С.А. Жижис, М.Е. Тулеуова – 26-бап
А.Т. Жукенов– 30-бап
А.Ж. Жұмағали – 35-бап
К.А. Игембаев з.ғ.к. – 39-бап
С.Н. Исаева з.ғ.к., доцент, **А.К. Ануар** – 44, 47-баптар
Е.К. Кайрулла з.ғ.к., **Д.К. Каиржанова** – 37, 40-баптар
М.О. Касимова PhD докторы, **Т.Түсіп** – 37-1, 38-баптар
А.С. Касымова з.ғ.к. – 17-бап
М.Ч. Когамов з.ғ.д., профессор – 2, 6-баптар
А.Т. Маутова – 31-бап
Е.С.Мерзадинов з.ғ.к. – 20-бап
Г.К.Муканов, Т.Г. Маханов – 15, 16-баптар
А.О. Мухамеджанов– 9-бап
А.А. Смагулов з.ғ.д., профессор – 10-бап
С.М. Рахметов з.ғ.д., профессор – 27-бап
С.М. Сапаралиева з.ғ.к. – 24-бап
Б.И. Сәдібеков, М.О. Касимова PhD докторы – 36-бап
Ж.С. Сейтаева з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, **Кулькеев Э.У.** – 22-бап
К.К. Сейтенов з.ғ.д., профессор – 32-бап
Д.А. Секенов PhD докторы, **Д.Ж. Муканов** з.ғ.к. – 13-бап
К.М. Сердалинов, С.Р. Темиров – 33–34-баптар
Н.М. Суиндиков, Д.В. Воеводкин PhD докторы – 18-бап
А.В. Сырбу з.ғ.к., доцент, **Н.К. Мырзабаев** – 45, 46-баптар
Н.Н. Турецкий з.ғ.д., профессор – 43-бап
Т.А. Турдубеков, М.Е. Аширбеков PhD докторы– 11-2, 25-1-баптар

МАЗМҰНЫ

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
1-бап. Прокуратураның мақсаты
2-бап. Прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізі
3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары
4-бап. Прокуратураның мақсаттары мен міндеттері
2-тарау. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ
5-бап. Прокуратура органдарының жүйесі
6-бап. Прокуратура органдарының құзыреті
7-бап. Бас прокуратура
8-бап. Бас Прокурор және оның орынбасарлары
9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері
10-бап. Прокурордың өкілеттіктері
11-бап. Прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосы
11-1-бап. Алып тасталды
11-2-бап. Прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы
12-бап. Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы
13-бап. Әскери прокуратура органдары
14-бап. Көлік прокуратурасы органдары
15-бап. Облыстық және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорлар мен прокуратуралар
16-бап. Аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) өзге де прокурорлар мен прокуратуралар
3-тарау. ЖОҒАРЫ ҚАДАҒАЛАУ ШЕКТЕРІ МЕН

НЫСАНДАРЫ. СОТТА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН БІЛДІРУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ. ЖОЛДАНЫМДАРДЫ ҚАРАУ. ПРОКУРОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ

17-бап. Жоғары қадағалау шектері мен нысандары

18-бап. Заңдылықтың сақталуын тексеру

19-бап. Тексерілетін субъектілердің құқықтары мен міндеттері

20-бап. Заңдылықтың жай-күйін талдау

21-бап. Күшіне енген актілерді бағалау

22-бап. Сотта мемлекет мүддесін білдіру

23-бап. Қылмыстық қудалау

24-бап. Жолданымдарды қарау

25-бап. Прокуратура шешімдеріне, актілеріне және прокуратура органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа дейін реттеу

25-1-бап. Инвесторлардың қатысуымен болатын дауларды сотқа дейінгі реттеу

26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері

27-бап. Прокуратура органдарының жауапкершілігі

4-тарау. ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНДАҒЫ АЛҚАЛАР. НОРМАШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ

28-бап. Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру

29-бап. Прокуратураның адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі өзара іс-қимылы

30-бап. Прокуратура органдарындағы алқалар

31-бап. Нормашығармашылық қызметке қатысу

5-тарау. ПРОКУРАТУРА АКТІЛЕРІ

32-бап. Прокуратура актілерінің жүйесі

33-бап. Наразылық
34-бап. Санкция (келісім)
35-бап. Нұсқау
36-бап. Ұсыну
37-бап. Қаулы
37-1-бап. Ұйғарым
38-бап. Өтінішхат
39-бап. Арыз (талап қою)
40-бап. Үндеу
41-бап. Заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіру
42-бап. Прокуратура актілерін жариялау
43-бап. Прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне шағым жасау
6-тарау. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ КАДРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ
44-бап. Прокуратура органдары кадрларының құрамы
45-бап. Прокуратура органдарын қаржылық қамтамасыз ету
46-бап. Прокурорларды және өзге де жұмыскерлерді материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру
47-бап. Қызметтік куәліктер және мөр

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Прокуратураның мақсаты

Прокуратура мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 1-бабы Қазақстан Республикасы прокуратурасының конституциялық мақсатын айқындайды және прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын, оның конституциялық функцияларының мазмұнын, сондай-ақ прокуратура органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметін кейіннен құқықтық реттеудің бағытын ашатын, түсініктеме беріліп отырған Конституциялық заңның бастапқы нормасы болып табылады.

Түсініктеме беріліп отырған бап ҚР Конституциясының 84-бабы 1-тармағының ережесін қайталайды. Оған сәйкес прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады[2]. Конституциялық заң аталған конституциялық ережені нақтылап, осы функцияларды іске асырудың құқықтық негіздерін айқындайды.

Өкілеттіктерді «мемлекет атынан» жүзеге асыру прокуратура қызметінің жария-құқықтық табиғатын көрсетеді. Бұл прокуратураның заңдылықты қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау жөніндегі мемлекеттің конституциялық функцияларын іске асыратынын білдіреді. Осыған

[2] 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000

сәйкес прокурорлық өкілеттіктерді жүзеге асыруға тек ҚР Конституциясында, Конституциялық заңда және ҚР өзге де заңдарында белгіленген құзырет шегінде жол беріледі.

Бапта бекітілген «заңда белгіленген шекте және нысанда» деген тұжырымның ерекше заңдық маңызы бар, өйткені ол прокуратураның конституциялық функцияларын жүзеге асыру шектерін айқындайды. Бұл ереже прокуратура органдарының құзыретін өз бетінше кеңейтуге жол бермейді және жоғары қадағалауды, сотта мемлекет мүддесін білдіруді және қылмыстық қудалауды жүзеге асырудың негіздері, нысандары мен тәртібі Конституциялық заңда, қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік және ҚР өзге де заңнамасында айқындалатынын білдіреді.

Конституциялық заңның 1-бабының мазмұнын ҚР Конституциясының 1, 3 және 84-баптарының ережелерімен өзара байланыста қарау қажет. Конституцияның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Конституцияның 3-бабы 1-тармағында заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарының бірі ретінде айқындалған. Бұл конституциялық қағидатты мемлекеттік органдар жүйесі өз құзыреті шегінде іске асырады. Прокуратура осы жүйеде ерекше орын алады және заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру, сотта мемлекет мүддесін білдіру және қылмыстық қудалау арқылы өзінің конституциялық құзыреті саласында «Заң мен Тәртіп» қағидатын іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 1-бабында бекітілген прокуратура функциялары өзара байланысты және оның конституциялық мақсатын іске асырудың біртұтас жүйесін құрайды. Жоғары қадағалау ҚР Конституциясы мен заңдарының сақталуын қамтамасыз етуге, заңдылықтың бұзылуын анықтауға, оның жолын кесуге және жоюға бағытталған. Сотта мемлекет мүддесін білдіру

заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жария мүдделердің сот арқылы қорғалуын қамтамасыз етеді. Қылмыстық қудалау қылмыстық құқық бұзушылықтарға ден қою жөніндегі мемлекеттің конституциялық функциясы болып табылады және қылмыстық-процестік заңнамада белгіленген процестік нысандарда іске асырылады. Аталған функциялар жиынтығында заң мен тәртіп үстемдігі конституциялық қағидатының іске асырылуын, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғауды қамтамасыз етеді.

Жоғары қадағалаудың құқықтық табиғатына Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 нормативтік қаулысында ресми түсіндірме берілген [3] . Конституциялық Кеңес ҚР Конституциясы өзге мемлекеттік органдардың заңмен берілген құзыреті шегінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруын жоққа шығармайтынын атап көрсетті. Сонымен бірге жоғары қадағалауды тек прокуратура жүзеге асырады, бұл оның ерекше конституциялық-құқықтық мәртебесіне байланысты. Бұдан басқа, Конституциялық Кеңес мемлекеттік функцияның жария-құқықтық сипатта болатынын, субъектілердің айқындалмаған тобына қолданылатынын және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданумен байланысты болуы мүмкін екенін түсіндірді. Бұл белгілер прокуратураның конституциялық функцияларын толық сипаттайды.

Прокурорлық қадағалау доктринасында аталған ұстаным жоғары қадағалауды қадағалауға жататын субъектілер шеңбері, нысанасы, өкілеттіктер көлемі мен ден қою нысандары бойынша ведомстволық бақылаудан да, жалпы мемлекеттік басқарудан да ерекшеленетін мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде айқындау арқылы нақтыланады.[4] Бұл нормативтік қаулының оған енгізілген

[3] «Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабын, 61-бабы 3-тармағының 1) және 3) тармақшаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа да бірқатар нормаларын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S080000008_

[4] Маршунов М.Н. Основы теории прокурорского надзора: научное издание. СПб., 2013; Казарина А.Х. Теоретические и прикладные проблемы прокурорского надзора за исполнением законов экономической направленности: дис. … д-ра юрид. наук. М., 2009.

өзгеріс ескеріле отырып қолданылатынын және бұрын қолданыста болған конституциялық бақылау органының құқықтық ұстанымы ретінде доктриналық маңызын сақтайтынын да ескеру қажет.[5]

Конституциялық Кеңестің келтірілген құқықтық ұстанымынан «жоғары қадағалау» ұғымы прокуратураның ерекше конституциялық-құқықтық мақсатын сипаттайтыны және оның жалпы мемлекеттік басқаруды немесе әкімшілік бақылауды жүзеге асыруын білдірмейтіні туындайды. Қадағалау өкілеттіктерін іске асыруға тек ҚР Конституциясы мен заңдарында көзделген құзырет шегінде және нысандарда жол беріледі. Жоғары қадағалауды дәл осылай түсіну мемлекеттік органдардың дербестігі, адам құқықтарын қорғау және заң мен тәртіп үстемдігі қағидатын іске асыру арасындағы конституциялық теңгерімнің сақталуын қамтамасыз етеді.

Сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі конституциялық функция заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен іске асырылады. Оның мазмұны Конституциялық заңда, сондай-ақ прокурордың сот ісін жүргізудің әртүрлі түрлеріне қатысу негіздері мен нысандарын айқындайтын процестік заңнамада нақтыланады.

Қылмыстық қудалау прокуратураның дербес конституциялық функциясы болып табылады және қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. 1-баптың ережелері ҚПК-нің 58-бабында одан әрі дамытылады. [6] Аталған норма прокурорды өз құзыреті шегінде жедел-іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ мемлекет атынан қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалауды және ҚР Конституциясының 84-бабына және ҚПК-ге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын лауазымды адам ретінде айқындайды. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор

[5] Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2008 жылғы 15 қазандағы № 8 нормативтік қаулысының дәлелдеу бөлігінің 2-тармағына «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің кейбір нормативтік қаулыларын қайта қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2022 жылғы 16 қарашадағы № 1 нормативтік қаулысымен өзгеріс енгізілген. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2200000001

[6] Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады.

Прокуратураның конституциялық функциялары процестік заңнамада және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде одан әрі нақтыланады. Бұл актілер жоғары қадағалауды, сотта мемлекет мүддесін білдіруді және қылмыстық қудалауды іске асырудың ұйымдастырушылық және рәсімдік тетіктерін айқындайды. Тиісті нормаларды қолдану практикасы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар ескеріле отырып қалыптастырылады.

Осылайша, Конституциялық заңның 1-бабы прокуратураның конституциялық мақсатын мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, сотта мемлекет мүддесін білдіретін және ҚР Конституциясы мен заңдарында белгіленген шекте және нысанда қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган ретінде бекітеді. Аталған функцияларды іске асыру ҚР Конституциясында бекітілген заң мен тәртіп үстемдігі қағидатының іс жүзінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғаудың кепілі қызметін атқарады, сондай-ақ прокуратура органдары қызметін кейіннен құқықтық реттеудің мазмұны мен бағытын айқындайды.

2-бап. Прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізі

Прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Конституциялық заң, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы елдің конституциялық заңдарын оның жаңартылған ережелеріне сәйкес келтіруге алып келді[7]. Тиісті өзгерістер түсініктеме беріліп отырған Конституциялық заңды да қамтыды. Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII Конституциялық заңымен прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен құзыретін айқындайтын жекелеген ережелер нақтыланды.

Осыған байланысты прокуратураның құқықтық мәртебесінің негізін құрайтын нормаларды - оның қызметінің құқықтық негізін айқындайтын 2-бапты және құзыретінің мазмұнын ашып көрсететін 6-бапты жүйелі түрде зерделеу ерекше маңызға ие болады. Заң шығарушы прокуратура қызметінің құқықтық қайнар көздерінен оған берілген өкілеттіктердің мазмұнына дәйекті түрде көшеді, бұл аталған нормаларды тікелей өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Түсініктеме беріліп отырған бап өзінің мазмұнының ықшамдығына қарамастан, Конституциялық заңның құрылымында елеулі орын алады. Ол прокуратура қызметінің құқықтық қайнар көздерін айқындайды және сол арқылы оның өкілеттіктерін іске асырудың нормативтік шектерін белгілейді. Осы тұрғыдан алғанда, Конституциялық заңның 2-бабы прокуратура органдары қызметінің міндеттері, қағидаттары, құзыреті мен нысандары туралы нормаларын одан әрі түсіну үшін құқықтық негіз қалайды.

Заң шығарушы прокуратура қызметінің құқықтық негізінің төрт элементін бекітеді: Конституцияны, осы Конституциялық заңды, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін. Бұл норма тек сілтемелік сипатта ғана емес. Оның мазмұны прокуратура қызметінің құқықтық қайнар көздерінің жүйесін айқындайды және сонымен бірге прокурорлық

[7] 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000

өкілеттіктерді құқықта белгіленген негіздерден тыс жүзеге асыру мүмкіндігін жоққа шығарады.

Прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізінің бірінші әрі іргелі қайнар көзі Конституция болып табылады. Конституцияның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы - Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық міндеттемелерінің нормалары. Бұл ретте Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады.

Демек, прокуратура өкілеттіктерінің мазмұны мен шектері, ең алдымен, конституциялық ережелер және оларды дамыту үшін қабылданған заңнамалық актілер негізінде айқындалады. Прокурордың өкілеттіктері прокуратураның жалпы міндеттерінен ғана туындамауға немесе оның құзыретін кеңейте түсіндіру арқылы айқындалмауға тиіс.

Конституцияның 84-бабы прокуратура қызметінің тікелей конституциялық негізі болып табылады. Осы бапқа сәйкес прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Осы бапта прокуратураның орталықтандырылған бірыңғай жүйесі, төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынуы, прокуратураның басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіздігі, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беруі бекітілген.

Келтірілген конституциялық формула прокуратураның мәртебесін айқындап қана қоймай, оның қызметінің шектерін де белгілейді. Функцияларды «заңда белгіленген шекте және нысанда» жүзеге асыру туралы нұсқау прокурор өкілеттіктерінің нормативтік

негізі болуға, олардың белгіленген құзырет шегінде жүзеге асырылуға және заңда көзделген нысандарда іске асырылуға тиіс екенін білдіреді. Басқаша айтқанда, прокуратураның Конституцияда бекітілген функциялары өздігінен прокурордың нақты өкілеттіктерін ерікті түрде кеңейтуге негіз болып табылмайды.

Осыған байланысты Конституциялық заңның 2-бабының мазмұны конституциялық құрылыс негіздерімен де қисынды түрде байланысты. Конституцияның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы - адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Конституцияның 3-бабы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі қағидаттарына жатқызады.

Осы өзара байланыстан тыс Конституциялық заңның 2-бабының мазмұны толық болмас еді. Прокуратура өзіне берілген өкілеттіктерді заңдылықтың, адамның құқықтары мен бостандықтарының, қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің қорғалуын қамтамасыз ететін конституциялық кепілдіктердің жалпы жүйесінде іске асырады. Сондықтан прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметін айқындайтын нормалар Конституцияның тиісті ережелерімен өзара байланыста қолданылуға жатады.

Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну әрі олардың өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік биліктің біртұтастығын бекітетін Конституцияның 4-бабы да маңызды.

Прокуратура ұйымдық жағынан мемлекеттік биліктің аталған тармақтарының ешқайсысына жатпайды. Оның мемлекеттік институттар жүйесіндегі дербес орны тікелей Конституцияның 84-бабымен, ал құзыретінің мазмұны Конституциямен, Конституциялық заңмен және өзге де заңнамалық актілермен айқындалады.

Мұндай конституциялық құрылым прокуратураның мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды, сотта мемлекет мүддесін білдіруді және қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын орталықтандырылған жүйе ретіндегі ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге прокуратураның дербес конституциялық жағдайы оның өкілеттіктерінің заңнамалық реттеуден автономды екенін білдірмейді: керісінше, оларды жүзеге асырудың шектері мен нысандары тікелей заңмен айқындалады.

Прокуратура қызметінің құқықтық негізінің екінші элементі - тікелей түсініктеме беріліп отырған Конституциялық заң. Ол прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен жүйесі, Бас Прокурор мен прокурорлардың құзыреті, жоғары қадағалаудың шектері мен нысандары, сотта мемлекет мүддесін білдіру, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, сондай-ақ прокуратура актілерінің жүйесі бөлігінде Конституцияның 84-бабының ережелерін нақтылайды.

Конституциялық заңның мәртебесі прокуратура қызметінің жекелеген бағыттарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің онымен өзара байланыста қолданылатынын және оның ережелеріне қайшы келе алмайтынын білдіреді. Сонымен қатар Конституциялық заңда көзделген өкілеттіктерді іске асыру оларды жүзеге асырудың негіздері мен процестік тәртібін айқындайтын салалық заңнамада одан әрі нақтыланады.

Прокуратура қызметінің құқықтық негізінің үшінші элементі - Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар. Конституцияға және «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңына сәйкес [8] Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық міндеттемелері қолданыстағы құқық жүйесіне кіреді және Конституция мен заңнамада белгіленген тәртіппен қолданылуға жатады.

[8] «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы № 54-III Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000054_

Осылайша, мемлекеттің халықаралық-құқықтық міндеттемелері олардың ережелері прокуратура іске асыратын конституциялық функциялар мен өкілеттіктерге қатысты болатын шамада прокуратура қызметінің құқықтық негізінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл, ең алдымен, адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қылмыстық қудалау, азаптаулардың алдын алу, сыбайлас жемқорлық пен трансұлттық қылмысқа қарсы іс-қимыл, қылмыстық істер бойынша халықаралық ынтымақтастық, адамдарды ұстап беру, құқықтық көмек көрсету, қылмыстық кірістерді тәркілеу және активтерді қайтару мәселелерінде практикалық маңызға ие.

Прокуратура қызметінің тиісті бағыттарының халықаралық-құқықтық негізін құрайтын халықаралық шарттардың қатарынан Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні [9], Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияны және оған Факультативтік хаттаманы [10], Бала құқықтары туралы конвенцияны [11], Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын [12], Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын [13] және оны толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы [14], Біріккен Ұлттар Ұйымының

[9] «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91-III Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091_

[10] «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 26 маусымдағы № 48-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000048_

[11] «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_

[12] «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_

[13] «Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 маусымдағы № 40-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000040_

[14] «Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 маусымдағы № 37-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000037_

Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенциясын[15], Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияны [16] , сондай-ақ Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны (Кишинев конвенциясын)[17] бөліп көрсету қажет.

Аталған халықаралық шарттардың реттеу нысанасы әртүрлі болғанымен, олар жиынтығында прокуратура органдарының қызметімен тікелей байланысты құқықтық қатынастардың елеулі ауқымын қамтиды: қылмыстық сот ісін жүргізу барысында адам құқықтарын қамтамасыз ету стандарттарын, ұстап алу мен күзетпен ұстаудың заңдылығын, кінәсіздік презумпциясы мен қорғалу құқығын, азаптаулардың алдын алуды, адамдарды халықаралық іздестіру мен ұстап беруді, өзара құқықтық көмекті, қылмыстық кірістерді тәркілеуді және активтерді қайтаруды.

Бұл ретте халықаралық шарттарды прокуратураның құзыретін кеңейтудің дербес қайнар көзі ретінде емес, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасында белгіленген функциялар мен өкілеттіктер шегінде қолданылатын қолданыстағы құқықтың элементі ретінде қарастырған жөн.

Соңында, прокуратура қызметінің құқықтық негізінің төртінші элементі Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері - кодекстер мен заңдар, Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары, Үкіметтің нормативтік қаулылары, сондай-ақ тиісті қоғамдық қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

---

[15] «Қазақстан Республикасының Есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 246 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000246_

[16] «Қазақстан Республикасының Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияға қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 2 қазандағы № 347-II Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000347_

[17] «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 531 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000531_

Прокуратураның практикалық қызметінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару, Азаматтық, Азаматтық процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстері, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, жедел-іздестіру қызметі, құқық қорғау қызметі, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу, заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнама және өзге де заңнамалық актілер тікелей маңызға ие. Олар прокуратура органдарының жекелеген өкілеттіктерін іске асырудың негіздерін, шектері мен тәртібін нақтылайды.

Құқықтық негіздің осы құрамдас бөлігіне заңмен берілген құзырет шегінде қабылданатын Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілері де жатады. Олар прокуратура органдарының жекелеген бағыттар бойынша қызметін ұйымдастыруды реттейді, заңнамада белгіленген өкілеттіктерді іске асыру тәртібін нақтылайды және прокурорлық қызметтің біркелкі ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте ведомстволық нормативтік реттеу неғұрлым жоғары заңдық күші бар актілердің негізінде және оларды орындау үшін жүзеге асырылады әрі прокуратура құзыретінің заңда белгіленген нысанасын, шектері мен мазмұнын өзгерте алмайды.

Конституцияның 5-бабына сәйкес қолданыстағы құқықтың құрамына кіретін Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары ерекше орын алады. Оларда қамтылған құқықтық ұстанымдар мен түсіндірмелер заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды, қылмыстық қудалауды, сотта мемлекет мүддесін білдіруді және прокуратура қызметінің өзге де бағыттарын жүзеге асыру кезінде ескерілуге жатады.

Осылайша, түсініктеме беріліп отырған баптың құрылтайшылық қана емес, кепілдік берушілік маңызы да бар. Ол прокуратура қызметінің құқықтық негізін айқындайды және сол арқылы прокурорлық өкілеттіктерді ерікті түрде кеңейту мүмкіндігін жоққа шығарады.

2-баптың түйінді мәнінің бірі осында: прокурордың мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтардың қызметіне араласуына заңда көзделген негіз болған кезде, белгіленген құқықтық нысанда және берілген құзырет шегінде ғана жол беріледі. Аталған элементтердің кез келгенінің болмауы прокуратураның жалпы міндеттеріне немесе заңдылықты қамтамасыз ету қажеттігіне ғана сілтеме жасау арқылы толықтырыла алмайды.

3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары

1. Прокуратура өз өкілеттіктерін заңдылық, басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан тәуелсіз болу, Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беру, жариялылық қағидаттарында жүзеге асырады.

2. Прокуратура органдары өз функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде олардың қызметіне қандай да бір араласуға тыйым салынады.

3. Прокуратура кәсіпкерлік субъектілерінің, ұйымдардың және мемлекеттік органдардың қызметіне араласуға, олардың қызметін тексеруді тағайындауға, заңда көзделмеген негіздер бойынша ақпарат не құжаттар сұратуға құқылы емес.

4. Прокуратура органдары Қазақстан Республикасының адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бөлігіндегі, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңдарының талаптарына қайшы келмейтіндей шамада жария түрде әрекет етеді.

Прокуратураны ұйымдастыру мен оның қызметінің қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Конституциялық заңда бекітілген, прокурорлық қызметті жүзеге асырудың мазмұнын, нысандары мен шегін айқындайтын негіз құраушы бастамалар болып табылады. Олар прокуратураның

конституциялық мақсатын көрсетеді, оның өкілеттіктерін іске асыру тәртібін айқындайды және прокуратураның барлық органдары мен лауазымды адамдарының қызметі үшін міндетті бағдар ретінде әрекет етеді.

Түсініктеме беріліп отырған баптың 1-тармағына сәйкес прокуратура өз өкілеттіктерін заңдылық, басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіздік, Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беру және жариялылық қағидаттарында жүзеге асырады. Аталған қағидаттар өзара байланысты және жиынтығында прокуратураның заңдылықты қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін сақтау жөніндегі конституциялық миссиясының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Заңдылық қағидаты прокуратура органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің базалық қағидаты болып табылады. Оның конституциялық негізін заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз етуді мемлекет қызметінің негіз құраушы қағидаттарының қатарына жатқызатын Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының ережелері; әр адамды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндеттейтін Конституцияның 36-бабы; сондай-ақ прокуратураның мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі мақсатын айқындайтын Конституцияның 84-бабының ережелері құрайды.

Бұл тәсіл А.В. Дайси тұжырымдаған құқық үстемдігінің классикалық тұжырымдамасына сәйкес келеді. Оған сәйкес лауазымды адам заңда тікелей берілген өкілеттіктерден тыс қандай да бір өкілеттікке ие болмайды және олардың шегінен шыққаны үшін жеке тұлға сияқты жауаптылықта болады.[18]

[18] Dicey A. V. Introduction to the Study of the Law of the Constitution. 8th ed. London: Macmillan and Co., 1915.

Прокуратура қызметіне қатысты заңдылық қағидаты прокурорлардың Конституция, Конституциялық заң, өзге де заңдар мен нормативтік құқықтық актілер талаптарын мүлтіксіз сақтау, тек өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде және заңда белгіленген тәртіппен әрекет ету міндетін білдіреді. Прокурордың кез келген шешімінің, прокурорлық қадағалау актісінің, процестік әрекеттің не қылмыстық қудалау актісінің тиісті құқықтық негізі болуға және олар заңда көзделген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталуға тиіс.

Заңдылық қағидаты заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру кезінде ерекше маңызға ие болады, өйткені прокуратура Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында заңнаманы біркелкі түсіну мен қолдануды қамтамасыз етеді. Қылмыстық сот ісін жүргізуде бұл қағидат ҚПК-нің 10-бабында одан әрі дамытылады. [19] Оған сәйкес сот, прокурор, тергеуші, анықтау органы және анықтаушы қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, ҚПК-нің және ҚПК-нің 1-бабында көрсетілген өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндетті. Осыған байланысты заңдылық бір мезгілде прокуратура органдары қызметінің мақсаты, қадағалау субъектілері қызметін бағалау өлшемшарты және прокурорлық өкілеттіктерді іске асырудың міндетті шарты ретінде әрекет етеді.

Басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіздік қағидаты өз функцияларын мемлекет атынан жүзеге асыратын дербес мемлекеттік орган ретіндегі прокуратураның конституциялық мәртебесінен тікелей туындайды. Оның нормативтік бекітілуі Конституциялық заңның 3-бабының 1 және 2-тармақтарында қамтылған. Оларға сәйкес прокуратура органдары өздерінің функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде олардың қызметіне қандай да бір араласуға тыйым салынады.

Салыстырмалы-құқықтық әдебиетте прокуратураның тәуелсіздігі мен есеп беруінің арақатынасы дербес

[19] Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

институционалдық мәселе ретінде қарастырылады. Тәуелсіздік прокурорлық қызметтің құқыққа қайшы араласудан қорғалуын білдірсе, есеп беру прокуратураның өзіне берілген жария өкілеттіктерді жүзеге асырғаны үшін жауаптылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте осы бастаулардың нақты арақатынасын прокуратураны ұйымдастырудың конституциялық моделі және оның билікті бөлу жүйесіндегі орны айқындайды.[20] Қазақстандық заң шығарушы бұл мәселені басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіздік қағидатымен теңестірілмейтін дербес қағидат ретінде Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беруді бекіту арқылы біржақты шешеді.

Прокуратура тәуелсіздігінің конституциялық-құқықтық негізін мемлекеттік органдар жүйесіндегі прокуратураның ерекше мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабының ережелері, сондай-ақ заң мен тәртіп үстемдігі туралы Конституцияның 3-бабының ережелері құрайды. Прокуратураның тәуелсіздігі заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды, сотта мемлекет мүддесін білдіруді және қылмыстық қудалауды объективті әрі бейтарап жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады.

Прокурорлардың саяси бейтараптығы прокуратура тәуелсіздігін қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 2-тармағына сәйкес құқық қорғау органы қызметкерлері саяси партия мен кәсіптік одақта болуға, қандай да бір саяси партияны немесе қоғамдық-саяси қозғалысты қолдауға не оларға қатысты сыни пікір білдіруге құқылы емес. Аталған шектеулер прокурорлық қызметтің объективтілігін, бейтараптығын және тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

[20] Jerg Gutmann, Stefan Voigt. The Independence of Prosecutors and Government Accountability // Supreme Court Economic Review. Vol. 27. № 1. 2019. Pp. 1–19; Neil Chisholm. Prosecutorial Independence in Comparative Perspective: Continental Legal Tradition and the «Paradox of Democratization» in South Korea // Washington University Global Studies Law Review. Vol. 23. № 1. 2024/2025; Giuseppe Di Federico. Prosecutorial Independence and the Democratic Requirement of Accountability in Italy: Analysis of a Deviant Case in a Comparative Perspective // British Journal of Criminology. Vol. 38. Issue 3. 1998. Pp. 371–387.

Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беру қағидаты прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі ерекше орнын көрсетеді және оның қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға бағыныстылығын болғызбайды. Бұл қағидат Конституциялық заңның 3-бабының 1-тармағында да, Қазақстан Республикасының прокуратурасы Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беретінін белгілейтін Конституцияның 84-бабында да нормативтік тұрғыдан бекітілген.

Аталған қағидат Конституция мен заңнамада белгіленген Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын тағайындау тәртібі, оның Мемлекет басшысына елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының қызметі туралы ақпарат беру міндеті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін және билік органдарының біртұтас Қазақстан халқы алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктері арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беру прокурорлардың нақты істер мен материалдарды шешу кезіндегі процестік тәуелділігін білдірмейді. Бұл қағидат заңдылық, құқықтық тәртіп, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың біртұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жариялылық қағидаты прокуратура қызметінің аса маңызды демократиялық қағидаттарының бірі болып табылады. Оның нормативтік негізін Конституциялық заңның 3-бабының 6-тармағы, сондай-ақ ақпаратты еркін алу және тарату туралы конституциялық ережелер құрайды.

Бұл қағидаттың мазмұны қоғамға заңдылықтың жай-күйі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі шаралар, прокурорлық қызметтің нәтижелері туралы ақпарат беруден, азаматтардың өтініштерін қараудан, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасаудан және прокуратура органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуден көрінеді.

Сонымен бірге жариялылық абсолютті сипатқа ие емес. Конституциялық заңның 3-бабының 6-тармағына сәйкес прокуратура органдары адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңдар талаптарына қайшы келмейтіндей шамада жария түрде әрекет етеді. Демек, жариялылық қағидатын іске асыру қоғамның ақпарат алу құқығы мен жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің конституциялық маңызы бар мүдделерін қорғау қажеттілігі арасындағы негізді теңгерімді қамтамасыз етуге тиіс.

Прокуратура органдары өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасында айқындалған функциялар мен өкілеттіктер шегінде әрекет етеді.

Прокуратура органдарының қызметіне араласуға жол берілмейді және мұндай араласу заң бойынша қудаланады. Прокурорлардың функциялары мен өкілеттіктерін сапалы әрі толық көлемде іске асыруы үшін заңнамада прокуратура органдары қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктер белгіленген.

Конституциялық заңның 26-бабының 1-тармағына сәйкес прокурорға өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Бұдан басқа, «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында [21] қызметкерлердің қызметіне, бұған заңмен тікелей уәкілеттік берілген адамдарды қоспағанда, ешкімнің араласуына құқығы жоқ екені белгіленген. Қызметкерлердің қызметіне құқыққа қарсы араласу заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Прокуратура органдарының қызметіне араласу әртүрлі тәсілдермен: прокуратура органы қызметкерінен қызметтік құпияны

[21] «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380

құрайтын ақпаратты беруді талап ету; оған қатысты заңға қайшы әрекеттер жасау; оның заңдылық мүдделеріне қайшы келетін әрекеттер жасауын талап ету; тергеп-тексеріліп жатқан істің мән-жайларын анықтауға кедергі келтіру және басқа да тәсілдер арқылы жасалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында прокуратура органдары қызметкерлерінің өміріне, денсаулығына, мүлкіне қатер төндіру және өзге де тәсілдер арқылы олардың қызметіне араласқаны үшін жауаптылық белгіленген (ҚК-нің 380, 380-1, 381, 407–409 және 411-баптары[22]).

Прокуратура органдары қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҚПК-нің 95-бабында аталған адамдардың мемлекет қорғауында болатыны белгіленген. Қылмыстық істерді немесе материалдарды сотта қарауға не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуге байланысты олардың өміріне қол сұғудан немесе өзге де күш қолданудан қорғау үшін мемлекет заңда көзделген тәртіппен қауіпсіздік шараларының қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қылмыстық процеске құқыққа қарсы араласудың жолын кесу мақсатында қылмыстық процеске қатысушы адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының өмірін, денсаулығын, мүлкін, заңды құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесі «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі № 72 Заңында белгіленген. [23] Осы Заңның нормалары прокуратура органдарының қызметкерлеріне, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарына да қолданылады.

Кәсіпкерлік субъектілері, ұйымдар және мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларында белгіленеді. Олар өз

[22] «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі № 72 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000072_

[23] Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226

қызметін заңнама нормаларына толық сәйкес жүзеге асырған кезде прокуратура органдарының олардың заңды қызметіне араласуына, қызметіне тексеру тағайындауына, сондай-ақ заңда көзделмеген негіздер бойынша ақпарат не құжаттар сұратуына шектеулер қойылады.

Конституциялық заңның 18-бабында белгіленген тексеру жүргізу тәртібіне сәйкес заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) егер құжаттар мен ақпарат заңдылықтың сақталуын тексеру нысанасына жатпаса, оларды беруді талап етуге;

2) тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асып кетуге;

3) заңдылық пен қоғамдық тәртіпке, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін орны толмас зардаптың туындауына қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, тексерілетін субъектінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруге құқылы емес.

Практикада аталған шектердің кез келгенінен шығу – тексеру нысанасына жатпайтын құжаттарды талап ету, белгіленген мерзімдерді бұзу немесе тексерілетін субъектінің қызметіне негізсіз кедергі келтіру - анықталған заңдылық бұзушылықтарының мәні бойынша расталғанына не расталмағанына қарамастан, прокурордың тексеру жүргізу кезіндегі әрекеттері мен тиісті актілеріне Конституциялық заңның 43-бабында белгіленген тәртіппен шағым жасауға дербес негіз болады.

Жариялылық - қоғамдық маңызы бар қандай да бір рәсімдер мен процестердің: өкілді және атқарушы билік органдарының, соттардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінің, тиісті органдарды сайлау немесе қалыптастыру тәртібінің, заң жобаларын талқылаудың, әртүрлі дауларды шешудің, қоғамдық бірлестіктердің жұмыс істеуінің және басқа да процестердің

барынша ашық болуын әрі олар туралы тұрғындарға кеңінен ақпарат беруді білдіретін жалпы құқықтық термин.[24]

Қазақстан Республикасының прокуратура органдары өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, органдар мен лауазымды адамдардың адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзатын заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне қатысты прокуратура актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай алады [25] (Конституциялық заңның 42-бабы).

Жариялылық қағидатын іске асыру арқылы қоғам тарапынан прокуратура қызметіне бақылау жүзеге асырылады. Қоғам Қазақстан Республикасындағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі және оларды қамтамасыз ету жөніндегі прокуратура қызметі туралы хабардар етілуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ережеге[26] (бұдан әрі – № 563 Жарлық) сәйкес прокуратура органдары жүйесінің бірыңғай ақпараттық саясатын жүргізуді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету Бас прокуратураның негізгі функцияларының қатарына жатады (Ереженің 15-тармағының 27) тармақшасы).

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Аппаратына жұртшылықты прокуратура органдарының қызметі туралы хабардар ету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету; прокуратура органдарының қызметі туралы баспасөз релиздерін,

[24] Большой юридический словарь (2003) / сост.: А.Я. Сухарев, В.Е. Крутских, А.Я. Сухарева. URL: https://law.niv.ru/doc/dictionary/big-legal/fc/slovar-195-1.htm#zag-1347 (жүгінген күні: 10.07.2026).

[25] «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-I Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000349_

[26] Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Жарлығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000563

ақпараттық хабарламаларды және бұқаралық ақпарат құралдарының сұрау салуларына жауаптарды әзірлеу; Бас Прокурордың және оның орынбасарларының баспасөз конференцияларын, сұхбаттарын және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру және басқа да міндеттер жүктеледі.

Прокуратура органдары ақпарат агенттіктері, баспасөз, радио және телевизия арқылы халыққа жоғары қоғамдық қызығушылық туғызған прокурорлық тексерулердің нәтижелері, сондай-ақ заңдылықтың өрескел бұзылуы анықталған тексерулер туралы ақпарат береді; заңдылықты бұзған мемлекеттік және өзге де органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттері мен шешімдеріне қатысты прокурорлық қадағалау актілерін жариялайды; мемлекеттік билік органдарына, атқарушы-өкімдік органдарға және халыққа заңдылықтың, қылмыстылықтың және өзге де құқық бұзушылықтардың жай-күйі туралы хабарлайды.

Жариялылық қағидатын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсы жұмыс істейді. Бас прокуратураның ресми интернет-ресурсының жұмыс істеуін және оның Қазақстан Республикасының «цифрлық үкіметі» құрылымына қатысуын қамтамасыз ету, прокуратура органдарының ресми интернет-ресурсты ақпараттық материалдармен толықтыру жөніндегі қызметін ұйымдастыру және үйлестіру, ақпараттандыру туралы заңнамаға сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсету Бас прокуратураның функцияларының бірі болып табылады (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы туралы ереженің 15-тармағының 28) тармақшасы).

Прокуратура органдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасауының кең таралған нысандарына мыналар жатады:

– ақпарат агенттіктерінің тілшілерімен, журналистермен және репортерлермен бірлесіп заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы ақпарат қамтылатын

материалдарды, мақалаларды, сұхбаттарды, телевизиялық және радиобағдарламаларды, арнайы репортаждарды дайындау;

– прокуратура органдары қызметінің оң нәтижелерін республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында, телевизия мен радиода жүйелі, жоспарлы және дәйекті түрде жариялау;

– прокурорлық тексерулердің нәтижелерін сүйемелдеуге және жариялауға журналистерді тарту;

– прокурорлардың қатысуымен телевизияда дөңгелек үстелдер өткізу, прокуратура нәтижелі тексерулер жүргізген өңірдегі заңдылықтың баспасөзде және телевизияда көтерілген неғұрлым өзекті мәселелеріне түсініктеме беру;

– өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарында прокуратура органдарының айдарларын енгізу;

– құқықтық насихаттың және бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде электрондық құралдардың әртүрлі нысандарын пайдалана отырып, құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу;

– өзекті материалдар мен мақалаларды мерзімді басылымдарда жариялау, сондай-ақ олардың электрондық нұсқаларын Бас прокуратураның ресми интернет-ресурсында орналастыру;

– прокуратура қызметінің оң нәтижелерін жедел жариялау және оның жағымды имиджін қалыптастыру мақсатында телевизия мен радиода сөз сөйлеу және басқа да нысандар.

Сонымен бірге прокуратура органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау туралы заңнама талаптарына қайшы келмейтіндей шамада жария түрде әрекет етуге тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Олар, егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға байланысты болмаса, прокурордың рұқсатымен қандай көлемде жария ету мүмкін деп танылса, сол көлемде ғана жария етілуі

мүмкін. Іс бойынша іс жүргізудің сотқа дейінгі сатыларындағы жариялылық шегін ҚПК-нің 201-бабына сәйкес прокурор айқындайды.[27]

«Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-I Заңына сәйкес мемлекеттік құпиялар – таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздестірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер.[28]

Заңмен қорғалатын өзге де құпияларға коммерциялық, қызметтік және құпияның басқа да түрлері жатады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат қорғалады (1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 126-бабы).[29]

Кәсіпкерлік субъектісі коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғау бойынша қолданатын шаралар:

1) коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындауды;

2) осы ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін және осы тәртіптің сақталуын бақылауды белгілеу арқылы коммерциялық құпияға қол жеткізуді шектеуді;

---

[27] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы № 25 «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізудің жариялылығы қағидатын сақтау туралы» нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000025S_

[28] «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-I Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000349_

[29] Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_

3) коммерциялық құпияға қолжетімділік алған адамдарды және (немесе) осы ақпарат ұсынылған немесе берілген адамдарды есепке алуды қамтуы мүмкін (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы[30]).

4-бап. Прокуратураның мақсаттары мен міндеттері

Прокуратура адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді;

2) заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтауды және жоюды;

3) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтарында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде (мысалы, ҚПК-де, АПК-де, «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және т.б.) бекітілген мақсаттар мен

[30] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлік кодексі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375

міндеттерді іске асыруға бағытталған. Түсіндірме беріліп отырған Конституциялық заңның 4-бабының мәнінен прокуратура органдары қызметінің мәні адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді іске асырудан тұратыны туындайды.

Міндет деп ұмтылатын, қол жеткізілуге тиіс нәрсе түсініледі. Мемлекеттік және құқық қорғау органдарына міндет орындау және шешу үшін қойылады[31]. Бұл ретте міндет нақты тұжырымдалуға және, әдетте, оны іске асыру мерзімімен шектелуге тиіс.

Арнаулы әдебиетте міндеттер үш түрге (деңгейге): жалпы, арнаулы және жеке міндеттерге бөлінеді. Неғұрлым төмен деңгейдегі міндеттерді шешу неғұрлым жоғары деңгейдегі міндеттерге қол жеткізуге ықпал етеді, бұл түптеп келгенде прокуратура органдарының жалпы міндеттері мен мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Жалпы міндеттер деп тұтастай алғанда барлық прокуратура органдарының алдында тұрған міндеттер түсініледі. Осы Конституциялық заңға сәйкес оларға:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру;

2) заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтау және жою;

3) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

[31] Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук, Институт русского языка им. В. В. Виноградова. 4-е изд., дополненное. М.: Азбуковник, 1999. 944 с.

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттер жатады.

Жалпы міндеттерді әрбір прокурор өзінің тікелей қызметі барысында шешуге тиіс.

Прокуратура органдарының қызметі біртекті емес және әрқайсысының өзіндік айрықша міндеттері бар бірнеше бағытқа бөлінеді. Мұндай міндеттер арнаулы міндеттер болып табылады.

Олардың мәні жалпы міндеттерден туындайды және прокуратура органдары қызметінің әрбір нақты бағытының мазмұнымен айқындалады. Арнаулы міндеттердің мысалдары ретінде:

1) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінде, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерде заңдылықты қамтамасыз етуді;

2) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүддесін білдіруді қамтамасыз етуді атауға болады.

Қажетті прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін, сондай-ақ прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін актілерді шығару процесінде жалпы және арнаулы міндеттер іс жүзінде шешіледі. Осылайша, прокурор заңда берілген құқықтық құралдарды іске асыра отырып, жеке міндеттерді шешеді. Олар алуан түрлі және көп қырлы. Мұндай міндеттерге тексеру жүргізуге байланысты толық ақпарат алу, прокурор талаптарының уақтылы орындалуын қамтамасыз ету,

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау және тоқтату және басқалар мысал бола алады.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру прокуратура органдарының бірінші кезектегі міндеті болып табылады. Бұл міндет Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабынан туындайды, оған сәйкес Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Конституция мәтінінде арнайы бөліп көрсете отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құндылықтар иерархиясындағы ең маңызды құндылықтар деп таниды. Олар қоғамдық қатынастардың барлық субъектілері үшін мызғымас әрі іргелі сипатқа ие. Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің негізгі құндылықтарын қорғау адамның және азаматтың, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің бұзылған құқықтары мен мүдделерін тиісінше қалпына келтіру арқылы да жүзеге асырылады.

Қарастырылып отырған ереже Азаматтық кодекс, Азаматтық процестік кодекс және Қазақстан Республикасының өзге де заңдары нормаларының мазмұнында көрініс тапқан. Мәселен, Азаматтық кодекстің 9-бабының 1-тармағында:

«Азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік: құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу; міндетті заттай орындатуға ұйғарым шығару; залалдарды, айыпақыны өндіріп алу; дау айтылатын мәмілені жарамсыз деп тану және оның жарамсыздығы салдарын қолдану, маңызсыз мәміленің жарамсыздығы салдарын қолдану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не

атқарушы органның актісін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органнан немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады», – деп бекітілген[32].

Бұл ретте адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін кез келген бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатаң қудаланады. Мәселен, жол берілген бұзушылықтың, яғни жасалған құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделуі мүмкін.

Осылайша, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру міндеті прокуратура органдары үшін ең басым міндет болып танылады және прокуратураның құзыреті арқылы іске асырылады.

Мәселен, бұл міндет нақты іс бойынша сотта мемлекет мүддесін білдіру, заңсыз иемденілген активтерді анықтау және мемлекетке қайтару жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде және өзге де жағдайларда іске асырылады.

Заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтау және жою міндеті прокуратура органдарының алдында тұрған міндеттердің маңыздылығы жағынан екінші орында тұр. Оның прокуратура міндеттерінің тізбесінде осылайша орналасуы бұл міндеттің бірінші міндеттің маңызды құрамдас бөлігі болуымен байланысты.

Заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтау және жою міндетін шешу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен

[32] Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім).

бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтіру міндеті іске асырылады. Аталған міндет прокуратура органдарының Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі негізгі мақсатына тікелей байланысты.

Бұл ретте прокуратура органдарының аталған міндетті орындауы Конституциялық заңның 6-бабының ережелерін іске асыру, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің;

атқарушылық іс жүргізудің;

заңды күшіне енген сот актілерінің;

қылмыстық жазаларды орындаудың және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;

мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды;

инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы;

2) сотта мемлекет мүдделерін білдіруді;

3) қылмыстық қудалауды;

3-1) осы Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес заңсыз иемденілген активтерді анықтау және мемлекетке қайтару жөніндегі қызметті (бұдан әрі – активтерді қайтару);

3-2) инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті;

4) қылмыстық-құқықтық салада, инвестициялар және инвестициялық қызмет саласында халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау, активтерді қайтару мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын, оның ішінде активтерді қайтаруға байланысты азаматтық талап қоюды шетелдік соттарға беру жөніндегі мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіруді, халықаралық шарттар жасасуды, қылмыстық-құқықтық саладағы және активтерді қайтару саласындағы, инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы халықаралық шарттардың жобаларын келісуді;

5) нормашығармашылық қызметке қатысуды;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де құзыретті жүзеге асыру кезінде мүмкін болады.

Конституциялық заңның 6-бабының қолданыстағы редакциясында жоғары қадағалау бағыттарының тізбесі инвестициялар және инвестициялық қызмет саласымен, ал прокуратура органдарының құзыреті прокуратура органдарының мамандандырылған ведомствосы іске асыратын инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызмет туралы дербес 3-2) тармақшамен толықтырылғанын ескеру қажет (Конституциялық заңның 11-2-бабы)[33].

[33] Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңы. Конституциялық заңның ережелері онда белгіленген әртүрлі мерзімдерде, оның ішінде 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Демек, мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдар қызметінің қандай да бір саласында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру заңдылық бұзушылықтарды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтауға және жоюға тікелей ықпал етуі мүмкін.

Мәселен, қоғамдық қатынастардың қандай да бір субъектісінің қызметін тексеру қорытындысы бойынша заңдылықтың тиісті бұзушылықтары, сондай-ақ оларға ықпал еткен себептер мен жағдайлар және олардың салдарлары анықталады. Мұндай жағдайда прокуратура органдары тиісті органға немесе ұйымға ұсыну түріндегі прокурорлық қадағалау актісін енгізуі мүмкін.

Конституциялық заңның 36-бабына сәйкес прокурор өз құзыреті шегінде:

1) заңдылықтың бұзылуын жою туралы;

2) қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда ұсыну енгізеді.

Ұсынуды қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы ұсыну қаралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде прокуратураға хабарланады.

Сонымен бірге құқық бұзушылықтың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың бірдей ұғымдар болып табылмайтынын ескеру қажет.

Себептерге қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтарды туындататын әлеуметтік құбылыстар мен процестер жатады. Ал жағдайларға қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтарды өздігінен туындатпайтын, бірақ олардың жасалуын жеңілдететін нақты кемшіліктер (мән-жайлар), мысалы, тиімсіз қауіпсіздік немесе қорғау шаралары жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептері өз кезегінде мынадай деңгейлерге бөлінеді: нақты криминалдық көріністердің, мысалы, бөтеннің мүлкін жымқырудың себептері мен жағдайлары; әрекеттердің жекелеген топтары мен түрлерінің, соның ішінде

сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептері; әлеуметтік құбылыс ретіндегі қылмыскерліктің себептері. Құқық бұзушылықтың кез келген түріне ықпал ететін нақты себептер мен жағдайларды терең білу прокуратура органдарының қызметін дұрыс ұйымдастырудың қажетті буыны болып табылады.

Прокуратура органдары жүзеге асыратын құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру қылмыскерлікке және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл шаралары жүйесінде маңызды орын алады.

Конституциялық заңның 28-бабына сәйкес: «Құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады. Прокуратура органдары көрсетілген қызметті Бас прокуратураның, бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратуралардың жанынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестерінің шеңберінде жүзеге асырады».

Қазақстан Республикасында құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 238 «Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Жарлығына сәйкес жүзеге асырылады[34].

[34] «Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы

Құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты үйлестіру деп құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де мемлекеттік органдардың өзара келісілген қызметі, сондай-ақ заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз етудің неғұрлым маңызды мәселелері бойынша бірлескен іс-қимылдарды тұжырымдау түсініледі.

Құқық қорғау органдарының алдында қылмыскерлікке қарсы күрес және оны туындататын себептер мен жағдайларды жою жөніндегі күрделі әрі жауапты міндеттер тұр. Әрбір қылмыстық құқық бұзушылықты тез әрі толық ашуды қамтамасыз ету, әрбір қылмыстық іс бойынша объективті және жан-жақты тергеп-тексеру жүргізу, жасалған іс-әрекет үшін жазаның бұлтартпастығына, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік беру үшін барлық құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың келісілген әрі үйлестірілген жұмысы қажет.

Прокуратура органдарының өзге де міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалады.

Мұндай міндеттерге прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосының, Құқық қорғау органдары академиясының қызметін және өзге де қызметті жатқызуға болады.

Мәселен, Конституциялық заңның 11-бабына сәйкес прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосы Бас прокуратураның құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыруды және арнайы есепке алуды жүргізуді;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері ұсынатын мемлекеттік құқықтық статистика мен арнайы есепке алу

Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 238 Жарлығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000238

мәліметтерінің тұтастығын, объективтілігін, анықтығын, жеткіліктілігін қадағалауды, сондай-ақ осы саладағы ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жинақтап қорыту және сақтау әдістемесін айқындауды;

3) қылмыстық істерді тергеп-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау және қадағалау нысандарын есепке алу және тіркеу процестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 12-бабына сәйкес Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы прокуратура органдарының білім беру ұйымы болып табылады және:

1) ішкі істер және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына қызметке алғаш рет кіретін адамдар үшін бастапқы кәсіптік даярлауды ұйымдастыруды және жүргізуді;

2) құқық қорғау органдары қызметкерлерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған қызметкерлерін кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды, олардың біліктілігін және кәсіптік деңгейін арттыруды;

3) құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді үйлестіруді және жүргізуді;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыруды;

5) құқық қорғау органдары қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулер жүргізу және құқық қорғау қызметі саласында тәжірибе алмасу мәселелері бойынша шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2-тарау. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ

5-бап. Прокуратура органдарының жүйесі

1. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, оған бағынысты ведомстволар, білім беру ұйымы, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдары, облыстардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратуралар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралар прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесін құрайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделмеген өзге де прокуратура органдары құрылуы мүмкін.

2. Прокуратура органдарының қызметі төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынуы негізінде жүзеге асырылады.

Прокурорлардың бағыныстылығы мыналарды қамтиды:

1) төмен тұрған прокуратуралар үшін жоғары тұрған прокурорлардың жұмысты және қызметті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындау міндеттілігі;

2) төмен тұрған прокурорлардың қызметтік міндеттерін орындағаны үшін жоғары тұрған прокурорлар алдында жауапты болуы;

3) төмен тұрған прокурорлардың өкілеттіктерін қажет болған жағдайларда жоғары тұрған прокурорлардың жүзеге асыруы;

4) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлар актілерінің күшін жоюы, оларды кері қайтарып алуы, тоқтата тұруы немесе өзгертуі;

5) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), актілеріне жасалған шағымдарды шешуі.

3. Бас Прокурор осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен төмен тұрған прокурорлардың бағыныстылығының өзге де нысандарын белгілеуі мүмкін.

4. Прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды.

5. Прокуратураның ведомстволарын, мекемелерін, білім беру ұйымын құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олардың мәртебесі мен құзыретін айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Прокуратура органдарының қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ұйымдар құрылуы мүмкін.

7. Прокуратура органдарының өз нышандары болады, олардың сипаттамасын Бас Прокурор бекітеді.

Конституциялық заңның 5-бабыпрокуратураның ұйымдық моделін бірыңғай орталықтандырылған жүйе ретінде бекітеді. Ғылыми-практикалық тұрғыдан алғанда, бұл – Конституциялық заңның негізгі нормаларының бірі, өйткені нақ осы норма Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында прокурорлық функцияның институционалдық бірлігін қамтамасыз етеді. Мұндай нормасыз қадағалау практикасының біркелкілігіне, прокурорлар актілерінің сатылық бағыныстылығына, әдістемелік және ұйымдастырушылық нұсқаулардың міндеттілігіне, сондай-ақ мемлекет ауқымындағы қылмыстық-процестік және қадағалау қызметінің үйлесімділігіне кепілдік беру мүмкін болмас еді.

Конституциялық заңның 5-бабының 1-тармағында прокуратура органдары жүйесінің элементтері айқындалған. Заң шығарушы бұл жүйеге әртүрлі деңгейдегі прокуратуралардың ғана емес, Бас прокуратураға бағынысты ведомстволардың, білім беру ұйымының, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша құрылуы мүмкін өзге де прокуратура органдарының кіретінін атап көрсетеді. Мұндай құрылым жүйенің бір мезгілде орнықтылығы мен бейімделгіштігін қамтамасыз етеді: оның негізгі қаңқасы заңда айқындалған, ал институционалдық даму мүмкіндігі Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі деңгейінде көзделген.

Төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағыныстылығы жүйенің ішкі ұйымдық өзегін құрайды. Бұл жай ғана әкімшілік вертикаль емес, заңдылықтың бірлігін қамтамасыз етудің құқықтық тетігі болып табылады. Конституциялық заң прокурорлардың бағыныстылығының мазмұнын тікелей ашады: жоғары тұрған прокурорлардың жұмысты және қызметті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындаудың міндеттілігі; төмен тұрған прокурорлардың өздерінің қызметтік міндеттерін орындағаны үшін жоғары тұрған прокурорлар алдында жауапты болуы; қажет болған жағдайларда төмен тұрған прокурорлардың өкілеттіктерін жоғары тұрған прокурорлардың жүзеге асыруы; жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлар актілерінің күшін жою, оларды кері қайтарып алу, тоқтата тұру немесе өзгерту құқығы, сондай-ақ төмен тұрған прокурорлардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне жасалған шағымдарды шешу. Демек, 5-бапта көзделген бағыныстылық ұйымдық тәртіпті, функционалдық бақылауды және процестік түзетуді ұштастырады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, бағыныстылықтың прокурордың қабылдайтын шешімінің заңдылығы үшін жеке жауаптылығын жоймайтыны ерекше маңызды. Жоғары тұрған прокурор практиканы түзетуге және бағыттауға құқылы, алайда бұл заңсыз акт қабылдауға мәжбүрлеудің көзіне айналмауға тиіс. Демек,

прокуратураның ішкі вертикалі 3-бапта бекітілген заңдылық, тәуелсіздік және негізсіз араласуға жол бермеу қағидаттары шеңберінде әрекет етуге тиіс. Иерархия прокуратура функцияларын біркелкі әрі заңды түрде жүзеге асыруға қызмет ететін шамада ғана жол беріледі.

Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағы аса маңызды, оған сәйкес прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды. Бұл ескерту прокуратураның жедел басқару, бақылау немесе шаруашылық әкімшілендіру саласына институционалдық тұрғыдан ауысу қаупінің алдын алады. Прокурор заңдылықты бағалайды, құқық бұзушылықтарға ден қояды, оларды жоюды талап етеді, алайда өзге органға тиесілі функцияны тұрақты негізде орындауды өзіне алмайды. Керісінше жағдайда прокуратура өзінің қадағалау сипатын жоғалтып, қатарлас басқару органына айналар еді.

Өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастыруға тыйым салу институты Конституциялық заңның 1-бабына қатысты бұрын негізделген прокурорлық қадағалау шектері доктринасының жеке көрінісі болып табылады. Биліктік қадағалау өкілеттіктері берілген прокуратура заңдылығын тексеретін мемлекеттік органдардың ешқайсысын алмастырмайды.

Түсіндірме беріліп отырған баптың 5 және 6-тармақтары прокуратура органдарының қызметін қамтамасыз етуге қажетті ведомстволарды, мекемелерді, білім беру ұйымын және өзге де ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мүмкіндігін бекітеді. Бұл ережелердің практикалық маңызы активтерді қайтару жөніндегі ведомство бөлініп шыққаннан кейін ерекше арта түсті. Осы арқылы Конституциялық заң прокуратураның қазіргі заманғы міндеттерінің күрделілігі тек прокурорлар корпусын ғана емес, сонымен қатар талдамалық, статистикалық, білім беру, ақпараттық және халықаралық-құқықтық мамандандырылған инфрақұрылымды қажет ететінін көрсетеді.

Прокуратура жүйесінде өз білім беру ұйымының болуы прокурорлық қызметтің біркелкілігі бұйрықтар мен бақылау арқылы ғана емес, сондай-ақ кәсіптік даярлау, қайта даярлау және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу арқылы қамтамасыз етілетінін білдіреді. Цифрлық құқықтық статистикадан бастап активтерді қайтаруға дейінгі жоғары технологиялық және трансұлттық сын-қатерлерге бағдарланған жүйе үшін бұл элементтің қағидаттық маңызы бар.

5-баптың 7-тармағында тікелей көзделген прокуратура органдарының нышандары бір қарағанда қосалқы мәнге ие болып көрінуі мүмкін. Алайда олар да жария биліктің институционалдық атрибуттары жүйесіне кіреді. Нышандар тиісті органның прокуратураның бірыңғай жүйесіне тиесілі екенін растайды және оның ресми мәртебесінің сыртқы көрінісі болып табылады. Әкімшілік және сот практикасында бұл органды сәйкестендіру және лауазымды адамдар әрекеттерінің заңдылығын растау үшін маңызды.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде прокуратураның бірыңғай ұйымдық жүйесі істің әртүрлі сатыларында үздіксіз қадағалауды және процестік ден қоюды жүзеге асыру мүмкіндігін білдіреді. ҚПК-нің 58-бабы [35] прокурордың қылмыстық процеске қатысушы ретіндегі мәртебесін ашқанымен, прокуратураның әртүрлі деңгейлерінің өкілеттіктері келісілген түрде және тиісті бақылаумен жүзеге асырылатын жүйені Конституциялық заңның 5-бабының 1 және 2-тармақтары айқындайды.

Активтерді қайтару саласында Конституциялық заңның 5-бабы жаңа ведомствоны прокуратураның жалпы жүйесіне ұйымдық тұрғыдан кіріктіруді қамтамасыз етеді. Бұл қағидаттық маңызға ие, өйткені активтерді қайтару жөніндегі қызмет прокуратурадан дербес мемлекеттік билік тармағын құрмайды, прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесі шеңберіндегі мамандандырылған бағыт ретінде жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл жария мүдденің, кадр саясатының, ішкі бақылаудың және

[35] Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі.

халықаралық өкілдік етудің бірлігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6-бап. Прокуратура органдарының құзыреті

Прокуратура органдары жүктелген міндеттер шегінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес:

мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің;

атқарушылық іс жүргізудің;

заңды күшіне енген сот актілерінің;

қылмыстық жазаларды орындаудың және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;

мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың;

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды;

инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы;

2) сотта мемлекет мүдделерін білдіруді;

3) қылмыстық қудалауды;

3-1) осы Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес заңсыз иемденілген активтерді анықтау және мемлекетке қайтару жөніндегі қызметті (бұдан әрі – активтерді қайтару);

3-2) инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті;

4) қылмыстық-құқықтық салада, инвестициялар және инвестициялық қызмет саласында халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау, активтерді қайтару мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын, оның ішінде активтерді қайтаруға байланысты азаматтық талап қоюды шетелдік соттарға беру жөніндегі мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіруді, халықаралық шарттар жасасуды, қылмыстық-құқықтық саладағы және активтерді қайтару саласындағы, инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы халықаралық шарттардың жобаларын келісуді;

5) нормашығармашылық қызметке қатысуды;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де құзыретті жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 6-бабы түсініктеме беріліп отырған Заңның құрылымында жүйе құраушы орын алады: егер 5-бап прокуратура органдары жүйесінің қалай құрылғанын айқындаса, 6-бап осы жүйенің өзіне жүктелген міндеттер шегінде нақты нені жүзеге асыруға құқылы екенін ашады.

Түсініктеме беріліп отырған бап бір мезгілде ара-жігін ажыратушы және біріктіруші сипаттағы нормаларды қамтиды: бір жағынан, ол прокурорлық қызметтің заңда белгіленген шектерін айқындайды, екінші жағынан, осы қызметтің әртүрлі бағыттары арасындағы ішкі байланысты қадағалауға мүмкіндік береді.

Прокуратура органдарының құзыреті қоғамдық қатынастардың кең ауқымды салаларында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалаудан басталады: мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының,

мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің; сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің; атқарушылық іс жүргізудің; заңды күшіне енген сот актілерінің; қылмыстық жазаларды орындаудың және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың; мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың; Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын, сондай-ақ инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау.

Мұндай тізбелеу прокурорлық қадағалаудың салааралық сипатын көрсетеді: прокуратура қызметі заңнаманың жекелеген саласымен шектелмей, әкімшілік және қылмыстық іс жүргізуден бастап инвестициялық қызмет пен Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындауға дейінгі құқықтық табиғаты әртүрлі жария-құқықтық қатынастар салаларын қамтиды. Қадағалау нысанасының осындай кеңдігі прокуратураның конституциялық құзыретін өзге мемлекеттік және құқық қорғау органдарының салалық құзыретінен ерекшелендіреді.

Сонымен бірге, қадағалау салалары тізбесінің кеңдігі прокурордың аталған салалардың барлығында өкілеттіктер мен құқықтық құралдардың бірдей көлеміне ие екенін білдірмейді. Олардың әрқайсысы 6-баптың жалпы ережелерін нақты құқықтық қатынастарға қатысты ашатын арнайы процестік немесе салалық заңнаманы қолдануды көздейді.

Мәселен, қылмыстық процесте прокурордың процестік мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 58-бабының[36], сондай-ақ онымен байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру, ұстап алу, бұлтартпау шаралары, жасырын тергеу

[36] Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Кодексі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

әрекеттері, сот бақылауы және сот актілерін қайта қарау туралы нормалардың негізгі мәні бар. Өзге салаларда прокурорлық өкілеттіктерді іске асыру нысандары тиісті кодекстермен және заңдармен айқындалады.

Демек, Конституциялық заңның 6-бабын прокуратура құзыретінің бастапқы заңнамалық негізі ретінде қарастырған жөн, оның нақты мазмұны Конституциялық заңда, процестік кодекстерде және өзге де заңдарда ашылады. Құзыреттің жалпы формуласының өзі арнайы заңнамада көзделген нақты өкілеттікті жүзеге асыру негіздері мен тәртібін алмастырмайды.

Конституциялық заңның 6-бабының 2) және 3) тармақшаларында көзделген сотта мемлекет мүдделерін білдіру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру прокуратура құзыретінің дербес бағыттары болып табылады. Осы бөлікте түсініктеме беріліп отырған бап Конституциялық заңның 1-бабы мен Конституцияның 84-бабының ережелерін прокуратура органдары қызметінің нақты бағыттарына қатысты дамытады.

Бұл ретте жоғары қадағалаудың, сотта мемлекет мүдделерін білдірудің және қылмыстық қудалаудың ара-жігін ажырату қажет. Қадағалау заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуге және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде заңда көзделген шараларды қабылдауға бағытталған; өкілдік ету сот тәртібімен мемлекет мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады; қылмыстық қудалау мемлекет атынан қылмыстық-процестік заңнамада белгіленген нысандарда іске асырылады.

Практикалық қызметте бұл бағыттар өзара байланысты және заңда көзделген жағдайларда прокурор бір іс жүргізу шеңберінде оларды дәйекті түрде іске асыруы мүмкін. Сонымен бірге олардың әрқайсысының дербес құқықтық негіздері, нысанасы және процестік нысаны бар, бұл оларды бір-бірімен теңестіруге жол бермейді.

Конституциялық заңның 6-бабының 3-1) тармақшасында көзделген заңсыз иемденілген активтерді анықтау және мемлекетке қайтару жөніндегі қызмет құзыреттің жеке бағыты болып табылады. Бұл өкілеттіктің дербес тармақшада бекітілуі активтерді қайтару мен

қылмыстық қудалаудың заңнамалық тұрғыдан аражігі ажыратылғанын білдіреді. Тиісті қызмет арнайы құқықтық реттеуге ие және нақты қылмыстық іс жүргізуден тыс жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы қызметтің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» 2023 жылғы 12 шілдедегі № 21-VIII Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған[37]. Заң тұлғаларды және олардың үлестес тұлғаларын онда көзделген рәсімдердің субъектілеріне жатқызу негіздері мен тәртібін, активтерді иемдену көздерінің заңдылығына талдау мен тексеру жүргізуді, қамтамасыз ету шараларын қолдануды, активтерді ерікті және мәжбүрлеп қайтаруды, халықаралық ынтымақтастықты, сондай-ақ мемлекетке қайтарылған қаражатты пайдалануды реттейді.

Көрсетілген Заңның негізгі ережелерінің конституциялылығы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 11 шілдедегі № 20-НҚ нормативтік қаулысында қарау нысанасы болды[38]. Осыған байланысты заңсыз иемденілген активтерді қайтару арнайы заңда көзделген құқықтық тетіктер арқылы іске асырылатын, прокуратура қызметінің заңнамалық тұрғыдан реттелген дербес бағыты болып табылады.

Активтерді қайтарумен қатар прокуратура құзыретінде инвесторлардың құқықтарын қорғау дербес орын алады.

---

[37] «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 21-VIII ҚРЗ Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000021

[38] «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 21-VIII ҚРЗ Заңы, 2026 жылғы 8 наурыздағы жағдай бойынша жаңартылған. Заң Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 11 шілдедегі № 20-НҚ «„Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы“ Қазақстан Республикасы Заңының, „Прокуратура туралы“ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы“ Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, „Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы“, „Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы“ және „Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы“ Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы“ Қазақстан Республикасы заңдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» нормативтік қаулысымен Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылды. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000020

2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен [39] Конституциялық заңның 6-бабының 1) тармақшасына инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау енгізіліп, бап инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті көздейтін 3-2) тармақшамен толықтырылды.

Аталған өзгерістер прокурорлық қызметтің дербес бағытын қалыптастырды, оның құқықтық табиғаты заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі қызметтен ерекшеленеді. Сондықтан Конституциялық заңның 6-бабының 3-1) және 3-2) тармақшаларының ережелері жекелеген мүліктік құқықтық қатынастарда өзара түйісуі мүмкін болғанымен, олардың нысанасы, негіздері мен іске асыру тетіктері әртүрлі.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау Конституциялық заңда және өзге де заңнамалық актілерде көзделген прокуратура өкілеттіктері арқылы, оның ішінде жоғары қадағалау, сотта мемлекет мүдделерін білдіру, жолданымдарды қарау және заңда белгіленген өзге де құқықтық нысандар шеңберінде жүзеге асырылады.

Мұндай аражігін ажырату ұйымдастырушылық тұрғыдан да көрініс тапқан. 2025 жылы Активтерді қайтару жөніндегі комитет Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет болып қайта ұйымдастырылғаннан кейін активтерді қайтару саласындағы функциялар мен өкілеттіктер Бас прокуратураға берілді. Тиісінше, прокуратура органдарының қолданыстағы жүйесінде инвесторлардың құқықтарын қорғау және заңсыз иемденілген активтерді қайтару қызметтің дербес бағыттарын білдіреді.

Конституциялық заңның 6-бабының 4) тармақшасы ерекше қарауды талап етеді, ол қылмыстық-құқықтық салада, инвестициялар және инвестициялық қызмет саласында халықаралық

[39] «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII ҚРЗ Конституциялық заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000305

ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау, активтерді қайтару мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын, оның ішінде активтерді қайтаруға байланысты азаматтық талап қоюды шетелдік соттарға беру жөніндегі мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіруді көздейді.

Бұл норма прокуратураның құзыретіне кіретін құқықтық қатынастардың елеулі бөлігінің трансшекаралық сипатын ескереді. Халықаралық ынтымақтастық қылмыстық-құқықтық салада да, мемлекеттің және инвесторлардың мүдделерін қорғау, ұлттық юрисдикциядан тыс жердегі активтерді іздестіру және қайтару кезінде де прокуратура өкілеттіктерін іске асырудың құқықтық тетігі болып табылады.

Тиісті өкілеттіктер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары ескеріле отырып жүзеге асырылады. Олардың қатарына, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы, Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенция, сондай-ақ Конституциялық заңның 2-бабына берілген түсініктемеде қарастырылған өзге де халықаралық шарттар жатады.

Конституциялық заңның 6-бабы прокуратура мен өзге де құқық қорғау және мемлекеттік органдар құзыретінің аражігін ажырату үшін де практикалық мәнге ие. Анықтау органы мен тергеуші өздеріне берілген құзырет шегінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел бөлімшелер жедел-іздестіру қызметін, ал өзге мемлекеттік органдар салалық заңнамада өздеріне жүктелген функцияларды жүзеге асырады. Прокуратура тиісті салаларда заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асырады және заңда тікелей белгіленген жағдайларда әрі шектерде процестік шешімдер қабылдайды немесе процестік әрекеттер жасайды.

Мұндай аражігін ажырату прокурорлық араласудың шектерімен тікелей байланысты. Прокуратураның жоғары қадағалау функциясының болуы оның өзге мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін алмастыру мүмкіндігін білдірмейді. Сонымен бірге заңда белгіленген құзырет тиісті негіздер болған кезде прокурордың заңнамада көзделген шараларды қабылдауын талап етеді.

Осылайша, заңдылық қағидаты қадағалаудағы органдар мен ұйымдардың қызметіне ғана емес, прокурорлық өкілеттіктерді жүзеге асыру тәртібінің өзіне де қолданылады. Прокурор әрекеттерінің нысанасы, негізі, шектері мен құқықтық нысаны Конституцияға, Конституциялық заңға және арнайы заңнамаға сәйкес келуге тиіс.

Конституциялық заңның 6-бабының 5) тармақшасы прокуратура органдарының құзыретіне нормашығармашылық қызметке қатысуды жатқызады.

Бұл бағыт прокурорлық қызмет нәтижелерін заңның нақты бұзушылықтарын жою үшін ғана емес, сонымен қатар құқық қолдану практикасының әркелкілігін немесе заңдылық саласындағы өзге де проблемаларды туындататын нормативтік реттеудің кемшіліктерін анықтау үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Қадағалау және өзге де қызмет барысында алынған мәліметтер белгіленген тәртіппен заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге негіз бола алады.

Бұл прокуратура қызметінің құқық қолданушылық және нормашығармашылық құрамдастары арасындағы байланысты көрсетеді: заңдылықтың жай-күйін талдау нәтижелері құқықтық реттеуді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарда одан әрі көрініс табады. Мұндай тетік мемлекеттік басқаруды цифрландыру, қылмыстылықтың трансшекаралық сипаты және қаржы-экономикалық қатынастардың күрделенуі жағдайында қосымша мәнге ие болады.

Құзыреттер тізбесін аяқтайтын 6-баптың 6) тармақшасы Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы

Президентінің актілерінде көзделген өзге де құзыретті жүзеге асыруды көздейді.

Бұл норманың ашық сипаты прокуратура органдарының құзыретін ерікті түрде кеңейту мүмкіндігін білдірмейді. Керісінше, оның мазмұны прокуратураның өзге де өкілеттіктері белгіленуі мүмкін құқықтық көздерді – Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін тікелей көрсетеді.

Демек, өзге құзырет 6) тармақшаның өзіне байланысты емес, тиісті өкілеттікті көздейтін нақты заңның немесе Қазақстан Республикасы Президенті актісінің негізінде құқықтық сипатқа ие болады. Бұл ретте мұндай өкілеттік Конституцияның 84-бабында айқындалған прокуратураның конституциялық мақсат-міндетімен, сондай-ақ Конституциялық заңда белгіленген міндеттермен, қағидаттармен және қызмет шектерімен өзара байланыста қарастырылуға тиіс.

Осы тұрғыда Конституциялық заңның 2 және 6-баптары логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 2-бап прокуратура қызметінің құқықтық негізін айқындаса, Конституциялық заңның 6-бабы оның құзыретінің мазмұнын ашады**.** Осылайша, заң шығарушы прокурорлық қызметті құқықтық реттеу көздерінен осы көздерде белгіленген прокуратура органдары қызметінің бағыттары мен өкілеттіктеріне дәйекті түрде көшеді.

Конституциялық заңның 2 және 6-баптарын дәл осындай жүйелі тұрғыдан түсіну прокуратура құзыретінің негізгі құрылымын айқындауға мүмкіндік береді: өкілеттіктің белгіленген құқықтық негізі болуға, ол заңда айқындалған нысана шегінде жүзеге асырылуға және заңда көзделген нысанда іске асырылуға тиіс**.**

7-бап. Бас прокуратура

1. Бас прокуратураны Бас Прокурор басқарады.

2. Бас прокуратура:

1) прокуратура органдарының функцияларды тиімді орындауын қамтамасыз ету мақсатында прокуратура

органдарына жүктелген функциялар мен өкілеттіктер шегінде олардың қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді;

2) заңдардың қолданылуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасын, оның ішінде құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелерде, сондай-ақ Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада қамтылған мәліметтерді пайдалана отырып талдайды;

3) прокуратура органдарының қызметін жетілдіреді;

4) нормашығармашылық қызметке қатысады;

5) шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау, активтерді қайтару мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіреді, халықаралық шарттар жасасады, қылмыстық-құқықтық саладағы, инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі және активтерді қайтару саласындағы халықаралық шарттардың жобаларын келіседі;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7-бап Бас прокуратураның прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесінің орталық буыны ретіндегі құқықтық жағдайын айқындайды және оның институционалдық құзыретінің негізгі бағыттарын белгілейді.

Түсіндірме беріліп отырған баптың ережелері Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабының 2-тармағымен

тікелей байланысты. Оған сәйкес Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірыңғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді. Орталықтандырудың конституциялық моделі прокуратура органдарының жүйесін және оның ішіндегі бағыныстылық қатынастарын айқындайтын Конституциялық заңның 5-бабында ұйымдастырушылық тұрғыдан одан әрі дамытылады.

7-баптың 1-тармағында Бас прокуратураны Бас Прокурор басқаратыны белгіленген. Бұл норма орталық аппаратқа жеке-дара басшылық жасау мен оның институционалдық қызметінің бірлігін айқындайды. Бұл ретте, ең алдымен, Конституциялық заңның 9-бабында бекітілген Бас Прокурордың жүйедегі жоғары лауазымды адам ретіндегі өкілеттіктері мен 7-бапта көзделген Бас прокуратураның мемлекеттік орган ретіндегі өкілеттіктерін ажырата білу қажет. Мұндай ажыратудың қағидаттық маңызы бар: лауазымды адамның құзыреті мен ол басқаратын мемлекеттік органның құзыреті өзара байланысты болғанымен, заңдық тұрғыдан бірдей емес.

Бас прокуратураның ұйымдық-құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен қосымша нақтыланған. Осы Жарлықпен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ереже бекітілген. Аталған Ереженің қолданыстағы редакциясында Бас прокуратура Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік құқық қорғау органы ретінде айқындалған, ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады. Мұндай реттеу прокуратураны орталықтандырудың конституциялық қағидатына сәйкес келеді және сонымен қатар Бас прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын айқындайды. Жобада №

563 Жарлық орталық аппараттың конституциялық және ұйымдық табиғатын ашып көрсету үшін қолданылып отыр.

7-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы Бас прокуратураның ұйымдастырушылық және үйлестірушілік функциясын бекітеді. Оның мазмұны прокуратура органдарына жүктелген функциялар мен өкілеттіктер шегінде төмен тұрған прокуратура органдарының келісілген қызметін қамтамасыз етуден тұрады. Бұл функция прокуратура жүйесінің орталықтандырылып құрылуынан туындайды және ұйымдастырушылық актілер шығару, құзыретті бөлу, практиканы қорыту, прокурорлық өкілеттіктерді жүзеге асырудың бірыңғай тәсілдерін айқындау және олардың іске асырылуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте жүйе қызметін ұйымдастыру орталық аппараттың арнаулы құзырет берілген субъектілердің процестік дербестігіне заңда белгіленген шектерден тыс араласуын білдірмейді. Жүйеішілік басшылық Конституцияның, Конституциялық заңның, процестік заңнаманың және Бас Прокурор актілерінің шегінде жүзеге асырылады.

Аталған функцияның практикада іске асырылуы, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығында ашып көрсетілген. Осы бұйрықпен бекітілген қағидалар заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау мен жүргізуге, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасауға, күшіне енген актілерді бағалауға және прокурорлық қадағалаудың жекелеген бағыттарына қойылатын бірыңғай ұйымдастырушылық талаптарды белгілейді. Сонымен қатар төмен тұрған прокуратуралар Бас прокуратураға қадағалау қызметін ұйымдастыру және бағалау үшін қажетті заңдылықтың жай-күйі туралы мәліметтерді ұсынады.

Ұйымдастырушылық-талдамалық функцияны іске асырудың ақпараттық негізін статистикалық есептілік саласындағы ведомстволық актілер де қалыптастырады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 64 «Прокурордың қадағалау қызметі туралы» есеп нысанын бекіту

туралы» бұйрығымен прокурорлық қызметтің негізгі бағыттары бойынша бірыңғай есеп нысаны белгіленген. Осы мәліметтерді жүйелеу заңдылықтың жай-күйін және прокуратура органдары қызметінің нәтижелерін жалпы республикалық ауқымда бағалауға мүмкіндік береді.

7-баптың 2-тармағының 2) - тармақшасында Бас прокуратураның дербес талдамалық функциясы бөліп көрсетілген. Заң бұл функцияны заңдардың қолданылуын, заңдылықтың жай-күйін қадағалау практикасын, оның ішінде құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелерде, сондай-ақ Ұлттық цифрлық инвестициялық платформада қамтылған мәліметтерді пайдалана отырып талдаумен байланыстырады.

Осылайша, заң шығарушы прокуратура жүйесінде шешімдер қабылдаудың ақпараттық-талдамалық негізін бекітеді. Заңдылықтың жай-күйін талдау тұрақты және қайталанатын құқық бұзушылықтарды, олардың туындау себептерін, құқық қолдану практикасының өзгерістерін және қадағалау әрі ұйымдастырушылық шараларды айқындау үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтауға мүмкіндік береді.

Ақпарат алмасу жүйесінің жұмыс істеу тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 21 «Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі. Аталған акт заңда белгіленген құзырет шегінде тиісті ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін нақтылайды.

7-бапқа Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаның енгізілуі инвесторлардың құқықтарын қорғау саласындағы прокурорлық қызметтің мамандандырылған бағытының дамуын көрсетеді. Бұл ережені Конституциялық заңның 11-2-бабымен, Кәсіпкерлік кодекстің Бас Прокурордың Инвестициялық омбудсмен ретіндегі мәртебесін айқындайтын нормаларымен және

инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі прокуратура органдары ведомствосының өкілеттіктерімен өзара байланыста қарау қажет. Бұл ретте цифрлық платформадағы ақпаратты пайдалану дербес қадағалау өкілеттігін құрамайды, ол заңда белгіленген құзыретті іске асырудың ақпараттық негізі болып табылады.

7-баптың 2-тармағының 3) - тармақша Бас прокуратураның прокуратура органдарының қызметін жетілдіру жөніндегі өкілеттігін көздейді. Өзінің мазмұны бойынша бұл өкілеттік ішкі ұйымдастырушылық сипатқа ие және практиканы қорытуды, жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді анықтауды, ұйымдастырушылық және әдістемелік шешімдерді әзірлеуді, құрылымдық және аумақтық бөлімшелердің өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіруді қамтиды. Аталған өкілеттік Бас Прокурордың прокуратура органдарының жүйесіне басшылық жасау және оның қызметкерлері үшін міндетті құқықтық актілер шығару жөніндегі құзыреті шеңберінде іске асырылады.

7-баптың 2-тармағының 4) - тармақша Бас прокуратураның нормашығармашылық қызметке қатысуын бекітеді. Бұл өкілеттік Конституциялық заңның 31-бабында одан әрі дамытылып, заңнамада белгіленген тәртіппен құқықтық мониторинг жүргізу, заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және қарау, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және келісуге қатысу арқылы іске асырылады.

Бұл жұмысты ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 34 «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының нормашығармашылық қызметінің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен**,** ал құқықтық мониторинг мәселелері Бас Прокурордың 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 33 тиісті бұйрығымен реттеледі. Бұл жағдайда 7-бап Бас прокуратураның институционалдық функциясын айқындайды, ал Конституциялық заңның 31-бабы мен ведомстволық актілер оны іске асыру тәртібін нақтылайды.

7-баптың 2-тармағының 5) - тармақша кешенді халықаралық-құқықтық сипатқа ие. Бас прокуратура шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау, активтерді қайтару мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіреді, халықаралық шарттар жасасады, қылмыстық-құқықтық саладағы, инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі және активтерді қайтару саласындағы халықаралық шарттардың жобаларын келіседі.

Аталған өкілеттікті Конституциямен, «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, ҚПК-мен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен өзара байланыста қолдану қажет. 7-бап құзыретті мемлекеттік органды айқындайды, ал нақты халықаралық өзара іс-қимылдың негіздері мен рәсімі тиісті халықаралық шартта және салалық заңнамада белгіленеді.

Қылмыстық-процестік салада Бас прокуратураның халықаралық құзыреті, атап айтқанда, халықаралық құқықтық көмек көрсету, адамды ұстап беру (экстрадициялау), қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы сұрау салулар және ҚПК мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген ынтымақтастықтың өзге де нысандарымен байланысты. Сондықтан бұл саладағы Бас прокуратураның орталық маңызы рәсімдерді дербес белгілеуден емес, заңмен оның құзыретіне жатқызылған функцияны халықаралық ынтымақтастықтың бірыңғай құқықтық режимінде іске асырудан көрінеді.

7-баптың 2-тармағының 6) - тармақша Бас прокуратураның жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдармен өзара іс-қимылын көздейді. Заң бұл өзара іс-қимылды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектермен арнайы шектейді.

Бұл ережені Конституциялық заңның 10-бабымен, ҚПК-мен, «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және қарсы барлау қызметі саласындағы арнаулы заңнамамен бірге қарастырған жөн. Өзара іс-қимылды ұйымдастыру прокуратура, қылмыстық қудалау органдары, жедел бөлімшелер мен сот арасындағы заңда белгіленген құзыреттің аражігін өзгертпейді.

Осы бөлікте Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысында баяндалған, сотқа дейінгі сатыда прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының және соттың функцияларын ажыратуға қатысты құқықтық ұстаным өз маңызын сақтайды. Бұл ұстанымның 7-бап үшін маңызы Бас прокуратура туралы норманың өзін түсіндіруде емес, қылмыстық процесс субъектілері арасындағы өзара іс-қимылдың конституциялық шектерін айқындауда: прокуратураның ұйымдастырушылық және қадағалау құзыреті соттың немесе қылмыстық қудалау органдарының өкілеттіктерін алмастыруға әкеп соқпауға тиіс.

Сол сияқты Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары Бас прокуратураның қызметі сот ісін жүргізуде процестік ұстанымдарды қалыптастырумен және іске асырумен байланысты болатын бөлігінде қолданылады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» нормативтік қаулысы 2026 жылғы өзгерістерді ескере отырып, прокурордың тиісті шешімдеріне сот бақылауын жүзеге асыру тетігін ашады. Алайда бұл қаулы Бас прокуратураның ұйымдық мәртебесін тікелей түсіндіретін қайнар көз болып табылмайды, сондықтан 7-бапқа берілетін түсіндірмеде оның функцияларын жүзеге асырудың процестік шектерін растау үшін ғана пайдаланылуға тиіс.

7-баптың 2-тармағының 7) - тармақша Бас прокуратураның Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан

Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жөніндегі ашық сипаттағы өкілеттігін бекітеді. Бұл норма Бас прокуратураның құзыретін ведомстволық актімен кеңейту мүмкіндігін білдірмейді. Қосымша өкілеттіктер заңда не Президент актісінде тікелей негізделуге тиіс, ал Бас Прокурордың актілері берілген құзырет шегінде оларды іске асырудың ұйымдастырушылық тәртібін ғана белгілей алады.

Конституциялық заңның 5 және 9-баптарымен жүйелі өзара байланыста 7-бап Бас прокуратураның бір мезгілде прокуратура жүйесінің орталық ұйымдастырушылық, үйлестірушілік, талдамалық, нормашығармашылық және халықаралық-құқықтық буынының функцияларын орындайтынын көрсетеді. Оның құзыреті Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген прокуратураның бірлігі мен орталықтандырылуы қағидаттарын іске асыруды қамтамасыз етеді және прокуратура органдарының заңда көзделген функцияларды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында біркелкі жүзеге асыруы үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасайды.

Сонымен бірге жүйенің орталықтандырылуы Бас прокуратураның өзге мемлекеттік органдардың құзыретін алмастыруын білдірмейді. Оның қызметінің шектері Конституциямен, Конституциялық заңмен және арнаулы заңнамамен айқындалады, ал басқа органдармен өзара іс-қимыл заңда белгіленген құзыретті ажырату негізінде құрылады. 7-баптың құқықтық мазмұны жүйенің ұйымдық бірлігі мен өкілеттіктердің заңдық тұрғыдан айқындалған шектерінің дәл осындай арақатынасында ашылады.

8-бап. Бас Прокурор және оның орынбасарлары

1. Бас Прокурорды:

1) Қазақстан Республикасының Президенті алты жыл мерзімге тағайындайды;

2) Қазақстан Республикасының Президенті лауазымнан босатады;

3) ол Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді;

4) қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

1-1. Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры болып тағайындалмайды.

2. Бас Прокурордың бірінші орынбасары және орынбасарлары болады.

3. Бас Прокурордың бірінші орынбасары мен орынбасарларын Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

8-бап Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры мен оның орынбасарларының құқықтық мәртебесінің негізгі элементтерін: қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібін, Бас Прокурордың өкілеттік мерзімін, оның Қазақстан Республикасының Президентіне есептілігін, қол сұғылмаушылық кепілдіктерін, қайта тағайындауға қойылатын шектеуді, сондай-ақ Бас прокуратураның жоғары басшылық құрамын қалыптастыру тәртібін бекітеді.

Түсіндірме беріліп отырған баптың ережелері Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабын тікелей дамытады. Аталған баптың 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының прокуратурасы орталықтандырылған бірыңғай жүйені құрайды, төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынады. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді. Конституцияның 84-бабының 3 және 4-тармақтарында Бас Прокурорды тағайындау, оның өкілеттік мерзімі, қайта

тағайындауға қойылатын шектеу және қол сұғылмаушылық кепілдіктері тікелей реттелген.

Осылайша, Бас Прокурордың мәртебесі тікелей конституциялық негізге ие. Конституциялық заң бұл мәртебені жаңадан қалыптастырмайды, прокуратура органдары жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызметіне қатысты Конституцияның тиісті ережелерін нақтылайды.

Конституциялық заңның 8-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Бас Прокурорды Қазақстан Республикасының Президенті алты жыл мерзімге тағайындайды. Дәл осындай ереже Конституцияның 84-бабының 3-тармағында бекітілген.

Жаңа конституциялық модель бұрын қолданылған тағайындау тәртібін өзгертті. Қолданыстағы Конституция Бас Прокурордың кандидатурасын өзге мемлекеттік органмен келісуді көздемейді: оны тағайындау туралы шешім тікелей Қазақстан Республикасы Президентінің құзыретіне жатқызылған. Сонымен қатар Конституцияда Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі бес жылдан алты жылға дейін ұзартылды.

Алты жылдық мерзім – нақты адамның өкілеттіктерді жүзеге асыруының Конституцияда белгіленген уақыттық шегі. Оның заңдық маңызы Конституцияда және заңдарда айқындалатын прокуратура қызметінің мазмұнын белгілеуден емес, прокурорлық жүйедегі жоғары лауазымды адамның өкілеттіктерді жүзеге асыру мерзімінің айқындылығын қамтамасыз етуден тұрады.

Түсіндірме беріліп отырған баптың 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Бас Прокурорды лауазымнан босату да Қазақстан Республикасы Президентінің құзыретіне жатады. Осылайша, қызметке тағайындау мен қызметтен босату прокуратура басшылығын қалыптастыру үшін дербес жауаптылықтың бірыңғай конституциялық-құқықтық моделі шеңберінде жүзеге асырылады.

Жаңа конституциялық реттеудің елеулі элементі – Конституцияға сәйкес бір адамды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры лауазымына бір реттен артық тағайындауға тыйым салу. Бұл қағида Конституцияның 84-бабының 3-тармағында тікелей

бекітіліп, Конституциялық заңның 8-бабының 1-1-тармағында қайталанған.

Аталған норманы қолдану тәртібіне Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 7 шілдедегі № 89-НҚ «Қазақстан Республикасы Конституциясының 43-бабының 1-тармағын, 72-бабының 2 және 3-тармақтарын, 83-бабының 1-тармағын және 84-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы» нормативтік қаулысында ресми түсіндірме берілді.

Конституциялық Сот жаңа Конституцияда белгіленген шектеу тиісті лауазымға дәл 2026 жылғы 15 наурыздағы Конституцияда көзделген тәртіппен тағайындалуға байланысты екенін түсіндірді. Адамның бұл лауазымды 1995 жылғы Конституция қолданыста болған кезеңде атқару фактісі жаңа Конституция 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енгеннен кейін оны тиісті лауазымға тағайындау үшін өздігінен конституциялық-құқықтық кедергі болып табылмайды. Белгіленген шектеуді қолдану мақсатында мұндай адамның қолданыстағы Конституция күшіне енгеннен кейін тиісті лауазымға тағайындалуы алғаш рет тағайындалу деп есептеледі.

Бұл құқықтық ұстаным түсіндірме беріліп отырған баптың 1-1-тармағын қолдану үшін тікелей маңызға ие және бұрынғы конституциялық модель шеңберінде жүзеге асырылған тағайындауларды есепке алу арқылы аталған шектеуді кеңейтіп түсіндіруге жол бермейді.

Конституциялық заңның 8-бабының 1-тармағында Бас Прокурордың Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретіні көзделген. Бұл ережені Конституцияның 84-бабының 2-тармағымен өзара байланыста түсіндіру қажет. Онда прокуратураның басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан тәуелсіздігімен қатар, оның Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беретіні бекітілген.

Демек, Президентке есептілік прокуратураның Конституцияда белгіленген мәртебесінің элементі болып табылады және оның заңда көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі қағидатын өзгертпейді. Бас Прокурор прокуратураның бірыңғай

орталықтандырылған жүйесіне басшылық жасайды және өз өкілеттіктерін Конституцияда, Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектер мен нысандарда жүзеге асырады.

Бұл құрылым Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Жарлығында ұйымдастырушылық тұрғыдан дамытылған. Осы Жарлықпен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ереже бекітілген. Ереженің қолданыстағы редакциясында Бас прокуратура Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік құқық қорғау органы ретінде айқындалған, ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады.

Осыған байланысты 8-баптың Бас Прокурордың мәртебесі туралы ережелері Конституциялық заңның 3-бабында және Конституцияның 84-бабының 2-тармағында бекітілген прокуратураның тәуелсіздігі мен орталықтандырылуы қағидаттарымен бірлікте қолданылуға тиіс.

Конституциялық заңның 8-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы Бас Прокурордың өкілеттік мерзімі ішінде оған қатысты қолданылатын арнаулы процестік кепілдіктерді бекітеді. Олар Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабының 4-тармағына тікелей сәйкес келеді.

Қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, Бас Прокурорды өз өкілеттігі мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, үйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Бұл кепілдіктің құқықтық табиғаты Бас Прокурор лауазымын атқаратын адамға мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудың арнаулы тәртібін белгілеуден тұрады. Қол сұғылмаушылық заңдық жауаптылықты жоққа шығармайды және заңда көзделген негіздер

болған кезде қылмыстық сот ісін жүргізуге кедергі келтірмейді. Ол Конституцияның 84-бабында тікелей қамтылған жағдайларда қосымша конституциялық рәсімнің сақталуын талап етеді.

Жалпы тәртіптен алып тастау жағдайлары Конституцияның өзінде тікелей белгіленген: қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларында Президенттің арнаулы келісімі талап етілмейді. Сондықтан иммунитеттің мазмұны мен шектері ведомстволық актілермен кеңейтілуге немесе шектелуге жатпайды.

Аталған конституциялық кепілдіктер қылмыстық процесте қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамдарға қатысты сотқа дейінгі іс жүргізудің ерекшеліктерін белгілейтін Қылмыстық-процестік кодекстің арнаулы нормалары ескеріле отырып қолданылады. Бұл бөлікте Конституциялық заң қылмыстық-процестік заңнамамен бірге түсіндірілуге тиіс, өйткені Конституцияда көзделген кепілдікті іске асырудың процестік тәртібі ҚПК-де айқындалады.

Конституциялық заңның 8-бабының 2 және 3-тармақтарында Бас Прокурордың бірінші орынбасары және орынбасарлары болатыны, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтыны және лауазымнан босататыны бекітілген.

Осы арқылы заң шығарушы прокуратураның жоғары басшылық құрамын қалыптастыру деңгейін тікелей айқындайды. Бас Прокурордың бірінші орынбасары мен орынбасарлары Бас Прокурордың өзі тағайындайтын лауазымды адамдар қатарына жатпайды. Бұл ажыратуды Конституциялық заңның 9-бабында бекітілген кадрлық өкілеттіктерді қолдану кезінде ескеру қажет.

Сонымен бірге оларды Президенттің тағайындауы орынбасарларда Бас Прокурордың құзыретіне тең дербес конституциялық құзыреттің бар екенін өздігінен білдірмейді. Конституция мен Конституциялық заң бірқатар өкілеттіктерді жеке-дара Бас Прокурорға бекітеді. Бірінші орынбасар мен

орынбасарлардың өкілеттіктері заңнамада және Бас прокуратура жүйесінде белгіленген міндеттерді бөлу шегінде жүзеге асырылады.

Бұл тұрғыдан Бас Прокурордың Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде тікелей көзделген өкілеттіктерін қоспағанда, прокуратура органдары жүйесінде өз өкілеттіктерін беретін лауазымды адамдарды айқындауына мүмкіндік беретін Конституциялық заңның 9-бабының 11) тармақшасы ерекше маңызға ие. 9-бапқа берілген түсіндірме жобасында бұл шек дұрыс көрсетілген: міндеттерді ішкі бөлуге заңнама Бас Прокурордың жеке шешім қабылдауын талап етпейтін жағдайларда ғана жол беріледі.

Бұл ереже Бас Прокурордың бірінші орынбасары мен орынбасарларының мәртебесін айқындау үшін қағидаттық маңызға ие. Олардың құзыреті міндеттерді бөлу және өкілеттіктерді беру арқылы қалыптастырылатын бөлігінде туынды ұйымдық-құқықтық сипатта болады, ал Конституцияда және заңда көзделген Бас Прокурордың жеке өкілеттіктері өзінде сақталады.

8-бап прокуратураның орталықтандырылған жүйесінің жоғары басшылығы мәртебесінің құқықтық негізін құрайды. Оның ережелері Бас Прокурордың өкілеттіктерін айқындайтын Конституциялық заңның 9-бабымен, прокуратура органдарының жүйесі туралы 5-баппен, Бас прокуратура туралы 7-баппен, сондай-ақ прокуратураның орталықтандырылуы, тәуелсіздігі және есептілігі туралы Конституцияның 84-бабының 2-тармағымен тікелей байланысты.

Бұл ретте лауазымды адамның мәртебесі мен оның құзыретінің мазмұнын ажырату қажет. 8-бап, ең алдымен, Бас Прокурор мен оның орынбасарлары лауазымдарын кімнің және қандай конституциялық-құқықтық талаптар негізінде атқаратыны туралы мәселелерге жауап береді. Бас Прокурордың нақты қадағалау, ұйымдастырушылық, кадрлық, үйлестірушілік, нормашығармашылық және өзге де өкілеттіктері Конституциялық заңның 9-бабында ашылады. Мұндай ажырату институционалдық

мәртебе мен функционалдық құзыреттің араласып кетуіне жол бермейді.

Түсіндірме беріліп отырған норманың практикалық маңызы да осында: прокуратураның жоғары басшылығы өкілеттіктерінің заңды іске асырылуы тиісті лауазымды адамның тиісті конституциялық-құқықтық мәртебесінің болуын және оның құзыретінің Конституция мен Конституциялық заңда белгіленген шектерінің сақталуын талап етеді.

9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері

Бас Прокурор:

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шектерде және нысандарда жүзеге асырады;

2) прокуратура органдарының бүкіл жүйесінің қызметіне басшылық жасайды;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне Бас прокуратура туралы ережені, оның құрылымын, прокуратура органдарының жалпы штат санын бекіту туралы ұсыныстар енгізеді;

4) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен, прокуратура органдарының жалпы штат санының лимиті шегінде прокурорлардың және прокуратура органдарының өзге де жұмыскерлерінің штат санын белгілейді;

5) Қазақстан Республикасының Президентіне прокуратура органдары ведомстволарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату туралы ұсынулар енгізеді;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің келісуімен білім беру ұйымының басшысын, Бас әскери прокурорды, Бас көлік прокурорын, облыстардың прокурорларын және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорларды лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

7) прокурорларды және прокуратура органдарының өзге де жұмыскерлерін, зейнеткерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады, оларды ведомстволық наградалармен наградтайды;

8) Қазақстан Республикасы Президентінің алдында елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының қызметі туралы есеп береді;

8-1) инвестициялық омбудсменнің функцияларын жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылады;

10) бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратуралардың жанынан құрылатын үйлестіру кеңестері туралы ережелерді бекітеді;

11) Бас Прокурордың Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде тікелей көзделген өкілеттіктерін қоспағанда, прокуратура органдары жүйесінде өз өкілеттіктерін беретін лауазымды адамдарды айқындайды;

12) Бас прокуратураның алқасы мен консультативтік-кеңесші органдарын құрады, олардың құрамы мен жұмыс регламентін айқындайды;

13) ведомстволардың, білім беру ұйымының, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының, облыстардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратуралардың, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралардың, сондай-ақ прокуратура органдары жүйесіне кіретін мемлекеттік мекемелер мен өзге де

ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымдарын бекітеді;

14) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережелерді қоспағанда, прокуратура органдары жүйесінің мемлекеттік мекемелері мен білім беру ұйымының ережелерін (жарғыларын) бекітеді;

15) барлық прокурорлардың және өзге де жұмыскерлердің орындауы үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады, прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін ережелерді, нұсқаулықтарды, регламенттерді және өзге де құқықтық актілерді бекітеді;

16) Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жүгінеді;

17) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін заңды күшіне енген сот актілеріне, негіздер болған кезде, наразылық білдіреді;

18) азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сот практикасының мәселелері жөнінде соттарға түсіндірме беру туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына жүгінеді;

19) Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен сот актісінің орындалуын тоқтата тұрады;

20) Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолсұғылмаушылық құқығы бар адамдарды одан айыру және әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша ұсыну енгізеді;

21) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру,

қарсы барлау қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келіседі;

22) мынадай:

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасымен және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасымен реттелмеген бөлікте прокуратура органдарында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің жолданымдарын қарау және оларды жеке қабылдау;

прокуратура органдары жүзеге асыратын, заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізу;

прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік заңнамасының, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасының нормаларын қолдану;

мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу;

құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, оларды пайдалану, сақтау, қорғау және жою тәртібін айқындау;

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және (немесе) онымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша тағайындалатын лауазымдарды қоспағанда, прокурорларды және өзге де жұмыскерлерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату;

ақшалай үлес, жәрдемақылар және өзге де төлемдер төлеу;

құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулер жүргізу, оларды үйлестіру және мониторингтеу тәртібін айқындау;

прокуратура органдарының білім беру ұйымына оқуға қабылдау тәртібін айқындау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

инвесторлардың құқықтарын қорғау;

23) осы Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

24) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Түсіндірме беріліп отырған бап прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесінің жоғары лауазымды адамы ретінде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының дербес құзыретін айқындайды. Онда құқықтық табиғаты әртүрлі: қадағалау, ұйымдастырушылық-өкімдік, кадрлық, үйлестірушілік, сот-процестік, нормашығармашылық және арнаулы өкілеттіктер біріктірілген. Сондықтан Конституциялық заңның 9-баптың мазмұны Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Конституциялық заңның өзге де ережелерімен, процестік кодекстермен, арнаулы заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзара байланыста ашып көрсетілуге тиіс.

Құзыреттіліктің үш деңгейін: Бас Прокурордың дербес өкілеттіктерін; мемлекеттік орган ретіндегі Бас прокуратураның өкілеттіктерін; Бас Прокурор басқаратын орталықтандырылған жүйе шеңберінде іске асырылатын әртүрлі деңгейдегі прокурорлардың өкілеттіктерін ажыратудың қағидаттық маңызы бар. Егер заңда шешім қабылдайтын субъект ретінде тікелей Бас Прокурор көрсетілсе, мұндай өкілеттік дербес сипатқа ие болады және оны беруге қатысты шектеулер ескеріле отырып бағалануға тиіс.

Конституциялық заңның 9-бабы Бас Прокурорды тағайындау тәртібі мен оның өкілеттік мерзімін реттемейді. Бұл мәселелер Конституциялық заңның 8-бабында және Конституцияның тиісті

ережелерінде қамтылады. 8-баптың қолданыстағы редакциясында, атап айтқанда, бір адам Бас Прокурор болып бір реттен артық тағайындала алмайтыны көзделген[40].

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты 2026 жылғы 7 шілдедегі № 89-НҚ нормативтік қаулысында Бас Прокурор лауазымын қайта атқаруға қатысты жаңа конституциялық шектеудің қолданылуын түсіндірді. Аталған құқықтық ұстаным 9-баптың 3) тармақшасына емес, Бас Прокурордың конституциялық мәртебесіне қатысты болғанымен, дербес құзыретті жүзеге асырудың уақыттық шектерін түсіну үшін маңызды[41].

Конституциялық заңның 9-бабы 1) тармақшасы Бас Прокурордың заңда белгіленген шектерде және нысандарда Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігін тікелей бекітеді. Бұл өкілеттікті прокуратураның өзге конституциялық функцияларынан — сотта мемлекеттің мүдделерін білдіруден және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырудан ажырату қажет. Соңғы функциялар да прокуратураның құзыретіне жатады, алайда олар 1) тармақшаның тікелей мазмұнын құрамайды.

Конституциялық заңның 9-бабы 2) тармақшасы Бас Прокурордың прокуратура органдарының бүкіл жүйесінің қызметіне басшылық жасау жөніндегі өкілеттігін бекітеді. 1) тармақшамен ұштастыра алғанда, бұл Бас Прокурордың бір мезгілде жоғары қадағалау құзыретінің иесі және оның өзіне бағынысты прокурорлар тарапынан біркелкі іске асырылуын ұйымдастырушы болып табылатынын білдіреді. Сондықтан жүйеге басшылық жасау кадрлар мен құрылымдық бөлімшелерді әкімшілік басқарумен ғана шектелмейді.

---

[40] «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ Конституциялық заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155

[41] «Қазақстан Республикасы Конституциясының 43-бабының 1-тармағын, 72-бабының 2 және 3-тармақтарын, 83-бабының 1-тармағын және 84-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 7 шілдедегі № 89-НҚ нормативтік қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2600000089

Жоғары қадағалауды практикалық ұйымдастыру заңдылықтың сақталуын тексерудің, заңдылықтың жай-күйін талдаудың, күшіне енген актілерді бағалаудың және қадағалау қызметінің өзге де бағыттарының бірыңғай қағидаларын белгілейтін № 32 бұйрықта нақтыланған. Мұндай бұйрық прокуратураның жаңа өкілеттіктерін белгілемейді, заңда көзделген өкілеттіктерді іске асырудың ұйымдастырушылық және рәсімдік нысандарын айқындайды[42].

Конституциялық заңның 9-бабы 3) тармақшасы Бас Прокурорға Қазақстан Республикасының Президентіне Бас прокуратура туралы ережені, оның құрылымын және прокуратура органдарының жалпы штат санын бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу құқығын береді. Демек, бұл өкілеттік бастамашылық-ұсынушылық сипатқа ие және Бас Прокурордың өзін тағайындауға немесе оның өкілеттік мерзіміне қатысты емес.

Конституциялық заңның 9-бабы 4) тармақшада Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жалпы штат саны шегінде Бас Прокурор прокурорлар мен өзге де жұмыскерлердің штат санын айқындайтыны көзделген. Осылайша, Президент жалпы шекті белгілейді, ал Бас Прокурор кадрлық ресурсты бөлу мәселесінде ішкі ұйымдастырушылық дербестікке ие болады.

Конституциялық заңның 9-бабы 5) және 6) тармақшаларда Қазақстан Республикасы Президентінің кадрлық мәселелерге қатысуының екі түрлі нысаны көзделген. Бірінші жағдайда Бас Прокурор ведомстволардың бірінші басшыларын тағайындау немесе лауазымынан босату туралы ұсынымдар енгізеді, ал шешімді Президент қабылдайды. Екінші жағдайда білім беру ұйымының басшысын, Бас әскери прокурорды, Бас көлік прокурорын, облыстардың прокурорларын және оларға теңестірілген прокурорларды Президенттің келісуімен Бас Прокурордың өзі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

[42] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

Конституциялық заңның 9-бабы 7) тармақшасы прокурорларды, прокуратура органдарының өзге де жұмыскерлері мен зейнеткерлерін мемлекеттік наградаларға және құрметті атақтарға ұсыну, сондай-ақ оларды ведомстволық наградалармен наградтау құқығын бекітеді. Мемлекеттік наградаларға ұсыну кезінде Бас Прокурор тиісті рәсімге бастамашылық жасайды; ал ведомстволық наградтау оның өзінің қызметтік-ұйымдастырушылық құзыретіне жатады.

Конституциялық заңның 9-бабы 8) тармақшасы Бас Прокурордың елдегі заңдылықтың жай-күйі және прокуратура органдарының қызметі туралы Қазақстан Республикасының Президенті алдында есеп беру міндетін белгілейді. Мұндай есептілік прокуратураның Президентке тікелей есеп беруінің негізгі нысандарының бірі болып табылады. Президент туралы конституциялық заңнамада мұндай есепті тұрақты түрде тыңдау көзделген[43].

Конституциялық заңның 9-бабы 8-1) тармақшасы Бас Прокурордың дербес құзыретінің жаңа бағыттарының бірі — инвестициялық омбудсменнің функцияларын жүзеге асыруды бекітеді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 1125 Жарлығымен инвесторлардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мақсатында инвестициялық омбудсменнің функцияларын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асыратыны тікелей белгіленді. Сонымен бір мезгілде Активтерді қайтару жөніндегі комитет Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет болып қайта құрылып, активтерді қайтару жөніндегі функциялар Бас прокуратураға берілді[44].

2026 жылғы заңнамалық өзгерістерден кейін инвестициялық омбудсмен институтының құқықтық мазмұны едәуір толықтырылды. Ол инвесторлардың жолданымдарын қараумен ғана

[43] «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 5 маусымдағы № 296-VIII ҚРЗ Конституциялық заңы, 14-бап // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000296

[44] «Инвесторлардың құқықтарын қорғау және активтерді қайтару саласында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 1125 Жарлығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500001125

емес, прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін қолданумен, жекелеген мемлекеттік шешімдерді алдын ала келісумен, инвестициялық дауларды сотқа дейін реттеумен және инвестициялық қызметтің жүйелі проблемаларын анықтаумен байланысты.

Бұл модельдің ерекшелігі «прокурорлық сүзгі» болып табылады: тиісті тізілімге енгізілген инвесторлардың құқықтарын қозғайтын жекелеген тексерулерді, тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, әкімшілік іс жүргізулерді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің талап қоюларын прокурормен алдын ала келісу көзделген. Бұл тетіктің құқықтық табиғаты тек кейіннен ден қоюдан заңсыз араласудың алдын алуға көшуден көрінеді[45].

Конституциялық заңның 9-бабы 9) тармақшасы Бас Прокурордың Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы болып табылатынын белгілейді. Үйлестіру кеңесі консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Бас Прокурордың төрағалық етуі басқа құқық қорғау органдарына әкімшілік басшылық жасауды білдірмейді: үйлестіру ведомстволардың теңдігіне, олардың ұйымдастырушылық-өкімдік қызметіне араласпауға және бірлескен іс-қимылдардың келісімділігіне негізделеді[46].

Конституциялық заңның 9-бабы 10) тармақшасы Бас Прокурорға Бас әскери және Бас көлік прокуратуралары, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар жанындағы үйлестіру кеңестері туралы ережелерді

[45] Прокурормен инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, сотқа талап қоюларды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді келісуден бас тартуға шағым жасау қағидалары (қолданыстағы редакция) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2600039264

[46] «Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 238 Жарлығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000238

бекітуге мүмкіндік береді, сол арқылы үйлестіру қызметінің бірыңғай ұйымдастырушылық моделін қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 9-бабы 11) тармақшасы тармақша өкілеттіктерді прокуратура органдары жүйесінің лауазымды адамдарына беруге жол береді, алайда Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде тікелей Бас Прокурорға бекітілген өкілеттіктерді бұдан алып тастайды. Сондықтан өкілеттікті беру мүмкіндігі туралы мәселе, ең алдымен, нақты құзыретті белгілейтін нормативтік қайнар көзді талдау арқылы шешілуге тиіс.

Конституциялық заңның 9-бабы 12) тармақшасы Бас прокуратураның алқасын және консультативтік-кеңесші органдарын құру, олардың құрамын және жұмыс регламентін айқындау құқығын береді. Алқа басқарушылық шешімдерді кәсіби талқылауды қамтамасыз етеді, алайда Бас Прокурордың дербес құзыретін алмастырмайды: қабылданған нәтиже құзыретті лауазымды адамның бұйрығы, өкімі, нұсқауы немесе өзге де шешімі арқылы заңдық-биліктік мәнге ие болады[47].

Конституциялық заңның 9-бабы 13) және 14) тармақшалар Президенттің құзыретіне жатқызылған актілерді қоспағанда, ведомстволардың, білім беру ұйымының, әскери, көлік, облыстық, аудандық және өзге де прокуратуралардың құрылымдарын, сондай-ақ прокуратура органдары жүйесінің мемлекеттік мекемелері мен білім беру ұйымының ережелері мен жарғыларын бекіту мәселелеріндегі Бас Прокурордың ұйымдастырушылық дербестігін бекітеді.

Конституциялық заңның 9-бабы 15) тармақшасы прокуратура қызметін ішкі ұйымдастырушылық реттеудің жалпы құқықтық негізін құрайды: Бас Прокурор прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, ережелерді, нұсқаулықтар мен регламенттерді бекітеді. Алайда бұл

[47] «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығы (Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ереже, қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000563

норма кез келген қоғамдық қатынастарды реттеуге әмбебап құқық бермейді: ішкі акт заңнан тыс құқықтарды шектеудің жаңа негіздерін, сыртқы субъектілер үшін қосымша міндеттерді немесе прокуратураның жаңа өкілеттіктерін белгілей алмайды.

Конституциялық заңның 9-бабы 16) тармақшасы Бас Прокурорға Конституциялық Сотқа жүгіну құқығын береді. Егер анықталған проблема нормативтік құқықтық актінің Конституцияға ықтимал қайшылығына байланысты болса, Бас Прокурор Конституциялық Сотты конституциялылық туралы өзінің шешімімен алмастырмайды, Конституцияда белгіленген конституциялық бақылау рәсіміне бастамашылық жасайды[48].

Конституциялық заңның 9-бабы 17) тармақшасы заңда белгіленген негіздер болған кезде заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру құқығын бекітеді. Бұл өкілеттік тек процестік нысанда іске асырылады және Бас Прокурорға сот актісінің күшін өз бетінше жоюға немесе оны өзгертуге құқық бермейді. Наразылық келтірудің негіздері, мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Азаматтық процестік кодексінде, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалады[49].

Сот актілерін қайта қараудың қазіргі моделі кассациялық тәртіппен қайта қарауды және Жоғарғы Соттың айрықша тәртіппен қайта қарауын ажыратады. Кассациялық сатыда наразылық келтіру құқығы жоғары тұрған прокурорлардың бірнеше санатына тиесілі болуы мүмкін; ал кассациялық қайта қараудан кейінгі айрықша

[48] «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ Конституциялық заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153

[49] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Азаматтық процестік кодексі (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377; Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350; Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235; Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

қайта қарау сатысында заң шығарушы тиісті жағдайларда наразылық келтіру құқығын тікелей Бас Прокурорға шоғырландырады.

Конституциялық заңның 9-бабы 18) тармақшасы сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірме беру туралы ұсыныспен Жоғарғы Сотқа жүгінуді көздейді. Бұл тетікті нақты іс бойынша келтірілетін наразылықтан ажырату қажет: ұсыныс сот практикасындағы бірмәнді еместікті жоюға және бірыңғай тәсілді қалыптастыруға бағытталса, наразылық нақты заңды күшіне енген сот актісінің заңдылығы туралы мәселе қояды.

Конституциялық заңның 9-бабы 19) тармақшасы сілтемелік сипатқа ие және сот актісінің орындалуын тек процестік заңнамада көзделген тәртіппен тоқтата тұруға мүмкіндік береді. Мұндай тоқтата тұру уақытша қамтамасыз ету сипатына ие және Жоғарғы Сот сот актісінің заңдылығы туралы мәселені шешкенге дейін орны толмас салдардың алдын алуға арналған.

Конституциялық заңның 9-бабы 20) тармақшасы Бас Прокурорға қолсұғылмаушылық кепілдіктері бар адамдарды қолсұғылмаушылықтан айыру және әкімшілік не қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша ұсынымдар енгізу құқығын береді. Арнаулы заңдармен жүйелі байланыста бұл өкілеттік ұсынымды формалды түрде енгізумен шектелмейді және адамның мәртебесіне қарай сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жалғастыруға келісім беруді, тергеп-тексеруге тікелей қадағалауды, сондай-ақ арнаулы келісу немесе санкциялау рәсімдерін қамтиды.

Жаңа конституциялық модель енгізілгеннен кейін Құрылтай депутаттарына, Конституциялық Сот пен Жоғарғы Сот судьяларына қатысты арнаулы рәсімдер көзделді. Заңда көзделген жағдайларда Бас Прокурор қолсұғылмаушылықтан айыруға және қылмыстық-процестік не әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдануға келісім алу туралы ұсыным енгізеді[50].

[50] «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 5 маусымдағы № 297-VIII ҚРЗ Конституциялық заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000297

Судьяларға қатысты заң шығарушы қорғаудың қосымша деңгейін көздейді: сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жалғастыруға белгіленген тәртіппен Бас Прокурордың келісімімен жол беріледі, ал судьяға қатысты арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын тікелей Бас Прокурор санкциялайды. Судьяға қатысты жасырын тергеу әрекеттері жүргізілген кезде оларды соттың санкциялауына дейін Бас Прокурормен қосымша алдын ала келісу қолданылады[51].

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қатысты да ерекше тәртіп белгіленген. Оған қатысты процестік кепілдіктер Бас Прокурордың келісім беру және қадағалау нысанында қатысуын да көздейді. Бұл ретте қолсұғылмаушылық материалдық-құқықтық емес, процестік сипатқа ие: ол жауаптылықты жоққа шығармайды, құқық қорғау органдарының негізсіз ықпалынан жоғары кепілдікті белгілейді[52].

Конституциялық заңның 9-бабында Бас Прокурордың нормашығармашылыққа қатысуының бір-бірінен ерекшеленетін бірнеше нысаны көзделген. 21) тармақша заңда көзделген жағдайларда басқа органдардың нормативтік құқықтық актілерін келісуге қатысты; 22) тармақшада тікелей санамаланған мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді дербес қабылдау; 23) тармақшада заңда немесе Президент актісінде тиісті негіз болған кезде өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қамтылады.

Қылмыстық процесте Бас Прокурор электрондық қылмыстық сот ісін жүргізуді қоса алғанда, Қылмыстық-процестік кодексті қолдану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер

---

[51] «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-II Конституциялық заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132_; «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_; «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» уәкілетті мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 27 желтоқсанда № 10027 болып тіркелген, қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0010027

[52] «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы № 154-VII ҚРЗ Конституциялық заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154; Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

қабылдайды, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының нормативтік құқықтық актілері заңда көзделген жағдайларда Бас Прокурормен келісу бойынша қабылданады. Мұндай құрылым тергеп-тексеру органдарының ведомстволық тиесілігіне қарамастан, процестік қағидалардың біркелкілігін қамтамасыз етеді[53].

Келісу құзыретінің маңызы жедел-іздестіру қызметінде айрықша көрінеді. Арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын ұйымдастыру мен жүргізу тактикасының нормативтік қағидалары заңда белгіленген жағдайларда Бас Прокурормен келісуді талап етеді. Бұл нормативтік деңгейдегі алдын ала құқықтық сүзгі болып табылады және нақты жедел-іздестіру іс-шарасын санкциялаумен тең емес[54].

Қарсы барлау қызметінде қадағалауды ұйымдастыру кезінде прокуратура органдары мен қарсы барлау органының өзара қатынастары арнаулы бірлескен нормативтік құқықтық актімен реттеледі, ал жоғары қадағалауды Бас Прокурор және ол уәкілеттік берген прокурорлар жүзеге асырады. Мұндай модель прокурорлық бақылаудың қажеттілігі мен ерекше құпиялылық режимін бір мезгілде ескереді[55].

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібі де ведомствоаралық қағидалармен айқындалады. Жасырын тергеу әрекеттері нақты жүргізілген кезде жедел-іздестіру қызметінің нысандары мен әдістері пайдаланылғанымен, олар қылмыстық сот ісін жүргізуге жатады. Бас прокуратура олардың заңдылығын Қылмыстық-процестік кодексте және тиісті қағидаларда белгіленген шектерде қадағалайды[56].

---

[53] Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

[54] «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_

[55] «Қарсы барлау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 35-VI ҚРЗ Заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000035

[56] «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» уәкілетті мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 27 желтоқсанда № 10027 болып тіркелген, қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0010027

Конституциялық заңның 9-бабы 22) тармақшасын функционалдық топтар бойынша: қадағалау-рәсімдік — жолданымдар, тексерулер, заңдылықтың жай-күйін талдау; қылмыстық-процестік және жедел; ақпараттық-статистикалық; кадрлық және қызметтік; ғылыми-білім беру, ал 2025–2026 жылдардағы реформалардан кейін инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша да қарастырған орынды. Мұндай құрылымдау көптеген ведомстволық бұйрықтарды механикалық түрде санамалауға қарағанда құзыреттің табиғатын неғұрлым дәл көрсетеді.

Конституциялық заңның 9-бабы 23) тармақшасы шексіз нормашығармашылықтың қайнар көзі болып табылмайды. «Осы Конституциялық заңға, өзге де заңдарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес» деген тұжырым өзге нормативтік құқықтық актіні қабылдау үшін заңдық күші неғұрлым жоғары сыртқы нормативтік негіздің болуын талап етеді.

Конституциялық заңның 9-бабы 24) тармақшаның дербес жүйе құраушы маңызы бар. Ол Конституциялық заңның 9-бабын арнаулы салалық заңнамамен және Президент актілерімен байланыстырады, сол арқылы баптың тікелей тізбесінде көрсетілмеген өкілеттіктерді ескеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге ол «ашық құзырет» белгілемейді: әрбір қосымша өкілеттіктің нақты нормативтік негізі болуға тиіс.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мәжбүрлеп орындатудың заңдылығын жоғары прокурорлық қадағалауды белгілейді. Заңда көзделген жағдайларда прокурор атқарушылық іс жүргізулерді талап етіп алдыруға және тексеруге, сот орындаушысының заңсыз әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне ден қоюға, басқа сот орындаушысына беру үшін атқарушылық құжатты

алып қоюға және сот орындаушыларының заңға сәйкес келмейтін актілерінің күшін өз қаулысымен жоюға құқылы[57].

Қадағалау мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына, әділет органдарына, жеке сот орындаушыларының палаталарына және атқарушылық іс жүргізуге байланысты электрондық инфрақұрылымға қолданылады. Қазіргі модель қағаз жеткізгіштегі материалдарды ғана емес, тыйым салуды, мүлікті өткізуді, электрондық сауда-саттықты және өндіріп алынған сомаларды бөлуді қоса алғанда, атқарушылық әрекеттердің цифрлық ізін де бағалауға мүмкіндік береді[58].

Бұл ретте «нотариатты қадағалау» деген тұжырым тым кең болар еді. Прокуратура нотариаттық қызметке әкімшілік басшылықты жүзеге асырмайды. Атқарушылық іс жүргізуді қадағалау шеңберінде атқарушылық құжаттардың, оның ішінде нотариустардың атқарушылық жазбаларының заңдылығы тексеріледі, өйткені мұндай жазба белгіленген рәсім сақталған кезде мемлекеттік мәжбүрлеудің тікелей негізіне айналуы мүмкін[59].

Банк заңнамасында мүліктік салаға араласу кезінде прокурорлық кепілдіктер көзделген. Заңда көзделген жағдайларда сот орындаушысының банктегі ақшаға және өзге де мүлікке тыйым салу туралы қаулысы прокурордың санкциялауына жатады; ал заңда талап етілетін санкция немесе келісу болмаған кезде банк актіні орындаудан бас тартады[60].

---

[57] «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_

[58] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

[59] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753; «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі № 155-I Заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000155_

[60] «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 258-VIII ҚРЗ Заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000258; «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_

Сонымен қатар арнаулы заңда мүлікті жария ету туралы заңнамаға сәйкес жария ету субъектілеріне ашылған банк шоттары туралы мәліметтерге, оның ішінде мұндай шоттардағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерге қатысты Бас Прокурор мен оның орынбасарларының дербес құзыреті көзделген. Бұл мәліметтер заңда көзделген органдарға Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарларының санкциясымен беріледі. Бұл - Конституциялық заңның 9-бабында тікелей санамаланбағанымен, 24) тармақша арқылы Бас Прокурордың құқықтық мәртебесіне енетін өкілеттіктің көрнекі мысалы.

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабында Бас Прокурор мен оның орынбасарларының заңда көзделген жағдайларда желілердің және байланыс қызметтерінің жұмысын немесе интернет-ресурстарға қол жеткізуді уақытша шектеу туралы ұсыным енгізу жөніндегі арнаулы дербес өкілеттігі көзделген. Бұл шараны қолдану негіздері байланыс желілерін қылмыстық мақсаттарда пайдалануға және заңда тікелей айқындалған құқыққа қайшы ақпарат санаттарын таратуға байланысты[61].

Конституциялық Сот 2026 жылғы 9 маусымдағы № 83-НҚ нормативтік қаулысында қол жеткізуді уақытша шектеудің шұғыл тетігін зерттеп, мұндай араласудың заңдылығы, қажеттілігі мен мөлшерлестігі талаптарын атап көрсетті. Бұл өкілеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттері мен ақпарат бостандығының конституциялық кепілдіктері түйісетін салада болғандықтан, түсіндірме үшін елеулі маңызға ие[62].

Соттан тыс уақытша шектеуді сот рәсімдерінен ажырату қажет. Азаматтық процестік заңнамада заңсыз ақпараттық өнім мен интернет-ресурстардың жекелеген түрлері бойынша прокурордың арнаулы арыздары, ал экстремизмге және терроризмге қарсы іс-

[61] «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567-II Заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000567_

[62] «"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 41-1-бабының 1-2-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 9 маусымдағы № 83-НҚ нормативтік қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2600000083

қимыл туралы заңнамада тиісті ұйымдар мен ақпараттық материалдарды сот тәртібімен экстремистік немесе террористік деп тану көзделген. Мұндай жағдайларда түпкілікті шешімді сот қабылдайды[63].[24]

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы Бас прокуратураның құрылымы болып табылмайды және Бас Прокурорға бағынбайды. Сонымен бірге Антифрод-орталықтың қағидалары прокурорды заңдық маңызы бар жекелеген рәсімдерге қатыстырады: бұғатталған қаражатты клиентке қайтару прокурормен келісілген қылмыстық қудалау органының транзакцияны алаяқтық деп тану туралы қаулысы негізінде жүзеге асырылады[64].

Ведомствоаралық тұрғыдан антифрод бағыты, ең алдымен, Бас Прокурордың үйлестірушілік құзыретімен байланысты.

Президенттің № 563 Жарлығымен бекітілген және 2026 жылғы тамызда да жаңартылған Бас прокуратура туралы ережеде Бас Прокурордың қосымша дербес ұйымдастырушылық құзыреттерінің жиынтығы қамтылған. Оларға, атап айтқанда, прокуратура органдарының ведомстволық рәміздерінің сипаттамасын және оларды пайдалану тәртібін бекіту, сондай-ақ мемлекеттік құпиялар, ішкі қауіпсіздік, әскери міндеттілерді арнайы есепке алу және жұмылдыру жұмысы жөніндегі бірқатар өкілеттіктер жатады[65].

Рәміздерге қатысты құзырет прокуратура органдарының ведомстволық рәміздеріне ғана қатысты. Ол Бас Прокурордың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік

---

[63] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Азаматтық процестік кодексі (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377; «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы № 31 Заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_; «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416 Заңы (қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000416

[64] «Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы) қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 54 қаулысы (2026 жылғы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036742

[65] «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығы (Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ереже, қолданыстағы редакцияда) // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000563

Елтаңбасын немесе Мемлекеттік Гимнін бекітуін білдірмейді. Кеңейтілген түсіндіруге жол бермеу үшін бұл ара-жікті арнайы көрсету қажет.

Мемлекеттік құпиялар мен арнаулы ұйымдастырушылық режимдер жөніндегі өкілеттіктер де прокуратураның дербес конституциялық функциялары болып табылмайды. Олар орталықтандырылған жүйенің қауіпсіз және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді әрі арнаулы заңнама шегінде іске асырылады.

Жалпы алғанда, Конституциялық заңның 9-бабы Бас Прокурорды бірыңғай орталықтандырылған жүйенің басшысы ретінде ғана емес, бірқатар айрықша конституциялық, қадағалау, процестік, үйлестірушілік, нормашығармашылық және арнаулы өкілеттіктердің дербес иесі ретінде де айқындайды. Бас Прокурордың құқықтық мәртебесі көпдеңгейлі нормативтік құрылымға ие.

Бірінші деңгейді Конституциялық заңның 9-бабында тікелей санамаланған өкілеттіктер құрайды. Екінші деңгей — Конституциялық заңның басқа ережелерінде ашып көрсетілетін өкілеттіктер. Үшінші деңгей Қазақстан Республикасының арнаулы конституциялық заңдарында, кодекстері мен заңдарында белгіленетін өкілеттіктерден қалыптасады. Төртінші деңгейді Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, ең алдымен, Бас прокуратура туралы ереже құрайды.

24. тармақшаның ерекше жүйелік маңызы бар: ол Бас Прокурордың басқа заңдарда және Президент актілерінде белгіленген арнаулы өкілеттіктерін Конституциялық заңның 9-бабының мәтінінде дамып келе жатқан бүкіл салалық нормативтік массивті қайталау қажеттігінсіз ескеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге 24) тармақша ашық немесе тұспалданатын құзыретті қалыптастырмайды: әрбір қосымша өкілеттіктің нақты нормативтік негізі болуға тиіс.

Заңнаманың қазіргі дамуы прокурордың қатысуының алдын алу тетіктерінің күшейтілгенін көрсетеді: инвесторларға қатысты жекелеген шешімдерді алдын ала келісу, атқарушылық іс жүргізу

мен банктік реттеу саласындағы жекелеген шараларды санкциялау, жедел-іздестіру қызметін, қарсы барлау қызметін және жасырын тергеу әрекеттерін нормативтік реттеуге қатысу, құқыққа қайшы ақпаратқа қол жеткізуді шектеудің арнаулы тетіктері. Бұл ретте цифрлық платформалар мен технологиялар өздігінен жаңа заңдық өкілеттіктерді туындатпайды, заңда бекітілген құзыретті іске асыру тәсілі ретінде қызмет етеді.

Прокуратура қызметі салаларының кеңеюі оның құзыретінің іргелі шектеуін өзгертпейді: прокуратура органдары өзге мемлекеттік органдар мен сотты алмастырмайды. Бас Прокурор орындылықты немесе прокуратураның жалпы мақсатын ғана негізге ала отырып, өз құзыретін дербес кеңейтуге құқылы емес. Оның әрбір әрекеті нақты нормаға, белгіленген рәсімге және заңда көзделген шектерге негізделуге тиіс.

Осылайша, 9-бап Конституциялық заңның құзыретті айқындайтын орталық нормасы болып табылады. Оны жүйелі қолдану Бас Прокурордың әрбір өкілеттігін нақты нормативтік негізбен және құзырет шектерімен байланыстырады.

10-бап. Прокурордың өкілеттіктері

1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:

1) заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізуге;

1-1) Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес активті иемдену (пайда болу) көздерінің заңдылығын тексеруді, активтерді заңсыз иемденуге, шығаруға қарсы іс-қимыл жасау және оларды қайтару үшін ақпаратқа мониторинг пен талдауды жүргізуге;

2) осы Конституциялық Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын, сондай-ақ Бас Прокурор айқындайтын тәртіппен прокуратура актілерін енгізуге;

3) Үкіметтің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіруге;

4) меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған және адамдардың шектелмеген тобына қатысты болса, сондай-ақ инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қозғаса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіруге;

5) Қазақстан Республикасының заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұруды талап етуге;

6) прокуратура органдарындағы материалдар, жолданымдар бойынша сараптамалар тағайындауға, уәкілетті органдардан тексеру жүргізуді талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауды міндеттеуге;

7) жүктелген функциялар мен өкілеттіктерді орындауға бағытталған қызметті жүзеге асыру үшін, заңдылықтың сақталуын тексеруге қатысуға және қорытынды беруге өзге де

органдар мен ұйымдардың мамандарын, ғалымдарды, сарапшыларды, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарды, оның ішінде шетелдік ұйымдарды тартуға;

8) қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тартуға;

9) жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақыруға және олардан түсініктер алуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ жолданымды қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді талап етіп алдыруға және алуға;

11) дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерге, атқарушылық іс жүргізуге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында техникалық тіркеу құралдарын қолдануға;

13) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін, жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың

басшылары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болатын, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нұсқаулар беруге;

14) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша адамдарды, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жеткізудің, ұстаудың, сондай-ақ күзетпен қамауда отырған не бас бостандығы өзге де шектелген адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарының заңдылығын тексеруге;

15) күзетпен қамауда отырған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтық жағдайына әсер ететін, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігі актілерінің заңдылығын тексеруге, заңсыз шешімдерінің күшін жоюға;

16) қылмыстық-атқару жүйесі органдарының сотталғандарды басқа мекемеге ауыстыру туралы актілерін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес қарауға;

17) тергеп-тексеру органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес қарауға;

18) заңды күшіне енбеген сот актісін қайта қарау туралы жоғары тұрған сотқа өтінішхат келтіруге;

19) наразылық білдіру өз құзыретінің шегінен шыққан жағдайларда, заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтінішхатпен жоғары тұрған прокурорға жүгінуге;

20) қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуіне бастамашылық жасауға;

21) қадағалауды жүзеге асыру кезінде жасырын тергеу әрекеттері, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды, ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді,

құпия көмекшілердің және штаттағы жасырын қызметкерлердің жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, басқа да қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

22) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, жедел-іздестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізуді санкциялауға, арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығына тексеру жүргізуге;

23) қадағалауды жүзеге асыру кезінде жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықтың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес тартуға;

24) заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағыныста органдарда тексеру жүргізуді талап етуге;

25) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғауға және тоқтатуға;

26) атқарушылық құжаттарды жазып берудің және оларды орындаудың заңдылығын тексеруге;

27) активтерді қайтару, инвесторлардың құқықтарын қорғау мақсатында халықаралық-құқықтық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіруге және жүзеге асыруға;

28) адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша, активтерді қайтару туралы істер бойынша, өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындауға, прокуратура органдарының құзыретіне жататын қылмыстық-құқықтық саладағы халықаралық шарттардың жобаларын келісуге;

29) шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау, активтерді қайтару, инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекет мүдделерін білдіруге;

30) осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Прокурор:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) заңдылықтың бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға;

3) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін іске асыру үшін негізсіз кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және прокуратура актілерінің қабылдануына жол бермеуге;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға;

6) заңды күшіне енген сот актілерімен келіспеу туралы өтінішхаттарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен қарауға;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуын тексеруге;

8) заңсыз жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтатуға;

9) заңсыз ұстап алынған және құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың үй-жайларындағы және жеке бас бостандығын шектейтін өзге де орындардағы, гауптвахталардағы, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелердегі, арнаулы мекемелердегі және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі адамдарды дереу босатуға;

10) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жоюға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Түсіндірме беріліп отырған бап прокуратураның конституциялық функциялары іске асырылатын прокурордың негізгі құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Олардың мазмұны Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабынан туындайды, оған сәйкес прокуратура мемлекет атынан заңда белгіленген шекте және нысанда Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Құрылымдық тұрғыдан Конституциялық заңның 10-бабы өзара байланысты екі тармақтан тұрады. Бірінші тармақта прокуратураға жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті прокурордың құқықтары, екінші тармақта оның міндеттері бекітілген. Мұндай құрылымның қағидаттық маңызы бар: прокурорға берілген мемлекеттік-биліктік өкілеттіктер өзіндік мақсат болып табылмайды

және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік органдардың құзыретін және заңмен қорғалатын өзге де мүдделерді сақтай отырып, Конституция мен Конституциялық заңда белгіленген міндеттерді орындау үшін ғана жүзеге асырылады.

Прокурор құқықтарының тізбесі құқықтық қатынастардың әртүрлі салаларын қамтиды, сондықтан оларды іске асыру тәртібі Конституциялық заңмен ғана шектелмейді. Құқықтық қатынастардың сипатына қарай тиісті өкілеттіктер қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару, азаматтық процестік, әкімшілік және өзге де заңнамада нақтыланады. Практикалық тұрғыдан алғанда, Конституциялық заңның 10-бабы прокурорда тиісті өкілеттіктің болуын айқындайды, ал арнаулы заңнама оны жүзеге асырудың негіздерін, шектерін және процестік нысанын белгілейді.

Конституциялық заңның 10-бабы 1-тармағының 1), 2), 5)–9) тармақшаларында жоғары қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор пайдаланатын негізгі құқықтық құралдар бекітілген. Оларға заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды және күшіне енген актілерді бағалауды жүргізу, қажетті материалдар мен ақпаратты алу, ақпараттық жүйелер мен ресурстарға қол жеткізу, мамандар мен сарапшыларды тарту, уәкілетті органдардан тексерулер жүргізуді талап ету, сондай-ақ олардың нәтижелері бойынша заңда көзделген прокурорлық қадағалау және ден қою шараларын қолдану құқықтары жатады.

Аталған өкілеттіктер жоғары қадағалауды қамтамасыз етуші сипатқа ие. Атап айтқанда, прокурордың құжаттарға, мәліметтерге және ақпараттық жүйелерге қол жеткізуі өздігінен мақсат болып табылмайды, ол заңдылықтың бұзылуының бар-жоғын анықтауға және заңға негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретін объективті деректерді алу үшін қажет. Сондықтан талап етілетін ақпараттың көлемі мен сипаты заңдылықтың сақталуын тексерудің, заңдылықтың жай-күйін талдаудың, актіні бағалаудың немесе прокурор жүзеге асыратын өзге де өкілеттіктің нысанасына сәйкес болуға тиіс.

10-бапта көзделген прокурор өкілеттіктері доктриналық тұрғыдан актінің құқықтық табиғаты бойынша жіктелетін прокурорлық ден қоюдың құқықтық құралдары жүйесін құрайды. Олардың қатарына биліктік нұсқама актілері – қаулы мен талап, сондай-ақ өзге рәсімді бастауға бағытталған актілер – наразылық, ұсыну және сотқа жүгіну жатады. Бұл әдіснамалық тұрғыдан қадағалау шектері туралы доктринамен байланысты (1-бапқа және 5-баптың 4-тармағына берілген түсіндірмелерді қараңыз): прокурорға атқарушылық-өкімдік өкілеттіктер берілмеген, сондықтан ол жалпы қағида бойынша құқықтық қатынасты дербес өзгерту арқылы емес, өзге субъектіні тиісті әрекеттер жасауға міндеттейтін заңда белгіленген рәсімді бастау арқылы ден қояды.

Осы ережелерді іске асырудың практикалық тәртібі № 32 бұйрықта [66] ашып көрсетілген. Онымен бекітілген актілер заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды және күшіне енген актілерді бағалауды ұйымдастыруды, сондай-ақ қадағалауды жүзеге асыру мен сотта мемлекет мүддесін білдірудің жекелеген мәселелерін айқындайды.

Конституциялық заңның 10-бабын қолдану кезінде прокурорлық қызметтің аталған нысандарының аражігін ажырату қажет. Тексеру белгілі бір объекті мен нысанаға қатысты заңдылықтың сақталуын анықтауға бағытталады; заңдылықтың жай-күйін талдау мәліметтер жиынтығы негізінде құқық бұзушылықтардың жай-күйін, себептері мен үрдістерін анықтауға мүмкіндік береді; актіні бағалау оның заңнамаға сәйкестігін белгілеуді көздейді. Мұндай ажырату прокурорлық араласудың негізін де, прокурор пайдаланатын өкілеттіктердің жол берілетін көлемін де дұрыс айқындауға мүмкіндік береді.

Мамандар мен сарапшыларды тарту құқығы да қамтамасыз етуші сипатқа ие. Олардың қатысуы мән-жайларды анықтау арнаулы білімді талап ететін жағдайларда қажет. Бұл ретте маман немесе сарапшы тиісті мәселелерді зерттеуде прокурорға жәрдемдеседі,

[66] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

бірақ қадағалау құзыретін жүзеге асыру және қорытынды құқықтық шешім қабылдау кезінде оны алмастырмайды.

Осы өкілеттіктер тобымен Конституциялық заңның 10-бабында көзделген прокурордың активті иемдену (пайда болу) көздерінің заңдылығын тексеру, активтерді заңсыз иемденуге, шығаруға қарсы іс-қимыл жасау және оларды мемлекетке қайтару мақсатында ақпаратқа мониторинг пен талдау жүргізу құқығы байланысты. Активті иемдену (пайда болу) көздерінің заңдылығын тексеруді тағайындау мен жүргізудің арнаулы тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 11 қазандағы № 186 бұйрығымен[67] бекітілген Қағидаларда белгіленген. Бұл жағдайда Конституциялық заңның 10-бабының ережелері заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы арнаулы заңнамамен өзара байланыста қолданылады.

Конституциялық заңның 10-бабында көзделген өкілеттіктердің елеулі бөлігін прокурор қылмыстық сот ісін жүргізуде іске асырады. Прокурордың жалпы процестік мәртебесі және оның қылмыстық процеске қатысушылар жүйесіндегі орны ҚПК-нің 58-бабында [68] айқындалған. Оған сәйкес прокурор өз құзыреті шегінде жедел-іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық процестің барлық сатыларында мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. ҚПК-нің 58-бабының 4-бөлігі іс жүргізудің әртүрлі сатыларындағы прокурордың өкілеттіктерін белгілейтін Кодекстің арнаулы нормаларына тікелей сілтеме жасайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалау кезінде прокурор жүзеге асыратын өкілеттіктердің негізгі көлемі ҚПК-нің 193-бабында шоғырланған. Конституциялық заңның 10-бабының жазбаша нұсқаулар беру, қылмыстық істерді, құжаттар мен материалдарды талап етіп алдыру,

[67] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 11 қазандағы № 186 «Активті иемдену (пайда болу) көздерінің заңдылығын тексеруді тағайындау және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033540

[68] Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231

заңсыз процестік шешімдердің күшін жою, қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу заңдылығын тексеру, істі өз іс жүргізуіне қабылдау және өзге де процестік әрекеттер жасау туралы ережелерін осы баппен өзара байланыста түсіндіру қажет.

Осы ережелерді қолдану кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалау мен қылмыстық қудалаудың аражігін ажырату қажет. Бұлар прокуратура қызметінің дербес бағыттары болып табылады, дегенмен нақты қылмыстық іс бойынша жекелеген өкілеттіктер екі функцияның да іске асырылуын қамтамасыз етуі мүмкін. Мысалы, тергеушінің заңсыз қаулысының күшін жою айқын қадағалау сипатына ие, ал қорытынды процестік құжатты жасау немесе бекіту, істі өз іс жүргізуіне қабылдау не қылмыстық қудалауды тоқтату қылмыстық қудалауды жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Қылмыстық қудалау органы қабылдаған процестік шешімнің заңдылығын тексеру кезінде прокурор заңның сақталуына қадағалауды жүзеге асырады. Сонымен бірге прокурордың ҚПК-де көзделген, қылмыстық істің және айыптаудың одан әрі қозғалысын айқындайтын процестік шешімдерді қабылдауы қылмыстық қудалауды іске асыру нысаны ретінде көрінуі мүмкін. Мұндай ажыратудың прокурордың нақты әрекетінің құқықтық табиғатын дұрыс айқындау үшін практикалық маңызы бар.

Бұл жұмысты ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 бұйрығымен[69] бекітілген Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта ашып көрсетілген (бұдан әрі – № 65 бұйрық). Бұл ретте ведомстволық акт прокуратура органдарының жұмысын ұйымдастыруды айқындайды, бірақ процестік реттеуді алмастырмайды: нақты қылмыстық іс бойынша прокурор

[69]Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://prg.kz/document/?doc_id=33556520

өкілеттіктерінің негіздері, мазмұны мен шектері, ең алдымен, ҚПК-нің 58, 193-баптарында және Кодексте тікелей көрсетілген өзге де нормаларда белгіленеді.

Бұл прокурордың жазбаша нұсқауларына қатысты айрықша көрінеді. ҚПК-нің 193-бабына сәйкес прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға және қылмыстық қудалау органының бастығына Кодексте белгіленген тәртіппен берген нұсқаулары міндетті болып табылады; оларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды. Нұсқаулардың міндеттілігі прокурордың процестік мәртебесінен туындайды және тергеп-тексеру органының оған әкімшілік тұрғыдан бағыныстылығын білдірмейді.

Қылмыстық қудалау заңдылығының маңызды алғышарты – қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді тиісінше тіркеу. Бұл бөлікте 10-баптың ережелерін сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын айқындайтын ҚПК-нің 180-бабымен және прокурорға арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу заңдылығын тексеру жөніндегі тиісті өкілеттіктер беретін ҚПК-нің 193-бабымен өзара байланыста қолдану қажет. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен [70] бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидалары осы тетіктің практикада іске асырылуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте процестік және уәкілетті прокурорларға қадағалаудағы сотқа дейінгі тергеп-тексерулер туралы мәліметтерге қол жеткізу прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру мақсатында беріледі.

Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді дербес жүзеге асыру құқығы жеке түсіндіруді қажет етеді. ҚПК-нің 58-бабының 3-бөлігі прокурорға Кодексте көзделген негіздер болған кезде өз

[70] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14W0009744

қаулысымен істі іс жүргізуіне қабылдауға және тергеушінің өкілеттіктерін пайдалана отырып, оны жеке өзі тергеп-тексеруге мүмкіндік береді. Арнаулы негіздер ҚПК-нің 193-бабы 1-бөлігінің 12) және 12-1) тармақтарында да көзделген. Атап айтқанда, айрықша жағдайларда прокурор белгіленген тергеулігіне қарамастан қылмыстық істі өз іс жүргізуіне қабылдауға құқылы; заңда тергеп-тексеруді прокурор жүргізе алатын қылмыстық істердің арнаулы санаттары да белгіленген. Азаптаулар туралы қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 264 бұйрығымен нақтыланған[71].

Конституциялық заңның 10-бабында жеке бас бостандығы мен жеке басқа қолсұғылмаушылық жөніндегі конституциялық құқықты қорғауға тікелей байланысты өкілеттіктер ерекше орын алады. Оларды қолдану кезінде, ең алдымен, жеке басқа қолсұғылмаушылық қағидатын бекітетін ҚПК-нің 14-бабын, сондай-ақ ұстап алудың және ұстап алынған адамды босатудың негіздерін, тәртібі мен мерзімдерін реттейтін ҚПК-нің 128–134-баптарын ескеру қажет.

Бұлтартпау шараларына қатысты оларды қолданудың негіздері мен тәртібін айқындайтын ҚПК-нің 136–153-баптары, оның ішінде күзетпен ұстауды санкциялау туралы 147-бап және осы шараның мерзімдері мен оларды ұзарту тәртібін реттейтін онымен байланысты нормалар жүйелік маңызға ие. Сондықтан прокурордың бас бостандығын шектеу заңдылығын тексеруі ұстап алу туралы қаулының немесе сот актісінің болуын анықтаумен шектелмейді: ҚПК-де көзделген негіздердің, рәсімнің, мерзімнің және тиісті лауазымды адам құзыретінің сақталуын белгілеу қажет.

Мұндай түсінік жеке бас бостандығын шектеуге заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша ғана жол берілетін конституциялық құндылық ретінде дәйекті түрде қарайтын Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарына сәйкес келеді.

[71] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 264 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 73-НҚ нормативтік қаулысында күзетпен ұстауды қолдану кезінде құқықтық айқындық пен уақтылы сот бақылауы талаптарына назар аударылған [72] . Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 10 маусымдағы № 85-НҚ[73] нормативтік қаулысында да адамды заңда белгіленген шектерден тыс күзетпен ұстауға жол берілмейтіні негізге алынған.

Бұл құқықтық ұстанымдардың Конституциялық заңның 10-бабын қолдану үшін тікелей маңызы бар: бас бостандығын шектеудің заңсыздығы анықталған кезде заң прокурорға ден қою шарасын таңдауда қалау еркіндігін бермейді, тиісті адамды дереу босату міндетін жүктейді. Осылайша, бұл өкілеттік бір мезгілде прокурорлық қадағалау элементі және жеке бас бостандығы жөніндегі конституциялық құқықтың арнаулы кепілдігі болып табылады.

Прокурордың жедел-іздестіру қызметі саласындағы өкілеттіктерін, ең алдымен, жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын прокурорлық қадағалауға арнайы арналған «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабымен өзара байланыста қарау қажет. Аталған бапқа сәйкес Бас Прокурор және оған бағынысты прокурорлар жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалайды; прокурор ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді, жедел есепке алу істерін, материалдарды, құжаттарды және өзге де қажетті мәліметтерді алуға, тиісті іс-шараларды жүргізудің заңдылығын тексеруге және заңда көзделген ден қою шараларын қолдануға құқылы.

---

[72] «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 319-бабы бесінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 73-НҚ нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2500000073

[73] «2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 136-бабы бірінші бөлігінің, 140-бабы төртінші бөлігінің, 153-бабы бірінші бөлігінің және 342-бабы бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 10 маусымдағы № 85-НҚ нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2600000085

«Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңның 25-бабында [74] бекітілген прокурордың заң, адам мен азаматтың құқықтары бұзылғаны анықталған кезде өз қаулысымен жедел-іздестіру іс-шараларын тоқтату өкілеттігінің ерекше маңызы бар. Бұл жағдайда Конституциялық заңның 10-бабының 2-тармағы тікелей салалық тұрғыдан нақтыланады: іс-шараның заңсыздығын анықтаған прокурор оны тоқтатуға құқылы ғана емес, заңда көзделген жағдайларда оның тоқтатылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Бұл ретте «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңның 12-бабы арнаулы жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу шарттарын айқындайды және прокурордың олардың заңдылығын бағалауы үшін материалдық-құқықтық негіз болып табылады. Сондықтан қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор жедел-іздестіру іс-шараларын өткізудің ұйымдастырушылық тәртібінің сақталуын ғана емес, Конституциямен қорғалатын құқықтарға араласудың заңда белгіленген негіздерінің болуын да тексереді.

Прокурордың жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты өкілеттіктері қылмыстық-процестік заңнамамен реттеледі. Бұл жерде ҚПК-нің 232–240-баптарына тікелей сілтеме жасау қажет. Атап айтқанда, ҚПК-нің 232-бабы жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің шарттары мен негіздерін, 234-бабы оларды санкциялау тәртібін белгілейді, ал аталған тараудың өзге нормалары жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді, тоқтатуды, олардың нәтижелерін пайдалануды және процестік ресімдеуді айқындайды. ҚПК жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде прокурордың жекелеген өкілеттіктерін оның процестік құзыретіне тікелей жатқызады.

Мұндай нормативтік ажыратудың практикалық маңызы бар: жедел-іздестіру іс-шаралары «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңмен, ал жасырын тергеу әрекеттері ҚПК-мен реттеледі, дегенмен қызметтің екі нысаны да мазмұны ұқсас конституциялық құқықтарды қозғауы мүмкін. Тиісінше, қадағалауды жүзеге асыру

[74] Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-XIII «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_

кезінде прокурор заңдылығы тексеріліп отырған нақты іс-шараның құқықтық режимін басшылыққа алуға міндетті.

Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдарында прокуратураның функциялары – қылмыстық қудалау мен қадағалау және соттың функциясы – тергеу әрекеттері мен мәжбүрлеу шараларын санкциялау нысанындағы сот бақылауы нақты ажыратылып, сот бақылауының дербестігі мен тәуелсіздігі расталған. ҚПК сот санкциясын талап ететін жағдайларда прокурордың ұстанымы немесе келісімі сот шешімін алмастырмайды.

Осы ережелерді қолдану кезінде прокурорлық қадағалау мен сот бақылауының аражігін ажырату маңызды. Конституциялық құқықты заңда көзделген тәртіппен шектеуді соттың санкциялауы тиісті органдар қызметінің заңдылығына кейіннен не заңда белгіленген нысандарда жүзеге асырылатын прокурорлық қадағалауды жоққа шығармайды.

Бұл арақатынас Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының өтінішхаты бойынша қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысында конституциялық-құқықтық тұрғыдан бағаланған. Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдары сот бақылауы мен прокурорлық қадағалауды сотқа дейінгі іс жүргізудегі заңдылықты қамтамасыз етудің дербес құқықтық тетіктері ретінде қарауға мүмкіндік береді, олардың әрқайсысы Конституцияда және заңда белгіленген құзырет шегінде іске асырылады.

Конституциялық заңның 10-бабын практикада қолдану үшін бұл сот санкциясының болуы тиісті іс-шараны жүзеге асыратын орган қызметінің заңдылығына қатысты прокурордың қадағалау құзыретін өздігінен жоймайтынын білдіреді.

Прокурордың адамдарды ұстау тәртібі мен жағдайларын тексеру, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігінің заңсыз шешімдерінің күшін жою және заңда көзделген өзге де әрекеттерді жасау жөніндегі өкілеттіктері сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін де заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді.

Жазаны орындау сотталған адамды конституциялық кепілдіктер аясынан шығармайды. Оның заңда шектелген және тағайындалған жазаның мазмұнынан туындайтын құқықтары ғана шектелуге жатады. Сондықтан прокурорлық қадағалау нысанасы ұстау режимінің заңдылығын, тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолдануды, жазаны өтеу жағдайларын өзгертуді және сотталған адамның құқықтық жағдайына тікелей ықпал ететін әкімшіліктің өзге де шешімдерін қамтиды.

Заңда көзделген жағдайларда прокурорға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігінің заңсыз шешімдерінің күшін жою құқығы берілуінің ерекше маңызы бар. Тиісті органның қарауын талап ететін ден қою нысандарынан айырмашылығы, бұл өкілеттік заңда көзделген негіздер болған кезде заңдылықты тікелей қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Бұл жұмысты ұйымдастыру қылмыстық-атқару заңнамасында және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының қылмыстық жазаларды орындаудың заңдылығын қадағалау мәселелері жөніндегі ведомстволық актілерінде айқындалады. Бұл ретте ҚАК прокурордың тиісті қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі өкілеттіктерін тікелей бекітеді.

Конституциялық заңның 10-бабында көзделген прокурордың сотқа жүгіну, істерді қарауға қатысу, сот актілерін қайта қарауға бастамашылық жасау және процестік заңнамада көзделген өзге де әрекеттерді жасау құқықтары прокуратураның сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі дербес конституциялық функциясын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Прокурордың қатысу негіздері және тиісті өкілеттіктерді жүзеге асырудың процестік нысаны ҚПК-де, АПК-де, ӘРПК-де және ӘҚБтК-де айқындалады. Сондықтан Конституциялық заңның 10-бабының ережелерін прокурордың кез келген сот ісіне қатысуы үшін дербес процестік негіз ретінде қабылдауға болмайды. Әрбір жағдайда прокуратураның қатысуына тиісті процестік заңда көзделген негіздер анықталуға тиіс.

Сотта мемлекет мүддесін білдірудің ұйымдастырушылық мәселелері № 32 бұйрықта нақтыланған. Атап айтқанда, ведомстволық реттеу кассациялық наразылық келтіруге, қажетті материалдарды талап етіп алдыруға және оны қарау кезінде прокурорлардың қатысуын қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді қарау тәртібін айқындайды.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде мемлекет мүддесін білдіруді, заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын және үкімдердің орындалуын қадағалауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 12 маусымдағы № 122 бұйрығымен қосымша реттеледі.

Аталған өкілеттіктерді қолдану кезінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары елеулі маңызға ие. Мәселен, 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулы [75] прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы мәселелерін түсіндіреді. Оның ережелері прокурордың биліктік өкілеттіктерінің екінші қырын көрсетеді: сотқа дейінгі іс жүргізуде ол қабылдаған шешімдер заңда көзделген жағдайларда сот бақылауының объектісі болып табылады. Осы арқылы прокурордың берілген құзыретті жүзеге асыру кезіндегі дербестігі мен қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын сот арқылы қорғау арасындағы процестік теңгерім қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау кезінде тиісті қылмыстық-процестік институттың қолданылуын түсіндіретін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 9 нормативтік қаулысы ескерілуге тиіс[76].

[75] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P120000003S

[76] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 9 «Қылмыстық істер жөніндегі сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қараудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000009S

Сотта мемлекет мүддесін білдірудің мазмұны Конституциялық заңның 22-бабына қатысты неғұрлым егжей-тегжейлі ашылады, сондықтан осы түсіндірмеде сот ісін жүргізудің жекелеген түрлері бойынша прокурордың процестік өкілеттіктерін қайталап көрсету артық болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудегі прокурордың өкілеттіктері, ең алдымен, ӘҚБтК-нің 759 және 760-баптарында нақтыланған. ӘҚБтК-нің 759-бабы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудегі прокурордың құқықтық жағдайын айқындайды, оның мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыруын, сондай-ақ осы іс жүргізуге қатысуының негізгі нысандарын бекітеді. Норманың қолданыстағы редакциясында, атап айтқанда, прокурордың іс жүргізуге қатысуы, дәлелдемелерді ұсынуы және зерттеуі, кінәлілік, заңды қолдану және әкімшілік жаза қолдану мәселелері бойынша өз ұстанымын білдіруі, сондай-ақ тиісті тізілімге енгізілген инвесторларға қатысты арнаулы өкілеттіктері көзделген.

ӘҚБтК-нің 760-бабы прокурордың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерін тікелей ашады. Прокурордың процестік мәртебесі мен қатысу нысандарын айқындайтын ӘҚБтК-нің 759-бабынан айырмашылығы, 760-бап іс жүргізуді тексеру және қабылданған қаулының немесе өзге де актінің заңдылығын бағалау нәтижелері бойынша прокурорлық ден қою құралдарын бекітеді. Мұндай ажыратудың практикалық маңызы бар: бірінші норма прокурордың іс жүргізудегі орны мен қатысуы туралы мәселеге, екінші норма анықталған заңдылық бұзушылықты жоюдың құқықтық құралдары туралы мәселеге жауап береді.

Прокурорлардың соттарға қатысуын ұйымдастыру № 32 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулықта қосымша нақтыланған. Онда прокурордың қатысуы міндетті болатын істердің санаттары айқындалып, аумақтық, әскери, көлік және мамандандырылған прокуратуралар арасындағы құзырет бөлінген. Бұл ретте

ведомстволық Нұсқаулық ӘҚБтК-нің 759-бабына тікелей негізделеді.

Аталған қызметтің ақпараттық негізін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығымен белгіленген Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі құрайды. ӘІБТ тиісті процестік шешімдерді есепке алуды қамтамасыз етеді және жинақталған мәліметтерді нақты іс жүргізуді тексеру кезінде де, заңдылықтың жай-күйін талдау кезінде де пайдалануға мүмкіндік береді.

Конституциялық заңның 10-бабында көзделген қадағалау өкілеттіктерін прокуратура құқық бұзушылықтардың профилактикасы саласындағы заңдылықты қамтамасыз ету кезінде де пайдаланады. Бұл ретте прокуратура заңнамада профилактикалық функцияларды тікелей жүзеге асыру жүктелген мемлекеттік органдарды алмастырмайды.

Осындай ажырату Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2024 жылғы 22 ақпандағы № 25 «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы саласындағы жоғары қадағалау мен функциялардың аражігін ажыратудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығының негізіне алынған. Ведомстволық актіде профилактика субъектілерінің заңдылықты сақтауын қадағалау, заңдылықтың жай-күйін талдау, заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және ведомствоаралық өзара іс-қимыл көзделген.

Бұл тәсілдің практикалық маңызы қызметі прокурорлық қадағалаудың нысанасы болып табылатын органдардың функцияларын прокуратураға жүктеуге жол бермеуден тұрады. Прокурордың міндеті – олардың қызметінің заңдылығын бағалау, жүйелі проблемаларды анықтау және өз құзыреті шегінде заңда көзделген шараларды қолдану.

Жолданымдармен жұмыс істеу заңдылықтың жай-күйі және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің ықтимал бұзылуы туралы ақпарат көздерінің бірі болып табылады. Сонымен бірге жолданымның келіп түсуі өздігінен прокурорлық тексеруді автоматты түрде жүргізуге әкеп соқпайды. Ондағы

мәліметтер прокуратураның құзыреті және Конституциялық заңда көзделген қадағалау қызметінің тиісті нысанын қолдану негіздерінің болуы тұрғысынан бағаланады.

Жолданымдарды есепке алуды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 4 бұйрығында нақтыланған, ол жолданымдарды тіркеу мен есепке алу және «Электрондық өтініштер» ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі мәселелерін реттейді [77] . Бас прокуратура басшылығының жеке қабылдау жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 7 қарашадағы № 75р/9 өкімімен белгіленген [78] , онда алдын ала жазылу, қажетті материалдарды дайындау және жеке қабылдау кезінде келіп түскен жолданымдарды қарау мәселелері реттелген.

Жолданымдарды қарау нәтижелері мен прокурорлар қабылдаған шараларды есепке алу құқық бұзушылықтардың сипатын, олардың себептерін және прокурорлық ден қоюдың тиімділігін кейіннен талдауға мүмкіндік береді. Тиісті статистикалық есепке алу Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің актілерінде айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

Конституциялық заңның 10-бабы 1-тармағының 27)–29) тармақшалары прокурордың халықаралық-құқықтық саладағы өкілеттіктерін айқындайды. Оларды іске асыру Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындаумен, қылмыстық істер бойынша халықаралық ынтымақтастықпен, адамдарды ұстап берумен және берумен, құқықтық көмек көрсетумен, активтерді қайтарумен, сондай-ақ шет мемлекеттердің құзыретті органдарында, халықаралық ұйымдарда, шетелдік және халықаралық соттарда және төреліктерде мемлекеттің мүддесін білдірумен байланысты.

---

[77] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 4 «Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031679

[78] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 7 қарашадағы № 75р/9 өкімі.

Бұл ережелерді қолдану кезінде тиісті халықаралық өзара іс-қимылдың құқықтық негізін айқындау бірінші кезектегі маңызға ие. Мұндай негіз ретінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарты, ҚПК немесе өзге де заңнамалық акт қолданылуы мүмкін. Сондықтан Конституциялық заңның 10-бабы прокурордың өкілеттігін белгілейді, ал оны жүзеге асырудың нақты рәсімі қолданылатын халықаралық шартта және ұлттық заңнамада айқындалады.

Мұндай тәсіл адамды ұстап беру, халықаралық құқықтық көмек көрсету және сотталған адамдарды беру мәселелерін шешу кезінде ерекше маңызды. Бұл рәсімдер адам құқықтарын тікелей қозғайды және бірнеше мемлекеттің құқықтық жүйелерінің өзара іс-қимылын көздейді. Осыған байланысты халықаралық шартта және заңда белгіленген рәсімді сақтау прокурор қабылдайтын шешім заңдылығының міндетті шарты болып табылады.

Заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық дербес маңызға ие болды. Бұл салада Конституциялық заңның 10-бабында көзделген өкілеттіктер «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерімен өзара байланыста қолданылады.

Конституциялық заңның 10-бабының 2-тармағы оның бірінші тармағында бекітілген құқықтар тізбесінен кем емес маңызға ие. Егер құқықтар прокурор қызметінің құқықтық құралдарын айқындаса, міндеттер оларды іске асыру кезінде сақталуға тиіс талаптарды белгілейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтау міндеті негіз қалаушы болып табылады. Ол прокурорлық құзыреттің жалпы шегін айқындайды: прокурорлық қызмет мақсаттарына қол жеткізу заңда көзделмеген құралдарды пайдалануды немесе белгіленген өкілеттік шектерінен шығуды ақтай алмайды.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету міндеті прокуратура

қызметінің барлық бағыттарына қолданылады. Ол мемлекеттік-биліктік өкілеттіктерді іске асыру жеке адамның құқықтарына неғұрлым қарқынды араласумен байланысты болатын салаларда: ұстап алу, қылмыстық қудалау, жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу, процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану және жазаларды орындау кезінде ерекше маңызға ие болады.

Осы міндетпен адамдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына негізсіз кедергілер келтірмеу, алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік құпиялар, дербес деректер және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнаманы сақтау талаптары тікелей байланысты.

Осылайша, прокурордың ақпарат алу және ақпараттық жүйелерге қол жеткізу құқығы оны кейіннен шектеусіз пайдалану құқығын білдірмейді. Өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде алынған мәліметтер заңда көзделген мақсаттарда ғана және оларды қорғаудың белгіленген режимі сақтала отырып пайдаланылуы мүмкін.

Мұндай тәсіл Конституциялық Соттың жеке өмірді және заңмен қорғалатын құпияны конституциялық қорғау туралы құқықтық ұстанымына сәйкес келеді. Конституциялық заңның 10-бабын қолдану кезінде бұл ұстаным ақпаратты алу мен пайдалануды прокурорға тиісті мәліметтерге қол жеткізу құқығы берілген заңды мақсатпен мөлшерлес етуді талап етеді.

Прокурордың заңсыз жедел-іздестіру іс-шараларын тоқтату, заңсыз ұстап алынған адамдарды дереу босату, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді және жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын адамдардың заңсыз қаулылары мен шешімдерінің күшін жою міндеттері ерекше орын алады. Прокурорлық ден қою шараларын қолдану жөніндегі жалпы құқықтан айырмашылығы, бұл ережелерді заң шығарушы міндет ретінде тұжырымдаған. Сондықтан заңда көзделген негіздер анықталған кезде прокурор құқық бұзушылықты тіркеумен ғана шектелуге немесе заңдылықты қалпына келтіруді ден

қоюдың өзге нысаны қолданылғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы емес.

Конституциялық заңның 10-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында бекітілген Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау міндеті прокурор міндеттерінің 10-баптағы тізбесі түпкілікті емес екенін көрсетеді. Сонымен бірге қосымша міндеттердің тиісті нормативтік негізі болуға тиіс және олар заңда көзделген құзыреттен тыс ведомстволық немесе өзге де актілермен еркін белгіленуге жатпайды.

Тұтастай алғанда, Конституциялық заңның 10-бабында бекітілген құқықтар мен міндеттер өзара байланысты жүйені құрайды. Прокурор өкілеттіктерінің мемлекеттік-биліктік сипаты оларды жүзеге асырудың заңда белгіленген шектерімен және конституциялық құқықтар мен бостандықтардың сақталуын қамтамасыз ету міндетімен ұштасады. Түсіндірме беріліп отырған баптың ережелері дәл осындай бірлікте қолданылуға тиіс: прокурордың құқығы оның құзыретін іске асырудың жол берілетін құралын, арнаулы заңнама оны қолданудың негіздері мен тәртібін, ал прокурордың міндеттері осы құралды пайдалану кезіндегі шектерді, кепілдіктерді және заңдылық талаптарын айқындайды.

11-бап. Прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосы

1. Прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосы Бас прокуратураның құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыруды және арнайы есепке алуды жүргізуді;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері беретін мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтерінің тұтастығын, объективтілігін, анықтығын, жеткіліктілігін қадағалауды, сондай-ақ осы

саладағы ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жиынтықтау және сақтау әдістемесін айқындауды;

3) қылмыстық істерді тергеп-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау және қадағалау нысандарын тіркеу және есепке алу процестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіруді;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосының, оның аумақтық және оларға теңестірілген органдарының құрылымын Бас Прокурор бекітеді.

3. Осы салада мемлекеттік құқықтық статистиканы жүзеге асырудың, арнайы есепке алуды жүргізудің және қадағалаудың құқықтық негізі мен қағидаттары осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалады.

Түсіндірілетін бап мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы прокуратура органдарының мамандандырылған ведомствосының құқықтық мәртебесі мен қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды. Мұндай ведомство Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – ҚСжАЕК) болып табылады.

Прокуратура құрылымында мемлекеттік құқықтық статистика саласындағы мамандандырылған ведомстволық бөлінуі қадағалау және есепке алу-талдау қызметінің функционалдық аражігін ажыратуды әрі олардың өзара байланысын көрсетеді. Мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру деректерді орталықтандырылған түрде жинауға және жүйелеуге негізделеді, ал

ҚСжАЕК-тің қадағалау өкілеттіктері олардың тұтастығын, объективтілігін, анықтығын және жеткіліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚСжАЕК Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы» Жарлығымен құрылды [79] . ҚСжАЕК туралы қолданыстағы Ережеге сәйкес ол Бас прокуратураның құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі мемлекеттік органның функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыратын ведомство болып табылады. Осылайша, Конституциялық заңның 11-бабы прокуратура қызметінің абстрактілі бағытын емес, прокуратура органдарының бірыңғай жүйесіне кіріктірілген нақты мамандандырылған ведомствоның құзыретін бекітеді.

Комитеттің құрылуына құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының бірыңғай жүйесінің кезең-кезеңімен қалыптасуы негіз болды. 1997 жылдан бастап Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу орталығы қылмыстар туралы арыздарды тіркеуден бастап қылмыстық істің сотта шешілуіне және жазаның орындалуына дейінгі қылмыстық процестің негізгі сатыларын қамтитын статистикалық есептілік жүйесін қалыптастырды. 1999 жылы Орталыққа өңірлік бөлімшелерді оған тігінен бағындыра отырып, Бас прокуратураның Департаменті мәртебесі берілді. Бұл жүйенің одан әрі институционалдық дамуы 2003 жылы Бас прокуратураның ведомствосы ретінде ҚСжАЕК-тің құрылуымен аяқталды.

Қалыптасқан модель бір мамандандырылған ведомство шеңберінде мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу жөніндегі функциялардың осы

[79] Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28 наурыздағы № 1050 «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы» Жарлығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001050_

саладағы қадағалау өкілеттіктерімен ұштасуымен сипатталады. Мұндай ұйымдық-құқықтық құрылым құқықтық статистиканы қалыптастырудың бірыңғай қағидаттары мен әдістерін қолдануды, тиісті мәліметтерді орталықтандыруды, сондай-ақ олардың толықтығы мен анықтығын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасында қалыптасқан мемлекеттік құқықтық статистика мен арнайы есепке алудың ұлттық моделінің ерекшелігі осында.

ҚСжАЕК қызметінің құқықтық негізін, ең алдымен, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 510-II «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңы құрайды[80]. Осы Заңның 2-бабына сәйкес аталған саладағы заңнама Конституциялық заңға негізделеді және «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңынан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Демек, Конституциялық заңның 11-бабы мен «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңы жалпы құзыреттік және арнаулы салалық нормалар ретінде арақатынасқа түседі.

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 1-бабы мемлекеттік құқықтық статистиканы қылмыстық-құқықтық, азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық салалардағы ведомстволық есепке алудың орталықтандырылған жүйесіне негізделген мемлекеттік статистика саласы ретінде айқындайды. Аталған Заңның 3-бабы оның нысанасын бұқаралық құқықтық немесе басқа да заңи мәні бар құбылыстар мен процестердің нақты орын мен уақыт жағдайындағы сандық жағы ретінде айқындайды, бұл олардың сапалық ерекшелігін, даму үрдісі мен заңдылығын ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан құқықтық статистика жай ведомстволық есепке алу емес, құқықтық саланың жай-күйі туралы ресми ақпаратты қалыптастырудың мемлекеттік жүйесі болып табылады.

[80] Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 510 «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000510_

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 4-бабын ескеру ерекше маңызды. Қолданыстағы редакцияда мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың негізгі мақсаты мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды біртұтас статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде мемлекеттегі заңдылықтың және құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету болып айқындалған. Қағидаттар ретінде мемлекеттік цифрлық құқықтық статистикалық жүйені басқарудың біртұтастығы; құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығы, объективтілігі, жеткіліктілігі, тұрлаулылығы және салыстырымдылығы; оның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде қолжетімділігі мен ашықтығы; адам мен азаматтың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің мүлтіксіз сақталуы бекітілген. Конституциялық заңның 11-бабының маңызын «мемлекетті цифрландыру» туралы жалпы декларациялар арқылы емес, дәл осы нормалар негізінде ашқан жөн.

Конституциялық заңның 11-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында ҚСжАЕК қызметінің өзара байланысты екі бағыты: мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу бекітілген.

Бұл өкілеттік «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 6-бабының 1) және 2) тармақшаларында тікелей нақтыланған. ҚСжАЕК уәкілетті орган ретінде мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады және жедел, ведомстволық есепке алуды, сондай-ақ жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдармен құпия негізде ынтымақтасып жұмыс істейтін адамдарды есепке алуды қоспағанда, арнайы есепке алуды жүргізеді. Осылайша, заң шығарушы орталықтандырылған мемлекеттік арнайы есепке алу мен жекелеген ведомстволардың ішкі есепке алуын ажыратады.

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 11-бабына сәйкес құқықтық есептік тіркеу азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-

құқықтық салалардағы құжатталған ақпаратты қабылдау, есепке алу және жүйелеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл Конституциялық заңның 11-бабы 1-тармағының 1) тармақшасының мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді: әңгіме қорытынды статистикалық кестелерді дайындау туралы ғана емес, бастапқы есептік тіркеуден басталатын ресми құқықтық ақпаратты қалыптастырудың жүйелі процесі туралы болып отыр.

Арнайы есепке алу «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 12–15-баптарымен егжей-тегжейлі реттеледі. Осы Заңның 12-бабына сәйкес арнайы есепке алу мемлекеттік органдардың заң шығару және құқық қолдану қызметін, сондай-ақ заңда көзделген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз етуге арналған. Уәкілетті орган арнайы есепті жинауды, тіркеуді, өңдеуді, жинақтауды, жүйелеуді, сыныптауды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз етеді. Аталған Заңның 14-бабында мәліметтерін әртүрлі мемлекеттік органдар өз құзыретіне кіретін міндеттерді шешу кезінде пайдалануы мүмкін арнайы есепке алу тек уәкілетті органда жүргізілуге тиіс екендігі белгіленген.

Мұндай орталықтандырудың практикалық маңызы бір заңи мәні бар фактінің әртүрлі мемлекеттік органдарда әрқилы есептік сипаттама алмауға тиіс екендігінде. Арнайы есепке алуды орталықтандырып жүргізу бастапқы деректердің бірдейлігін және олардың заңды ведомствоаралық пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы ҚСжАЕК-ке құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері беретін мәліметтердің тұтастығына, объективтілігіне, анықтығына және жеткіліктілігіне қадағалауды жүктейді.

Бұл өкілеттік «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 6-бабының 3) тармақшасында іс жүзінде сөзбе-сөз нақтыланған. Бұдан басқа, аталған Заңның 7-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы уәкілетті органға құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырумен және арнайы есепке алуды

жүргізумен байланысты емес қызметіне араласпай, осындай қадағалауды жүзеге асыру құқығын береді. Осылайша, заң шығарушы ҚСжАЕК-ке қадағалау құралдарын бере отырып, оларды қолданудың шектерін де белгілейді.

Бұл аражікті ажыратудың елеулі практикалық маңызы бар. ҚСжАЕК құқық қорғау немесе өзге де мемлекеттік органның ведомстволық бақылауын алмастырмайды және оның бүкіл қызметінің заңдылығына баға бермейді. Қадағалау нысанасы құқықтық статистикалық ақпарат пен арнайы есепке алудың толықтығы, дұрыс көрсетілуі және анықтығы мәселелерімен шектеледі.

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 7-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңдылықтың сақталуына тексеру, заңдылықтың жай-күйіне талдау және күшіне енген актілерге бағалау жүргізуге құқылы. Осы арқылы аталған Заңның нормалары Конституциялық заңда көзделген жоғары қадағалаудың жалпы нысандарына сәйкес келеді, алайда ҚСжАЕК-тің арнаулы құзыреті шегінде қолданылады.

Құқықтық статистика субъектілері, өз кезегінде, «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті органға ақпараттық есепке алу құжаттарын, материалдар мен мәліметтерді ол белгілеген тәртіппен, шекте, көлемде және мерзімдерде беруге міндетті. Сондықтан мемлекеттік құқықтық статистиканың анықтығы өзара сабақтас міндеттер арқылы қамтамасыз етіледі: ҚСжАЕК бірыңғай қағидаларды белгілеп, қадағалауды жүзеге асырады, ал тиісті мемлекеттік органдар толық әрі анық мәліметтерді уақтылы беруге міндетті.

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңында көзделген ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жиынтықтау және сақтау әдістемесін айқындау жөніндегі өкілеттікті осы Заңның 5-бабымен бірге қарастырған жөн. Аталған

бапқа сәйкес құқықтық статистиканы қалыптастыру тәртібін, белгілерін, өлшемдерін, көлемін және мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді.

Дәл осы норма құқықтық статистиканың бірыңғай әдіснамалық жүйесін қалыптастыруға негіз болады. Бірыңғай қағидалар өңірлер, құқық қорғау органдары және статистикалық байқау кезеңдері бойынша деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз етеді.

Бұл бөлікте мемлекеттік құқықтық статистика саласындағы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінің маңызы зор. Мысалы, 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 2 «Қылмыстық-құқықтық саладағы сот есептерінің, электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының нысандарын және оларды енгізу және қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрық [81] қылмыстық-құқықтық саладағы сот есептері мен электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының нысандарын белгілейді. 2025 жылы енгізілген өзгерістерден кейін тиісті Нұсқаулық Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын енгізуді және бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша есептерін қалыптастыруды тікелей реттейді. Бұл ретте есепке алу құжаттарының нысандарын ҚСжАЕК Сот әкімшілігімен келісу бойынша әзірлейді.

Сондықтан ҚСжАЕК-тің әдіснамалық функциясы нормативтік-ұйымдастырушылық сипатқа ие: ол бастапқы есепке алудың, мәліметтерді өңдеудің және кейіннен заңи мәні бар ақпаратты статистикалық жинақтаудың біркелкілігін қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 11-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында қылмыстық істерді тергеп-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау және

[81] Приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 4 января 2023 года № 2 «Об утверждении форм судебных отчетов в уголовно-правовой сфере, электронных информационных учетных документов, и Инструкции по их вводу и формированию» / https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031647

қадағалау нысандарын тіркеу және есепке алу процестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіру көзделген. 2026 жылғы заңнамалық өзгерістерді ескере отырып, бұл ережені «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңында қолданылатын «цифрлық жүйе», «цифрлық ресурстар», «цифрлық технологиялар» және «мемлекеттік цифрлық құқықтық статистикалық жүйе» ұғымдарымен өзара байланыста түсіндіру қажет.

Бұл тұрғыда «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 16-1–16-3-баптарының маңызы ерекше. Аталған Заңның 16-1-бабы құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың қызметкерлеріне және (немесе) жұмыскерлеріне мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдардың цифрлық жүйелерінен цифрлық ресурстарды беруге арналған, цифрлық ресурстарды тек қана олардың осы Заңға сәйкес өз қызметін жүзеге асыру шеңберіндегі сұрау салулары бойынша алуына мүмкіндік беретін құпия цифрлық жүйе ретінде айқындайды. Заңның 16-2 және 16-3-баптарында мұндай ресурстарды алу негіздері мен оларды пайдалануға қойылатын шектеулер белгіленген.

Бұл жүйенің жұмыс істеуінің практикалық тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 21 бұйрығымен белгіленген[82]. Бұйрықтың кіріспесінде Конституциялық заңның 9-бабының 22) тармақшасына тікелей сілтеме жасалып, оның 1-тармағымен Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидалары бекітілген.

[82] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 13 қаңтардағы № 21 «Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, оларға қол жеткізу, пайдалану, сақтау, қорғау және жою қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031702

Қағидалардың қолданыстағы редакциясында «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 16-1 және 16-2-баптарының ережелері ескеріліп, әртүрлі мемлекеттік органдардың цифрлық ресурстарға қол жеткізу негіздерінің аражігі ажыратылған, ал жүйенің операторы ретінде ҚСжАЕК айқындалған. Атап айтқанда, қол жеткізу құқықтары белгіленген электрондық рәсім негізінде беріледі, ал пайдаланушылар үшін құпиялылық пен ақпараттық қауіпсіздікті сақтау талаптары көзделген.

ҚСжАЕК-тің цифрлық және есептік өкілеттіктерінің кеңеюі «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 9-бабында бекітілген арнаулы кепілдіктермен ұштасады. Құқықтық статистикалық ақпаратты тіркеу, жинақтау, өңдеу, сақтау және беру барысында мемлекеттік құпияларды, дербес деректерді және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңында тергеу мен анықтау деректерін құрайтын ақпараттың жария етілуге жатпайтыны белгіленіп, бастапқы құқықтық статистикалық ақпараттың сақталуы қамтамасыз етіледі және әрбір азаматқа арнайы есепке алудағы оған қатысты, оның құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қозғайтын мәліметтермен танысу мүмкіндігі беріледі. Мәліметтердің арнайы есепке алуға заңсыз енгізілу фактісіне заңда белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Осы ережелер ҚСжАЕК өкілеттіктерінің шектерін дұрыс айқындауға мүмкіндік береді. Ақпаратты орталықтандыру және цифрлық алмасуды кеңейту мемлекеттік жүйелердегі мәліметтердің еркін айналымда болуын білдірмейді. Ақпаратқа қол жеткізуге, оны өңдеуге және беруге заңда көзделген негіз болған және белгіленген қорғау режимі сақталған жағдайда ғана жол беріледі.

Конституциялық заңның 11-бабының 2-тармағы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына ҚСжАЕК-тің, оның аумақтық және оларға теңестірілген органдарының құрылымын бекіту құқығын береді. Бұл ережені Қазақстан Республикасы Президентінің

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы» Жарлығымен бірге қарастырған жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті ҚСжАЕК-ті құрып, ол туралы Ережені бекітті, яғни ведомствоның институционалдық мәртебесін айқындады. Ал Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Конституциялық заңда берілген құзырет шегінде оның ішкі құрылымына қатысты мәселелерді шешеді.

Мұндай модель прокуратура органдарының орталықтандырылған құрылымына сәйкес келеді: ведомствоның базалық құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен, ал оның ішкі ұйымдық құрылымы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен айқындалады.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының қолданыста екенін және оған өзгерістер тұрақты түрде енгізіліп отыратынын да ескеру қажет. Оның қолданыстағы редакциясында 2026 жылғы шілдедегі жағдай бойынша енгізілген өзгерістер қамтылған.

Конституциялық заңның 11-бабының 3-тармағында мемлекеттік құқықтық статистиканы жүзеге асырудың, арнайы есепке алуды жүргізудің және осы саладағы қадағалаудың құқықтық негізі мен қағидаттары Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалатыны туралы сілтемелік норма қамтылған.

Бұл саладағы базалық арнаулы заңнамалық акт – «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңы. Оның 2-бабында осы саладағы заңнаманың Конституциялық заңға негізделетіні тікелей белгіленген. Сондықтан Конституциялық заңның 11-бабының 3-тармағы мен «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңының 2-бабы өзара нормативтік байланыс құрайды: Конституциялық заң ведомствоның прокуратура жүйесіндегі орнын және оның негізгі

өкілеттіктерін айқындайды, ал «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» ҚР Заңы осы өкілеттіктердің мазмұнын, субъектілердің құқықтары мен міндеттерін, ақпараттың құқықтық режимін және арнайы есепке алу тетіктерін ашады.

Жалпы алғанда, Конституциялық заңның 11-бабы Комитет бір мезгілде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган, Бас прокуратураның мамандандырылған ведомствосы және тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелердің операторы ретінде әрекет ететін құқықтық модельді бекітеді. Оның құзыретіне статистиканы қалыптастыру мен есепке алуды жүргізу ғана емес, бастапқы деректердің анықтығын қадағалау, бірыңғай әдіснаманы белгілеу, арнайы есепке алуды жүргізу, ведомствоаралық цифрлық алмасуды және осы жүйелердегі ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету де кіреді.

11-1-бап. Прокуратура органдарының активтерді қайтару жөніндегі ведомствосы

Ескерту. 11-1-бап алып тасталды – ҚР 11.06.2026 № 305-VIII

11-2-бап. Прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы

1. Прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы заңдылықты жоғары қадағалауды, инвесторлардың құқықтарын қорғауды, олардың бұзылуының жолын кесуді және алдын алуды жүзеге асырады.

2. Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоның құрылымын Бас Прокурор бекітеді.

3. Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асырудың құқықтық негізі мен қағидаттары осы Конституциялық заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалады.

«Әділетті Қазақстанды» құру бағытын іске асыру және шетелдік әрі отандық капиталды тарту жөніндегі жұмысты күшейту шеңберінде инвестицияларды қорғаудың дәстүрлі әкімшілік тетіктерінің тиімділігі жеткіліксіз екені байқалды. Фискалдық-жазалаушы бағдардан бас тартып, алдын алу-қорғау жүйесін қалыптастыруға көшу экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа тәсілін көрсетеді.

Конституциялық заңның 11-2-бабы осы тараудағы жаңа норма болып табылады. Ол прокуратураның құзыретін тиісті бағытпен толықтырған 6-баптың 3-2) тармақшасымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII Конституциялық заңымен енгізілді[1].

11-2-бапты Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 1125 Жарлығымен басталған институционалдық реформа аясында қарастырған жөн. Аталған Жарлықпен Активтерді қайтару жөніндегі комитет Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті болып қайта ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына жүктелген инвестициялық омбудсмен функцияларын (Конституциялық заңның 9-бабының 8-1) тармақшасы) дәл осы баппен жүйелік байланыста қарастыру қажет.

Конституциялық заңның 11-2-бабының 1-тармағы прокуратураның бейінді ведомствосына инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау, сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын қорғау, олардың бұзылуының жолын кесу және алдын алу функцияларын жүктейді.

Бұл ережені жүйелі түрде түсіндіру прокуратураның мемлекет атынан заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асыратынын бекітетін Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабына жүгінуді талап етеді. Инвестициялық салада «жоғары қадағалау» ұғымы салалық ерекшелікке ие болады. Заң шығарушы өкілеттіктер кешенін «қорғау», «жолын кесу» және «алдын алу» терминдері арқылы айқындайды. Мұндай тұжырым прокурорлық

қадағалаудың туындаған салдарды жоюға бағдарланған кейіннен ден қою моделінен құқық бұзушылықтардың алдын алу моделіне көшуді білдіреді.

Құқық қолдану практикасында аталған норма «прокурорлық сүзгі» тетігімен ұштасады. Бұл тетік заңда белгіленген жағдайларда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты шешімдерін прокурормен алдын ала келісуді көздейді. Оның аясына инвесторларды тексеру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау, заңда белгіленген шектеу шараларын қолдану, сондай-ақ мемлекеттік органдардың инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын талап қоюлармен сотқа жүгінуі кіреді. Демек, мұндай келісу барлық инвестициялық қызмет субъектілеріне немесе мемлекеттік органдардың барлық актілеріне бірдей қолданылмайды және заңда белгіленген субъектілік әрі пәндік шектерде жүзеге асырылады.

Құрылған ведомствоның құзыреті жаңартылған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің ережелерімен және прокуратура органдарының кеңейтілген функцияларымен жүйелі түрде өзара байланысты.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Кәсіпкерлік кодекстің 314-бабында бекітілген инвестициялық омбудсмен мәртебесіне ие болуы маңызды жаңалық болып табылады. Кәсіпкерлік кодекстің 317-бабына сәйкес инвестициялық омбудсменнің қызметін прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы қамтамасыз етеді. Сонымен қатар 2026 жылғы 11 маусымда Конституциялық заңның 15-бабына енгізілген өзгерістер «инвестициялық прокурор» мәртебесін бекітіп, тиісті функцияларды облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың прокурорларына жүктеді. Олар өңірлік деңгейде инвестициялық омбудсмендердің функцияларын жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 11-2-бабының инвесторлардың қатысуымен болатын дауларды сотқа дейінгі реттеу тәртібін

регламенттейтін Конституциялық заңның 25-1-бабымен жүйелік өзара байланысы маңызды теориялық және практикалық мәнге ие. Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомство Бас Прокурор айқындайтын тәртіппен инвесторлар мен мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік мекемелер және квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мақсатында тиісті комиссия құруға құқылы. Дауларды реттеу рәсіміне қатысу ерікті болады және сотқа жүгіну құқығын шектемейді. Аталған тетік сот жүйесіне түсетін процестік жүктемені азайтуға және мемлекеттің халықаралық қатынастардағы беделіне байланысты ықтимал шығындарды барынша төмендетуге ықпал етеді.

Бұдан басқа, Конституциялық заңның 18-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдар тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілері мен инвесторлардың қызметіне араласу фактілері бойынша олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін заңдылықтың сақталуын тексеру жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабына сәйкес прокуратура өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп береді. Мұндай институционалдық тәуелсіздік бұрынғы модельге тән ықтимал мүдделер қақтығысының тәуекелін төмендетеді. Бұрын инвестициялық омбудсмен Үкімет мүшесі мәртебесіне ие бола отырып, инвесторларды үкіметтік құрылымдардың немесе оларға ведомстволық бағынысты ұйымдардың әрекеттерінен қорғауға тиіс болатын.

Конституциялық заңның 11-2-бабының 2-тармағы ұйымдық дербестік пен ведомствоішілік орталықтандыру қағидаттарын нормативтік тұрғыдан бекітеді.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоның құрылымын Бас Прокурордың дербес бекітуі Үкіметпен ведомствоаралық келісу рәсімін қажет етпейді және басқарушылық шешімдер қабылдаудың жеделдігін арттыруға бағытталған. Бұл ереже Конституциялық заңның 9-бабының 4) және 13) тармақшаларымен жүйелік байланыста Бас прокуратураға ведомство құрылымын, оның штат санын және мамандандырылған құрылымдық бөлімшелерін инвестициялық ахуалдың өзекті қажеттіліктеріне қарай уақтылы бейімдеуге мүмкіндік береді. Мұндай бөлімшелерге мониторинг басқармалары, инвесторлардың активтерін қорғау шаралары жөніндегі бөлімдер, мобильдік топтар және өңірлік фронт-офистер жатқызылуы мүмкін.

Конституциялық заңның 11-2-бабының 3-тармағы мемлекеттік орган қызметін құқықтық қамтамасыз етудің классикалық моделін бекітеді: негізгі ережелер бейінді Конституциялық заңда айқындалып, өкілеттіктер салалық кодекстерде және өзге де заңдарда нақтыланады. Мұндай тәсіл инвесторлардың құқықтарын прокурорлық қорғау институтының легитимділігін, құқықтық орнықтылығын және қолданыстағы құқық жүйесіне кірігуін қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 11-2-бабының 3-тармағында ведомство қызметінің негіз қалаушы құқықтық көздері ретінде осы Конституциялық заң, өзге де заңдар және Қазақстан Республикасы Президентінің актілері көрсетілген. Алайда бұл өзге нормативтік құқықтық актілердің қолданылуы толығымен жоққа шығарылады дегенді білдірмейді. Конституциялық заңның 2-бабына сәйкес прокуратура органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Конституциялық заң, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар және өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды. Сонымен қатар Конституциялық заңның 25-1-бабы тиісті комиссияны құру тәртібін Бас Прокурор айқындайтынын тікелей көздейді. Бұл ретте прокуратура қадағалайтын атқарушы органдардың актілері

прокуратура ведомствосының заңмен белгіленген құзыретін өзгерте, шектей немесе алмастыра алмайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін ведомство қызметінің дербес құқықтық негіздерінің бірі ретінде көрсету инвестицияларды қорғау мәселелерінің Мемлекет басшысының тікелей бақылауында болатынын және прокуратура органдарының осы кепілдіктерді қамтамасыз етудің негізгі конституциялық тетіктерінің бірі ретінде айқындалғанын білдіреді.

Ғылыми-практикалық тұрғыдан мұндай құқықтық құрылым қадағалау қызметіне қажетті жедел икемділік береді. Макроэкономикалық құбылмалылық жағдайында Президент заңмен берілген құзырет шегінде ведомство қызметінің ұйымдастырушылық және іске асыру тетіктерін жаңа сын-қатерлерге жедел бейімдей алады. Алайда Президенттің актілері заңдарды алмастырмайды және Құрылтайдың заң шығару құзыретін айналып өтудің құралы болып табылмайды.

Осылайша, инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі мамандандырылған ведомствоның құрылуы қадағалаудың реактивті және фискалдық-жазалаушы парадигмасынан заңдылықты қамтамасыз етудің алдын алу-қорғау моделіне көшуді құқықтық тұрғыдан бекітеді.

Жаңа құрылымдық бөлімшенің жаңартылған Кәсіпкерлік кодексінің ережелерімен жүйелі ықпалдасуы, Бас Прокурорға инвестициялық омбудсмен мәртебесінің берілуі, сондай-ақ «прокурорлық сүзгі» және дауларды комиссиялық тәртіппен сотқа дейінгі реттеу сияқты пәрменді құралдардың енгізілуі инвестициялық қызмет субъектілері үшін құқықтық кепілдіктердің кешенді жүйесін қалыптастырады.

Жаңа ведомство құзыретінің прокуратура қадағалайтын атқарушы органдардың актілеріне тәуелді болмауы және прокуратураның Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беруі ведомствоаралық мүдделер қақтығысының туындау тәуекелдерін едәуір төмендететінін атап өткен жөн.

12-бап. Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы

Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы прокуратура органдарының білім беру ұйымы болып табылады және:

1) ішкі істер және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына қызметке алғаш рет кіретін адамдар үшін бастапқы кәсіптік даярлауды ұйымдастыруды және жүргізуді;

2) құқық қорғау органдары қызметкерлерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған қызметкерлерін кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды, олардың біліктілігін және кәсіптік деңгейін арттыруды;

3) құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді үйлестіруді және жүргізуді;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыруды;

5) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, құқық қорғау қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу және тәжірибе алмасу мәселелері бойынша шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 12-бабы Академияның прокуратура органдарының білім беру ұйымы ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайды және оның жүзеге асыруға құқылы қызмет түрлерін тікелей белгілейді. Оларға құқық қорғау органдарына қызметке алғаш рет кіретін адамдар үшін бастапқы кәсіптік даярлауды ұйымдастыру және жүргізу, құқық қорғау органдары

қызметкерлерін кәсіптік даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін және кәсіптік деңгейін арттыру, ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді үйлестіру және жүргізу, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру, аталған бағыттар бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де қызмет түрлері жатады.

Академия Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 15 Жарлығымен құрылды [83]. Осы Жарлықпен Академияға білім беру ұйымының ерекше мәртебесі берілді.

Академияның құқықтық мәртебесі екі негізді ұштастырады: бір жағынан, ол прокуратура органдары жүйесіне кіреді, екінші жағынан, білім және ғылым саласындағы заңнамада белгіленген арнайы құқықтық режим шеңберінде білім беру қызметін жүзеге асырады. Құқық теориясы тұрғысынан бұл аралас құқықтық режимі бар арнайы субъектінің құрылымына сәйкес келеді. Мұндай жағдайда білім беру саласындағы заңнаманың жалпы нормалары Академияға Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының оның қызметін реттеу жөніндегі арнайы өкілеттіктері ескеріле отырып қолданылады. Академия білім беру қызметін білім беру саласындағы заңнамада белгіленген нормалар мен прокуратура органдарының қызметін реттейтін актілер негізінде жүзеге асырады.

Академияның ерекше мәртебесі оны білім және ғылым саласындағы заңнаманың жалпы талаптарын сақтау міндетінен босатпайды. Жалпы нормалар Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Академия қызметін реттеу жөніндегі арнайы өкілеттіктері ескеріле отырып қолданылады. Мәселен, Бас Прокурордың 2016 жылғы 31 наурыздағы № 65 бұйрығымен бекітілген Академияның қызмет қағидалары [84] Қазақстан

[83] «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 15 Жарлығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000015

[84] «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 65 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 29 сәуірде № 13653 болып

Республикасының «Білім туралы» Заңы 5-1-бабының 3) тармақшасы негізінде әзірленген [85] және Академия қызметінің тәртібін айқындайды. Қазіргі уақытта аталған Қағидалар 2024 жылғы 12 сәуірде енгізілген өзгерістер ескерілген редакцияда қолданылады.

Конституциялық заңның 12-бабын қолдану кезінде Академия қызметінің түрі мен оны жүзеге асыру тәртібін ажырату қажет. Қызмет түрі тікелей Конституциялық заңда белгіленеді. Қабылдаудың, оқытудың, ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасаудың нақты рәсімдері және өзге де ұйымдастырушылық мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарымен, Президент актілерімен және Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Конституциялық заңның 12-бабының 1) тармақшасында Академияның ішкі істер және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына қызметке алғаш рет кіретін адамдар үшін бастапқы кәсіптік даярлауды ұйымдастыруы және жүргізуі көзделген.

Конституциялық заңның 12-бабы Академияның құзыретін белгілейді, алайда кандидаттарды іріктеу мен олардың даярлықтан өту тәртібін айқындамайды. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңымен [86] және арнайы нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Прокуратура органдарының және экономикалық тергеп-тексеру қызметінің орта басшы құрамының лауазымдарына түсетін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің және одан өтудің арнайы тәртібі қолданылады. Тиісті Қағидалардың 3-тармағына сәйкес [87] мұндай адамдар алғашқы кәсіптік даярлықтан

тіркелген.
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013653

[85] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

[86] «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380

[87] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 26 маусымдағы № 80, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 199 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 675 бірлескен бұйрығымен

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында өтеді. Қағидалар Академияға бекітілген білім беру бағдарламаларына сәйкес алғашқы кәсіптік даярлықты ұйымдастыру және оны өткізудің заңнамада белгіленген жағдайларын қамтамасыз ету міндетін де жүктейді.

Осыған байланысты нақты кандидатты Академияға жіберу туралы мәселені шешу кезінде: оның құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін адамға жататыны; оның қай құқық қорғау органына қызметке кіретіні; оған заңда белгіленген ерекшеліктің қолданылатыны; арнайы іріктеу қағидаларының талаптарына сәйкес келетіні анықталуға тиіс.

Ішкі істер және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерін бастапқы кәсіптік даярлаудың Академия құзыретінен алып тасталуы арнайы ведомстволық реттеудің қолданылатынын білдіреді. Ішкі істер органдары үшін мұндай даярлық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің актілеріне сәйкес ведомстволық білім беру ұйымдарында өткізіледі. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін де арнайы тәртіп белгіленген.

Конституциялық заңның 12-бабының 2) тармақшасында құқық қорғау органдары қызметкерлерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған қызметкерлерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін және кәсіптік деңгейін арттыру көзделген.

Осы бағытты іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 152 және тиісті мемлекеттік органдар басшыларының «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қызметкерлерін кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың мазмұны мен

бекітілген Прокуратура органдарына және экономикалық тергеп-тексеру қызметіне кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеудің және оны өткізу шарттарының, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерінің қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 20984 болып тіркелген. Қағидалар Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 59 және Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының 2026 жылғы 10 сәуірдегі № 6 бірлескен бұйрығының редакциясында қолданылады / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020984

қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығымен белгіленген[88]. Бірлескен бұйрық «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасы Президентінің Академияны құру туралы 2015 жылғы 4 мамырдағы № 15 Жарлығын іске асыру мақсатында қабылданған.

Кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бұл жағдайда әртүрлі мақсаттарды көздейді. Кәсіби даярлау – қызметтік міндеттерді орындауға қажетті білім, дағдылар мен шеберліктер алуға және мінез-құлық нормаларын меңгеруге бағытталған кәсіби оқыту нысаны. Кәсіби қайта даярлау – қызметкерлердің жаңа қызметтік міндеттерді орындауға қажетті қосымша білім, дағдылар мен шеберліктер алуы. Біліктілікті арттыру – бұрын алынған кәсіби білімді, шеберлік пен дағдыларды қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіби оқыту нысаны.

Оқу процесінің мазмұны құқық қорғау органдарымен келісілетін оқу жоспарлары және оқу бағдарламалары арқылы айқындалады. Осылайша, Конституциялық заңның 12-бабы Академияның тиісті оқыту түрлерін жүзеге асыру өкілеттігін бекітеді, ал даярлықтың нақты мазмұны қызметкерлерін оқуға жіберетін құқық қорғау органдарының қажеттіліктері ескеріле отырып қалыптастырылады[89].

Құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған қызметкерлерді даярлау да арнайы құқықтық реттеу шеңберінде жүзеге асырылуға тиіс. Конституциялық заңның 12-бабында Президенттік резервтің тікелей көрсетілуі осы санаттағы

[88] Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары қызметкерлерін кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың мазмұны мен қағидалары Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 152, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 684, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 3 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1062 бірлескен бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда № 12798 болып тіркелген. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012798

[89] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 152, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 684, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 3 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1062 бірлескен бұйрығы. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012798

қызметкерлерді оқытудың Академияның заңда белгіленген құзыретіне кіретінін білдіреді.

Сонымен бірге қолданыстағы заңнаманың жай-күйін ескеру қажет. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 624 Жарлығы 2025 жылғы 23 сәуірден бастап тек арнаулы мемлекеттік органдардың президенттік кадр резервін қалыптастыру тәртібін реттейді. Бұған қоса, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның құқық қорғау органдары басшылығының Президенттік резервіне арналған 33-1-бабы 2025 жылы алып тасталды. Осыған байланысты Конституциялық заңның 12-бабындағы құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резерві туралы ережені және оған негізделген ведомстволық актілерді қолданыстағы құқықтық реттеумен келісу талап етіледі[90].

Конституциялық заңның 12-бабының 3) тармақшасы Академияға өзара байланысты екі функцияны – құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді үйлестіруді және жүргізуді жүктейді.

Осы норманы қолдану кезінде Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры мен Академияның құзыреттерін ажырату қажет. Конституциялық заңның 9-бабының 22) тармақшасы Бас Прокурорға құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулер жүргізу, оларды үйлестіру және мониторингілеу тәртібін айқындау өкілеттігін береді. Осы негізде Бас Прокурордың 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 30 бұйрығымен[91] тиісті Қағидалар бекітілді.

Демек, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры нормативтік тәртіпті айқындайды, ал Академия оның тікелей қолданылуын ұйымдастырады: зерттеулердің жүргізілуін, қатысушылардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын, Қағидаларда

[90] Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 624 Жарлығы 2025 жылғы 23 сәуірдегі № 853 Жарлықтың редакциясында «Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының президенттік кадр резервін қалыптастыру туралы» деп аталады. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000624

[91] «Құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулер жүргізу, оларды үйлестіру және мониторингілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 қаңтарда № 31717 болып тіркелген. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031717

белгіленген рәсімдердің үйлестірілуін және өзіне берілген құзырет шегінде нәтижелердің мониторингіленуін қамтамасыз етеді.

Үйлестіру құқық қорғау органдарының ғылыми қызметіне әкімшілік басшылық жасауды білдірмейді. Ол нақты ведомствоаралық ғылыми зерттеулерге қатысты және № 30 бұйрықпен белгіленген рәсім шегінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Академияның ғылыми қызметі ведомствоаралық ғылыми зерттеулермен ғана шектелмейді. Өзге де ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңына[92], білім беру саласындағы заңнамаға, Бас Прокурордың актілеріне және Академияның ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін. Алайда Конституциялық заңның 12-бабында Академия құзыретінің арнайы бағыты ретінде дәл ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді үйлестіру және жүргізу белгіленген.

Конституциялық заңның 12-бабының 4) тармақшасында Академияның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыруы көзделген.

Конституциялық заңның өзінде оқуға қабылдау талаптары, конкурстық рәсімдер мен оқуға қабылдау тәртібі белгіленбейді. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен және Бас Прокурордың 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 45 «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі[93]. Аталған Қағидалар Академияның магистратурасы мен докторантурасына оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

Осылайша, Конституциялық заңның 12-бабы Академияның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру

[92] «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000103

[93] «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 27 қаңтардағы № 45 бұйрығы. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031809

құқығын белгілейді; Бас Прокурордың бұйрығы оқуға қабылдау рәсімін айқындайды; нақты кандидаттар бойынша шешімдер Қағидаларда белгіленген тәртіппен қабылданып, Академияның тиісті актілерімен ресімделеді.

Оқуға қабылданғаннан кейін білім беру процесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, Академияның қызмет қағидаларына[94] және өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте арнайы ведомстволық реттеу тиісті құзырет прокуратура органдарына заңнамамен тікелей берілген шектерде ғана қолданылады.

Конституциялық заңның 12-бабының 5) тармақшасы Академияға құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, құқық қорғау қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу және тәжірибе алмасу мәселелері бойынша шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау құқығын береді.

Бұл норма Академияның халықаралық өзара іс-қимылының нысанасын тікелей айқындайды. Сондықтан мұндай ынтымақтастықты білім беру немесе ғылыми қызмет саласындағы жалпы өкілеттіктерден туындатудың қажеті жоқ.

Сонымен қатар бап құзыреттің шегін де белгілейді: Академияның халықаралық ынтымақтастығы қызметкерлерді қайта даярлаумен, олардың біліктілігін арттырумен, ғылыми зерттеулер жүргізумен және кәсіби тәжірибе алмасумен байланысты болуға тиіс. Ол дербес сыртқы саяси қызмет болып табылмайды және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен мемлекеттің халықаралық міндеттемелері сақтала отырып жүзеге асырылады.

Практикада аталған құзырет Академияға бірлескен білім беру және ғылыми іс-шараларды, сарапшылар алмасуды, бірлескен зерттеулерді және кәсіби өзара іс-қимылдың өзге де нысандарын,

[94] «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 65 бұйрығы. / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013653

егер олар 5) тармақшада көзделген мәселелерге жататын болса, ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Шетелдік әріптестерге мәліметтер беру кезінде мемлекеттік құпияларды, дербес деректерді және қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратты қорғауға қатысты заңнама талаптары сақталуға тиіс. Іс-шараның халықаралық сипаты мұндай ақпаратты қорғаудың белгіленген режимін өзгертуге негіз болып табылмайды.

Конституциялық заңның 12-бабының 6) тармақшасында Академияның Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруы белгіленген.

Бұл норманы шектеулі түрде түсіндіру қажет. Ол Академияға заңнамада тыйым салынбаған кез келген қызмет түрін өз бетінше енгізу құқығын бермейді**.** Өзге қызмет бағытын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңында немесе Президент актісінде тікелей нормативтік негіз болуға тиіс.

Тиісінше, Бас Прокурордың бұйрығы немесе Академияның ішкі актісі заңда немесе Президент актісінде бұрыннан көзделген қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілей алады, бірақ мұндай қызмет түрі заңда немесе Президент актісінде көзделмесе, өздігінен жаңа қызмет түрінің құқықтық негізі бола алмайды.

Осы себепті прокуратура жүйесінің өзге мекемелері мен бөлімшелерінің қызметі, мысалы прокуратура органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, Академияның сол жүйеге кіретініне ғана байланысты Конституциялық заңның 12-бабына жатқызылмайды. 6) тармақша тек Академияның өзінің өзге де қызмет түрлеріне қатысты қолданылады.

Академияның құқықтық режимі Конституциялық заңның 12-бабымен ғана емес, Қазақстан Республикасы Президентінің және Бас Прокурордың арнайы актілерімен де айқындалады. Білім беру ұйымының ерекше мәртебесі Президенттің № 15 Жарлығымен, ал

Академия қызметінің тәртібі Бас Прокурордың № 65 бұйрығымен белгіленген[95].

Практикалық тұрғыдан бұл Академияны басқару мәселелерін шешу кезінде тиісті мәселенің қандай деңгейдегі нормативтік реттеумен Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың немесе Академияның өзінің құзыретіне жатқызылғанын анықтау қажеттігін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Конституциялық заңда және білім беру саласындағы заңнамада берілген өкілеттіктер шегінде Академияның қызметі, оқуға қабылдау, ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді жүргізу және өзінің құзыретіне тікелей жатқызылған өзге де мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді бекітеді. № 65, № 45 және № 30 бұйрықтар осындай арнайы құқықтық реттеудің мысалдары болып табылады.

Академия ректоры заңнамада, Академия жарғысында, Академияның қызмет қағидаларында және өзге де актілерде айқындалған өкілеттіктер шегінде басқарушылық шешімдер қабылдайды. Мұндай шешімдер Академияның заңда белгіленген құзыретін өзгерте алмайды немесе Бас Прокурордың өкілеттігіне жатқызылған мәселелерді реттей алмайды.

Осылайша, Конституциялық заңның 12-бабы құзыреттік функцияны орындайды, яғни Академияның қандай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы екенін белгілейді. Әрбір тармақшаны практикада қолдану үшін оны іске асыру тәртібін айқындайтын арнайы заңнама мен ведомстволық актілерге жүгіну қажет. Бұл ретте Академияның ерекше мәртебесі білім және ғылым саласындағы жалпы заңнаманың оның прокуратура органдары жүйесіне жатуына және өзіне жүктелген функциялардың бір бөлігінің ведомствоаралық сипатына байланысты арнайы құқықтық реттеумен ұштасуын көздейді.

[95] «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 65 бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013653

13-бап. Әскери прокуратура органдары

1. Әскери прокуратура органдары осы Конституциялық заңда көзделген қадағалау шектері мен нысандарын сақтай отырып:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың;

2) мемлекеттің қорғанысы мен әскери қауіпсіздігі саласындағы өзге де мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалауды жүзеге асырады.

2. Әскери прокуратура органдарының өзге де құзыреті осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалады.

Конституциялық заңның қабылдануы әскери прокуратура органдарының мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекітудің жаңа кезеңі болды. Олардың қызметі мен құзыреті алғаш рет заңның жеке бабында дербес реттелді. Бұл әскери прокуратураның прокуратура органдарының бірыңғай жүйесіндегі ерекше орнын және оған жүктелген міндеттердің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Мұндай мамандану қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласының, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызметінің, әскери қызмет өткерудің және әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Әскери прокуратураның мамандандырылған орган ретінде бөлінуі, ең алдымен, ол реттейтін құқықтық қатынастардың сипатымен байланысты. Оның құзыреті жалпы республикалық және ведомствоаралық сипатқа ие әрі субъектінің әскери салаға тиесілігімен ғана емес, тиісті құқықтық қатынастардың сипатымен де айқындалады.

Әскери прокуратура жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында ерекше маңызға ие болады. Мұндай кезеңдерде елдің қорғанысын қамтамасыз етуге қатысатын мемлекеттік органдардың,

ұйымдардың және өзге де субъектілердің аясы едәуір кеңейеді. Осы жағдайларда әскери прокуратура органдары қызметінің ұйымдастырылуы мен рөлі өзгереді, ал олардың өкілеттіктері заңнамаға және Бас Прокурордың актілеріне сәйкес соғыс уақытының құқықтық режимінің ерекшеліктері ескеріле отырып іске асырылады.

Осылайша, әскери прокуратураның ерекше мәртебесі оған жүктелген міндеттердің ауқымы мен сипатынан туындайды. Ол жалпы мемлекеттік маңызы бар қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласындағы заңдылықты бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да қамтамасыз етеді, ал оның құзыреті аумақтық және ведомстволық шектерден тыс сипатқа ие.

Әскери прокуратура органдарының жүйесін Бас әскери прокуратура және оған бағынысты жиырма екі әскери прокуратура - төрт өңірлік және он сегіз гарнизондық әскери прокуратура құрайды.

Бас әскери прокуратура Бас прокуратураның әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мамандандырылған органы болып табылады және әскери прокуратура органдарының жүйесіне басшылықты жүзеге асырады. Оны Қазақстан Республикасы Президентінің келісуімен Бас Прокурор лауазымға тағайындайтын Бас әскери прокурор басқарады.

Бас әскери прокурордың бірінші орынбасары және орынбасарлары болады. Оның орынбасарларын, сондай-ақ өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорларын Бас Прокурор лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Бас әскери прокурор және оған бағынысты әскери прокурорлар белгіленген құзырет шегінде заңда көзделген өкілеттіктерді иеленеді және прокурорлар қызметінің құқықтық кепілдіктерін пайдаланады.

Әскери прокуратура органдары әскери құралымдарға жатады. Олардың қызметкерлері әскери қызметшілер мәртебесіне ие, осыған байланысты оларға әскери қызмет туралы заңнамада белгіленген құқықтар, міндеттер, шектеулер мен кепілдіктер қолданылады.

Әскери прокурорлар қызметінің негізгі саласын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары құрайды. Оларға Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тиісті бөлімшелері, Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштері, Ұлттық ұлан, Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның – Төтенше жағдайлар министрлігінің азаматтық қорғанысты басқару органдары мен әскери бөлімдері, сондай-ақ басқа да әскери құралымдар жатады[96].

Сонымен бірге әскери прокуратура органдарының қызмет аясы әскери ведомстволармен ғана шектелмейді. Ол мемлекеттің қорғанысы мен әскери қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты бөлігінде өзге де мемлекеттік органдарға, мекемелер мен ұйымдарға қолданылады. Сондықтан субъектінің әскери ведомствоға тиесілігі әскери прокурордың құзыретін айқындайтын жалғыз өлшем болып табылмайды – тиісті құқықтық қатынастардың сипаты да маңызды.

Заңнамада көзделген жағдайларда әскери прокуратураның құзыреті әскери жиындардан өтіп жүрген азаматтарға, әскери бөлімдер мен мекемелердің қызметшілері мен жұмыскерлеріне, сондай-ақ өзге де адамдар мен ұйымдарға қолданылады.

Әскери прокурорлар өкілеттіктерінің нақты шектері қадағалау бағытына қарай ерекшеленеді, сондықтан олардың әрқайсысына қатысты жеке қарауды талап етеді.

Әскери прокурорлар сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен қылмыстық қудалаудың заңдылығын өздері үшін белгіленген арнайы қадағалау құзыреті шегінде қадағалайды. Негізгі қадағалау объектілеріне Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары, Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ұлттық ұланның әскери полиция органдары, сондай-ақ әскери прокурорлардың құзыретіне жатқызылған істер бойынша өзге де қылмыстық қудалау органдары жатады.

[96] «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 Заңы.

Сонымен бірге қадағалау құзыреті сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қай органның жүзеге асыратынымен ғана айқындалмайды. Ол мерзімді әскери қызмет немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге қатысты қылмыстық істерді де қамтиды. Бұған қоса, құқық бұзушылық запастағы азаматтардың әскери жиындардан өту кезеңінде жасалған болса, оларға қатысты істер де осы құзыретке жатады.

Әскери бөлімдердің, құрамалар мен мекемелердің азаматтық персоналы жеке санатты құрайды: оларға қатысты істер қызметтік міндеттерін орындаумен немесе тиісті әскери бөлім орналасқан аумақта болумен байланысты болған кезде әскери прокурорлардың қадағалау құзыретіне жатады[97].

Мемлекеттің қорғанысы мен әскери қауіпсіздігі саласында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер де әскери прокурорлардың құзыретіне жатады.

Жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметінің заңдылығын қадағалау кезінде әскери прокурорлардың құзыретін ажыратуға осындай тәсілдер қолданылады.

Бұл бағыттың ерекшелігі тікелей қадағалауға жататын органдардың аясынан көрінеді. Оларға Қарулы Күштердің Бас барлау басқармасы, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Барлау және қарсы барлау қызметі департаменті, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери қарсы барлау департаменті және Ішкі істер министрлігінің Әскери-тергеу департаменті жатады.

Қоғамдық мүдделерді қорғау саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалау Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызмет ерекшеліктері ескеріле отырып, жалпы қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

Мұндай мәселелерге әскери есепке алу, азаматтарды әскери даярлау, әскери қызметке және әскери жиындарға шақыру, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің конституциялық және өзге де құқықтарын сақтау, жұмылдыру дайындығы мен

[97] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы.

жұмылдыру, азаматтық және аумақтық қорғаныс, мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс пен мемлекеттік сатып алу шеңберінде әскери ведомстволарды материалдық-техникалық жарақтандыру, қорғаныс-өнеркәсіптік кешеннің қызметі, әскери мүлікті, оның ішінде қару-жарақ пен оқ-дәрілерді қамтамасыз ету және олардың айналымы, әскери инфрақұрылымның жай-күйі, оның диверсияға қарсы және терроризмге қарсы қорғалуы, жауынгерлік әзірлік, Мемлекеттік шекараны күзету, сондай-ақ қорғаныс пен әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзге де мәселелері жатады[98].

Әскери прокурорлар мемлекеттік айыптауды қолдайтын қылмыстық істердің негізгі санатын әскери соттар қарайтын істер құрайды.

Бұл жұмысты ұйымдастырудың ерекшелігі әскери соттар жүйесіне және олардың аумақтық юрисдикциясына байланысты. Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Семей және Шымкент гарнизондарының бес әскери соты, сондай-ақ Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соты бүкіл ел аумағында сот төрелігін жүзеге асырады, ал әскери прокуратура органдары жиырма екі өңір мен гарнизонда орналасқан.

Кассациялық тәртіппен қайта қарау кезінде жеке тәртіп көзделген: Бас әскери прокурор Бас прокуратурамен келісу бойынша кассациялық наразылықты тікелей келтіруге құқылы, ал облыс прокуроры негіздер болған кезде осындай наразылық келтіру туралы өтінішхатпен Бас Прокурорға жүгінеді[99].

Сотта мемлекет мүдделерін білдірудің ерекшелігі де істің санатымен және соттың құзыретімен айқындалады. Азаматтық және әкімшілік істер бойынша өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары әскери соттарда қатысады.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мүдделерін, қорғаныс өнеркәсібі объектілерін

[98] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы.

[99] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2025 жылғы 2 шілдедегі № 86 «Қылмыстық істер бойынша сотта мемлекет мүдделерін білдіруді, заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалауды, сондай-ақ үкімдердің орындалуын ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы.

қозғайтын істер бойынша, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканың айналымына байланысты даулар бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарына қатысуды қамтамасыз ететін Бас әскери прокуратураға жеке құзырет бекітілген.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қатысудың неғұрлым кең шектері көзделген. Әскери прокурорлар, егер істерді Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың уәкілетті лауазымды адамдары қозғаған болса, оның ішінде аталған адамдарға немесе ұйымдарға қатысты істерді өздері орналасқан жердегі аумақтық соттардың қарауына қатысады.

Бас әскери прокурор аумақтық прокуратуралар қатысуды қамтамасыз еткен істерді қоспағанда, өзінің қарауына жатқызылған істер бойынша кассациялық наразылықтарды дербес келтіруге құқылы. Осы істер бойынша кассациялық сатыдағы сотқа қатысуды қамтамасыз ету Бас әскери прокуратураға жүктелген.

Атқарушылық іс жүргізуде әскери прокурорлардың құзыретіне қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласына, әскери мүлікке, қару-жарақ пен оқ-дәрілерге, жауынгерлік әзірлікке, Мемлекеттік шекараны күзетуге, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғауға, әскери объектілерді салуға және қорғаныс өнеркәсібіне байланысты атқарушылық құжаттардың орындалуын қадағалау жатады[100]. Қалған жағдайларда қадағалауды аумақтық немесе өзге де мамандандырылған прокурорлар жүзеге асырады.

Қылмыстық жазалардың орындалу заңдылығын қадағалау саласында әскери прокурорлардың құзыреті адамдардың санатымен, жазаны орындау немесе қамауда ұстау орнымен, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінде жекелеген функцияларды жүзеге асыратын органмен айқындалады.

[100] «Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 “Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы” бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 12 маусымдағы № 90 бұйрығы.

Әскери прокурорлар әскери қызметшілерге қатысты бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстық жазалардың орындалу заңдылығын, сондай-ақ адамдарды гауптвахталарда ұстау заңдылығын қадағалайды. Бұдан басқа, олардың құзыретіне қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін күзету және қамаудағы адамдарды айдауылдау жөніндегі Ұлттық ұлан бөлімшелерінің қызметін қадағалау жатады[101].

Бұл ретте әскери прокурор қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне қатысты сол мекеменің өзін қадағалайтын прокурорды алмастырмайды, Ұлттық ұлан бөлімшелерінің күзету және айдауылдау жөніндегі функцияларды орындауына қатысты қызметін қадағалайды.

Әскери прокурорлардың жалпы республикалық және ведомствоаралық сипатымен ерекшеленетін үйлестіру қызметінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Бас әскери прокуратура жанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі жұмыс істейді. Оны Бас әскери прокурор басқарады.

Тиісті өңірдің мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайтын аумақтық прокуратуралардан айырмашылығы, әскери Үйлестіру кеңесі негізгі әскери ведомстволардың орталық деңгейдегі басшыларын біріктіреді. Оның құрамына Қарулы Күштер, Ұлттық ұлан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Мемлекеттік күзет қызметі және Төтенше жағдайлар министрлігі басшылығының өкілдері, сондай-ақ әскери қарсы барлау, әскери полиция және әскери-тергеу органдарының тиісті бөлімшелерінің басшылары кіреді[102].

[101] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 75 «Қылмыстық жазаларды орындаудың және өзге де мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудың заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы.

[102] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 9 маусымдағы № 121 «Бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) жанынан құрылатын үйлестіру кеңестері туралы ережелерді бекіту туралы» бұйрығы.

Мұндай құрам Бас әскери прокуратураға әскери басқару және қылмыстық қудалау органдарының қызметін ел ауқымында үйлестіруге, сондай-ақ әскери салада заңдылықты нығайту, құқық бұзушылықтардың профилактикасы және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бірыңғай ведомствоаралық шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әскери прокуратура органдарының құзыреті көрсетілген ережелермен шектелмейді және Конституциялық заңның басқа да нормаларымен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалады. Осылайша, заң шығарушы әскери прокурорлар құзыретінің қосымша құқықтық негіздерін ғана емес, оны белгілейтін актілердің деңгейін де айқындайды. Бас Прокурордың ведомстволық актілері, өз кезегінде, берілген өкілеттіктерді заңда белгіленген шектерде ұйымдастыру және іске асыру тәртібін нақтылайды.

Осылайша, әскери прокуратура органдары прокуратураның бірыңғай жүйесінің мамандандырылған буыны болып табылады. Оның ерекшелігі қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласында жалпы прокурорлық функцияларды іске асырудың арнайы шектерінен көрінеді. Әскери прокуратура органдарының құзыреті жекелеген әскери ведомстволармен шектелмейді және заңнамада көзделген жағдайларда әскери даярлыққа, әскерге шақыруға, жұмылдыруға, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысқа және әскери қауіпсіздіктің басқа да мәселелеріне байланысты қызмет бөлігінде өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қолданылады. Мұндай мамандану жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында ерекше маңызға ие болады, өйткені осы кезеңдерде тиісті құқықтық қатынастар мен субъектілердің аясы едәуір кеңейеді.

14-бап. Көлік прокуратурасы органдары

1. Көлік прокуратурасы органдары осы Конституциялық заңда көзделген қадағалау шектері мен нысандарын сақтай отырып, көлік саласындағы мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару

органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, өзге де ұйымдардың қызметінде, сондай-ақ көлік пен көліктік инфрақұрылым объектілеріне қатысты заңдылықты қадағалауды жүзеге асырады.

2. Көлік прокуратурасы органдарының өзге де құзыреті осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалады.

Түсіндіріліп отырған бап Қазақстан Республикасы прокуратурасының бірыңғай орталықтандырылған жүйесіндегі көлік прокуратурасы органдарының арнайы пәндік құзыретін айқындайды. Конституциялық заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес көлік прокуратурасы органдары Конституциялық заңда белгіленген қадағалау шектері мен нысандарын сақтай отырып, көлік саласындағы мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының және өзге де ұйымдардың қызметінде, сондай-ақ көлік пен көліктік инфрақұрылым объектілеріне қатысты заңдылықты қадағалауды жүзеге асырады. Көлік прокуратурасы органдарының өзге де құзыреті Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалады.

Көлік прокуратурасы қызметінің конституциялық негізі Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабы болып табылады. Онда белгіленген прокуратураның мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асыру, сотта мемлекет мүддесін білдіру және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру функциялары көлік прокуратурасы органдарына олардың қызметінің пәндік мамандануы ескеріле отырып, толық көлемде қолданылады.

Конституцияның 84-бабының 2-тармағы прокуратура жүйесінің бірлігі мен орталықтандырылуын, төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағыныстылығын, сондай-ақ прокуратураның өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіздігін бекітеді. Сондықтан көлік прокуратурасының мамандандырылған сипаты прокурорлық биліктің дербес жүйесін құрмайды, белгілі бір қоғамдық қатынастар саласына қатысты прокуратураның конституциялық функцияларын ұйымдық қамтамасыз ету тәсілі болып табылады. Прокуратура мен Бас Прокурордың мәртебесіне қатысты жаңа Конституцияның жекелеген ережелеріне ресми түсіндірме Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 7 шілдедегі № 89-НҚ нормативтік қаулысында берілген[103].

Көлік прокуратурасының мамандануы реттелетін саланың ерекшеліктеріне байланысты. Көлік қызметі бір мезгілде бірнеше әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жүзеге асырылады, көлік желілері мен инфрақұрылым объектілері функционалдық тұрғыдан өзара байланысты, ал тасымалдаушылардың, инфрақұрылым операторларының, көліктік бақылау органдарының және өзге де субъектілердің қызметі көбіне өңіраралық сипатқа ие. Мұндай жағдайларда прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың пәндік қағидаты әкімшілік аумақпен емес, көлік жүйесіне функционалдық тиесілігімен біріктірілген қатынастарды бірыңғай қадағалау тетігімен қамтуға мүмкіндік береді.

Қадағалау нысанасын айқындау үшін Конституциялық заңның 14-бабының ережелері салалық заңнамамен өзара байланыста қолданылуға тиіс. Көлік кешені жұмыс істеуінің жалпы негіздерін реттейтін «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156 Заңы базалық маңызға ие [104] . Заң қолданыстағы редакциясында теміржол,

[103] «Қазақстан Республикасы Конституциясының 43-бабының 1-тармағын, 72-бабының 2 және 3-тармақтарын, 83-бабының 1-тармағын және 84-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 7 шілдедегі № 89-НҚ нормативтік қаулысы.

[104] «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156 Заңы.

автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық рельстік және магистральдық құбыржол көлігіне қолданылады.

Сонымен бірге көлік прокуратурасы қызметінің нысанасы көліктің жалпы ұғымы арқылы ғана айқындалмайды. Қадағалау құзыретінің мазмұны теміржол көлігі, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі, автомобиль көлігі, автомобиль жолдары, сауда мақсатында теңізде жүзу, ішкі су көлігі, магистральдық құбыр туралы заңнамамен, сондай-ақ кеден, қылмыстық-процестік, әкімшілік және өзге де заңнамамен нақтыланады. Сондықтан Конституциялық заңның 14-бабының құқықтық маңызы көлік заңнамасы салаларының жеке тізбесін белгілеуде емес, тиісті құқықтық қатынастар мен объектілердің жиынтығына қатысты прокурорлық қадағалаудың арнайы субъектісін бекітуде көрінеді.

Көлік прокуратурасы органдары Конституциялық заңның 5-бабына сәйкес прокуратура органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді. Оларға прокуратура қызметін ұйымдастыру мен оның қызметінің жалпы қағидаттары, прокурорлардың құзыреті, жоғары қадағалаудың шектері мен нысандары, сотта мемлекет мүдделерін білдіру, қылмыстық қудалау, өтініштерді қарау, құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру және прокуратура актілерінің жүйесі туралы нормалар қолданылады. Осылайша, 14-бап қызметтің пәндік саласын айқындау бөлігінде арнайы норма болып табылады, бірақ Конституциялық заңда көзделгеннен өзгеше дербес прокурорлық қызмет нысандарын белгілемейді.

Бас көлік прокуратурасының ұйымдық-құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 37 бұйрығымен нақтыланған[105]. Аталған бұйрықпен Бас көлік прокуратурасы туралы жеке ереже бекітілген. Оған сәйкес Бас көлік прокуратурасы төмен тұрған өңірлік көлік прокуратураларына басшылықты жүзеге асырады. Бас көлік

[105] «Бас әскери прокуратура, Бас көлік прокуратурасы, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 37 бұйрығы/ https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/G23W0000037?utm

прокуроры олардың қызметіне басшылық етеді, көлік прокуратурасы органдарының ұйымдастырылуы мен қызметі мәселелерін реттейтін және бағыныста прокурорлар мен жұмыскерлердің орындауы үшін міндетті актілер шығарады, сондай-ақ көліктегі заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі мен алқаны басқарады. Ресми интернет-ресурста да Бас көлік прокуратурасы төмен тұрған өңірлік прокуратуралары бар, көлік пен көліктік инфрақұрылым саласындағы Бас прокуратураның мамандандырылған органы ретінде айқындалады.

№ 37 бұйрықтың ережелері ұйымдық сипатқа ие және Конституция мен заңдарда белгіленген құзырет шегінде қолданылады. Басқаша айтқанда, Ереже прокуратура жүйесінің ішіндегі міндеттер мен функциялардың бөлінуін нақтылайды, бірақ заңда көзделген прокурорлық араласудың шектерін кеңейте алмайды. Бұл қорытынды 14-баптың 1-тармағындағы «осы Конституциялық заңда көзделген қадағалау шектері мен нысандарын сақтай отырып» деген тұжырымнан және прокуратураның өзге де мемлекеттік органдардың функцияларын алмастыруына жол берілмейтіні туралы 5-баптың 4-тармағының жалпы ережесінен тікелей туындайды.

Көлік прокуратурасы органдарының қадағалау құзыретін іс жүзінде іске асыру № 32 бұйрық ескеріле отырып жүзеге асырылады[106]. Қолданыстағы редакцияда бұл бұйрық заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізуді, күшіне енген актілерді бағалауды, сотта мемлекет мүдделерін білдіруді ұйымдастыруды және прокурорлық қызметтің басқа да мәселелерін реттейді. Бұйрық Бас көлік прокурорына және төмен тұрған көлік прокурорларына тікелей қолданылады. Атап айтқанда, қағидалар көліктік құқықтық қатынастардың өңіраралық сипатын ескере отырып, заңдылықтың сақталуына тексеру жүргізу, заңдылықтың жай-күйін талдау және өтініштерді қарау кезінде көлік

[106] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы// https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031753

прокурорларының өзге өңірлердің прокуратураларымен өзара іс-қимылын көздейді.

2026 жылғы өзгерістерден кейін № 32 бұйрық сотта мемлекет мүдделерін білдіруді ұйымдастыру жөніндегі жаңартылған нұсқаулықты да қамтиды [107] . Ол даудың нысанасы көліктік инфрақұрылым объектілері болған не тараптардың бірі тиісті бөлігінде теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық рельстік және магистральдық құбыржол көлігі, ғарыш жүйесі ұйымдары не аталған объектілер мен субъектілерге қатысты өкілеттіктерді іске асыратын мемлекеттік органдар болған жағдайда, азаматтық және әкімшілік істерді қарау кезіндегі көлік прокурорларының құзыретін тікелей айқындайды. Бұл ведомстволық реттеу Конституциялық заңның сотта мемлекет мүдделерін білдіру туралы 22-бабы мен 14-бабының практикалық өзара байланысын ашады.

Көлік прокуратурасының арнайы құзыреті қылмыстық-процестік салада да көрініс табады. Қылмыстық қудалау заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру Бас көлік прокуратурасының және оған бағынысты прокуратуралардың теміржол, теңіз, жеңіл рельсті көлік (LRT), ішкі су және әуе көлігі, метрополитен объектілерінде, автомобиль және құбыржол көлігінің жекелеген объектілерінде, сондай-ақ кеден саласында және олармен байланысты ұйымдарда жасалған құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істер бойынша қадағалауды жүзеге асыруын көздейді. Бұл ретте прокурордың процестік өкілеттіктері, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексімен айқындалады, ал ведомстволық реттеу оларды прокуратура жүйесінің ішінде іске асыруды ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

Бұл бөлікте Конституциялық Соттың құқықтық ұстанымдары да қолданылуға тиіс. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысы прокуратураның, қылмыстық қудалау

[107] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 12 маусымдағы № 90 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен.

органдарының және соттың конституциялық функцияларын ажыратады әрі прокурордың процестік өкілеттіктерді заңнамада белгіленген құзырет шегінде жүзеге асыру қажеттігін растайды[108]. Бұл құқықтық ұстаным көлік прокурорларының қылмыстық-процестік өкілеттіктерді іске асыруы үшін де маңызды, өйткені пәндік мамандану прокурорлық қадағалау, қылмыстық қудалау және сот бақылауы арасындағы жалпы конституциялық шектерді өзгертпейді.

Сот практикасы көлік прокуратурасы қызметінің жекелеген бағыттары бойынша да құқықтық бағдарларды қалыптастырады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысында тиісті қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау мәселелері бойынша түсіндірмелер қамтылған[109]. Кеден саласындағы қадағалау үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысының маңызы бар[110]. Әкімшілік сот ісін жүргізуде мемлекет мүдделерін білдіру кезінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы да ескерілуге тиіс[111].

Бұл ретте аталған Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары көлік прокуратурасының ұйымдық мәртебесін айқындамайды. Олардың маңызы көлік прокурорларының пәндік құзыретіне жататын істер санаттары бойынша материалдық және процестік құқық нормаларын біркелкі түсіну мен қолдануды қамтамасыз етуде көрінеді.

---

[108] «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын, 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 нормативтік қаулысының қарар бөлігінің 6-тармағына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысы/https://adilet.zan.kz/rus/docs/P110000003S?utm

[109] «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысы.

[110] «Соттардың кеден заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы / https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P190000007S?utm

[111] «Әкімшілік істер бойынша процестік заңнаманы қолданудың жекелеген мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы/ https://adilet.zan.kz/rus/docs/P260000002S?utm

Қызметтің жеке бағытын көліктегі заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру құрайды. Бұл қызметтің құқықтық негізі Конституциялық заңның 28-бабы және үйлестіру кеңестерінің қызметі туралы Бас Прокурордың актілері болып табылады. Көлік саласының ерекшеліктерін ескере отырып, үйлестіру әрбір қатысушының өз өкілеттіктерін жүзеге асырудағы дербестігін сақтай отырып, құзыреті көліктің әртүрлі түрлері мен аумақтар арасында бөлінген органдар әрекеттерінің келісімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, көлік прокуратурасының ерекшелігі пәндік мамандануды прокуратураны ұйымдастырудың бірыңғай конституциялық қағидаттарымен ұштасуынан көрінеді. Объект немесе субъект белгілі бір облыстың аумағында орналасуы мүмкін, алайда құзыретті ажырату үшін оның көлік саласымен байланысы және заңмен әрі Бас Прокурордың ведомстволық актілерімен белгіленген шектер айқындаушы мәнге ие. Мұндай ажырату мамандандырылған прокуратура құзыретінің негізсіз кеңейтілуіне де, аумақтық прокуратуралардың қадағалау қызметінің қайталануына да жол бермейді.

Осыған байланысты Конституциялық заңның 14-бабының 2-тармағы қағидаттық маңызға ие. Көлік прокуратурасы органдарының өзге де құзыреті Конституциялық заңда, заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатынын көрсете отырып, заң шығарушы прокурорлардың өкілеттіктерін белгілей алатын құқықтық дереккөздердің деңгейін бекітеді. Бас Прокурордың ведомстволық актілері өкілеттіктерді жүзеге асыру тәртібін, олардың ұйымдық бөлінуін және жүйе ішіндегі өзара іс-қимылды нақтылайды, алайда бастапқы өкілеттік тиісті заңдық күші бар актіден туындауға тиіс.

Осылайша, Конституциялық заңның 14-бабы прокуратураның конституциялық функцияларын көлік саласында іске асырудың мамандандырылған моделін бекітеді. Көлік прокуратуралары

прокуратураның өзге де органдары сияқты конституциялық функцияларды жүзеге асырады, алайда олардың құзыреті қадағалау нысанасымен – көлік саласындағы және көлік пен көліктік инфрақұрылым объектілеріне қатысты заңдылықпен айқындалады. Мұндай мамандану прокурорлық құзыреттің Конституцияда және Конституциялық заңда белгіленген шектерін міндетті түрде сақтай отырып, өңіраралық, технологиялық өзара байланысты және салалық сипаттағы құқықтық қатынастарда прокурорлық қадағалаудың ұйымдық бірлігін қамтамасыз етеді.

15-бап. Облыстық және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорлар мен прокуратуралар

1. Облыстардың прокуратураларын және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратураларды тиісті прокурорлар басқарады.

2. Облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорлар:

1) облыстық және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағыныстағы прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын бұйрықтар, өкімдер шығарады;

3) прокуратура алқасын құрады, оның жұмыс регламентін және алқа мүшелерінің мәртебесін айқындайды;

4) заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті үйлестіру кеңестерін басқарады;

4-1) инвестициялық прокурорлар болып саналады;

5) осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы

Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 15-бабының 1-тармағы орта буындағы аумақтық және мамандандырылған прокуратураларға басшылық жасаудағы дара басшылық қағидатын бекітеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың (Алматы, Шымкент) және астананың (Астана) прокуратуралары, сондай-ақ оларға теңестірілген мамандандырылған (әскери, көлік, табиғат қорғау және өзге де) прокуратуралар төмен тұрған буындарға басшылық жасау және едәуір аумақта қадағалауды жүзеге асыру функцияларын орындайтын прокуратура органдары жүйесінің негізгі буыны болып табылады.

Прокуратураларды прокурорлардың «басқаратыны» туралы нұсқау мекемені әкімшілік басқаруда алқалы басшылықтың жоқтығын көрсетеді, дегенмен қызмет мәселелерін талқылау кезінде алқалылық 3) тармақшада көзделген.

Конституциялық заңның 15-бабының 2-тармағы осы деңгейдегі прокурорлардың айрықша құзыретін айқындайды.

Конституциялық заңның 15-бабының 1-тармағы 1) - тармақшасы жалпы басшылық жасау функциясын белгілейді.

Басшылық жасау нысанасына әкімшілік-шаруашылық қызмет қана емес, сонымен қатар төмен тұрған прокуратуралардың қызметін әдіснамалық қамтамасыз ету және олардың қадағалау қызметінің сапасын бақылау да кіретінін атап өткен жөн.

Конституциялық заңның 15-бабының 1-тармағы 2) - тармақшасы облыстардың прокурорларына биліктік-басқарушылық өкілеттіктер – бұйрықтар мен өкімдер шығару құқығын береді.

Тек өкімдер шығаратын аудан прокурорларынан айырмашылығы, дәл бұйрықтар шығару құқығының болуы бұл актілердің төмен тұрған барлық прокурорлар мен аппарат қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті ұйымішілік құқық көздері ретіндегі жоғары мәртебесін көрсетеді.

Бұл бүкіл өңір аумағында заңнаманы қолдану практикасының біркелкілігін қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 15-бабының 1-тармағы 3) - тармақшасы алқа құруды көздейді. Облыс прокуратурасының алқасы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Жария билікті ұйымдастыру тұрғысынан бұл дара басшылық пен құқық қолданудың күрделі мәселелерін, кадр саясатын және заңдылықтың жай-күйін ұжымдық талқылау қажеттілігі арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету нысаны болып табылады.

Прокурордың алқаның жұмыс регламенті мен алқа мүшелерінің мәртебесін дербес айқындайтыны осы органның өкімдік емес, консультативтік сипатын көрсетеді.

Конституциялық заңның 15-бабының 1-тармағы 4) - тармақшасы облыс прокурорына үйлестіру кеңесі төрағасының функциясын жүктейді.

Бұл прокурордың қызметін тек қадағалау шеңберінен шығарып, оны өңірлік деңгейде заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүйесіндегі (соттар, ішкі істер органдары, әділет органдары, арнаулы қызметтер) негізгі тұлғаға айналдырады.

Конституциялық заңның 15-бабының 1-тармағы 5) - тармақшасы сілтемелік сипатқа ие, бұл Конституциялық заңның мәтініне өзгерістер енгізбестен, прокурордың қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекет басшысы және Жоғарғы Бас Қолбасшы ретіндегі актілеріне, сондай-ақ Бас Прокурордың актілеріне бағындыра отырып, оның өкілеттіктерін құқықтық өріс шеңберінде икемді түрде кеңейтуге мүмкіндік береді.

16-бап. Аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) өзге де прокурорлар мен прокуратуралар

1. Аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған)

прокуратураларды Бас Прокурор тағайындайтын тиісті прокурорлар басқарады.

2. Аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлар:

1) аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралардың қызметіне басшылық жасайды;

2) барлық бағыныста прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болатын өкімдер шығарады;

3) осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 16-бабының 1-тармақ прокуратура жүйесінің бастапқы (төменгі) буынын белгілейді. Аталған деңгейдегі прокурорларды Бас Прокурордың тағайындайтынын көздейтін тағайындау тәртібінің көрсетілуі заңдық тұрғыдан маңызды.

Бұл жергілікті атқарушы және өкілді органдардың аудан прокурорлары корпусын қалыптастыруға ықпал етуін болғызбайды әрі олардың тәуелсіздігі мен тек жоғары тұрған прокурорларға және заңға бағыныстылығының кепілі болып табылады.

Конституциялық заңның 16-бабының 2-тармағы қадағалау функциясын орталықтандыруды күшейтетін өкілеттіктерді нақтылайды.

Конституциялық заңның 16-бабының 2-тармағы 1) - тармақшасы 15-баптың 2-тармағына ұқсас, прокурордың өзі басқаратын прокуратураның қызметіне басшылық жасауын бекітеді.

Конституциялық заңның 16-бабының 2-тармағы 2) - тармақшасы норма шығару құзыретінің деңгейіндегі айырмашылықты көрсетеді. Аудан прокурорлары бұйрықтар емес, тек өкімдер шығарады.

Заң техникасы тұрғысынан бұл айырмашылық аудан прокурорлары актілерінің тұтастай жүйе үшін нормативтік сипатқа ие болмайтынын, нақты прокуратура қызметкерлерінің ғана орындауы үшін міндетті жедел басқару және атаулы ден қою актілері болып табылатынын көрсетеді.

Конституциялық заңның 16-бабының 2-тармағы 3) - тармақшасы өзге өкілеттіктерге сілтеме жасайды. Оның 15-баптан негізгі айырмашылығы – аудан прокурорында алқа құру және үйлестіру кеңесіне басшылық жасау өкілеттіктерінің болмауы.

Бұл аудандық деңгейде құқық қорғау органдарының қызметін үйлестірудің өзге тетіктер (жедел кеңестер) арқылы жүзеге асырылуына, ал қадағалау практикасының ауқымды аумақта біркелкілігін қамтамасыз ету үшін алқалы органдардың тек облыстық деңгейде құрылуына байланысты.

3-тарау. ЖОҒАРЫ ҚАДАҒАЛАУ ШЕКТЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫ. СОТТА МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІН БІЛДІРУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУ. ЖОЛДАНЫМДАРДЫ ҚАРАУ. ПРОКУРОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІ

17-бап. Жоғары қадағалау шектері мен нысандары

1. Қазақстан Республикасының атынан жоғары қадағалау заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

2. Заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды тағайындау және жүргізу тәртібі осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында, Бас Прокурордың актілерінде айқындалады.

3. Қарсы барлау қызметі, күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету салаларындағы жоғары қадағалау Қазақстан Республикасының қарсы барлау қызметі туралы заңнамасының және Қазақстан

Республикасының күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңнамасының ерекшеліктері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Түсіндірме беріліп отырған бап Конституцияның 84-бабында белгіленген, оған сәйкес прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асыратын конституциялық ережені нақтылайды.

Осылайша, Конституциялық заңның 17-бабы прокуратураның негізгі конституциялық функцияларының бірін іске асырудың құқықтық нысандарын айқындайды. Жоғары қадағалау заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау және күшіне енген актілерді бағалау арқылы жүзеге асырылады. Аталған нысандардың әрқайсысын қолданудың мазмұны, негіздері мен тәртібі Конституциялық заңның 18–21-баптарында дәйекті түрде ашылған.

Бекітілген нысандар тізбесі прокурорлық қызметтің шектерін айқындау үшін маңызды. Жоғары қадағалауды жүзеге асыру заңда көзделген нысандарды пайдалануды және олардың әрқайсысы үшін белгіленген негіздер мен рәсімдерді сақтауды көздейді. Мұндай тәсіл прокуратураның жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асыруы туралы конституциялық ережеге сәйкес келеді.

Конституциялық заңның 17-бабының 1-тармағында жоғары қадағалаудың үш нысаны: заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау және күшіне енген актілерді бағалау көзделген.

Заңдылықтың сақталуын тексеру жоғары қадағалаудың нысаны болып табылады, оны тағайындау негіздері мен жүргізу тәртібі Конституциялық заңның 18 және 19-баптарында белгіленген. Тексеру заңда көзделген негіздер болған кезде жүргізіледі және тексерілетін субъектінің заңдылықты сақтауын анықтау үшін

қажетті өкілеттіктерді прокурордың тікелей жүзеге асыруымен байланысты.

Заңдылықтың жай-күйін талдау жоғары қадағалаудың дербес нысаны болып табылады. Конституциялық заңның 20-бабына сәйкес ол прокурорлардың субъектілерге (объектілерге) баруынсыз статистикалық деректерді, мемлекеттік ақпараттық жүйелердің мәліметтерін, сондай-ақ заңдылықтың жай-күйі туралы өзге де ақпарат көздерін зерделеу арқылы жүргізіледі. Талдау жүргізу кезінде прокурор мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардан оны жүргізуге байланысты ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды талап етіп алдыруға құқылы. Талдау нәтижелері анықтамамен ресімделеді және негіздер болған кезде прокурорлық қадағалау не ден қою шараларын қабылдауға әкеп соғуы мүмкін.

Заңдылықтың жай-күйін талдаудың дербес бекітілуі бұзушылықтарды анықтауды нақты бір субъектіні тексерумен ғана байланыстырмай, заңдылықтың жай-күйі туралы ақпаратты жинақтау және салыстыру негізінде қадағалау қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Үшінші нысан – күшіне енген актілерді бағалау, оның мазмұны Конституциялық заңның 21-бабында айқындалған. Ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, олардың лауазымды адамдарының актілері мен шешімдерін зерделеу арқылы жүзеге асырылады.

Заңда белгіленген жағдайларда, егер актілер мен шешімдер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға қарай өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, адамдардың шектелмеген тобына, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты мәселелер бойынша инвесторларға қатысты болса не жария сипатқа ие болса, меншік

нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың актілері мен шешімдері де бағалау нысанасы болып табылады.

Бағалау нысанасына заңды күшіне енген сот (судья) үкімдері, шешімдері, қаулылары және өзге де актілері, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер де жатқызылған. Сонымен бірге сот актілерінің бағалау нысанасына енгізілуі прокурорға оларды соттан тыс қайта қарау немесе күшін жою өкілеттігін бермейді. Конституциялық заңның 21-бабының 2-тармағында заңды күшіне енген сот актілерін бағалау Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, азаматтық процестік заңнамасында, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылатыны тікелей көзделген.

Мұндай реттеу прокуратураның жоғары қадағалауы мен сот төрелігін жүзеге асырудың аражігін ажыратуды қамтамасыз етеді. Сот актісін бағалау нәтижелерін прокурор тиісті процестік заңнамада көзделген өкілеттіктер арқылы ғана іске асырады.

Бұл тәсіл Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдарымен үйлеседі. 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулыда сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысты прокуратураның конституциялық функцияларын ашу кезінде Конституциялық Сот оларды жүйелі өзара байланыста және сот пен прокуратураның заңда белгіленген құзыретін сақтай отырып іске асыру қажеттігін негізге алды. Конституциялық Сот прокуратураның конституциялық функцияларын іске асыруды адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етумен ерекше байланыстырды[112].

Прокурорлық қызметтің тиісті шектері процестік заңнамада және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларында да нақтыланады. Атап айтқанда, Қазақстан

[112] Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысы / https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/667718?lang=ru&utm

Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» нормативтік қаулысы тиісті процестік шешімдер мен әрекеттерді (әрекетсіздікті) сот бақылауы мәселелерін айқындайды. Нормативтік қаулы 2026 жылы қолданысқа енгізілген өзгерістер ескеріле отырып қолданылады[113].

Конституциялық заңның 17-бабының 2-тармағы заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды және күшіне енген актілерді бағалауды тағайындау мен жүргізудің нормативтік негізін айқындайды. Тиісті тәртіп Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының актілерінде белгіленеді.

Конституциялық заңның 17-бабының ережелерін тікелей нақтылайтын негізгі ведомстволық нормативтік құқықтық акт – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы.[114]

Көрсетілген бұйрықпен Конституциялық заңның 17–21-баптарына сәйкес әзірленген Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау және жүргізу, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасау, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалау қағидалары бекітілген. Қағидалар жоғары қадағалаудың тиісті нысандарын тағайындау, ұйымдастыру, жүргізу және олардың нәтижелерін ресімдеу тәртібін айқындайды.

Осы бұйрықпен Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерінің заңдылығын қадағалауды

[113] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» нормативтік қаулысы / https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P120000003S/history?utm_

[114] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031753?utm_

ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық та бекітілген. Нұсқаулық прокуратура органдарының қадағалау қызметін ұйымдастыруды нақтылайды және Конституциялық заңда белгіленген жоғары қадағалаудың шектерімен және нысандарымен өзара байланыста қолданылады.

Бұл жағдайда ведомстволық реттеу туынды сипатқа ие: Бас Прокурордың актілері заңмен берілген өкілеттіктерді іске асыру тәртібін айқындайды және Конституция мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шектерден шығатын жоғары қадағалау нысандарын немесе араласу негіздерін белгілей алмайды.

Конституциялық заңның 17-бабын қолдану кезінде салалық процестік заңнаманы да ескеру қажет. Прокурордың өз функцияларын жүзеге асыруы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік сот ісін жүргізумен не әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізумен байланысты болған жағдайларда, тиісті әрекеттердің шектері мен тәртібі Конституциялық заңмен қатар ҚПК-де, АПК-де және ӘҚБтК-де айқындалады.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 2 «Әкімшілік істер бойынша процестік заңнаманы қолданудың жекелеген мәселелері туралы» нормативтік қаулысы соттарды процестік заңнаманы нормативтік құқықтық актілердің белгіленген иерархиясына сәйкес Конституцияның, конституциялық заңдардың, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің және өзге де заңнамалық актілердің басымдығын негізге ала отырып қолдануға бағдарлайды. Бұл ереже прокурордың әкімшілік сот ісін жүргізуде өзіне берілген процестік өкілеттіктерді іске асыруы кезінде де маңызды[115].

Конституциялық заңның 17-бабының 3-тармағында құқықтық режиміне байланысты ерекшеліктері бар жекелеген салалардағы жоғары қадағалауды арнаулы реттеу белгіленген. Қарсы барлау

[115] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 2 «Әкімшілік істер бойынша процестік заңнаманы қолданудың жекелеген мәселелері туралы» нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/rus/docs/P260000002S?utm_

қызметі субъектілерінің қызметінде, күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында және заңда тікелей көзделген өзге де салаларда заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының тиісті заңдарында белгіленген ерекшеліктер қолданылады.

Мұндай ерекшеліктердің болуы прокуратураның конституциялық мақсатын өзгертпейді және жоғары қадағалаудың дербес нысанын құрмайды. Бұл тиісті қызметтің арнаулы заңнамалық режиміне, соның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты қорғау жөніндегі заңда белгіленген талаптарға байланысты Конституциялық заңның 17-бабының 1-тармағында көзделген нысандарды іске асыру ерекшеліктері туралы болып отыр.

Демек, көрсетілген салаларда прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың арнаулы қағидалары Конституциялық заңмен және тиісті салалық заңнамамен өзара байланыста қаралуға тиіс. Мәліметтерге қол жеткізуді шектеу, олармен жұмыс істеудің арнаулы тәртібі және өзге де режимдік талаптар прокуратураның жоғары қадағалау жөніндегі конституциялық функциясын жүзеге асыруын жоққа шығармайды, оның заңда көзделген іске асырылу шарттарын айқындайды.

Осылайша, Конституциялық заңның 17-бабы заңда көзделген үш нысанға – заңдылықтың сақталуын тексеруге, заңдылықтың жай-күйін талдауға және күшіне енген актілерді бағалауға негізделген жоғары қадағалауды жүзеге асырудың құқықтық құрылымын белгілейді. Оларды қолдануға Конституциялық заңда белгіленген шектерде жол беріледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында және оны дамыту үшін қабылданған Бас Прокурордың актілерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

18-бап. Заңдылықтың сақталуын тексеру

1. Заңдылықтың сақталуын тексеру:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы;

2) Бас Прокурордың тапсырмасы;

3) осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша тағайындалады.

2. Бас Прокурордың орынбасарларының, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдары басшыларының, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорлардың, аудандық және оларға теңестірілген (қалалардың, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлардың заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау және жүргізу туралы шешімдері:

1) физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға қарай құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдардың;

2) кәмелетке толмаған адамдардың;

3) адамдардың шектелмеген тобының;

4) егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардапты болғызбауға қажет болса, адамдардың, қоғамның және мемлекеттің;

5) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері, олардың лауазымды адамдары және оларға теңестірілген адамдар тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, инвесторлардың қызметіне араласу фактілері бойынша олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қабылданады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне, инвесторларға қатысты заңдылықтың сақталуын тексеру Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша не олармен келісу бойынша жүргізіледі.

3. Прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосы

жүргізетін заңдылықтың сақталуын тексеру осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектерде ведомство мен оның аумақтық және оларға теңестірілген органдары басшыларының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3-1. Прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы жүргізетін заңдылықтың сақталуын тексеру прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы бірінші басшысының шешімі бойынша осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Бас Прокурордың актілерінде белгіленген шекте жүзеге асырылады.

4. Заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізу туралы қаулы шығарылады, ол құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тіркеледі.

Заңдылықтың сақталуын тексеру отыз жұмыс күнінен аспайтын уақыт ішінде жүргізіледі.

Қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажет болған кезде, сондай-ақ заңдылықтың сақталуын тексеру көлемінің ауқымды болуына байланысты оны жүргізу мерзімі ерекше жағдайларда отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Сараптама тағайындалған жағдайларда, сондай-ақ шет мемлекеттерден мәліметтер мен құжаттар алу қажет болған кезде – оларды алғанға дейін, сондай-ақ тексеру жүргізуге кедергі келтіретін өзге де жағдайларда заңдылықтың сақталуын тексеру тоқтатыла тұруы мүмкін.

Заңдылықтың сақталуын тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

Заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулыларды тіркеу тәртібі және оны жүргізу мерзімдері Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасы,

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы, Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы, Қазақстан Республикасының жедел іздестіру және қарсы барлау қызметі салаларындағы заңнамасы шеңберінде жүргізілетін тексеруге қолданылмайды.

5. Заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) егер құжаттар, ақпарат заңдылықтың сақталуын тексеру нысанасына жатпаса, оларды беруді талап етуге;

2) заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асыруға;

3) заңдылық пен қоғамдық тәртіпке, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін орны толмас зардаптың туындауымен қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, тексерілетін субъектінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруге құқылы емес.

6. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін активті иемдену (пайда болу) көздерінің заңдылығын тексеруге қолданылмайды.

Түсіндірме беріліп отырған бап прокуратураның жоғары қадағалау нысандарының бірі ретінде заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау негіздерін, оның шектерін, жүргізу тәртібін және негізгі процестік кепілдіктерін айқындайды.

Бұл қызметтің конституциялық негізі Конституцияның 84-бабы болып табылады, оған сәйкес прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады. Заңдылықтың сақталуын тексеруге қатысты бұл оны

тағайындауға және жүргізуге заңда көзделген негіз болған кезде ғана, уәкілетті прокурордың шешімімен әрі белгіленген рәсім сақтала отырып жол берілетінін білдіреді.

Тексеру прокуратураның мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және өзге де субъектілердің қызметіне араласуының шексіз тәсілі болып табылмайды. Оны қолдану Конституциялық заңда белгіленген негіздермен және шектермен шектеледі. Бұл ережені Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағымен өзара байланыста қарастырған жөн, оған сәйкес қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокуратура органдары өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды.

Посткеңестік кеңістік елдеріндегі прокурорлық қадағалау доктринасында «тексеру, әдетте, құқық бұзушылықтарды тиісінше анықтаудың және олардың жасалуына ықпал ететін диалектикалық факторларды айқындауға басымдық бере отырып, жүйелі профилактикалаудың негізгі құқықтық құралы ретінде анықталады»[116].

Мысалы, А.А. Фирсованың пікірінше, тексеру — «заң бұзушылық фактілері туралы мәліметтер болған кезде заңда белгіленген мерзімде жүргізілетін және заң бұзушылықтарды, кінәлі адамдарды анықтауға және оларды заңда белгіленген жауаптылыққа тартуға, сондай-ақ тексерілетін субъект әрекеттерінің заңға сәйкестігін айқындауға бағытталған өзара байланысты зияткерлік, ұйымдастырушылық, техникалық және басқарушылық әрекеттер жиынтығын білдіретін прокурордың құқықтық құралы»[117].

Қазақстан Республикасының заңнамасына, атап айтқанда, № 32 бұйрықтың 2-тармағына сәйкес заңдылықтың сақталуын тексеру прокуратура органдарының жоғары қадағалау нысаны болып

[116] Мананников Д.Ю. Прокурорлық тексеру құқық қорғау қызметінің ведомстволық құралы ретінде // Ресей заңнамасындағы олқылықтар. 2024. 17-т. № 6. 057–062-бб.
[117] Фирсова А.А. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық елдеріндегі прокурор тексеруінің салыстырмалы сипаттамасы // Еуразиялық заң журналы. № 4 (47). 2012. 17-б.

табылады және Конституциялық заңның 4-бабында көзделген міндеттерді іске асыру мақсатында жүзеге асырылады[118].

Жоғары қадағалау нысандары жүйесінде тексеру прокуратура органдарына қадағалау субъектілерінің қызметіндегі заңдылықты бұзудың әртүрлі фактілеріне тиісінше ден қоюға мүмкіндік беретін әмбебап әрі икемді тетік ретінде ерекше орын алады.

Заң ғылымында прокурорлық тексерудің шектері және оның өзге мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметімен арақатынасы туралы мәселе пікірталас туғызуын жалғастыруда. Бір жағынан, прокурорлық тексеру мемлекеттік бақылау органдары мен өзге де уәкілетті органдардың функцияларын алмастыруға алып келмеуге тиіс, өйткені олардың әрқайсысы заңда берілген өкілеттіктерді белгіленген құзырет шегінде жүзеге асырады. Бұл жағдайда прокурорлық қадағалау, ең алдымен, заңдылықтың сақталуын тексеруге, заң бұзушылықтарды анықтауға және заңда көзделген прокурорлық ден қою шараларын қабылдауға бағытталады, ал мамандандырылған мемлекеттік органдар тиісті саланың ерекшеліктерін ескере отырып, бақылау функцияларын жүзеге асырады.

Екінші жағынан, прокуратураның өзге мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын мән-жайларды тексеру мүмкіндігін толықтай жоққа шығару прокурорлық қадағалаудың тиімділігін шектеуі мүмкін. Осыған байланысты прокурорлық тексеру өзге мемлекеттік органдардың қызметін алмастырмайды, алайда заңдылықтың жай-күйін анықтау және заңмен қорғалатын құқықтар мен мүдделерді қорғау үшін қажетті шамада олардың қызметіне қатысты мәселелерді қамтуы мүмкін деген ұстанымды басшылыққа алу негізді болып табылады.

Конституциялық заңның 18-бабының 1-тармағы заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау негіздерін белгілейді. Оларға Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы, Бас

[118] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

Прокурордың тапсырмасы, сондай-ақ түсіндірме беріліп отырған баптың 2-тармағында көзделген негіздер жатады.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы мен Бас Прокурордың тапсырмасы тексеруді тағайындаудың заңда көзделген дербес негіздері болып табылады. Олардың болуы тексерудің құқықтық табиғатын өзгертпейді: тексеру прокуратураның құзыреті шегінде және Конституциялық заң мен өзге де заңнамалық актілердің талаптары сақтала отырып жүргізіледі.

Сонымен бірге түсіндірме беріліп отырған баптың 2-тармағында көзделген негіздерден өзгеше, Мемлекет басшысы мен Бас Прокурордың тексеру жүргізуді тапсыру жөніндегі өкілеттіктері қандай да бір алдын ала шарттармен немесе субъектілердің және (немесе) мән-жайлардың нақты санаттарымен шектелмеген. Басқаша айтқанда, аталған лауазымды адамдар өздерінің ерекше конституциялық мәртебесіне орай заңдылықтың жай-күйін қозғайтын және прокурордың тікелей араласуын қажет ететін кез келген мәселе бойынша тексеру жүргізуді тапсыруға құқылы.

Бас Прокурор тапсырмасының дербес негіз ретінде бекітілуі прокуратура жүйесінің орталықтандырылған құрылымына да байланысты. Конституцияның 84-бабына және Конституциялық заңның 5-бабына сәйкес прокуратура төмен тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынатын бірыңғай орталықтандырылған жүйені құрайды.

Өз кезегінде, ғылымда заңмен қорғалатын азаматтардың құқықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне төнген қатер немесе осы құқықтар мен мүдделерге, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің жұмыс істеуін ұйымдастырудың іргетасы ретіндегі заңдылық режиміне жасалып қойған қол сұғушылық;[119] белгіленген тәртіппен берілген заң бұзушылық туралы ақпараттың жеткіліктілігі; [120] нақты материалдық жеткізгіште тіркелген заң

[119] Афанасьева Т.И. Прокурорлық тексеру туралы мәселеге // Мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару. 2022. № 9. 27-б.

[120] Терещенко Л.К., Цирин А.М. Ақпараттың жеткіліктілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың сақталуын тексерудің негізі ретінде // Ресей құқығы журналы. 2015. № 6. 117-б.

бұзушылық туралы ақпараттың болуы[121] тексеру жүргізудің негізі ретінде түсіндіріледі.

Келтірілген ережелерді салыстыру прокурорлық тексеру негіздерінің заңдық және нақты құрамдастарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте 18-бапта көзделген мән-жайлар тексеруді тағайындау туралы шешім қабылдаудың нормативтік алғышарты ретінде әрекет етеді, ал заңдылықтың бұзылғаны немесе оны бұзу қатері туралы мәліметтердің болуы тексерудің нақты қажеттілігін айқындайды. Мұндай тәсіл тексеру негіздерін өзара байланысты заңдық және нақты мән-жайлардың біртұтас жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Конституциялық заңның 18-бабының 2-тармағы Бас Прокурор орынбасарларының, әскери және көлік прокуратуралары органдары басшыларының, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың - астананың және республикалық маңызы бар қалалардың прокурорларының, аудандық және оларға теңестірілген - қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған прокурорлардың тексеруді тағайындау және жүргізу туралы шешім қабылдау негіздерін айқындайды.

Заң олардың тексеруді тағайындау мүмкіндігін кез келген мән-жаймен және (немесе) заң бұзушылық белгілерімен емес, субъектілердің белгілі бір санаттарын, олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау қажеттілігімен байланыстырады.

Оларға:

— физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға орай өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдардың;

— кәмелетке толмаған адамдардың;

— адамдардың шектелмеген тобының;

[121] Амирбеков К.И. Заңдардың орындалуын прокурорлық тексеру: ұғымы мен мазмұны, себептері мен негіздері, нысанасы мен шектері (теориялық тәсіл) // Ресей тергеушісі. 2020. № 2. 63–68-бб.

— адамдардың өмірі мен денсаулығы немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптарды болғызбау қажет болған жағдайларда, адамдардың, қоғам мен мемлекеттің;

— мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері, олардың лауазымды және оларға теңестірілген адамдары тарапынан қызметіне араласу фактілері бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілері мен инвесторлардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері жатады.

Тексеру негіздерін осылай заңнамалық айқындау жоғары қадағалаудың осы нысанын пайдалану шектерін белгілейді және оны қорғалатын мүдденің сипаты прокуратураға берілген қадағалау өкілеттіктерін іске асыруды қажет ететін жағдайларға бағдарлайды.

Жекелеген адамдарды субъектілердің белгілі бір санаттарына жатқызу өлшемшарттары мен белгілері № 32 бұйрықпен бекітілген Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізуді, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалауды тағайындау және жүргізу қағидаларында нақтыланған[122].

Қағидаларда, атап айтқанда, қадағалау қызметін ұйымдастыру мақсатында пайдаланылатын өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдар, кәмелетке толмаған адамдар ұғымдары ашып көрсетілген. Сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобы және орны толмас зардаптар ұғымдарына анықтамалар берілген. Мұндай ведомстволық реттеу заңда көзделген тексеру негіздерінің біркелкі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған және Конституциялық заңның 17-бабының 2-тармағында Бас Прокурорға берілген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері мен инвесторларға қатысты бөлек реттеу көзделген. Конституциялық заң олардың құқықтарын,

[122] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

бостандықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, олардың лауазымды және оларға теңестірілген адамдарының қызметіне араласу фактілері бойынша қорғау мақсатында тексерулер тағайындауға жол береді.

Бұл ретте жеке кәсіпкерлік субъектісінің немесе инвестордың өзінің қызметін тексеру неғұрлым қатаң тәртіпке бағынады: ол Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша не олармен келісу бойынша жүргізіледі.

Мұндай ажыратудың қағидаттық құқықтық маңызы бар. Бірінші жағдайда прокурорлық тексеру кәсіпкерді немесе инвесторды құқыққа сыйымсыз жария араласудан қорғау құралы ретінде әрекет етеді. Екінші жағдайда кәсіпкердің немесе инвестордың өзі тексерілетін субъект болып табылады, осыған байланысты заң негізсіз қадағалау араласуынан қосымша кепілдіктер көздейді.

Аталған ережелер кәсіпкерлік еркіндігінің кепілдіктерін, мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласуын шектеуді, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жалпы бастауларын бекітетін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен өзара байланыста қолданылады.

Конституциялық заңның 18-бабының 3-тармағы мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы прокуратура органдары ведомствосының және оның аумақтық әрі оларға теңестірілген органдарының заңда белгіленген құзырет шегінде тексерулер жүргізуін реттейді. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетке қатысты тиісті өкілеттіктер «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен өзара байланыста іске асырылады[123].

[123] «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 510 Заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000510_

Мұндай тексерулердің ерекшеліктері Комитеттің мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру, арнайы есепке алуды жүргізу және тиісті ақпараттың толықтығын, объективтілігін, анықтығы мен жеткіліктілігін қамтамасыз ету саласындағы құзыретіне байланысты. Оларды жүргізу жоғары қадағалаудың дербес нысанын құрмайды және заңда көзделген шектерде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет түсіндірме беріліп отырған баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген жалпы негіздерді басшылыққа алмайды. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің тексерулерге бастамашылық жасауы мен оларды жүргізуінің құқықтық негізі арнаулы нормалар, атап айтқанда, «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы, сондай-ақ № 4 бұйрықпен бекітілген тиісті нұсқаулық болып табылады[124].

Атап айтқанда, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды тиімді әрі жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету, мемлекеттік цифрлық құқықтық статистикалық жүйені жетілдіру және дамыту мақсатында субъектілердің қызметінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықтың бұзылуын, оған ықпал еткен себептер мен жағдайларды, сондай-ақ оның салдарын анықтау және жою үшін заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізеді.

Тексерулердің нысаналы бағыты ескеріле отырып, оларға бастамашылық жасаудың арнаулы тәртібі де белгіленген.

[124] «Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында прокурорлық қадағалауды және бақылауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026483

Тексеру жүргізу туралы талаптарға, оның ішінде прокурорлық қадағалау актілерінде көрсетілген талаптарға Бас Прокурор, оның орынбасарлары, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің төрағасы мен оның орынбасарлары, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің аумақтық органының бастығы қол қояды.

Тексеру жүргізу туралы қаулыны Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің төрағасы немесе Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің аумақтық органының бастығы шығарады және оған қол қояды.

Конституциялық заңның 18-бабының 3-1-тармағы прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосының тексеру жүргізуінің арнаулы негізін белгілейді. Мұндай тексеру тиісті ведомствоның бірінші басшысының шешімі бойынша Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Бас Прокурордың актілерінде белгіленген шектерде жүзеге асырылады.

Бұл ережені Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің инвестициялық омбудсмен туралы ережелерімен жүйелі байланыста қарастырған жөн. 2026 жылғы заңнамамен [125] инвестициялық омбудсменнің функциялары Бас Прокурорға, ал тиісті қызметті қамтамасыз ету прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосына жүктелді. Осыған байланысты түсіндірме беріліп отырған баптың 3-1-тармағы прокуратура органдарына жүктелген инвесторлардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау функциясын іске асырудың арнаулы қадағалау тетігін қалыптастырады.

[125] «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII ҚРЗ Конституциялық заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000305; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау, прокуратура және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 11 маусымдағы № 306-VIII ҚРЗ Заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000306

Түсіндірме беріліп отырған норма инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоның мәртебесі мен құзыретін регламенттейтін Конституциялық заңның 11-2-бабының ережелеріне жүгінуді де талап етеді. Аталған бапқа сәйкес бұл ведомство инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы заңдылықты жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, олардың бұзылуына тосқауыл қоюды және оның алдын алуды қамтамасыз етеді.

Көрсетілген функционалдық міндеттерге сүйене отырып, түсіндірме беріліп отырған баптың 3-1-тармағы ведомствоның бірінші басшысына тексеру тағайындау жөніндегі арнаулы өкілеттік бере отырып, негізінен рәсімдік-ұйымдастырушылық сипатқа ие болады.

Мұндай тексеру іс-шараларына бастамашылық жасаудың мазмұндық негізі түсіндірме беріліп отырған баптың 2-тармағының 5) тармақшасы болып табылады, онда жеке кәсіпкерлік субъектілері мен инвесторлардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау қажеттігі бекітілген.

Осылайша, Конституциялық заңның 11-2-бабында белгіленген ведомство құзыреті түсіндірме беріліп отырған баптың 2-тармағы 5) тармақшасының мазмұндық негізімен ажырамас байланыста осы баптың 3-1-тармағында регламенттелген тетік арқылы өзінің процестік аяқталуына ие болады.

Конституциялық заңның 18-бабының 4-тармағы тексеруді тағайындаудың процестік нысанын — прокуратураның уәкілетті лауазымды адамының қаулысын белгілейді.

Қаулы шығару туралы талап тексерудің негізін, нысанасын, тексерілетін кезеңді, тексерушілер құрамын және тексеру мерзімін айқындауды қамтамасыз етеді. Қаулының мазмұнына, оны тіркеу және тексерілетін субъектіге табыс ету тәртібіне, тексерудің нысанасы мен кезеңін өзгертуге, сондай-ақ тексеруді ұзартуға,

тоқтата тұруға және қайта бастауға қойылатын егжей-тегжейлі талаптар № 32 бұйрықпен бекітілген қағидаларда белгіленген[126].

Тексеру жүргізу туралы қаулы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тіркелуге жатады. Мұндай тіркеу тексеру қызметін есепке алудың заңда белгіленген рәсімінің элементі болып табылады және жүргізілетін тексерудің құқықтық негізін, субъектісін, нысанасын және мерзімдерін сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Тексеру жүргізу мерзімі оны жүргізу туралы қаулы табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайды. Қосымша материалдарды талап ету қажет болған кезде, сондай-ақ тексерудің көлемі едәуір болуына байланысты айрықша жағдайларда оны жүргізу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Заңда сараптама тағайындалған жағдайда, сондай-ақ шет мемлекеттерден мәліметтер мен құжаттар алу қажет болған кезде — олар алынғанға дейін және тексеруді жүргізуге кедергі келтіретін өзге де жағдайларда тексеруді тоқтата тұру мүмкіндігі көзделген.

Тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

Тексеру оны жүргізу мерзімі өткеннен кейін аяқталады.

Сонымен қатар заң шығарушы прокурорлық тексерулердің жалпы тәртібі мен арнаулы салалық құқықтық режимдер шеңберінде жүргізілетін тексерулердің аражігін ажыратады. Конституциялық заңның 18-бабының қаулыларды тіркеу және тексеру жүргізу мерзімдері туралы талаптары Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамасы, атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы, сондай-ақ жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметі салаларындағы заңнамасы шеңберінде жүргізілетін тексерулерге

[126] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

қолданылмайды. Мұндай жағдайларда тиісті заңнама саласының арнаулы қағидалары қолданылады.

Конституциялық заңның 18-бабының 5-тармағы өздеріне қатысты тексеру жүргізілетін адамдардың аса маңызды құқықтық кепілдіктерін бекітеді. Бұл норма тексеруші прокурорлар өкілеттіктерінің нақты шектерін белгілейді және субъектілердің құқықтарын негізсіз шектеуі мүмкін әрекеттерге қатысты императивтік тыйымдардың толық тізбесін көздейді. Қарастырылып отырған тармақтың негізгі мақсаты — заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау міндеттері мен тексерілетін тұлғалардың қалыпты тыныс-тіршілігін, өндірістік және өзге де процестерінің тұрақтылығын шамадан тыс араласудан қорғау арасындағы әділ теңгерімді қамтамасыз ету.

Осылайша, заңдылықтың сақталуын тексеру кезінде прокурор:

1) егер құжаттар мен ақпарат заңдылықтың сақталуын тексеру нысанасына жатпаса, оларды беруді талап етуге құқылы емес.

Бұл норма жүргізілетін тексерудің мақсаттарына, яғни нысанасына қатысы жоқ артық құжаттаманы негізсіз талап етіп алудан қорғайды. Заң шығарушы тексерушілердің өз өкілеттіктерінің шегінен шықпауға тиіс екенін белгілейді: кез келген сұрау салу, құжаттарды беру туралы талап және қойылатын сұрақ тексеруді тағайындау туралы қаулыда ресми түрде тіркелген тексеру нысанасымен қатаң түрде байланысты болуға тиіс.

2) заңдылықтың сақталуын тексерудің белгіленген мерзімдерінен асыруға құқылы емес.

Тексеру іс-шараларын жүргізу уақыты, яғни олардың ұзақтығы қатаң регламенттелген. Қарастырылып отырған баптың 4-тармағында белгіленген мерзімдер міндетті түрде есепке алынуға және тіркелуге тиіс. Бұл тыйым тексерудің императивтік мерзімі аяқталғаннан кейін прокурордың қандай да бір қосымша тексеру әрекеттерін жүзеге асыру құқығынан толық айырылатынын білдіреді. Бұл тексерілетін субъектілерге ұзақ уақыт бойы негізсіз әкімшілік қысым көрсетілуін болғызбайды.

3) заңдылық пен қоғамдық тәртіпке, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін орны толмас зардаптың туындауымен қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, тексерілетін субъектінің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруге құқылы емес.

Жалпы қағида бойынша прокурорлардың тексеру әрекеттері тексерілетін субъектілердің өндірістік, әкімшілік және өзге де ағымдағы процестерінің ерекшеліктерін ескеруге тиіс. Прокурорға олардың бұзылуына, іркілуіне немесе бұғатталуына жағдай жасауға тыйым салынады.

Сонымен бірге заңда аса қажеттілік қағидатына негізделген осы қағидадан ерекшелік көзделген. Егер әрекетсіздіктен туындайтын ықтимал зиян мен салдар субъектінің жұмысына араласу фактісінің өзінен едәуір қауіпті болса, прокурор батыл әрекет етуге міндетті. Осындай айрықша жағдайларда нақты қатердің және (немесе) орны толмас салдардың алдын алу үшін тексерілетін субъектінің қалыпты ағымдағы процестеріне араласуға жол беріледі.

Мысалы, өнеркәсіптік объектіде қауіпсіздік талаптарының өрескел бұзылуы анықталған жағдайда, оны елемеу немесе кәсіпорынның өндірістік процестерін жалғастыру мақсатында ден қоюды кешіктіру өртке немесе жарылысқа алып келуі мүмкін.

Конституциялық заңның 18-бабының 6-тармағы заңдылықтың сақталуын тексерудің жалпы тәртібі мен активті иемдену (пайда болу) көздерінің заңдылығын тексерудің арнаулы тәртібін ажыратады. Түсіндірме беріліп отырған баптың ережелері Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін мұндай тексерулерге қолданылмайды, өйткені оларды жүргізудің негіздері,

тәртібі мен мерзімдері бейіндік Заңның 20-бабымен[127] және № 186 бұйрықпен бекітілген қағидалармен реттеледі[128].

Осылайша, Конституциялық заңның 18-бабы заңда көзделген тағайындау негіздерін, уәкілетті лауазымды адамдардың айқындалған тобын, тексеру мерзімдері мен шектерін, сондай-ақ өзге де негізгі құқықтық аспектілерді қамтитын заңдылықтың сақталуын тексерудің арнаулы құқықтық режимін белгілейді.

19-бап. Тексерілетін субъектілердің құқықтары мен міндеттері

1. Тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері прокурорлардың заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыруы кезінде:

1) заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізу үшін келген адамдарды:

тексерілетін субъектіге заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулы бермеген;

құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тіркеу міндетті болатын кезде мұндай тіркеусіз заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізген;

осы Конституциялық заңның 18-бабының 4-тармағында көрсетілген мерзімдер өткен;

заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулыда көрсетілмеген адамдар заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізген;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кезде мемлекеттік құпияларға жіберу туралы рұқсатты растайтын құжат болмаған жағдайларда объектіге кіргізбеуге;

2) мынадай:

[127] «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 21-VIII ҚРЗ Заңы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000021

[128] «Активті иемдену (пайда болу) көздерінің заңдылығын тексеруді тағайындау және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 11 қазандағы № 186 бұйрығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033540

жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру нысанасына немесе заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулыда көрсетілген кезеңге қатысы жоқ;

мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтермен және құжаттармен танысуға құқық беретін тиісті рұқсат немесе құжат болмаған кезде осындай мәліметтер мен құжаттарды ұсынбауға;

3) заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулыға, сондай-ақ прокуратура органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

2. Тексерілетін субъектілер не олардың уәкілетті өкілдері прокурорлардың заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізуі кезінде:

1) прокуратура органдарының лауазымды адамдарының тексерілетін субъектінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

Прокуратура органдарының лауазымды адамдарының режимдік объектілердің аумағына және үй-жайларына кіруі тексерілетін ұйымда белгіленген өткізу және объектішілік режимдер туралы талаптар ескеріле отырып қамтамасыз етіледі;

2) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, прокуратура органдарының лауазымды адамдарына заңдылықтың сақталуын тексеру нәтижелері туралы анықтамаға қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін ұсынуға;

3) заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулымен және оның нәтижелері туралы анықтамамен танысуға және оларды қол қойып алуға;

4) заңдылықтың сақталуын тексеруді жүзеге асыратын адамдар үшін қажетті жағдайларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы талаптарға сәйкес қамтамасыз етуге міндетті.

Түсіндірме беріліп отырған бап прокуратураның заңдылықтың сақталуын тексеруі кезінде тексерілетін субъектінің құқықтық жағдайын айқындайды. Оның ережелері тексеру қызметінің өзінің заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталған және тексерілетін субъектіге тексерудің құқықтық негіздерінің бар екеніне, тексеруші адамдар өкілеттіктерінің шектеріне және белгіленген рәсімнің сақталуына көз жеткізуге мүмкіндік беретін заңда көзделген кепілдіктерді белгілейді.

Конституциялық заңның 19-бабы 17 және 18-баптарымен өзара байланыста қолданылады. Егер 17-бап заңдылықтың сақталуын тексеруді жоғары қадағалау нысандарының бірі ретінде айқындаса, ал 18-бап оны тағайындаудың негіздері мен тәртібін және тексеру жүргізу кезіндегі прокурордың өкілеттіктерін белгілесе, 19-бап осындай тексеру жүргізілетін субъектінің тиісті құқықтары мен міндеттерін бекітеді.

Мұндай құқықтық реттеу Конституцияның 84-бабына сәйкес келеді, оған сәйкес прокуратура заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады. Заңдылық талабы тексерілетін субъектінің қызметіне ғана емес, прокурордың өзіне берілген қадағалау өкілеттіктерін іске асыру тәртібіне де қолданылады.

Конституциялық заңның 19-бабының 1-тармағы заңдылықтың сақталуын тексеру жүргізілген кезде тексерілетін субъектінің не оның уәкілетті өкілінің құқықтарын бекітеді.

Негізгі кепілдіктердің бірі - заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулыны және мұндай тіркеу заңнамада көзделген жағдайларда оның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тіркелгені туралы мәліметтерді танысу үшін алу құқығы.

Аталған құқықты іске асыру тәртібі № 32 бұйрықпен бекітілген Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау және жүргізу, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасау, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалау қағидаларында нақтыланған.

Қағидаларға сәйкес заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау туралы қаулы тексеру объектісіне келген кезде тексерілетін субъектіге танысу үшін беріледі не прокуратура органдарында пайдаланылатын ақпараттық жүйе арқылы жіберіледі. Заңнамада көзделген жағдайларда қаулы тексеру басталғанға дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі мемлекеттік органда тіркелуге жатады.

Тексеруді тағайындау туралы қаулыны тіркеу есепке алу-бақылау функциясын атқарады және тексерудің құқықтық негізін, тексерілетін субъектіні, оның нысанасын, жүргізілу мерзімін және тексеруші адамдардың құрамын тіркеуге мүмкіндік береді.

Тексерілетін субъект тексерудің қаулыда көрсетілген адамдардың белгіленген нысана мен мерзім шегінде жүргізіп жатқанына көз жеткізуге құқылы.

Тексеру жүргізу үшін келген адамдарды тиісті объектіге кіргізбеу құқығы Конституциялық заңда тікелей көзделген жағдайларда ғана іске асырылуы мүмкін. Мұндай құқық тексерілетін субъектінің өз қалауы бойынша заңды түрде тағайындалған тексеруге кедергі келтіру мүмкіндігін білдірмейді, ол белгіленген рәсімнің сақталуына заңда көзделген кепілдік болып табылады.

Атап айтқанда, заң шығарушы, егер тиісті объектіге немесе заңмен қорғалатын ақпаратқа қол жеткізу үшін мұндай құжаттардың болуы міндетті болса, объектіге кіргізбеу мүмкіндігін қажетті құжаттардың не арнаулы рұқсаттардың болмауымен байланыстырады.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге байланысты объектілер мен материалдарды тексеру кезінде «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелері қолданылады. Аталған Заңның 33-бабына сәйкес лауазымды

адамдарға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат етуді ұйымдастыру заңнамада белгіленген тәртіп сақтала отырып жүзеге асырылады.

Демек, прокурордың Конституциялық заңда көзделген қадағалау өкілеттіктерінің болуы, егер тиісті талап заңнамада тікелей көзделсе, оны мемлекеттік құпияларға рұқсат етудің арнаулы режимін сақтаудан босатпайды.

Бұл ретте ведомстволық немесе объектішілік өткізу режимі өздігінен прокурордың заңды өкілеттіктерін шектеуге негіз бола алмайды. Режимдік объектіге кіру қағидалары заңға негізделген және прокуратураның Конституция мен Конституциялық заңда берілген құзыретін іске асыруын жоққа шығармайтын шамада қолданылады.

Тексерілетін субъект құжаттар, ақпарат және өзге де материалдар жүргізіліп жатқан тексерудің нысанасына жатпайтын болса, оларды бермеуге де құқылы.

Бұл құқық Конституциялық заңның 18-бабында белгіленген прокурор өкілеттіктерінің шектелуіне сәйкес келеді, оған сай тексеру жүргізу кезінде оның нысанасына жатпайтын құжаттар мен ақпаратты талап етіп алдыруға жол берілмейді. Осылайша, тексеру нысанасы бір мезгілде прокурор өкілеттігінің шегін және тексерілетін субъектінің тиісті міндетінің көлемін айқындайды.

Тексерілетін субъект заңнамада және Бас Прокурордың актілерінде белгіленген тәртіппен тексеру нәтижелерімен танысуға және оларға қарсылықтар беруге құқылы.

Тексеру аяқталғаннан кейін оның нәтижелері анықтамамен ресімделеді. Анықтаманы беру, сондай-ақ жазбаша қарсылықтарды ұсыну тәртібі мен мерзімдері Бас Прокурордың № 32 бұйрығымен бекітілген Қағидаларда нақтыланған.

Қарсылықтарды ұсыну мүмкіндігінің болуы тексерілетін субъектіге прокурорлық қадағалаудың немесе ден қоюдың кейінгі шаралары қабылданғанға дейін тексеру барысында анықталған мән-жайларға қатысты өз ұстанымын баяндау құқығын қамтамасыз етеді. Қарсылықтарды ұсыну өздігінен тексеру нәтижелерінің күшін

жоймайды, алайда тиісті дәлелдер белгіленген тәртіппен қаралуға жатады.

Тексеру жүргізуге байланысты прокурордың шешімдері мен әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасау құқығы дербес кепілдік болып табылады.

Шағым жасау құқығы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың конституциялық кепілдіктерімен өзара байланыста қаралуға тиіс. Ол заңнамада көзделген нысандарда тексерілетін субъект қызметінің ғана емес, прокуратура органының өзінің шешімдері мен әрекеттерінің де заңдылығын тексеруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте шағым жасаудың нақты тәртібі құқықтық қатынастың сипатына қарай айқындалады. Егер тексеру немесе прокурордың әрекеттері қылмыстық, азаматтық, әкімшілік не өзге де арнаулы іс жүргізу шеңберінде жүзеге асырылса, тиісті процестік заңнамада белгіленген тәртіп қолданылады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде прокурордың әрекеттеріне, әрекетсіздігіне және шешімдеріне сот тәртібімен шағым жасау мәселелері 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген өзгерістер ескеріле отырып қолданылатын «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысында нақтыланған. Жоғарғы Сот мұндай шағымдарды сотта қарау сот арқылы қорғалу құқығын қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі болып табылатынын негізге алады.

Сонымен бірге аталған нормативтік қаулы дәл қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысты және Конституциялық заңның 18-бабы негізінде жүргізілетін прокурорлық тексеруге шағым жасаудың жалпы тәртібін белгілемейді.

Конституциялық заңның 19-бабының 2-тармағы заңдылықтың сақталуын тексеру жүргізілген кезде тексерілетін субъектінің міндеттерін белгілейді.

Тексерілетін субъект прокурордың және қаулыда көрсетілген өзге де адамдардың заңды түрде тағайындалған тексеруді іске асыру үшін қажетті шектерде тексеру объектісіне кіруін қамтамасыз етуге, оның нысанасына жататын құжаттарды, материалдар мен ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ прокурордың өзге де заңды талаптарын орындауға міндетті.

Прокурордың заңды талаптарының міндеттілігі ол жүзеге асыратын функцияның жария-құқықтық сипатынан туындайды және Конституциялық заңда көзделген. Бұл ретте уәкілетті прокурор өзінің құзыреті шегінде қойған және тексеру нысанасына жататын талаптар ғана міндетті болып табылады.

Демек, тексерілетін субъектінің міндеті прокуратура лауазымды адамының кез келген талабына қатысты сөзсіз болып табылмайды. Ол заңда көзделген жағдайлардың жиынтығы болған кезде: тексеру заңды түрде тағайындалғанда, тиісті прокурордың құзыреті болғанда, талап тексеру нысанасымен байланысты болғанда және белгіленген рәсім сақталғанда туындайды.

Құқықтар мен міндеттердің мұндай арақатынасы прокуратураның жоғары қадағалауды кедергісіз жүзеге асыру қажеттігі мен тексерілетін субъектінің қызметіне негізсіз араласуға жол бермеу арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Тексеру жүргізу кезінде прокурор оның нысанасына жататын ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, тиісті қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді және атқарушылық іс жүргізулерді талап етіп алдыруға және алуға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына заңнамада көзделген қолжетімділікті алуға құқылы.

Өз кезегінде прокурор алынған материалдардың, дербес деректердің, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің және

заңмен қорғалатын өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Бұл талаптар Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау, мемлекеттік құпиялар, ақпараттандыру және заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлері туралы заңнамасымен өзара байланыста қолданылады.

Тексерілетін субъект прокурордың және белгіленген тәртіппен тексеру жүргізуге тартылған адамдардың заңды әрекеттеріне де кедергі келтірмеуге міндетті.

Сонымен бірге тиісті міндетті іске асыру тексерілетін субъектінің Конституциялық заңның 19-бабының 1-тармағында берілген құқықтық қорғау құралдарын, оның ішінде қарсылықтар беру және прокуратура органдарының шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасау құқықтарын пайдалануын жоққа шығармайды.

Аталған ережелердің арақатынасы Конституциялық заңның 19-бабы тексеруді жүргізуді қамтамасыз ететін тексерілетін субъектінің міндеттерін ғана емес, прокурордың тексерудің белгіленген шектерін сақтауын бақылаудың заңда көзделген тетіктерін де белгілейтінін көрсетеді.

Мұндай тәсілдің конституциялық-құқықтық маңызы прокуратураның жария-биліктік өкілеттіктерді жүзеге асыруы тиісті құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жалпы кепілдіктерінің қолданылуын жоққа шығармайтындығында.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысында прокуратураның конституциялық функцияларын сипаттау кезінде оның мемлекет мүдделерін қамтамасыз етудегі, оның ішінде мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының қызметі адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қозғауы мүмкін жағдайлардағы ерекше рөлі атап өтілген. Бұл құқықтық ұстаным қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысты тұжырымдалғанымен, ол прокуратура функцияларының іске асырылуы адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз

етумен өзара байланыста жүзеге асырылуға тиіс деген жалпы конституциялық тәсілді растайды.

Осылайша, Конституциялық заңның 19-бабы 17 және 18-баптарда белгіленген заңдылықтың сақталуын тексерудің құқықтық тетігін тексерілетін субъектінің өзара байланысты құқықтары мен міндеттерінің жүйесімен толықтырады.

Бір жағынан, заң прокурорға объектіге, қажетті ақпарат пен материалдарға қол жеткізуге және заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді іске асыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, тексерілетін субъектіге тексерудің заңдылығына көз жеткізуге, оның нысанасы мен белгіленген рәсімдерінің сақталуын талап етуге, қарсылықтар беруге және заңда көзделген шағым жасау тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік беретін кепілдіктер ұсынылған.

Мұндай реттеу тексерудің заңда қатаң белгіленген шектерде жүргізілуін қамтамасыз етеді әрі прокурорлық қызметке негізсіз кедергі келтіруді де, тексеруші адамдардың өздеріне берілген өкілеттіктер шегінен шығуын да болғызбайды.

20-бап. Заңдылықтың жай-күйін талдау

Заңдылықтың жай-күйін талдау прокурорлар субъектілерге (объектілерге) бармай, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының статистикалық деректерін, мәліметтерін, азаматтық және қылмыстық істердің, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің материалдарын, сондай-ақ өзге де ақпарат көздерін зерделеу арқылы жүргізіледі.

Заңдылықтың жай-күйін талдау нәтижелері анықтама түрінде ресімделеді. Заңдылықтың жай-күйін талдау нәтижелері бойынша осы Конституциялық заңға сәйкес прокурорлық қадағалау не ден қою шаралары қабылданады.

Прокурор мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардан заңдылықтың жай-күйін талдауды жүргізуге байланысты

ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды талап етіп алдыруға құқылы.

Талдау зерттелетін объектінің құрамдас бөліктерін бөліп көрсетуге және зерделеуге негізделген зерттеу әдісі болып табылады. Түсіндіріліп отырған бапта заң шығарушы бұл әдісті прокуратураның қадағалау функциясын іске асыру тәсілдерінің бірі ретінде айқындайды.

Прокуратура қызметіне қатысты заңдылықтың жай-күйін талдау заңдық материалды зерттеудің синтездеуші құралы ретінде әрекет етеді. Ол прокурорлық қадағалаудың тиісті салалары бойынша жинақталған мәліметтерді логикалық жүйеге келтіруге, алынған ақпаратты ретке келтіруге, жекелеген құқықтық құбылыстар арасындағы өзара байланыстарды анықтауға және осы негізде заңдылықтың жай-күйі туралы тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заңдылықтың жай-күйін зерделеу заңдылықты жүйе ретінде зерттеудің әдіснамалық тәсілдері, амалдары мен қағидаттарының жиынтығы ретінде жүйелік-құрылымдық талдауды қолдануды көздейді.

Мұндай тәсіл кезінде заңдылық оқшауланған түрде емес, құқықпен, құқықтық қатынастармен, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметімен, сондай-ақ құқықтық қатынастар субъектілерінің мінез-құлқымен өзара байланыста қарастырылады. Ол қоғаммен, мемлекетпен, құқық жүйесімен және құқықтық тәртіппен біртұтастық құрайды әрі сонымен қатар, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты неғұрлым кең мемлекеттік-құқықтық қатынастардың элементі ретінде әрекет етеді.

Нормативтік мағынада заңдылықтың жай-күйін талдау прокуратураның жоғары қадағалауды жүзеге асыруының дербес нысандарының бірі болып табылады. Оның құқықтық табиғаты Конституциялық заңның 17-бабының 1-тармағымен айқындалады, оған сәйкес жоғары қадағалау заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау және күшіне енген актілерді бағалау

арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, Конституциялық заңның 20-бабы қадағалау қызметінің талдамалық нысанына қатысты Конституцияның 84-бабының 1-тармағында бекітілген прокуратураның жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі конституциялық өкілеттігін нақтылайды.

Талдау жүргізу тәртібі Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының актілерінде айқындалады. Конституциялық заңның 17-бабының 2-тармағына сәйкес мұндай реттеу тікелей Бас Прокурордың құзыретіне жатқызылған.

Қолданыстағы тәртіп № 32 бұйрықпен бекітілген Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау және жүргізу, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасау, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалауды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген[129]. Қағидалардың 1 және 2-тармақтары заңдылықтың жай-күйін талдауды жоғары қадағалау нысандарына жатқызады және оны жүргізуді Конституциялық заңның 4-бабында көзделген прокуратура міндеттерін іске асырумен байланыстырады.

Заңдылықтың сақталуын тексеруден талдау, ең алдымен, ақпаратты алу және зерттеу тәсілімен ерекшеленеді. Конституциялық заңның 20-бабына және Қағидалардың 31-тармағына сәйкес талдау прокурорлар субъектілерге (объектілерге) бармай**,** мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының статистикалық деректерін, мәліметтерін, азаматтық және қылмыстық істердің, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің материалдарын, сондай-ақ өзге де ақпарат көздерін зерделеу арқылы жүргізіледі.

«Субъектілерге (объектілерге) бармай» деген тұжырым қадағалаудың осы нысанының елеулі ерекшелігін айқындайды. Талдау Конституциялық заңның 18-бабында көзделген тексеруге тән іс-шаралар кешенін субъектінің аумағында тікелей жүргізуді көздемейді. Құжаттарды талап етіп алдыру, түсініктемелер алу,

[129] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы.

ақпараттық жүйелер мен өзге де ресурстарды пайдалану өздігінен талдаудың құқықтық табиғатын өзгертпейді.

Егер мән-жайларды түпкілікті анықтау үшін тікелей субъектінің (объектінің) орналасқан жерінде іс-әрекеттер жүргізу қажет болса, талдау нәтижелері бойынша тексеру жүргізу туралы дербес шешім қабылдануы мүмкін. Мұндай мүмкіндік Қағидалардың 47-тармағының 3) тармақшасында көзделген.

Сонымен бірге субъектіге (объектіге) бармау жалпыға бірдей қолжетімді объектілердің нақты жай-күйі туралы ақпарат алуды жоққа шығармайды. Қағидалардың 42-тармағы қажет болған кезде баруға ашық жерде немесе ашық аумақта орналасқан объектіні, оның ішінде фото- және бейнетіркеуді қолдана отырып, көзбен шолып қарауға жол береді. Мұндай қарап-тексеру субъектінің қызметін іс жүзінде тексеру сипатына ие болмауға тиіс, өйткені мұндай жағдайда Конституциялық заңның 18-бабында белгіленген рәсім қолданылуға жатады.

Қағидалардың 32-тармағына сәйкес талдау заңдылықтың жай-күйін бағалау мақсатында нақты мәселе не құқықтық қатынастар және (немесе) заңнама саласы бойынша жүргізіледі. Демек, оны жүргізудің алдында талдамалық жұмыстың нысанасы айқындалады.

Талдау жүргізу қажеттілігі заңдылықтың жай-күйіне жүргізілген мониторинг нәтижелерінен, ықтимал бұзушылықтар туралы мәліметтерден, жолданымдардан, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпаратынан, алдыңғы қадағалау іс-шараларының нәтижелерінен және өзге де дереккөздерден туындауы мүмкін.

Сонымен қатар Қағидаларда талдау мерзімді түрде жүргізілетін бағыттар белгіленген. Атап айтқанда, 33-тармақта кәсіпкерлер мен инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелерін тоқсан сайын талдау; 34-тармақта бюджет қаражатын жұмсаудың, сатып алуды жүзеге асырудың, салық және табиғат қорғау заңнамасын қолданудың жекелеген мәселелерін, сондай-ақ кәсіпкерлер мен инвесторлардың жолданымдарын қарауды жарты жылда бір рет талдау; 35-тармақта балалардың және мүгедектігі бар адамдардың

құқықтарын қорғаудың жекелеген мәселелерін жыл сайын талдау көзделген[130].

Осылайша, заңдылықтың жай-күйін талдау заңдылықтың жай-күйі туралы нақты ақпаратқа да, белгілі бір бағыттар бойынша оны жүргізудің Бас Прокурор актісінде белгіленген мерзімділігіне де негізделуі мүмкін.

Прокуратура органдарының ведомстволары талдауды өздеріне берілген құзырет шегінде жүргізеді. Атап айтқанда, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет Конституциялық заңның 11-бабын және «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын ескере отырып, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында тиісті талдамалық қызметті жүзеге асырады[131].

Конституциялық заңның 20-бабында белгіленген ақпарат көздерінің тізбесі ашық сипатқа ие. Статистикалық деректерден, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың мәліметтерінен, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарынан және тиісті істердің материалдарынан басқа, талдау барысында мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен дерекқорлар, алдыңғы қадағалау іс-шараларының нәтижелері, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары және талдау нысанасына қатысты өзге де ақпарат пайдаланылуы мүмкін.

Прокурордың қажетті ақпаратты алу жөніндегі өкілеттіктері Конституциялық заңның 10-бабымен өзара байланыста іске асырылады. Осы баптың 1-тармағының 9) тармақшасында жүргізілетін талдау мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін шақыру және олардан түсініктемелер алу құқығы, ал 10) тармақшасында қажетті ақпаратты, материалдарды, құжаттар мен істерді талап етіп алдыру және алу құқығы көзделген.

---

[130] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы.

[131] «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 510 Заңы.

Қағидалардың 41-тармағы осы өкілеттіктерді іске асыру тәртібін нақтылайды. Сұратылған ақпарат прокурор белгілеген мерзімде беріледі, бұл мерзім жалпы қағида бойынша үш жұмыс күнінен кем болмауға тиіс. Қағидаларда көзделген, қайтымсыз салдарлардың алдын алу қажеттілігіне байланысты жағдайларда тиісті құжаттар мен мәліметтер дереу талап етіп алынуы мүмкін.

Ақпаратты алу және пайдалану құжаттар мен мәліметтердің сақталуына, мемлекеттік құпияларды, дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғауға қатысты заңда белгіленген талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады. Талап етіп алынатын ақпараттың көлемі жүргізілетін талдаудың нысанасына байланысты болуға тиіс.

Арнайы ғылыми білімді пайдалану қажет болған кезде Қағидалардың 41-тармағында сараптама тағайындау мүмкіндігі көзделген.

Қағидалардың 43-тармағына сәйкес талдау отыз жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажет болған не талдамалық жұмыстың көлемі айтарлықтай болған кезде оны жүргізу мерзімі отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Қағидаларда белгіленген мән-жайлар болған кезде талдау мерзімін тоқтата тұру мүмкіндігі де көзделген.

Осылайша, заңдылықтың жай-күйін талдау ақпаратты еркін нысанда зерделеу емес, белгілі бір нысанасы, негіздері, жүргізу тәртібі мен мерзімдері бар формалданған қадағалау рәсімі болып табылады.

Талдаудың мазмұндық жағы Қағидалардың 44-тармағында ашылады. Оны жүргізу барысында заңдылық жай-күйінің проблемалары және олардың жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне ықпалы анықталады; уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі бағаланады; анықталған бұзушылықтарды, оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою тәсілдері айқындалады; заңнамалық және ұйымдық шараларды қоса алғанда, жүйелі проблемаларды шешу жөнінде ұсыныстар қалыптастырылады.

Демек, заңдылықтың жай-күйін талдау жекелеген бұзушылықтарды анықтаумен немесе ақпаратты статистикалық тұрғыдан қорытумен шектелмейді. Оның мақсаты анықталған проблемалардың жүйелі сипатын, олардың туындау себептері мен жағдайларын, құқықтық құбылыстар арасындағы өзара байланыстарды және оларды жоюдың ықтимал бағыттарын белгілеуден де тұрады.

Дәл осы кезеңде түсіндірменің басында көрсетілген талдаудың жүйелік-құрылымдық сипаты неғұрлым толық көрініс табады. Заңдылықтың жай-күйін зерттеу құқық бұзушылықтар туралы қолда бар мәліметтерді бағалауды ғана емес, сондай-ақ олардың дамуындағы орнықты үрдістерді, бұзушылықтарға ықпал ететін типтік себептер мен жағдайларды анықтауды және құқықтық ахуалдағы ықтимал өзгерістерді айқындауды көздейді.

Қағидалардың 45-тармағында көзделген жағдайларда прокурор талдау барысында актінің қолданысын немесе лауазымды адамның әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге уақытша тоқтата тұруға құқылы. Мұндай өкілеттік қамтамасыз етуші және уақытша сипатқа ие әрі Қағидаларда белгіленген негіздер болған кезде қолданылады. Ол прокурорлық қадағалаудың немесе ден қоюдың қорытынды актісін қабылдауды алмастырмайды.

Конституциялық заңның 20-бабы талдау нәтижелерін тіркеудің міндетті нысанын – анықтаманы белгілейді. Оның мазмұны Қағидалардың 46-тармағында нақтыланған. Анықтамада талдаудың нысанасы мен кезеңі, анықталған мәліметтер, заңдылықтың жай-күйі туралы қорытындылар, құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайлары, сондай-ақ анықталған проблемалар мен заңнамадағы олқылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

Анықтаманы прокурорлық қадағалау және ден қою актілерінен ажырату қажет. Ол жүргізілген талдаудың нәтижелері тіркелетін және прокурордың кейінгі шешімі негізделетін қорытынды талдамалық құжат болып табылады, алайда өздігінен Конституциялық заңның 32-бабында көзделген прокуратура актілерінің жүйесіне жатпайды.

Егер талдау аяқталғаннан кейін бұзушылықтар анықталып, шешім қабылдау үшін тиісті органның немесе ұйымның ресми ұстанымы талап етілсе, Қағидалардың 46-тармағында анықтаманы осындай субъектіге танысу үшін жіберу көзделген. Анықтамаға қарсылықтар үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ұсынылуы мүмкін.

Талдаудың құқықтық салдары Қағидалардың 47-тармағында айқындалған. Анықталған мән-жайларға қарай прокурор прокурорлық қадағалау немесе ден қою актілерін енгізу, уәкілетті органдарды хабардар ету, материалдарды прокуратураның тиісті бөлімшесіне беру, уәкілетті мемлекеттік органға тексеру жүргізу туралы талап жіберу, прокурорлық тексеру жүргізу не заңнамада көзделген өзге де шараларды қолдану туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері Конституциялық заңның 32-бабы сақтала отырып енгізіледі, оның 2-тармағында мұндай актілерді заңдылықтың жай-күйін талдау нәтижелері бойынша енгізу мүмкіндігі тікелей көзделген. Осылайша, анықтама мен одан кейінгі актінің заңдық мақсаты әртүрлі: анықтама талдау нәтижелерін тіркейді, ал прокурордың тиісті актісі талдау нәтижелері бойынша қабылданған құқықтық шешімді іске асырады.

Егер қолда бар мәліметтер түпкілікті құқықтық қорытынды жасау үшін жеткіліксіз болса және тікелей субъектінің (объектінің) орналасқан жерінде іс-әрекеттер жүргізу қажет болса, Қағидалардың 47-тармағында жоғары қадағалаудың басқа дербес нысанына – заңдылықтың сақталуын тексеруге көшу мүмкіндігі көзделген.

Талдау нәтижелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органның тексеру жүргізуі туралы мәселе де қойылуы мүмкін. Тиісті талапты жіберу тәртібі Қағидалардың 48-тармағында нақтыланған.

Қағидалардың 47-тармағы 5) тармақшасында көзделген Бас Прокурордың алдында Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына және (немесе) Қазақстан Республикасының

Жоғарғы Сотына жүгіну туралы мәселені бастамашылық ету мүмкіндігі жеке құқықтық салдар болып табылады.

Конституциялық Сотқа жүгіну талдау барысында анықталған нормативтік реттеудің конституциялылығы мәселесімен Конституциялық Соттың құзыреті шегінде байланысты болуы мүмкін. Жоғарғы Сотқа жүгінудің мақсаты өзгеше және Конституциялық заңның 9-бабының 18) тармақшасында көзделген Бас Прокурордың сот практикасының мәселелері бойынша соттарға түсіндірмелер беру туралы ұсыныспен Жоғарғы Сотқа жүгіну өкілеттігін ескере отырып, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындауы мүмкін.

Осылайша, заңдылықтың жай-күйін талдау заңда белгіленген нысанасы, ақпарат алу тәсілі, рәсімі және құқықтық салдары бар жоғары қадағалаудың дербес нысаны болып табылады. Сонымен бірге оның мазмұны мәліметтерді жинаумен және қорытумен шектелмейді. Жүйелік-құрылымдық тәсілді қолдану заңдылықты бұзушылықтар арасындағы өзара байланыстарды анықтауға, олардың себептері мен жағдайларын белгілеуге, орнықты үрдістерді айқындауға және осы негізде заңда көзделген прокурорлық қызмет шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бұл тұрғыдан заңдылықтың жай-күйін талдау қадағалау және ақпараттық-талдамалық құрамдастарды ұштастырады: оны жүргізу заңдылықтың жай-күйін бағалауға, жүйелі проблемаларды анықтауға және прокурордың заңда берілген құзырет шегінде кейіннен шешім қабылдауы үшін құқықтық негіз қалыптастыруға бағытталған.

21-бап. Күшіне енген актілерді бағалау

1. Прокуратура күшіне енген актілерді бағалауды:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, олардың лауазымды адамдарының актілері мен шешімдерін;

2) меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардың актілері мен шешімдерін, егер бұл актілер мен шешімдер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға қарай өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, адамдардың шектелмеген тобына, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты мәселелер бойынша инвесторларға қатысты болса не жария сипатқа ие болса;

3) сот (судья) үкімдерін, шешімдерін, қаулыларын және өзге де актілерін, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді зерделеу арқылы жүргізеді.

2. Заңды күшіне енген сот актілерін бағалау Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағы жоғары қадағалаудың дербес нысанын – күшіне енген актілерді бағалауды бекітеді. Заңның өзіне сәйкес 21-бап объектілердің үш тобын қамтиды: Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, олардың лауазымды адамдарының актілері мен шешімдері; меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардың актілері мен шешімдері, егер бұл актілер мен шешімдер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға қарай өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, адамдардың шектелмеген тобына, сондай-ақ инвестициялық

жобаларды іске асыруға байланысты мәселелер бойынша инвесторларға қатысты болса не жария сипатқа ие болса; соттың (судьяның) үкімдері, шешімдері, қаулылары және өзге де актілері, сондай-ақ тиісті қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер. Конституциялық заңның өзі күшіне енген актілерді бағалауды заңдылықтың сақталуын тексерумен және заңдылықтың жай-күйін талдаумен қатар прокуратураның жоғары қадағалау нысандарына тікелей жатқызады.

Түсіндірме беріліп отырған баптың конституциялық негізі прокуратураның мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыруынан, сотта мемлекет мүддесін білдіруінен және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыруынан көрінеді.

Конституциялық заңның 21-бабының жалпы мәні прокурордың тексеру немесе жолданымды қарау нысанында бұрын анықталған бұзушылыққа ден қоюмен шектелмей, қабылданған және күшіне енген актілерді олардың заңдылығы, органның құзыреті, нысанының дұрыстығы, қабылдау рәсімдерінің сақталуы, нормативтік құқықтық актілер иерархиясына сәйкестігі және заңмен қорғалатын мүдделерді қозғауы тұрғысынан дербес зерделеу өкілеттігіне ие болуынан тұрады. Бұл әсіресе заңсыз актінің құқықтық салдары көбіне оны қабылдау кезінде емес, күшіне енгеннен және қолданылғаннан кейін туындай бастайтынына байланысты маңызды. Дәл сондықтан заң шығарушы актілерді бағалауды тексерулерді жалпы реттеу аясында қалдырмай, жеке бапта көздеген. Заңда тікелей көзделгендей, мұндай жұмыстың тәртібі Конституциялық заңның өзінде ғана емес, Бас Прокурордың актілерінде де егжей-тегжейлі айқындалады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін мемлекеттік органдардың актілерімен қатар бағалау нысанасына енгізу қазақстандық заң шығарушының неғұрлым кең тәсілін көрсетеді, оған сәйкес субъектінің формалды мәртебесі емес, ол қабылдаған шешімнің жария-құқықтық сипаты мәнге ие болады.

Бұл ретте прокурор 21-бапты іске асыра отырып, өз қалауынша емес, Конституциялық заңның 10-бабында бекітілген жалпы құзырет шегінде әрекет етеді. Қолжетімді ресми индекстелетін дереккөздерге сәйкес прокурор заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды және күшіне енген актілерді бағалауды жүргізуге; Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және Президентінің актілеріне қайшы келетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының құқықтық актілеріне наразылық білдіруге; сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдардың өз құқықтарын өз бетінше қорғай алмайтын адамдарға, кәмелетке толмағандарға, адамдардың шектелмеген тобына, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты мәселелер бойынша инвесторларға қатысты актілеріне наразылық білдіруге құқылы. Онда прокурордың қамтамасыз ету өкілеттіктері де көзделген: тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шараларды дереу алып тастауды талап етуге, заңда көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен заңсыз актінің қолданысын толық немесе ішінара тоқтата тұруға, материалдар мен құжаттарды талап етіп алдыруға, лауазымды және өзге де адамдарды түсініктеме алу үшін шақыруға құқылы. Осы өкілеттіктер Конституциялық заңның 21-бабын қолданудың құралдық негізін құрайды.

Конституциялық заңның 21-бабын түсіну үшін № 32 бұйрықтың ерекше маңызы бар, ол 2025 жылғы 6 сәуірдегі жағдай бойынша енгізілген өзгерістермен қолданылады. Осы бұйрықпен: Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау және жүргізу, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасау, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалау қағидалары; Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерінің

заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық; Сотта мемлекет мүдделерін білдіруді, азаматтық, әкімшілік, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағы күшіне енген актілерді бағалау нысанасын айқындайды. Оның құрылымы заң шығарушының актілерді нормативтік және жеке актілер деп формалды бөлумен ғана шектелмей, неғұрлым кең тәсілді негізге алатынын көрсетеді: құжаттың түрі ғана емес, оны қабылдаған субъект, мүдделері қозғалатын адамдар тобы және мұндай актінің құқықтық әсері де мәнге ие. Сондықтан бап бір мезгілде мемлекеттік органдардың жария-биліктік актілерін, әлеуметтік маңызы бар жағдайларда жеке-құқықтық сала ұйымдарының актілерін, сондай-ақ заңды күшіне енген сот актілерін қамтиды. Мұндай модель прокурорлық қадағалауды неғұрлым икемді етеді: ол мемлекеттік аппаратты бақылауға ғана емес, жария және квазижария биліктің жұмыс істеуінің жалпы режимі ретіндегі заңдылықты, ал жекелеген жағдайларда жеке субъектілердің әлеуметтік маңызы бар шешімдерінің заңдылығын қорғауға бағытталған.

Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, олардың лауазымды адамдарының актілері мен шешімдерін қамтиды. Мәні бойынша бұл жария органдардың актілері мен шешімдерінің Конституцияға, заңдарға және Президент актілеріне сәйкестігін прокурорлық қадағалаудың бұрынғы институтының қазіргі редакциясы болып табылады, алайда ол дәл «күшіне енген актілерді бағалау» нысанымен неғұрлым айқын байланыстырылған. Бұрынғы түсіндірмеде прокурор бағалау кезінде органның құзыретін, актінің нысанын, оның заңдық күші жоғары актілерге сәйкестігін, мемлекеттік тіркеу мен жариялау мәселелерін, сондай-ақ қажетті деректемелердің болуын зерттеуге тиіс екені

орынды атап өтілген. Бұл тәсіл қазіргі уақытта да өзекті, бірақ енді жаңа Конституциялық заң мен № 32 бұйрық тұрғысынан қолданылуға тиіс.

Прокурор Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы бойынша, біріншіден, органның немесе лауазымды адамның нақты актіні қабылдауға құзыретінің бар-жоғын; екіншіден, заңда белгіленген қабылдау рәсімінің сақталуын; үшіншіден, акт мазмұнының Конституцияға, конституциялық заңдарға, заңдарға, Президент актілеріне және заңдық күші жоғары өзге де актілерге сәйкестігін; төртіншіден, егер нормативтік құқықтық акт туралы сөз болса, құқықтық актілер туралы заңнама талаптарының сақталуын; бесіншіден, мұндай талаптар міндетті болған кезде мемлекеттік тіркеу мен ресми жариялау шарттарының болуын бағалайды. Практикада бұл, мысалы, әкімдік қаулысын, мәслихат шешімін, министрлік актісін немесе мекеменің ішкі әкімшілік актісін бағалау кезінде прокурордың «ол заңға қайшы келе ме?» деген мәселені ғана емес, «аталған органның осы актіні мұндай нысанда және осындай салдарлармен шығаруға жалпы өкілеттігі болды ма?» деген мәселені де қарауға тиіс екенін білдіреді. Мәселені бұлай қою мәтіндік қайшылықтарды жою ғана емес, заңдылықты қалпына келтіру тетігі ретіндегі прокурорлық қадағалаудың мақсатынан толық туындайды.

Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің енгізілуі ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл заң шығарушының олардың актілерін таза жеке шешімдер ретінде емес, мүліктің, функциялардың сипатына, бюджетпен байланысына және мемлекеттің басқарушылық ықпалына қарай жария мүдделерді қозғауға қабілетті шешімдер ретінде қарастыратынын көрсетеді. Демек, ұлттық компанияның, мемлекеттік қордың, еншілес ұйымның немесе өзге де квазимемлекеттік субъектінің актісі заң шегінен шықса, адресаттардың құқықтарын бұзса не заңсыз шектеулер туғызса, ол 21-бап тәртібімен бағалау объектісіне айналуы мүмкін. Бұл тәсіл квазимемлекеттік секторды түсіндіру

арқылы ғана қамтымай, заң мәтінінде тікелей атауымен бұрынғы реттеуден тұжырымдамалық тұрғыдан ерекшеленеді.

Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы бағалауды меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардың актілері мен шешімдеріне, егер бұл актілер мен шешімдер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға қарай өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, адамдардың шектелмеген тобына, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты мәселелер бойынша инвесторларға қатысты болса не жария сипатқа ие болса, қолданады. Бұрынғы заңмен салыстырғанда бұл реттеу неғұрлым кең әрі әлеуметтік тұрғыдан дәлірек болды. Егер бұрын негізінен адамдардың шектелмеген тобы мен жария сипатқа баса назар аударылса, қолданыстағы редакция мемлекеттің ерекше қорғауын қажет ететін осал санаттағы адамдарды қосымша тікелей бөліп көрсетеді.

Қолданыстағы № 32 бұйрық [132] осы санаттардың мазмұнын ашуға көмектеседі. Қағидаларда физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға қарай өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға мүмкіндіктері шектеулі адамдар, өмірлік қиын жағдайда жүрген және арнаулы ұйымдар мен мекемелердегі адамдар, психикасының және мінез-құлқының бұзылушылығы бар адамдар, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар және өз құқықтарын өз бетінше қорғауға объективті түрде қабілетсіз өзге де адамдар жататыны тікелей көрсетілген. Онда кәмелетке толмағандар деп он сегіз жасқа толмаған адамдар, оның ішінде жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар және арнаулы ұйымдардағы балалар түсінілетіні де түсіндіріледі. Адамдардың шектелмеген тобы деп жеке-дара айқындалмаған адамдар тобы

[132] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031753

немесе қатысушыларының сандық құрамын алдын ала айқындау мүмкін емес не қиын болатын құқықтық қатынастарға қатысушылардың көптігі түсініледі. Осы заңнамалық және ведомстволық бағдарлар 2) тармақшаны түсіндіру кезінде пайдаланылуға тиіс, өйткені олар жеке ұйымның әлеуметтік маңызы бар актісін 21-бап бойынша прокурорлық бағалау аясынан тыс қалатын актіден ажыратуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2) тармақшаны қолдану кезінде инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты мәселелер бойынша инвесторларды қорғау да ескерілуге тиіс.

Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағының 2) тармақшасындағы «не жария сипатқа ие болса» деген сөздер дербес мәнге ие және адамдардың шектелмеген тобы санатына ғана тірелмейді. Шешімнің жария сипаты актінің іс жүзінде әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметке қол жеткізуді реттеуінен, адамдардың қалың тобы үшін міндетті шарттарды белгілеуінен, білім беру, денсаулық сақтау, коммуналдық көрсетілетін қызметтер, тасымалдау, мекемелерде ұстау, еңбекті қорғау немесе жеке ұйым қоғамдық маңызы бар мүдделерді іс жүзінде қозғайтын өзге де салаларға әсер етуінен көрінуі мүмкін. Демек, мүдделері қозғалатын адамдардың сандық құрамы формалды түрде айқындалғанымен, акт өзінің табиғаты бойынша қоғамдық маңызы бар қатынастарға ықпал етсе, прокурор оны бағалау туралы мәселені қарауға құқылы. Мұндай түсіндіру 21-баптың мақсатына – іс жүзінде осал немесе қоғамдық маңызы бар мүдделер қозғалатын жерде ұйымның формалды түрде жеке мәртебесінің прокурорлық ден қоюды болғызбауына жол бермеуге сәйкес келеді.

Конституциялық заңның 21-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы бағалау нысанасына соттың (судьяның) үкімдерін, шешімдерін, қаулыларын және өзге де актілерін, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді жатқызады. Осылайша, заң сот актісінің мәтінін формалды бағалауға ғана емес, тиісті істі процестік материалдардың жиынтығы ретінде зерделеуге де тікелей жол береді. Бұл маңызды,

өйткені сот актісінің заңдылығын іс материалдарының, процестік мерзімдердің, қатысушылар құрамының, дәлелдемелер мазмұнының және процестік кепілдіктердің сақталуының аясынан тыс бағалау көбіне мүмкін емес. 21-баптың сот актілеріне қатысты бөлігінің билік органдары мен ұйымдардың актілерін бағалаудан түбегейлі айырмашылығы осыдан көрінеді: бірінші топта прокурор көбіне құқықтық актіні биліктік ерік білдірудің нәтижесі ретінде бағаласа, екіншісінде нақты іс материалдары бойынша оның сотта қалыптасу процесін де бағалайды.

Конституциялық заңның 21-бабы 2-тармағында заңды күшіне енген сот актілерін бағалау қылмыстық-процестік заңнамада, азаматтық процестік заңнамада, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада және әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асырылатыны белгіленген. Бұл норманың мәні қадағалаудың жалпы конституциялық-заңнамалық негізі мен оны іске асырудың арнаулы процестік нысандарының аражігін ажыратудан тұрады. Басқаша айтқанда, Конституциялық заңның өзі прокуратураға заңды күшіне енген сот актілерін бағалау құқығы мен міндетін береді, ал ден қоюдың нақты процестік тәсілдері, мерзімдері, өтініштер нысандары және қайта қарау шектері тиісті кодекстерде айқындалады.

Азаматтық процесс үшін бұл әсіресе айқын көрінеді. Ресми индекстелетін дереккөздерге сәйкес АПК-нің 54-бабында азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына жоғары қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей өзі де, өзіне бағыныста прокурорлар арқылы да жүзеге асыратыны; мемлекет мүдделерін қозғайтын, қоғамдық мүдделерді немесе өзін-өзі дербес қорғай алмайтын азаматтарды қорғау талап етілетін істер бойынша прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы міндетті екені; прокурордың тиісті санаттағы адамдар мен мүдделерді қорғау үшін сотқа талап қоюмен немесе арызбен жүгінуге құқылы екені бекітілген. 21-бап үшін бұл азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерін бағалаудың абстрактілі талдау емес, азаматтық сот ісін жүргізудің

процестік жүйесіне кіріктірілгенін және прокурордың іске қатысу, өтінішхаттар келтіру және жария мүддені қорғау жөніндегі өкілеттіктерімен байланысты екенін білдіреді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар саласында процестік нақтылау, атап айтқанда, прокурордың сот қаулысына апелляциялық өтінішхат келтіру құқығының болуынан көрінеді. Мұны ӘҚБтК-нің 830-бабы бойынша қолжетімді индекстелетін материалдар растайды. Демек, 21-бап заңды күшіне енген сот актілерін бағалау туралы айтқанда, ол прокурордың сот шешімінің күшін жоюының автономды «соттан тыс» тәсілін жасамайды, қайта процестік заңда көзделген сотта қайта қарау, наразылық білдіру, өтінішхат келтіру және прокурордың тиісті сатыға қатысу нысандарына сілтеме жасайды. Мұндай тәсіл сот тәуелсіздігі қағидатына және прокурордың сот билігін алмастырмай, процестік заңда белгіленген рәсімдер шеңберінде әрекет ететініне толық сәйкес келеді.

Қылмыстық процесс үшін 2-тармақтың мәні прокурордың заңды күшіне енген үкімдерді, қаулыларды және өзге де сот актілерін бағалауы қылмыстық-процестік қайта қарау рәсімдері ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс екенінен тұрады. Сонымен бірге қылмыстық-процестік заңнама жүйесінің өзі прокурордың сотқа дейінгі сатыдағы және сот сатыларындағы, оның ішінде процестік басшылықты, тергеп-тексеру органдары шешімдерінің заңдылығын тексеруді және айыптауға қатысуды қамтитын кең өкілеттіктерін бекітеді. Сондықтан қылмыстық салада заңды күшіне енген сот актісін бағалау прокурордың бұған дейінгі бүкіл процестік қызметінен және алдыңғы сатыларда үкімнің немесе қаулының мазмұнына ықпал еткен бұзушылықтарға жол берілді ме деген мәселеден алшақ қарастырыла алмайды. Бұл Конституциялық заңның 21-бабының 2-тармағын Конституциялық заң мен салалық процестік кодекстер арасындағы «көпір» нормаға айналдырады.

Практикалық тұрғыдан 2-тармақ әртүрлі қадағалау тетіктерінің қате араластырылуына жол бермейтінімен де маңызды. Мемлекеттік органның немесе ұйымның актісі наразылықтың, күшін жою туралы талаптың немесе қажет болған кезде тиісті процестік заңда

көзделген тәртіппен кейіннен сотқа жүгінудің объектісі бола алса, сот актісінің күшін прокурор тікелей әкімшілік тәртіппен жоя алмайды. Ол үшін әрқашан бейінді кодексте белгіленген процестік нысан талап етіледі. Сондықтан 21-бапқа түсіндірме дайындау кезінде мыналардың аражігін нақты ажырату қажет: 1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша прокурор мемлекеттік органдар мен ұйымдардың актілерін прокурорлық қадағалау актілерін енгізу мүмкіндігімен бағалайды, ал 3) тармақша бойынша 2-тармақпен жүйелі байланыста сот актілерін кейіннен сотта қайта қараудың процестік тетіктерін пайдалана отырып бағалайды.

Жалпы алғанда, қолданыстағы редакциядағы 21-бап жоғары қадағалаудың шектері мен нысандары туралы тараудың негізгі нормаларының бірі болып табылады. Ол негізінен актілердің Конституцияға, заңдарға және Президент актілеріне сәйкестігін қадағалауға баса назар аударылған бұрынғы заңның неғұрлым тар құрылымынан күшіне енген актілерді бағалау жария актілерді, инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты мәселелер бойынша инвесторлардың мүдделерін қадағалау нысанасына енгізуді ескере отырып, жеке ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар актілерін және заңды күшіне енген сот актілерін қамтитын прокурорлық қызметтің дербес нысаны ретінде көрінетін неғұрлым дамыған модельге көшуді бекітеді. Бұл ретте қадағалаудың осы нысанының мазмұны бүгінде Конституциялық заңның 10, 17 және 21-баптарымен, № 32 бұйрықпен [133] жүйелі байланыста, ал сот актілері бөлігінде тиісті процестік кодекстермен байланыста айқындалады. 21-бап қазіргі түсіндірмеде дәл осылай түсіндіріліп, қолданылуға тиіс.

Айта кету керек, Қазақстанның азаматтық және әкімшілік процесінде прокурордың қатысу нысаны мен негіздерінің процестік мәселелері қазіргі қазақстандық процестік ғылымда [134] тараптарды

[133] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031753

[134] Мысалы, қараңыз: Азаматтық және әкімшілік процестегі прокуратура қызметінің салыстырмалы-құқықтық талдауы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы (bullaw.enu.kz). URL: https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/download/68/46.

хабардар ету қағидаларында сақталып отырған айырмашылықтарға қатысты кеңінен талқылануда, бұл нақты іс бойынша прокурордың процестік мәртебесін айқындау кезінде практикалық маңызға ие.

22-бап. Сотта мемлекет мүддесін білдіру

1. Прокуратура органдары Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен сотта мемлекет мүддесін білдіреді.

2. Прокуратура органдары, егер құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамның және азаматтың құқықтарын, инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы мәселелер бойынша инвесторларды қорғау осыны талап етсе, сондай-ақ қоғамның немесе мемлекеттің Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қоюмен (арызбен) жүгінуге құқылы.

3. Заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат келтіру негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында айқындалады.

Түсіндірме беріліп отырған бап прокуратура қызметінің конституциялық маңызы бар бағыттарының бірі – сотта мемлекет мүддесін білдіруді бекітеді. Прокуратураның қолданыстағы моделінде бұл қосалқы емес, прокуратураның конституциялық мәртебесінен тікелей туындайтын жария-құқықтық қызметінің дербес бағыты болып табылады. 2026 жылғы 15 наурызда

бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында прокуратураның мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыратыны, сотта мемлекеттің мүддесін білдіретіні және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыратыны туралы ереже тікелей сақталған.

Өзінің мазмұны бойынша 22-бап прокурордың сот процесіне қатысу фактісінің өзін ғана емес, сондай-ақ мұндай қатысудың шектерін, негіздерін және процестік нысандарын да реттейді. Норма сілтемелік сипатта құрылған, өйткені ол әрбір сот ісін жүргізу түрінде прокурор әрекеттерінің процестік тәртібін егжей-тегжейлі сипаттамайды. Заң шығарушы прокуратураның конституциялық-құқықтық функциясын салалық процестік кодекстермен саналы түрде байланыстырады. Бұдан маңызды қорытынды туындайды: прокуратура органдары мемлекет мүддесін заңнан тыс, өз қалауы бойынша немесе өздерінің қарауы бойынша емес, ҚПК-де, АПК-де, ӘҚБтК-де және ӘРПК-де тікелей көзделген нысандарда, жағдайларда және процестік құралдармен ғана білдіреді. Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, мұндай негіздерге инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы мәселелер бойынша инвесторларды сот арқылы қорғау да тікелей жатқызылған.

Қазіргі заманғы заңнамада сотта мемлекет мүддесін білдіру өзара байланысты бірнеше блокты қамтиды. Біріншіден, бұл прокурордың қылмыстық процеске мемлекеттік айыптаушы және сот сатыларында жария мүдденің өкілі ретінде қатысуы. Екіншіден, бұл мемлекеттің, қоғамның немесе өз құқықтарын өз бетінше қорғай алмайтын адамдардың мүдделері қозғалатын істер бойынша прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы. Үшіншіден, бұл прокурордың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге қатысуы, оның ішінде қорытынды беруі, наразылықтар мен өтінішхаттар келтіруі, іс қозғауы және қаулылардың заңдылығын бақылауы. Төртіншіден, бұл прокурордың әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысуы, онда прокурор жария мүдделерді қорғау мақсатында талап

қоюға бастамашылық жасауға және сот актілеріне шағым жасауға құқылы.

Конституциялық заңның 22-бабы прокурордың қадағалау және ден қою актілерін енгізу, сотқа жүгіну, заңсыз актілерге наразылық білдіру, материалдар мен құжаттарды талап етіп алдыру және құзыреті шегінде процестерге қатысу жөніндегі өкілеттіктерін бекітетін 10-бабымен жүйелі байланыста түсіндірілуге тиіс. Ұйымдастырушылық тұрғыдан 22-бапты іске асыру қазіргі уақытта № 32 бұйрықпен [135] қамтамасыз етіледі, онымен Сотта мемлекет мүдделерін білдіруді, азаматтық, әкімшілік, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілген. Осылайша, қолданыстағы реттеу енді 2018 жылғы бұрынғы ведомстволық актілерге базалық дереккөз ретінде сүйенбейді, жаңартылған нормативтік базаға негізделеді.

Сотта мемлекет мүддесін білдіру доктриналық тұрғыдан азаматтық құқық мағынасындағы өкілдіктен түбегейлі ерекшеленеді. Прокурор өкілдік берушінің еркіне байланысты емес, татуласу келісімін жасасуға құқылы емес және мүддесі үшін талап қою формалды түрде берілген мемлекеттік органның нұсқауларын ұстануға міндетті емес. Доктриналық тұрғыдан бұл – мәртебесі сенім білдірушінің еркінен емес, тікелей заңнан туындайтын жария мүдденің дербес процестік тұлғасы[136].

Түсіндірме беріліп отырған баптың мәні прокурордың өз мүдделерін дербес қорғауға құқылы мемлекеттік органды алмастырмайтынын және кез келген арыз иесінің әмбебап өкілі болып табылмайтынын да білдіреді. Оның қатысуы қорғалатын мүдденің жария сипатымен, конституциялық құндылықтарды, мемлекеттің, қоғамның, әлеуметтік осал адамдардың мүдделерін,

[135] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы /https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031753

[136] Прокурордың жария мүдденің дербес процестік тұлғасы ретіндегі құрылымы ТМД елдерінің азаматтық процесс доктринасында орныққан; оның мәртебесі өкілдік берілетін адамның еркінен емес, заңнан туындайды.

сондай-ақ инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы мәселелер бойынша инвесторларды қорғау қажеттігімен шартталған.

Конституциялық заңның 22-бабы 1-тармағы жалпы қағиданы белгілейді: прокуратура органдары салалық процестік заңнамада көзделген негізде және тәртіппен сотта мемлекет мүддесін білдіреді. Бұл тұжырымның қағидаттық маңызы бар. Ол Конституциялық заңның 22-бабы функцияны және оның жалпы заңнамалық негізін айқындайтынын, ал прокурор қатысуының нақты процестік тетігі сот ісін жүргізудің әрбір түріне қатысты тиісті кодексте ашылатынын білдіреді.

Бұл ең алдымен қылмыстық процеске қатысты. Қылмыстық сот ісін жүргізуде прокурор мемлекет мүддесін, бірінші кезекте, мемлекеттік айыптауды қолдау арқылы білдіреді. Қолданыстағы ҚПК-де айыптаушы тарапқа қылмыстық қудалау органдары кіретіні, ал қылмыстық қудалау деп қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті және оны жасаған адамды анықтау, сондай-ақ мұндай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету мақсатында айыптаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет түсінілетіні бекітілген. Бұл жүйеде прокурор қадағалаушы субъект ретінде ғана емес, қылмыстық заңның дұрыс қолданылуындағы жария мүддені білдіретін сот сатысының тікелей қатысушысы ретінде де әрекет етеді.

Дәл сондықтан прокурордың қылмыстық процеске қатысуын сот жарыссөздерінде сөз сөйлеумен ғана шектеуге болмайды. Қылмыстық салада мемлекет мүддесін білдіру функциясы бірінші сатыдағы сотта айыптауды қолдауды, апелляциялық және кассациялық сатыларға қатысуды, өтінішхаттар мен ұсынулар келтіруді, айыптауды өзгертуді, оны қолдауға негіздер болмаған кезде айыптаудан толық немесе ішінара бас тартуды қамтиды. Осылайша, қылмыстық процесте мемлекет мүддесін білдіру тар мағынадағы айыптаушылық емес, құқық қорғаушылық-жария сипатқа ие: прокурор айыптау нәтижесіне өздігінен қол жеткізуге

емес, заңды және негізді сот шешімінің қабылдануына қол жеткізуге міндетті.

Азаматтық процесте Конституциялық заңның 22-бабының 1-тармағы ең алдымен АПК-нің 54-бабында нақтыланады. Оның мәні бойынша азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына жоғары қадағалауды мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей өзі де, өзіне бағынысты прокурорлар арқылы да жүзеге асырады. Бұдан басқа, мемлекет мүдделерін қозғайтын, қоғамдық мүдделерді немесе өздерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтарды қорғау талап етілетін істер бойынша, сондай-ақ прокурордың қатысу қажеттігін сот таныған кезде прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы міндетті. Демек, азаматтық сотта мемлекет мүддесін білдірудің екі негізгі нысаны бар: талап қою немесе арыз беру арқылы процесті бастау және қорытынды беру үшін қаралып жатқан іске кіру.

Азаматтық процестің маңызды ерекшелігі – прокурордың онда сенімхат бойынша тараптың әдеттегі өкілі ретінде әрекет етпеуі. Оның мәртебесі тікелей заңнан туындайды. Егер прокурор басқа адамды қорғау үшін талап қойса, ол заңда тікелей көзделген арнаулы жағдайларды қоспағанда, татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді және дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді жасасу құқығынан басқа, талап қоюшының процестік құқықтарын пайдаланады және міндеттерін атқарады. Мұндай тәсіл прокурордың даулы материалдық құқықтың иеленушісі болып табылмауымен, заңдылық пен қорғалатын жария немесе әлеуметтік мүдде үшін әрекет етуімен шартталған.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде Конституциялық заңның 22-бабының 1-тармағы ӘРПК ережелерімен байланыста қолданылуға тиіс. Онда прокурор әкімшілік процеске қатысушы ретінде тікелей аталған, сондай-ақ өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында оның сотқа талап қоюмен жүгіну құқығы көзделген. Бұл әкімшілік сотта прокурордың туындаған дауға ден қойып қана

қоймай, егер мұны жария мүдделер, азаматтардың құқықтары немесе әкімшілік органдар қызметіндегі заңдылық талап етсе, сот арқылы қорғауға бастамашылық жасауға да құқылы екенін білдіреді. Әкімшілік сот ісін жүргізуде соттың белсенді рөлін ескере отырып, әкімшілік органдар шешімдерінің заңдылығын сот арқылы бақылау және бұзылған жария теңгерімді қалпына келтіру қажет істерде прокурордың қатысуы ерекше мәнге ие болады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысты Конституциялық заңның 22-бабының 1-тармағы прокурордың мәртебесі мен іс жүргізу заңдылығын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерін айқындайтын ӘҚБтК нормалары арқылы іске асырылады. ӘҚБтК прокурордың әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысуын көздейді және оның өкілеттіктеріне, атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа талап қоюмен (арызбен) жүгінуді, наразылықтар мен өтінішхаттар келтіруді, уәкілетті органдарға жазбаша нұсқаулар беруді, қосымша тексеру жүргізуді талап етуді, заңда көзделген жағдайларда іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуды, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын тоқтата тұруды, әкімшілік ұстауға заңсыз тартылған адамды босатуды, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығаруды жатқызады. Демек, бұл салада мемлекет мүддесін білдіру айқын қадағалау-процестік сипатқа ие.

Осылайша, Конституциялық заңның 22-бабының 1-тармағы шеңберлік функция атқарады. Ол прокуратураның сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі конституциялық міндетін төрт саланың: қылмыстық, азаматтық, әкімшілік-деликтік және әкімшілік-сот ісін жүргізудің нақты процестік модельдерімен байланыстырады. Практикада бұл соттағы прокурор өкілеттіктерінің көлемі туралы кез келген мәселенің Конституциялық заңның 22-бабы бойынша ғана емес, тиісті кодекстің арнаулы нормасы бойынша да шешілуге тиіс екенін білдіреді.

Конституциялық заңның 22-бабының 2-тармағы прокуратура органдарының, егер құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамның және азаматтың құқықтарын, инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы мәселелер бойынша инвесторларды қорғау осыны талап етсе, сондай-ақ қоғамның немесе мемлекеттің Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қоюмен (арызбен) жүгіну құқығын бекітеді. Бұл 22-баптың негізгі нормаларының бірі, өйткені прокурордың сот арқылы белсенді араласуының негіздерін дәл осы норма айқындайды.

Бірінші негіз - өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамның және азаматтың құқықтарын қорғау. Бұл санат Заңмен, Бас Прокурордың ведомстволық қағидаларымен және АПК-нің тиісті нормаларымен жүйелі байланыста түсіндірілуге тиіс. Бұл адамның сот арқылы қорғануда қиындық көруінің кез келген жағдайы емес, жасына, денсаулық жағдайына, психикалық жай-күйіне, құқықтық жағдайына немесе өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын дербес қорғауға объективті түрде қабілетсіз болатын жағдайлар туралы. Мұндай санатқа әдетте кәмелетке толмағандар, жетім балалар, мүгедектігі бар адамдар, психикасының бұзылушылығы бар адамдар, әрекетке қабілетсіз және әрекет қабілеті шектеулі адамдар, сондай-ақ процесті өз бетінше бастау және жүргізу мүмкіндігінен объективті түрде айырылған өзге де азаматтар жатады. Екінші негіз – инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы мәселелер бойынша инвесторларды қорғау. Бұл санатты заң шығарушы 22-баптың 2-тармағына тікелей енгізген және прокурордың сот арқылы қорғау нысанын әлеуметтік және жария салаларда ғана емес, инвестициялық саладағы инвесторлардың заңды мүдделерін қорғау үшін соттың араласуы талап етілетін жағдайларда да пайдалануға құқылы екенін білдіреді.

Заң шығарушы дәл осындай адамдарды арнайы бөліп көрсетеді, өйткені мемлекет оларға қатысты құқықтық қорғаудың күшейтілген кепілдіктерін қамтамасыз етуге міндетті. Бұл жағдайда прокурор өз

қалауы бойынша баламалы өкіл ретінде емес, сот төрелігіне өз бетінше қол жеткізудің іс жүзіндегі мүмкін еместігін өтейтін жария қорғау субъектісі ретінде әрекет етеді. Осы себепті, егер құқықтарды қорғау шын мәнінде соттың дереу және белсенді араласуын талап етсе, прокурор мүдделі адамның өтінішінің болуына қарамастан сотқа жүгінуге құқылы. Инвесторларға қатысты прокурордың мұндай араласуы да жеке өкілдік емес, жария-құқықтық сипатқа ие және инвестициялар мен инвестициялық қызмет саласындағы заңдылықты қамтамасыз ету қажеттігімен шартталған.

Үшінші негіз – қоғамның немесе мемлекеттің Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделерін қорғау. Бұл тұжырым көлемі жағынан нақты адамның құқықтарын қорғаудан кеңірек. Ол бұзушылық жария мүддені, адамдардың айқындалмаған тобының мүдделерін, жария құқықтық қатынастардың тұрақтылығын, мемлекеттің бюджеттік және мүліктік мүдделерін, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор қызметіндегі заңдылықты қозғайтын жағдайларды қамтиды. Мұндай жағдайларда жеке-дара айқындалған жеке талап қоюшы болмағанымен, заңдылықты қалпына келтіру үшін соттың араласу қажеттігі айқын болған кезде прокурор талап қою немесе арыз беруге құқылы.

Азаматтық процесте 2-тармақтың мазмұны АПК-нің 54-бабының үшінші бөлігінде нақтыланады. Ол прокурорға өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдардың; адамдардың шектелмеген тобының; адамның өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптың алдын алу қажет болған кезде адамдардың, қоғам мен мемлекеттің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және мүдделерін қорғау үшін сотқа талап қоюмен немесе арызбен жүгінуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, АПК-нің қолданыстағы редакциясы прокурордың квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, ірі кәсіпкерлік субъектілерінің, оның ішінде мемлекеттік қолдау алған банктердің мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ мәмілелерді жарамсыз деп тануға, мүлікті талап етіп алдыруға және залалды өтеуге байланысты талап қоюлар бойынша арнаулы

өкілеттіктерін көздейді. Бұл 22-баптың 2-тармағын тар мағынада түсінуге болмайтынын көрсетеді: ол дәстүрлі әлеуметтік талап қоюларды ғана емес, егер мұны мемлекет мүдделері талап етсе, күрделі мүліктік және жария-экономикалық дауларды да қамтиды. Сонымен қатар Конституциялық заңның 22-бабының жаңа редакциясын ескере отырып, прокурор инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы мәселелер бойынша инвесторларды қорғау үшін де сотқа жүгінуге құқылы.

Прокурордың сотқа жүгіну құқығы анықталған кез келген бұзушылық бойынша сотқа жүгіну міндетін білдірмейтінін атап өткен жөн. Практикада прокурор мүддені қорғау дәл сот арқылы ден қою нысанын талап ете ме, әлде бұзушылық өзге құқықтық тәртіппен жойылуы мүмкін бе деген мәселені бағалайды. Егер бұзушылық тұрақты сипатта болса, елеулі жария мүддені қозғаса, уәкілетті органның әрекетсіздігімен немесе актіні, мәмілені, шешімді не әрекетті заңсыз деп тану қажеттігімен байланысты болса, сотқа жүгіну прокурорлық ден қоюдың неғұрлым барабар нысанына айналады. Бұл инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы мәселелер бойынша инвесторларды сот арқылы қорғау талап етілетін жағдайларға да толық көлемде қатысты.

Әкімшілік сот ісін жүргізу үшін 2-тармақтың маңызы ерекше. ӘРПК прокурордың өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында сотқа талап қоюмен жүгіну құқығын тікелей бекітеді. Әкімшілік органдар жария өкілеттіктердің елеулі көлеміне ие болатын жағдайда прокурордың талап қоюы олардың шешімдерінің, әрекеттерінің және әрекетсіздігінің заңдылығын сот арқылы бақылау құралына айналады. Бұл жерде прокурор сотқа өз бетінше жүгінуге қабілетсіз нақты адамды да, егер бұзушылық жүйелі немесе әлеуметтік маңызы бар сипатта болса, неғұрлым кең жария мүддені де қорғай алады.

Конституциялық заңның 22-бабының 2-тармағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер үшін де маңызды процестік мәнге ие. Осы санаттағы істерде прокурор талап қою нысанында емес, қадағалау-процестік өкілеттіктер арқылы жиі әрекет еткенімен,

ӘҚБтК жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында оның сотқа талап қоюмен (арызбен) жүгінуіне тікелей жол береді. Демек, Конституциялық заңның 22-бабының 2-тармағы әкімшілік-деликтік жағдайға байланысты неғұрлым кең жария мүддені дәл сот арқылы қорғау қажеттігі туындайтын жағдайларды да қамтиды.

Талап қою немесе арыз берген прокурордың процестік жағдайын бөлек атап өткен жөн. Азаматтық процесте ол талап қоюшының құқықтарын пайдаланады және міндеттерін атқарады, бірақ даулы материалдық құқықтың иеленушісі болмағандықтан татуласу келісімін жасасуға құқылы емес. Прокурордың басқа адамның мүддесі үшін берілген талап қоюдан бас тартуы заңда көзделген процестік талаптар орындалғаннан кейін осы адамды істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды. Осылайша, заң шығарушы прокурордың жария функциясы мен мүддесі үшін талап қойылған адамның диспозитивтік құқықтарының теңгерімін сақтайды.

Конституциялық заңның 22-бабының 3-тармағында заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат келтіру негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында айқындалатыны белгіленген. Бұл норма Конституциялық заңның 22-бабының жалпы құрылымын аяқтайды және сотта мемлекет мүддесін білдіру прокурордың істі мәні бойынша қарауға қатысуын және сотқа талап қоюмен жүгінуін ғана емес, сонымен қатар заңсыз немесе негізсіз сот актілеріне кейіннен процестік ден қоюды да қамтитынын көрсетеді.

Мәні бойынша Конституциялық заңның 22-бабының 3-тармағы прокурордың заңды күшіне енбеген сот актілерін жоғары тұрған сотта қайта қарауға бастамашылық жасау құқығын реттейді. Ден қоюдың мұндай нысаны ерекше маңызға ие, өйткені ол сот қатесін

акт түпкілікті сипат алып, тұрақты құқықтық салдарлар туғыза бастағанға дейін жоюға мүмкіндік береді. Дәл сондықтан заң шығарушы мемлекет мүддесін білдіруді бірінші сатыдағы сотқа қатысумен ғана емес, апелляциялық немесе өзге де процестік шағым жасау өкілеттігімен де байланыстырады.

Қылмыстық процесте бұл прокурордың заңды күшіне енбеген үкімдер мен өзге де сот шешімдеріне апелляциялық өтінішхат келтіруінен көрінеді. Егер прокурор сот актісі заңсыз, негізсіз немесе әділетсіз деген қорытындыға келсе, ол оны қайта қарау үшін берілген процестік құралдарды пайдалануға міндетті. Мұнда мемлекет мүддесін білдіру айыптау нәтижесін формалды қорғауды емес, оның ішінде ақталған адамның, сотталған адамның, жәбірленушінің және жария құқықтық тәртіптің мүддесі үшін заңды шешімге қол жеткізу міндетін білдіреді.

Азаматтық процесте Конституциялық заңның 22-бабының 3-тармағы АПК-нің апелляциялық және одан кейінгі шағым жасау туралы нормалары арқылы іске асырылады. Егер прокурор іске қатысса немесе іс заңмен қорғалатын мүдделерді қозғаса, ол заңды күшіне енбеген сот актісіне апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы. Бұл өкілеттік кәмелетке толмағандарды, әлеуметтік осал адамдарды, жария мүдделерді, мемлекеттің бюджеттік және мүліктік мүдделерін қорғауға байланысты істер бойынша ерекше маңызды. Мұндай істерде бірінші сатыдағы соттың қатесі елеулі құқықтық салдарларға алып келуі мүмкін, сондықтан прокурордың уақтылы ден қоюы мемлекет мүддесін білдіру функциясының жалғасы болып табылады.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде прокурордың сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат келтіру құқығы да жария мүддені сот арқылы қорғаудың элементі ретінде қарастырылуға тиіс. ӘРПК-нің 1-бабының үшінші бөлігін ескере отырып, егер ӘРПК-нің өзінде өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде АПК-нің ережелері қолданылады. Бұл әкімшілік істер бойынша прокурордың шағым жасауы ӘРПК-нің арнаулы нормалары мен азаматтық процестік заңнаманың субсидиарлық ережелерінің үйлесіміне

негізделетінін білдіреді. Практикалық тұрғыдан бұл прокурорға әкімшілік органдар актілері мен әрекеттерінің заңдылығын қозғайтын істер бойынша бірінші сатыдағы сот шешімдерінің тексерілуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуде 3-тармақ прокурордың заңды күшіне енбеген қаулыларға және өзге де актілерге апелляциялық өтінішхат не наразылық келтіру құқығын көздейтін ӘҚБтК нормаларымен сабақтасады. Прокурордың қатысуының бұл нысаны кәмелетке толмағандардың құқықтары қозғалатын, әкімшілік қамаққа алу қолданылатын, мүліктік құқықтар шектелетін не істі қарау рәсімінің елеулі бұзушылықтары орын алған істер бойынша ерекше маңызды. Мұндай жағдайларда прокурор қаулыны тексеру сатысының өзінде заңдылық пен сот бақылауының кепілі ретінде әрекет етеді.

Конституциялық заңның 22-бабының 3-тармағы неғұрлым терең мәнге де ие. Ол прокурордың сотта мемлекет мүддесін білдіруі нақты сот отырысына бір рет қатысумен аяқталмайтынын көрсетеді. Керісінше, бұл заңда айқындалған шектерде сот сатыларын қамтитын дәйекті процестік қызмет. Егер бірінші сатыда прокурор іске кірсе, қорытынды берсе, айыптауды қолдаса немесе талап қойса, шешім шығарылғаннан кейін ол сот актісінің заңдылығы мен негізділігін бағалауға және негіздер болған кезде оны қайта қарауға бастамашылық жасауға міндетті. Осылайша, 3-тармақ акт түпкілікті күшіне енгенге дейін сот ісін жүргізудің барлық сатыларында прокурорлық функцияның сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 22-бабы сотта мемлекет мүддесін білдірудің тұтас құқықтық құрылымын қалыптастырады. 1-тармақ тиісті өкілеттіктер салалық кодекстерде көзделген процестік нысандарда ғана іске асырылатыны туралы жалпы қағиданы бекітеді. 2-тармақ прокурорға өз құқықтарын өз бетінше қорғай алмайтын адамдарды, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау үшін сотқа белсенді түрде жүгіну құқығын береді. 3-тармақ прокурорлық функцияны заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта

қарау сатысына да қолдана отырып, осы құрылымды аяқтайды. Қолданыстағы редакцияда бұл модель инвестициялар және инвестициялық қызмет саласындағы мәселелер бойынша инвесторларды қорғау үшін прокурордың сотқа жүгіну мүмкіндігіне тікелей нұсқаумен толықтырылған.

Заң әдебиетінде прокуратураның функциясы «жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуден» тұрады деген тезис кең таралған. Қолданыстағы доктрина тұрғысынан бұл тұжырым толықтай дәл емес. Прокурордың міндеті – заңда көзделген негіздер болған кезде заңды қылмыстық қудалауды қамтамасыз ету және олар болмаған кезде оны тоқтату, айыптау нәтижесіне өздігінен қол жеткізу емес. Бұл мемлекеттік айыптаушының қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайлар анықталған кезде айыптаудан бас тарту міндетінен тікелей туындайды (ҚПК-нің 35-бабы).

Қылмыстық қудалау функциясы прокурорлық қадағалау жөніндегі оқу және монографиялық әдебиетте егжей-тегжейлі әзірленген[137], ал қазақстандық қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында прокурордың процестік өкілеттіктеріне, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттеріне байланысты өкілеттіктеріне қатысты мәселелер қазақстандық құқықтанушылардың зерттеулерінде қарастырылған[138].

23-бап. Қылмыстық қудалау

Прокуратура Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Конституциялық заңның 23-бабы прокуратураның дербес конституциялық функциясын – мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыруды бекітеді. Оның мазмұны Қазақстан

[137] Винокуров Ю.Е., Винокуров А.Ю. Прокурорлық қадағалау: оқулық — қылмыстық қудалау функциясы туралы бөлім. URL: https://urait.ru/book/prokurorskiy-nadzor-412812.
[138] Мыс., М.Ч. Когамовтың еңбектерін қараңыз (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының диссертациялық зерттеулер тізіліміндегі сілтемелер, URL: https://academy-rep.kz/uploads/2b90eb501a7521eb4c2650f2e522a2c6.pdf).

Республикасы Конституциясының 84-бабының 1-тармағымен тікелей байланысты, оған сәйкес прокуратура мемлекет атынан заңда белгіленген шектерде және нысандарда заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Түсіндірме беріліп отырған бап сілтемелік сипатқа ие: прокуратураның қылмыстық қудалауды жүзеге асыру негіздері, нысандары мен тәртібі қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамада айқындалады. Сондықтан Конституциялық заңның 23-бабы прокурордың дербес процестік өкілеттіктерін белгілемейді, оларды жүзеге асырудың конституциялық-құқықтық негізін бекітеді. Бұл функцияның нақты мазмұны, ең алдымен, ҚПК нормаларында ашылады.

ҚПК-нің 7-бабының 22) тармағына сәйкес қылмыстық қудалау (айыптау) – қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті және оны жасаған адамды, соңғысының қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігін анықтау мақсатында, сондай-ақ осындай адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдануды қамтамасыз ету үшін айыптаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет. ҚПК-нің 7-бабының 23) тармағы прокурорды тергеушімен, анықтау органымен және анықтаушымен қатар қылмыстық қудалау органдарына (лауазымды адамдарына) жатқызады. Осылайша, прокуратураның қылмыстық қудалауды жүзеге асыруы сотта мемлекеттік айыптауды қолдаумен шектелмейді және қылмыстық процестің әртүрлі сатыларында іске асырылады.

Бұл ретте қылмыстық қудалауды сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын прокурорлық қадағалаудан ажырату қажет. Бұлар – сотқа дейінгі сатыда бір субъект арқылы және өзара байланысты бірқатар өкілеттіктер көмегімен іске асырылатын прокуратура қызметінің дербес бағыттары. Мысалы, тергеп-тексеру органының заңсыз процестік шешімінің күшін жоя отырып, прокурор заңдылықты қадағалауды жүзеге асырады; ҚПК-де көзделген қылмыстық істің одан әрі жүргізілуі туралы шешім

қабылдағанда, қорытынды процестік құжатты бекіткенде немесе қылмыстық істі дербес тергеп-тексергенде, ол бір мезгілде қылмыстық қудалау функциясын іске асырады. Мұндай ұштасу сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурордың өкілеттіктерін реттейтін ҚПК-нің 193-бабынан тікелей туындайды.

Прокуратура жүйесіндегі осы жұмысты ұйымдастыру № 65 бұйрықпен [139] нақтыланған. Бұйрық Конституциялық заңның 9-бабының 15) тармақшасы негізінде қабылданған, ал онымен бекітілген Нұсқаулық прокуратура органдарының қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды жүзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, ҚПК-нің, Конституциялық заңның және өзге де заңнаманың қолданылуын нақтылайды.

Осылайша, ҚПК прокурордың процестік құзыретін белгілейді, ал № 65 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулық оны прокуратура органдары жүйесінде іске асырудың ұйымдастырушылық тетігін айқындайды. Ведомстволық акт қылмыстық қудалаудың қосымша негіздерін белгілей алмайды немесе прокурордың процестік өкілеттіктерін ҚПК шегінен тыс кеңейте алмайды.

Прокурордың қылмыстық қудалау саласындағы өкілеттіктерін іске асыруы қылмыстық процестің бастапқы кезеңінен-ақ басталады.

ҚПК-нің 193-бабына сәйкес прокурор қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды тіркеуге және оны қылмыстық қудалау органына беруге не заңда көзделген жағдайларда қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне қабылдауға құқылы. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламалар мен баянаттарды қабылдау және тіркеу заңдылығының сақталуын тексеру де оның құзыретіне жатады.

Бұл өкілеттіктердің практикалық маңызы қылмыстық процестің заңды басталуын қамтамасыз етуде. Прокурор мәліметтерді тіркеу

[139] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://prg.kz/document/?doc_id=33556520

тәртібінің, тергеулілік қағидаларының сақталуын және қылмыстық іс жүргізуді одан әрі жалғастыру үшін заңда көзделген негіздердің болуын анықтауға тиіс.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан қадағалаудың бұл бағыты да № 65 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулықпен реттеледі. Оның ережелері қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу мәселелерін реттейтін Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерімен өзара байланыста қолданылады.

Бұл ретте осы сатыдағы прокурор мен қылмыстық қудалау органдары әрекеттерінің немесе шешімдерінің заңсыздығы сот бақылауының нысанасы болуы мүмкін. ҚПК-нің 106-бабы тиісті әрекет, әрекетсіздік немесе шешім құқықтарына тікелей әсер еткен адамға тергеу судьясына жүгіну құқығын береді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысының 2026 жылғы 20 мамырдағы № 5 өзгерістер ескерілген қолданыстағы редакциясы осы тетікті, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы және өзге де процестік шешімдер кезінде заң бұзушылықтарға шағым жасауды қолдану тәртібін түсіндіреді.

Демек, прокурордың қылмыстық қудалауды жүзеге асыруы ішкі прокурорлық бақылаумен ғана емес, ҚПК-де көзделген процеске қатысушылардың құқықтарына тікелей әсер ететін әрекеттер мен шешімдерді сот арқылы тексеру мүмкіндігімен де қатар жүреді.

Прокурордың сотқа дейінгі сатыдағы процестік құзыретінің негізгі көлемі ҚПК-нің 193-бабында шоғырланған.

Прокурор Кодексте көзделген өкілеттіктер шегінде процестік әрекеттерді жүргізу туралы жазбаша нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның шешімдерін келісуге және бекітуге, қылмыстық істер мен материалдарды талап етіп алдыруға, заңсыз қаулылардың күшін жоюға, тергеулілік мәселелерін шешуге, қылмыстық қудалауды тоқтатуға, істі қосымша

тергеп-тексеру үшін қайтаруға, тергеу судьясының сот отырыстарына қатысуға, сондай-ақ ҚПК-де тікелей көзделген өзге де шешімдерді қабылдауға құқылы.

Көрсетілген өкілеттіктерді олардың нақты процестік мақсатын негізге ала отырып қолдану қажет. Мысалы, прокурордың жазбаша нұсқауы тергеушіге әкімшілік басшылық жасау тәсілі болып табылмайды. Оның міндеттілігі прокурордың процестік мәртебесімен шартталған және ҚПК-де оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ғана іске асырылуға тиіс.

Жоғарғы Сот 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысында [140] (бұдан әрі – Жоғарғы Соттың № 3 нормативтік қаулысы) прокурордың тиісті шешімдерінің құқықтық маңызын түсіндіреді. Қолданыстағы редакцияның 23-тармағында прокурордың тергеушінің немесе анықтаушының жекелеген шешімдерінің күшін жоюы, сондай-ақ мән-жайларды анықтаудың толық болмауына немесе заң талаптарының сақталмауына байланысты жазбаша нұсқаулар беруі сотқа дейінгі іс жүргізудің заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталатыны; бұл ретте оларды қабылдау кезінде жол берілген құқықтар мен заңды мүдделердің бұзылуы жойылуға жататыны көрсетілген.

Мұндай тәсіл прокурордың тергеп-тексеру органының процестік қызметіне негізсіз араласуын да, заң бұзушылық анықталған кезде прокурордың өзіне заңмен берілген өкілеттіктерді қолданудан бас тартуын да болғызбайды.

Қылмыстық қудалау тек айыптаушылық бағытқа ие емес.

ҚПК-нің 35 және 36-баптарында қылмыстық қудалауды болғызбайтын не оны одан әрі жүзеге асырудан бас тартуға мүмкіндік беретін мән-жайлар көзделген. Заңда көзделген негіз болған кезде прокурор өз құзыреті шегінде тиісті шешімді қабылдауға міндетті немесе құқылы. Сот талқылауында мемлекеттік айыптаушы қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайларды анықтаған кезде айыптаудан бас тартуға міндетті.

140

Сондықтан прокурордың қылмыстық қудалауды толық көлемде не нақты адамға қатысты тоқтату құқығы қылмыстық қудалау функциясынан ерекшелік емес, оны іске асырудың заңды тәсілдерінің бірі болып табылады. Егер қылмыстық және қылмыстық-процестік заңда көзделген қудалау негіздері болмаса, айыптау қызметін жалғастыруға жол берілмейді.

Осы тұрғыдан прокуратура функциясы бір мезгілде «жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуден» тұрады деген тезис түзетуді қажет етеді. Заңдық тұрғыдан заңда көзделген негіздер болған кезде адамды заңды қылмыстық қудалауды қамтамасыз ету және мұндай негіздер болмаған кезде қудалауды тоқтату туралы айтқан дұрысырақ.

Конституциялық заңның 23-бабы прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тікелей жүзеге асыратын жағдайларды да қамтиды.

ҚПК-нің 193-бабы заңда көзделген жағдайларда прокурордың қылмыстық істі өзінің іс жүргізуіне қабылдау мүмкіндігін көздейді. Бұдан басқа, ҚПК тергеп-тексерілуі тікелей прокурордың құзыретіне жатқызылған қылмыстық істер санаттарын белгілейді.

Прокуратура органдарында дербес тергеп-тексеруді ұйымдастыру қосымша түрде № 49 бұйрықпен[141] реттеледі. Бұл актіні № 65 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулықпен бірге қолдану қажет: № 49 бұйрық прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тікелей жүзеге асыруын ұйымдастыруды, ал № 65 бұйрық қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыруды реттейді.

Дербес тергеп-тексеру кезінде прокурор ҚПК-де тиісті тергеп-тексеру субъектісі үшін көзделген процестік өкілеттіктерге ие болады, бірақ сонымен бірге заңдылықтың конституциялық талаптары мен процеске қатысушылар құқықтарының кепілдіктерін сақтауға міндетті.

[141] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 49 «Прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/documents/details/416835?lang=ru

Заңнамада арнайы тәртіп белгіленген азаптаулар туралы қылмыстық істерді тергеп-тексерудің ерекше маңызы бар. Мұндай тетік, ең алдымен, мемлекеттік мәжбүрлеудің ықтимал заңсыз қолданылуымен тікелей байланысты іс-әрекеттер бойынша тергеп-тексерудің процестік тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қылмыстық қудалау адамның конституциялық құқықтарын елеулі түрде шектеуі мүмкін шаралар мен процестік әрекеттерді қолданумен байланысты. Сондықтан прокурордың осы саладағы құзыреті тергеу судьясының өкілеттіктерімен бірге қарастырылуға тиіс.

Прокурорда қылмыстық қудалау функциясының болуы оған ҚПК айрықша сот құзыретіне жатқызған мәселелерді өз бетінше шешу құқығын бермейді.

Бұл арақатынас Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысында арнайы конституциялық түсіндірме алды. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты сотқа дейінгі іс жүргізуде прокуратураның, қылмыстық қудалау органдарының және соттың функцияларын ажыратып, адамның конституциялық құқықтарына әсер ететін мәселелерді шешу кезіндегі сот бақылауының дербестігін растады.

Конституциялық заңның 23-бабын қолдану үшін бұл прокурордың процестік басшылықты және қылмыстық қудалауды тергеу судьясының құзыретін алмастырмайтын шектерде жүзеге асыратынын білдіреді. ҚПК сот санкциясын талап ететін жағдайларда прокурордың ұстанымы немесе келісімі сот шешімін алмастырмайды.

Өз кезегінде, Жоғарғы Соттың № 3 нормативтік қаулысы[142] ҚПК-нің 106-бабында көзделген тәртіппен прокурор мен қылмыстық қудалау органдарының заңсыз әрекеттері мен шешімдерінен сот арқылы қорғану тетігін бекітеді.

[142] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/rus/docs/P120000003S

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде прокурор ҚПК-де белгіленген қылмыстық сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі туралы талапты ескеруге міндетті.

Тергеп-тексерудің созылуы күдіктінің процестік мәртебесін, процестік мәжбүрлеу шараларының қолданылуын, мүлікке қойылған шектеулерді және өзге де заңдық салдарларды ұзақ уақыт сақтауы мүмкін. Сондықтан ҚПК-нің 193-бабында көзделген прокурордың ақылға қонымды мерзімдерді белгілеу және негізсіз сөзбұйдаға ден қою жөніндегі өкілеттіктері қылмыстық қудалаудың заңдылығын қамтамасыз етудің бір бөлігі болып табылады.

№ 65 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулық [143] прокурордың уақтылы ден қоюын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық тетігі ретінде қолданылуға тиіс: тергеп-тексеру мерзімдері дербес емес, қылмыстық істің күрделілігімен, қажетті процестік әрекеттердің көлемімен және қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын сақтаумен жиынтықта бағаланады.

Аяқталған қылмыстық іс келіп түскеннен кейін прокурор тергеп-тексеру нәтижелеріне дербес құқықтық баға береді.

Бұл кезеңде дәлелдемелердің жеткіліктілігі мен жол берілетіндігі, қылмыстық-құқықтық саралаудың дұрыстығы, процеске қатысушылар құқықтарының сақталуы, қолданылған мәжбүрлеу шараларының заңдылығы және қорытынды процестік құжаттың ҚПК талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Мұндай тексеру нәтижелері бойынша прокурор Кодексте тікелей көзделген шешімдердің бірін қабылдайды: тиісті қорытынды құжатты бекітеді не жасайды, істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтарады, қылмыстық қудалауды толық немесе ішінара тоқтатады не заңда белгіленген өзге де шешімді қабылдайды.

Демек, істі сотқа жіберу материалдарды техникалық түрде беру болып табылмайды. Ол прокурордың тағылған айыптауды сотта

[143] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://prg.kz/document/?doc_id=33556520

қарау үшін заңда көзделген негіздердің болуы туралы алдын ала дербес қорытындысын болжайды.

Сонымен бірге прокурордың бұл қорытындысы кінәлілік туралы мәселені алдын ала шешпейді. Сот төрелігін жүзеге асырудың конституциялық қағидатына сәйкес сотталушының кінәлілігі және қылмыстық жазаны қолдану туралы мәселені түпкілікті шешуге тек сот құқылы.

Қылмыстық қудалаудың соттағы нысаны мемлекеттік айыптауды қолдау арқылы іске асырылады.

Мемлекеттік айыптаушы тағылған айыптау бойынша мемлекеттің жария ұстанымын білдіреді, дәлелдемелерді зерттейді, өтінішхаттар мәлімдейді, іс-әрекетті саралау, істің мән-жайлары және қылмыстық заңды қолдану туралы пікірін білдіреді.

Бұл ретте мемлекеттік айыптаушы сот тергеуінің нәтижелеріне қарамастан айыптауды қолдау міндетімен байланысты емес. Егер сот отырысында ҚПК-нің 35-бабында көзделген қылмыстық қудалауды болғызбайтын мән-жайлар анықталса, прокурор айыптаудан бас тартуға міндетті. ҚПК-нің 36-бабында көзделген мән-жайлар болған кезде ол заңда белгіленген тәртіппен одан әрі қылмыстық қудалаудан бас тартуға құқылы.

Бұл норма Конституциялық заңның 23-бабын түсіндіру үшін қағидаттық маңызға ие: мемлекеттік айыптау оның заңды фактілік және құқықтық негіздері сақталғанға дейін ғана қолдау табады.

Сондықтан соттағы прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының өкілі болып табылмайды және оның тұжырымдарын қайталауға міндетті емес. Ол мемлекетті білдіреді және дәлелдемелерді сотта зерттеу нәтижелері мен қылмыстық заң талаптарын негізге ала отырып, процестік ұстанымын қалыптастырады.

Прокурордың өкілеттіктері іс бірінші сатыдағы сотта қаралғаннан кейін де ҚПК-де көзделген процестік нысандарда сақталады.

Егер сот актісі қайта қаралуға жатса, прокурор заңда белгіленген негіздер болған кезде тиісті процестік өкілеттігін іске

асыруға құқылы. Алайда бұл өкілеттіктер прокуратураның сот актісінің күшін өз бетінше жою немесе оны өзгерту құқығын білдірмейді: түпкілікті шешімді тиісті сот қабылдайды.

Кассациялық іс жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2025 жылғы 29 мамырдағы № 1 «Қылмыстық істерді кассациялық тәртіппен қарауды регламенттейтін заңнаманы қолдану туралы» нормативтік қаулысының маңызы зор, ол 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылады. Онда ҚПК-нің кассациялық қайта қарау туралы нормаларын, оның ішінде Бас Прокурордың және өзге де уәкілетті субъектілердің процестік жолданымдарына қатысты қолдану тәртібі түсіндіріледі.

Бұл ретте прокурордың бастамасы бойынша сот актісін қайта қарауды айыптауды қандай да бір жолмен жалғастыру ретінде емес, процеске кез келген қатысушының жағдайын нашарлататын немесе негізсіз шектейтін қатені қоса алғанда, елеулі сот қатесін жоюдың заңда көзделген тәсілі ретінде қарастырған жөн.

Конституциялық заңның 23-бабы қылмыстық процесс кепілдіктерінің жүйесінде қолданылуға тиіс.

Біріншіден, прокурор кінәсіздік презумпциясын басшылыққа алуға міндетті және адамның кінәлілігі заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленгенге дейін оның кінәлілігі туралы болжамға сүйенуге құқылы емес.

Екіншіден, заңда белгіленген тәртіпті бұза отырып алынған дәлелдемелер ҚПК-нің олардың жол берілетіндігі туралы талаптары ескеріле отырып бағаланады. Прокурор процестік шешімдерін пайдалануға заңмен тыйым салынған дәлелдемелерге негіздеуге құқылы емес.

Үшіншіден, қорғалу құқығы, процестік шешімдерге сот тәртібімен шағым жасау құқығы және ҚПК-де белгіленген күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің және қылмыстық процеске басқа да қатысушылардың өзге кепілдіктері сақталуға тиіс.

Төртіншіден, егер тиісті негіздер қадағалау барысында немесе тікелей қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде анықталса,

прокурор заңсыз қылмыстық қудалауды тоқтату және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Осы тұрғыдан прокурордың құқықтық мәртебесі тек айыптаушы тараптың жағдайынан ерекшеленеді: жария қылмыстық қудалау тергеп-тексеру органының ведомстволық мүддесі үшін емес, заң шегінде және мемлекет атынан жүзеге асырылады.

№ 65 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулық [144] Конституциялық заңның 23-бабын қолдану үшін арнайы ұйымдастырушылық маңызға ие.

Ол прокуратура органдарының қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауға бірыңғай тәсілін қамтамасыз етеді және сотқа дейінгі іс жүргізудің әртүрлі кезеңдеріне қатысты прокурорлық жұмысты ұйымдастыруды нақтылайды. Бұл ретте оның ережелері оқшауланған түрде емес, ҚПК-мен, Конституциялық заңмен және қылмыстық-процестік қызметтің жекелеген бағыттарын реттейтін Бас Прокурордың басқа да актілерімен бірге қолданылады.

Мұндай актілерге, атап айтқанда, прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру туралы № 49 бұйрық[145], қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды қабылдау және тіркеу және СДТБТ жүргізу тәртібі туралы актілер, сондай-ақ қылмыстық жазаларды орындау және арнайы есепке алу мәселелері жөніндегі ведомстволық реттеу жатады.

Демек, № 65 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулық прокурордың процестік өкілеттіктерінің қосымша көзі ретінде қарастырылмауға тиіс. Оның мақсаты – заңнамада бұрыннан белгіленген өкілеттіктердің тиісінше қолданылуын ұйымдастыру, прокурорлардың жауапкершілігін ажырату және қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалаудың біркелкі практикасын қамтамасыз ету.

---

[144] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://prg.kz/document/?doc_id=33556520

[145] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 49 «Прокуратура органдарында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror/documents/details/416835?lang=ru

24-бап. Жолданымдарды қарау

1. Прокуратура органдары жолданымдарды:

1) егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмаса, адамның және азаматтың, кәмелетке толмаған адамдардың, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін;

2) адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер жатқызылған уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе не мұндай орган болмаған жағдайларда;

3) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, инвесторлардың қызметіне араласу фактілері бойынша олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін;

4) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қатерді болғызбау мақсатында;

5) жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін заңдылықтың бұзылу фактілері бойынша;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары бойынша;

7) Бас Прокурордың тапсырмалары бойынша қарайды.

2. Прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосы мен оның аумақтық және оларға теңестірілген органдары жолданымдарды осы Конституциялық заңның 11-бабында және

Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген құзырет шеңберінде қарайды.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жолданымды қарау мерзімі ол прокуратура органдарына келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнін құрайды.

4. Жолданымды дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, мекемелерден, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардан ақпарат алу қажет болған жағдайларда жолданымды қарау мерзімі прокуратура органы басшысының не оның орынбасарының уәжді шешімімен ақылға қонымды, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Жолданым бойынша заңдылықтың сақталуын тексеру тағайындалған жағдайда қарау мерзімдері оны жүргізу мерзімі ескеріле отырып айқындалады. Жолданым иесіне аралық жауап жіберіледі. Түпкілікті жауап жолданым иесіне тексеру нәтижелері бойынша ол аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде хабарланады.

5. Жолданымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жолданым иесіне мерзім ұзартылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады.

6. Иесі бүркемеленген жолданымда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы не ұлттық, оның ішінде қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатер туралы мәліметтер қамтылған жағдайларды қоспағанда, мұндай жолданымдар прокуратура органдарында қаралуға жатпайды.

7. Жолданымға берілетін жауап жолданым иесіне оның қабылданған шешімге шағым беру құқығы түсіндіріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасалып, мемлекеттік тілде немесе жолданым берілген тілде мазмұны жағынан негізделген және уәжделген болуға тиіс.

8. Егер қайта берілген жолданымдарда жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілмесе, ал алдыңғы жолданымның материалдары бойынша жолданым иесіне белгіленген тәртіппен жауаптар берілсе, жолданымдарды қарау тоқтатылады.

9. Осы баптың талаптары қаралу тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметі салаларындағы заңнамасында, Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасында белгіленген жолданымдарға қолданылмайды.

Конституциялық заңның 24-бабы прокуратура органдарының жолданымдарды қарау жөніндегі құзыретін айқындайды, оларды қараудың негіздерін, мерзімдерін, жауапқа қойылатын талаптарды, анонимдік және қайталама жолданымдарды қараудың ерекшеліктерін белгілейді, сондай-ақ жолданымдарды қараудың жалпы және арнаулы тәртіптерін ажыратады.

Түсініктеме беріліп отырған баптың ережелерін мемлекеттік органдарға жүгінуге конституциялық құқықпен, прокуратураның мақсаты мен өкілеттіктері туралы Конституциялық заңның жалпы ережелерімен, әкімшілік рәсімдер туралы заңнамамен, ал Конституциялық заңның 24-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларда тиісті салалық заңнамамен өзара байланыста қарастырған жөн.

Прокуратура органдарының жолданымдармен жұмыс істеу тәртібін ведомстволық нақтылау № 29 бұйрықта көзделген [146] .

[146] «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің жолданымдарын қарау мен оларды жеке қабылдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 29 бұйрығы.

Сонымен бірге жолданымды қарау және прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру құқықтық табиғаты жағынан өзара байланысты, бірақ әртүрлі қызмет түрлері болып табылады. Егер жолданымда қамтылған мәліметтер қадағалау өкілеттіктерін қолдану қажеттігін туындатса, прокурордың тиісті әрекеттері Конституциялық заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде, оның ішінде № 32 бұйрықпен бекітілген Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізуді, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалауды тағайындау және жүргізу қағидаларында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады[147].

Конституциялық заңның 24-бабының 1-тармағында жолданымдарды прокуратура органдары қарауға тиіс жағдайлардың түпкілікті тізбесі белгіленген. Осылайша, заң шығарушы прокуратураның аталған саладағы құзыретінің шектерін айқындайды және жолданымда заңның бұзылғаны туралы дәлелдердің болуының өзі негізінде оны қарау мүмкіндігін болғызбайды. Жолданымды қарауға қабылдау үшін осы тармақта көзделген негіздердің бірі болуға тиіс.

Конституциялық заңның 24-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдардың, кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ адамдардың шектелмеген тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін жолданымдарды қарау көзделген.

Бұл норма құқықтық қорғау құралдарын өз бетінше іске асыруы объективті түрде қиындатылған немесе мүмкін емес адамдарға қатысты прокуратура қызметінің құқық қорғауға бағытталуын нақтылайды. Тиісті санаттар Бас Прокурордың ведомстволық актілерінде нақтыланған.

Адамдардың шектелмеген тобының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау дербес негіз болып табылады. Бұл жағдайда

[147] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы.

қорғау нысанасы нақты бір арыз иесімен дараланбайды, ол жеке құрамы алдын ала айқындалмаған не түпкілікті белгіленуі мүмкін емес адамдар тобына қатысты болады. Бұл норманың практикалық маңызы адамдардың белгісіз санына ортақ, заңмен қорғалатын мүддені қозғайтын заңдылықты бұзушылықтарға прокурорлық ден қою мүмкіндігінде көрінеді.

Конституциялық заңның 24-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын қолдану кезінде жолданымды ақпаратты алу және құқықтық бағалау тәсілі ретінде қарау мен прокурордың одан кейін қадағалау өкілеттіктерін жүзеге асыруын ажырату қажет. Жолданымның болуының өзі прокурорлық қадағалаудың немесе ден қоюдың нақты шарасын қолдануды алдын ала айқындамайды. Мұндай ден қоюдың негіздері мен нысандары Конституциялық заңда және тиісті нормативтік құқықтық актілерде белгіленеді.

Конституциялық заңның 24-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, егер адамның, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер жатқызылған уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе не мұндай орган болмаған жағдайларда, оларды қорғау және қалпына келтіру үшін жолданымдарды қарау көзделген.

Бұл ереженің мазмұны прокуратураның аталған санаттағы жолданымдарды қарауының субсидиарлық сипатын көрсетеді. Тиісті мәселені шешу жөніндегі бастапқы құзырет заңмен осындай өкілеттік берілген мемлекеттік органда сақталады. Прокуратураның құзыреті түсініктеме беріліп отырған нормада көзделген шарт болған кезде, яғни құқықтар мен заңды мүдделерді қорғауды уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе не тиісті уәкілетті орган болмаған жағдайда туындайды.

Мұндай реттеу Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағымен тікелей байланысты, оған сәйкес прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге де мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды. Демек, прокуратураның жолданымды қарауы мемлекеттік органдар арасында заңнамада белгіленген құзыреттердің бөлінуін өзгертпейді

және прокурордың заңмен басқа органның айрықша құзыретіне жатқызылған шешімдерді қабылдауына алып келмейді.

Конституциялық заңның 24-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, ұйымдардың меншік иелері, сондай-ақ оларда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласу фактілері бойынша олардың жолданымдарын және инвестициялық қызмет мәселелері бойынша инвесторлардың жолданымдарын қараудың арнаулы негізі белгіленген.

Аталған жолданымдардың дербес санатқа бөлінуі прокуратураның экономикалық саладағы құқық қорғау қызметінің арнаулы бағытын айқындайды. Бұл ретте кәсіпкерлік және инвестициялық қызмет барысында туындайтын кез келген құқықтық қатынастар қарау нысанасы болып табылмайды. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты түсініктеме беріліп отырған норма прокуратураның құзыретін онда көрсетілген субъектілердің олардың қызметіне араласу фактілерімен, ал инвесторларға қатысты инвестициялық қызмет мәселелерімен тікелей байланыстырады.

«Жеке кәсіпкерлік субъектісі», «инвестор», «инвестициялар» және «инвестициялық қызмет» ұғымдарының мазмұнын айқындау кезінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің және инвестициялық қатынастарды реттейтін өзге де заңнаманың тиісті ережелері қолданылады[148].

Конституциялық заңның 24-бабының бұл ережесін прокуратураның инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі Конституциялық заңда көзделген өзге де өкілеттіктері жүйесінде қарастырған жөн. Инвесторларды прокурорлық қорғаудың қолданыстағы моделінде жолданымдарды қарау олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің ықтимал бұзылуы туралы мәліметтерді анықтау тәсілдерінің бірі болып табылады. Прокурорлық қадағалау

[148] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексі.

немесе ден қою шараларын одан әрі қолдану заңда белгіленген негіздер болған кезде және заңда көзделген нысандарда ғана жүзеге асырылады.

Осылайша, түсініктеме беріліп отырған норма кәсіпкерлік және инвестициялық дауларды шешудің соттық, әкімшілік және заңда белгіленген өзге де тәсілдерін алмастырмайды, прокуратура органдарының тиісті санаттағы жолданымдарды қарау жөніндегі дербес құзыретінің шектерін айқындайды.

Конституциялық заңның 24-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қатер фактілері бойынша жолданымдарды қарау көзделген.

Бұл негіздің мазмұны Қазақстан Республикасының Конституциясымен және ұлттық қауіпсіздік туралы заңнамамен өзара байланыста айқындалады [149] . Сондықтан жолданымда қамтылған мәліметтерді тиісті қатерді көрсететін мәліметтер ретінде саралау осы санатты кеңейте түсіндіруге емес, заңнамада белгіленген ұлттық қауіпсіздікке және Конституциямен қорғалатын мемлекеттік құрылыс негіздеріне төнетін қатерлердің белгілеріне негізделуге тиіс.

Осы негіздің ерекшелігі қорғалатын мүдденің жария сипатында көрінеді. Жолданымнан алынған ақпаратты прокуратура органдары өз құзыреті шегінде бағалайды және заңда көзделген негіздер болған кезде ол тиісті құқықтық тетіктерді қолдануға алып келуі мүмкін.

Конституциялық заңның 24-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін заңдылықты бұзу фактілері бойынша жолданымдарға қолданылады.

Бұл ереженің заңдық маңызы, егер жолданымда қамтылған мәліметтерден сақталуы адамның өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруі мүмкін заңдылықты бұзушылықтың бар екені байқалса,

[149] «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы.

тиісті зиянды салдарлар басталғанға дейін жолданымды қарау мүмкіндігінде көрінеді.

Бұл ретте түсініктеме беріліп отырған норма жолданымды қараудың негізін айқындайды, бірақ прокурорлық ден қоюдың дербес нысанын белгілемейді. Тиісті мәліметтер расталған жағдайда прокурордың кейінгі өкілеттіктері Конституциялық заңда және өзге де заңнамада белгіленген тәртіппен іске асырылады.

Конституциялық заңның 24-бабы 1-тармағының 6) және 7) тармақшаларында жолданымдарды қараудың дербес негіздері - Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының тапсырмалары көзделген.

Көрсетілген жағдайларда прокуратура органдарының жолданымды қарауына тиісті тапсырма негіз болады. Қарау прокуратураның құзыреті шегінде және заңнамада белгіленген тәртіп сақтала отырып жүзеге асырылады.

Конституциялық заңның 24-бабының 2-тармағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің және оның аумақтық органдарының арнаулы құзыретін белгілейді.

Бұл ереже Конституциялық заңның 11-бабымен және «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен өзара байланыста қолданылады[150], оларда аталған саладағы міндеттер, өкілеттіктер және қызмет нысанасы айқындалған.

Тиісінше, Комитет және оның аумақтық органдары мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыруға, арнайы есепке алуды жүргізуге, тиісті ақпараттық жүйелерді пайдалануға және заңнамада олардың қарауына жатқызылған өзге де мәселелерге байланысты пәндік құзырет шегінде жолданымдарды қарайды.

Прокуратураның құзыретті бөлімшесін айқындау кезінде арыз иесі көрсеткен адресат қана емес, жолданымның мазмұны да елеулі маңызға ие. Егер қойылған мәселе басқа мемлекеттік органның құзыретіне жатса не арнаулы процестік тәртіппен шешілуге тиіс

[150] «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 510-II Заңы.

болса, құзыретті айқындаудың және жолданымды жіберудің заңнамада көзделген қағидалары қолданылады.

Конституциялық заңның 24-бабының 3-тармағында жолданымды қараудың жалпы мерзімі - прокуратура органдарына келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні белгіленген.

Арнаулы мерзімнің тікелей Конституциялық заңда белгіленуі, егер түсініктеме беріліп отырған баптың 9-тармағында көзделген тәртіптен өзгеше туындамаса, прокуратура органдары жолданымдарды қараған кезде осы нормада белгіленген мерзім қолданылатынын білдіреді.

Көрсетілген мерзім шегінде арыз иесі қойған мәселелерді шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтауға қажетті әрекеттер жасалып, тиісті шешім қабылдануға тиіс.

Конституциялық заңның 24-бабының 4-тармағы жолданымды дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, мекемелерден және меншік нысанына қарамастан ұйымдардан ақпарат алу қажет болған кезде 3-тармақта белгіленген мерзімді ұзартуға жол береді.

Мерзім прокуратура органы басшысының не оның орынбасарының уәжді шешімімен ақылға қонымды, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Бұл ретте үш шарттың заңдық маңызы бар: мән-жайларды қосымша анықтаудың немесе ақпарат алудың объективті қажеттілігінің болуы; шешімді тиісті лауазымды адамның қабылдауы; мерзімді ұзартудың уәжділігі. Демек, мерзімді ұзарту жолданымды қараудың дербес жалпы тәртібі болып табылмайды және Конституциялық заңның 24-бабының 4-тармағында тікелей көзделген мән-жайлар болған кезде қолданылады.

Мерзімнің ұзартылғаны туралы арыз иесіне тиісті шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланады. Мұндай хабарлау арыз иесінің оның жолданымын қарау мерзімінің өзгергені және қабылданған шешімнің себептері туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 24-бабының 5-тармағы жолданымда қойылған мәселені шешудің ұзаққа созылуы шет мемлекеттерден ақпарат алу қажеттілігіне байланысты болатын жағдайды реттейді.

Мұндай жағдайда арыз иесіне тиісті мән-жайлар түсіндірілген аралық жауап жіберіледі. Түпкілікті жауап қажетті ақпарат келіп түскеннен кейін беріледі.

Бұл құқықтық конструкция Конституциялық заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес жолданымды қарау мерзімін ұзарту мен шет мемлекеттен ақпарат күтуге объективті түрде байланысты жағдайды ажыратуға мүмкіндік береді. Аралық жауап жолданым бойынша түпкілікті шешім болып табылмайды және ол бойынша жұмысты тоқтатпайды.

Конституциялық заңның 24-бабының 6-тармағында белгіленген жалпы қағида бойынша анонимдік жолданым прокуратура органдарында қаралуға жатпайды.

Сонымен бірге заң шығарушы дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатер туралы мәліметтерді қамтитын анонимдік жолданымдар үшін ерекшелік көздейді. Мұндай жолданымдар мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес тиістілігі бойынша қарау үшін қайта жіберілуге жатады.

Бұл ерекшеліктің практикалық маңызы жолданымды адамның жүгіну құқығын іске асыру нысаны ретінде және онда қамтылған дербес заңдық маңызы бар ақпарат ретінде ажыратуда көрінеді. Автор туралы мәліметтердің болмауы мұндай хабарды Конституциялық заңның 24-бабында белгіленген жалпы тәртіппен қарауды болғызбайды, алайда қылмыстық құқық бұзушылық немесе мемлекеттік не қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатер туралы ақпаратты құқықтық бағалаусыз қалдыруға мүмкіндік бермейді.

Мұндай ақпаратты одан әрі қарау қоғамдық қатынастардың тиісті саласын реттейтін заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Конституциялық заңның 24-бабының 7-тармағына сәйкес прокуратура органының жауабы негізделген және уәжді болуға, мемлекеттік тілде немесе жолданым жасалған тілде жазылуға, арыз

иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып қамтуға, сондай-ақ арыз иесінің қабылданған шешімге шағым жасау құқығын түсіндіруге тиіс.

Аталған талаптар прокуратура органы жауабының мазмұндық стандартын айқындайды. Негізділік жауаптың жолданымды қарау барысында анықталған нақты мән-жайларға сәйкестігін білдірсе, уәжділік қабылданған шешімнің құқықтық және нақты негіздерінің баяндалуын білдіреді.

Заңнамаға сілтеме жасау туралы талап анықталған мән-жайларды қолданылатын құқықтық нормалармен салыстыру қажеттігін білдіреді. Бұл ретте жауап нормативтік құқықтық актілердің ережелерін формальды түрде қайталаумен шектелмеуге тиіс: келтірілген нормалар жолданымның дәлелдерін шешумен тікелей байланысты болуға тиіс.

Шағым жасау құқығын түсіндіру туралы талаптың дербес маңызы бар. Ол арыз иесінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін кейіннен заңда белгіленген тәртіппен қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етеді және тиісті шешімге шағым жасаудың заңнамада көзделген тәсілін ескеруге тиіс.

Конституциялық заңның 24-бабының 8-тармағы қайталама жолданымдар бойынша іс жүргізуді тоқтатудың негіздерін белгілейді.

Мұндай шешім заңда көзделген талаптар бір мезгілде болған кезде қабылданады: қайталама жолданымда жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар келтірілмесе, ал алдыңғы жолданымның материалдарында тексерулердің толық материалдары болып, арыз иесіне белгіленген тәртіппен жауаптар берілген болса.

Демек, жолданымның қайталануы фактісінің өзі іс жүргізуді тоқтатуға негіз болмайды. Арыз иесінің дәлелдері бұрын қаралып, олар бойынша жеткілікті көлемде материалдар болған жағдайда ғана жаңа мән-жайлардың болмауының заңдық маңызы болады.

Іс жүргізуді тоқтату туралы шешімді прокуратура органының басшысы немесе оның орынбасары қабылдайды.

Бұл норма бұрын шешілген мәселені қараудың түпкіліктілігін қамтамасыз ете отырып, жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар пайда болған жағдайда оны қайтадан қарау мүмкіндігін сақтайды.

Конституциялық заңның 24-бабының 9-тармағы қолданылатын рәсімді айқындау үшін қағидаттық маңызға ие. Онда қарау тәртібі қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметі туралы, атқарушылық іс жүргізу туралы, сондай-ақ заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамада белгіленген жолданымдар тиісті заңнаманың қағидалары бойынша қаралатыны көзделген.

Осылайша, Конституциялық заңның 24-бабы прокуратура органдарының жолданымдарды қарауының жалпы тәртібін **және** арнаулы процестік тәртіптерді ажыратады.

Егер жолданымның мазмұны шағымды, арызды немесе өтінішхатты берудің, қараудың және шешудің арнаулы рәсімі көзделген құқықтық қатынастарға байланысты болса, Конституциялық заңның 24-бабының ережелері мұндай рәсімді алмастырмайды. Тиісті салалық заңнаманың нормалары қолданылуға тиіс.

Бұл ажыратудың қылмыстық процесте ерекше практикалық маңызы бар. Қылмыстық қудалау органдары мен прокурордың процестік шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен қаралады. Осы саладағы прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру № 65 бұйрықпен бекітілген Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта нақтыланған[151].

Осындай тәсіл әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу, атқарушылық іс жүргізу, жедел-іздестіру және қарсы барлау қызметін жүзеге асыру барысында, сондай-ақ 9-

[151] «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 бұйрығы.

тармақта тікелей көрсетілген өзге де салаларда туындайтын жолданымдарға да қолданылады. Арнаулы тәртіптің болуы тиісті жолданымды нақты іс жүргізу түрінің ерекшеліктері мен онда көзделген процестік кепілдіктерді ескере отырып қарауды қамтамасыз етеді.

25-бап. Прокуратура шешімдеріне, актілеріне және прокуратура органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа дейін реттеу

1. Прокуратура шешімдеріне, актілеріне не прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым шешімнің, актінің қабылданғаны немесе әрекеттің жасалғаны (әрекетсіздік) туралы адамға белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей прокуратура органдарына беріледі және оны жоғары тұрған прокурор қарайды.

Шағымды қарау мерзімі жиырма жұмыс күнін құрайды.

Шағым жасау мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, шағымды қарайтын прокуратура органы мерзімді шағым берген адамның өтінішхаты бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, қалпына келтіруі мүмкін.

2. Шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарау нәтижелері прокурордың шешіміне, актісіне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен сотқа шағым жасау үшін негіз болып табылады.

3. Осы баптың 1-тармағының талаптары қаралу тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қарсы барлау және

жедел-іздестіру қызметі салаларындағы заңнамасында белгіленген шағымдарға қолданылмайды.

4. Осы баптың талаптары "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген шағымдарға қолданылмайды.

Конституциялық заңның 25-бабы прокуратура шешімдеріне, актілеріне және прокуратура органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа дейін реттеу тәртібін айқындайды және адамның сот арқылы қорғалу жөніндегі конституциялық құқығымен өзара байланыста қарастырылуға тиіс.

Ең алдымен, жалпы тәртіппен тұлға өз құқықтарын қорғау үшін сотқа тікелей жүгінуге құқылы болғанымен, прокуратураның актілері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қатысты заң шығарушы міндетті алдын ала рәсімді белгілейді. Сотқа жүгінудің алдындағы бастапқы саты ретінде сотқа дейінгі шағым жасаудың міндеттілігі (25-баптың 2-тармағы) доктриналық тұрғыдан сот бақылауына жүгінгенге дейін ведомствоішілік қорғау құралдарын сарқу туралы әкімшілік құқықтың жалпы қағидатына сәйкес келеді[152].

Конституциялық заңның 25-бабы 1-тармағында прокуратура шешімдеріне, актілеріне не прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым шешімнің, актінің қабылданғаны немесе әрекеттің жасалғаны (әрекетсіздік) туралы адамға белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей прокуратура органдарына берілетіні белгіленген. Бұл ретте мерзім шешім қабылданған немесе әрекет жасалған күннен емес, өтініш берушіге сол туралы белгілі болған кезден бастап есептелетінін ескеру маңызды.

Осы тармақта шағымды жоғары тұрған прокурор қарайтыны тікелей белгіленген, бұл оған шешімдеріне немесе әрекеттеріне шағым жасалып отырған лауазымды адамның шағымды қарауына жол бермейді. Мұндай тәсіл істі мүдделі адамның қарауына жол

[152] Ведомствоішілік қорғау құралдарын сарқу қағидаты – сотқа жүгінгенге дейін қолжетімді соттан тыс қорғау құралдарын пайдалануды талап ететін салыстырмалы әкімшілік құқық пен процесс ғылымында жалпыға танылған құқықтық конструкция.

бермеу туралы жалпы құқықтық қағидатқа сәйкес келеді және шағым берушінің дәлелдерін тексеру кезінде объективтілік пен бейтараптықты қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай шағымды құзыретті жоғары тұрған прокурорға беру міндеті оның тәуелсіз қаралуын қамтамасыз етеді және шағым берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың маңызды кепілдігі болып табылады.

Осылайша, прокуратура органдарының жүйесінде жоғары тұрған прокурор төмен тұрған прокурорлар әрекеттерінің заңдылығы мен негізділігін тексеретін, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдайтын ішкі бақылау тетігі қалыптастырылады.

Шағымды қарау мерзімі жиырма жұмыс күнін құрайды. Бұл прокуратура органына баяндалған дәлелдерді жан-жақты тексеруге, қажетті материалдарды талап етіп алуға және негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте шағым беру үшін белгіленген үш айлық мерзім өткізіп алынған жағдайда, дәлелді себептер болған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шағымды қарайтын прокуратура органы бұл мерзімді шағым берген адамның өтінішхаты бойынша қалпына келтіруі мүмкін.

Практикада мұндай себептерге, мысалы, шағым берушінің немесе оның жақындарының ауыр науқастануы, емделуде немесе ұзақ іссапарда болуы, қабылданған шешім туралы ақпаратты уақтылы алмауы, төтенше жағдайлар, оның ішінде апаттар, табиғи немесе өзге де зілзалалар, сондай-ақ уақтылы жүгінуге кедергі келтірген өзге де объективті мән-жайлар жатқызылуы мүмкін.

Мерзімді қалпына келтіру туралы мәселені шағымды қарайтын прокуратура органы шағым беруші ұсынған, мерзімді өткізіп алу себептерінің дәлелділігін растайтын дәлелдемелерді ескере отырып шешеді. Бұл ереже мерзімнің өткізіп алынуына байланысты ғана шағымды қараудан формальды түрде бас тартуға жол бермей, құқықтарды қорғаудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Шағымды тиімді қарау үшін практикада онда жол берілген бұзушылықтардың егжей-тегжейлі сипатталғаны маңызды: нақты фактілер, күндер, прокуратура органы мен лауазымды адам туралы мәліметтер, сондай-ақ растаушы құжаттар көрсетілуге тиіс. Бұл прокурорға шағымда келтірілген дәлелдерді жан-жақты тексеруге, қосымша материалдарды талап етіп алуға және қажет болған кезде тиісті адамдардан түсініктемелер алуға мүмкіндік береді.

Конституциялық заңның 25-бабы 2-тармағы сотқа дейінгі шағым жасау сотқа жүгінудің алдындағы міндетті саты болып табылатынын бекітеді. Шағымды қарау нәтижелері бойынша жоғары тұрған прокурор шағым берушінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға тиіс. Шағым толық немесе ішінара қанағаттандырылуы не оны қанағаттандырудан бас тартылуы мүмкін. Бұл ретте шағымды қанағаттандырудан бас тарту уәжделген болуға тиіс.

Шағым берушіге одан әрі шағым жасау тәртібі де түсіндіріледі.

Шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарау нәтижелері прокурордың шешіміне, актісіне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен сотқа шағым жасау үшін негіз болып табылады.

Одан арғы рәсім Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларымен реттеледі, атап айтқанда:

- 91-бап әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасау тәртібін айқындайды;
- 136-бап сотқа талап қоюды беруге арналған мерзімдерді талап қоюдың түріне қарай белгілейді;
- 16-бап істің нақты және заңды мән-жайларын толық әрі объективті зерттеуге бағытталған соттың белсенді рөлін бекітеді;
- 151–161-баптар сот шешімін қабылдауға, оның мазмұнына және жекелеген талап қою түрлері бойынша шығарылатын шешімдерге қатысты мәселелерді реттейді.

Осылайша, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің ережелері шағымды сотқа дейін қараудан сот бақылауына дәйекті түрде өтуді қамтамасыз ете отырып, сот арқылы қорғау тетігін нақтылайды.

Конституциялық заңның 25-бабының 3-тармағында жалпы сотқа дейінгі шағым жасау тәртібінен ерекшеліктер белгіленген. Осы баптың 1-тармағының талаптары қаралу тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметі салаларындағы заңнамасында белгіленген шағымдарға қолданылмайды.

Мұндай жағдайларда тиісті заңнамалық актілерде көзделген арнайы шағым жасау рәсімдері қолданылады.

Конституциялық заңның 25-бабының 4-тармағында прокурордың активтерді қайтару мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне шағым жасау «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатыны бекітілген. Демек, мұндай шағымдарға арнайы құқықтық режим қолданылады.

Осыған ұқсас ережелер Конституциялық заңның 24-бабының 9-тармағында да көзделген. Онда жолданымдарды қараудың жалпы тәртібінен ерекшеліктер белгіленіп, осы баптың талаптары қаралу тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметі салаларындағы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасында белгіленген жолданымдарға қолданылмайтыны көрсетілген.

25-1-бап. Инвесторлардың қатысуымен болатын дауларды сотқа дейінгі реттеу

1. Инвесторлар мен мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы дауларды сотқа дейінгі реттеу (бұдан әрі – инвесторлардың қатысуымен болатын дауларды сотқа дейінгі реттеу) үшін прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы Бас прокурор айқындайтын тәртіппен Дауларды сотқа дейінгі реттеу комиссиясын (бұдан әрі – Комиссия) құруға құқылы.

Дауларды реттеу рәсіміне қатысу ерікті болады және сотқа жүгіну құқығын шектемейді.

2. Инвестордың инвестициялық қызметке байланысты дауды сотқа дейінгі реттеу туралы өтініші инвесторға өзінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы белгілі болған немесе белгілі болуы тиіс күннен бастап үш айдан кешіктірілмей прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосына беріледі.

3. Мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, мекеменің, квазимемлекеттік сектор субъектісінің, олардың лауазымды және оларға теңестірілген адамдарының, инвестициялық прокурорлардың инвесторлардың қатысуымен болатын дауларды сотқа дейінгі реттеу туралы өтініші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өтерден кемінде бір ай бұрын прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосына беріледі.

Жолданым көрсетілген мерзімнен кеш берілген жағдайда прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы жолданымды қарауға қабылдаудан бас тартуға құқылы.

4. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оның негізінде прокуратура органдарының инвесторлардың

құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы қорытынды шығарады.

Заңдылықтың бұзылғаны анықталған кезде прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы қорытынды негізінде прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін шығаруға құқылы.

5. Даулар сотқа дейінгі тәртіппен реттелмеген жағдайда, тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Түсіндірме беріліп отырған баптың Конституциялық заңға енгізілуі инвестициялық ахуалды жақсартуға, бюрократияландыру деңгейін төмендетуге және Қазақстан Республикасының экономикасына капитал салатын тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін қалыптастыруға бағытталған дәйекті мемлекеттік саясатқа байланысты. Бұл бап қадағалау органы үшін қағидаттық тұрғыдан жаңа құралды – инвесторлардың қатысуымен болатын дауларды сотқа дейінгі реттеуді институционалдық тұрғыдан бекітеді.

Конституциялық заңның 25-1 бабы 1-тармағы мамандандырылған алаңды - прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы жанындағы Дауларды сотқа дейінгі реттеу комиссиясын құруды регламенттейді. Бұл жаңашылдықтың мәні прокуратураның инвестор мен мемлекеттік аппараттың, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арасындағы беделді әрі объективті делдал ретінде әрекет етуінде.

Еріктілік қағидатының бекітілуі ерекше маңызға ие. Дауларды реттеу рәсіміне қатысу міндетті (императивтік) сотқа дейінгі саты болып табылмайды және сот төрелігіне қол жеткізуге кедергі келтірмейді. Бұл инвестордың сот арқылы қорғалуға конституциялық құқығының мүлтіксіз сақталуына кепілдік бере отырып, оған дауды шешудің баламалы, неғұрлым жедел және шығыны аз тәсілін ұсынады.

Конституциялық заңның 25-1 бабы 2 және 3-тармақтары дауды реттеу рәсімін бастау үшін нақты процестік шектерді белгілейді, бұл құқықтық айқындық қағидатын қамтамасыз етуге және дауларды жедел шешуге бағытталған.

Инвестордың инвестициялық қызметке байланысты дауды сотқа дейінгі реттеу туралы өтініші инвесторға өзінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы белгілі болған немесе белгілі болуға тиіс күннен бастап үш айдан кешіктірілмей беріледі. Бұл мерзім инвестициялық қызмет субъектілерін уақтылы ден қоюға ынталандырады және мемлекетке қойылатын талаптардың ұзақ уақыт бойы жинақталуына жол бермейді.

Мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, мекеменің, квазимемлекеттік сектор субъектісінің, олардың лауазымды және оларға теңестірілген адамдарының, сондай-ақ инвестициялық прокурорлардың өтініштері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімі өтерден кемінде бір ай бұрын өтініш беру талабы көзделген. Бұл қағида мемлекеттік құрылымдардың дауды қарауды жасанды түрде созуына жол бермеуге және Комиссия рәсімін сотқа талап қою алдында мерзімдерді негізсіз ұзарту үшін пайдалануды болғызбауға бағытталған. Жолданым көрсетілген мерзімнен кеш берілген жағдайда прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосының оны қарауға қабылдаудан бас тарту құқығы мемлекеттік аппарат үшін тәртіптік ықпал ету факторы ретінде әрекет етеді.

Конституциялық заңның 25-1 бабы 4-тармағы Комиссия жұмысының құқықтық салдарын ашады. Бұл тетіктің ерекшелігі дауды реттеу процесінің формальды хаттамамен ғана емес, прокуратура ведомствосының ресми қорытындысымен аяқталуында.

Комиссияда қарау барысында мемлекеттік органдар тарапынан заңдылықтың бұзылғаны, мысалы, заңсыз тексерулер жүргізу, рұқсаттар беруден негізсіз бас тарту немесе шарттық міндеттемелерді орындамау фактілері анықталған кезде, прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау

жөніндегі ведомствосы қорытынды негізінде прокурорлық қадағалау актілерін – наразылықты, санкцияны, нұсқауды, ұсынуды, қаулыны, ұйғарымды және прокурорлық ден қою актілерін – өтінішхатты, арызды (талап қоюды), жолданымды, Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіруді шығаруға құқылы.

Бұл құқыққа сыйымсыз араласудың жолын жедел кесуге және инвестордың құқықтарын ұзаққа созылатын сот талқылауынсыз қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Конституциялық заңның 25-1 бабы 5-тармағы Комиссия алаңында тараптар өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеген жағдайда, олардың дауды жалпы белгіленген азаматтық процестік немесе әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттың қарауына беру құқығы сақталатынын растай отырып, осы құқықтық конструкцияны қисынды түрде аяқтайды.

Конституциялық заңның 25-1-бабын іске асыру мемлекет экономикасы үшін стратегиялық маңызға ие. Инвестициялық даулардың бір бөлігін прокуратураның қатысуымен сотқа дейін реттеу саласына көшіру:

- елдің сот жүйесіне түсетін жүктемені айтарлықтай төмендетуге;
- инвесторлар үшін де, мемлекет үшін де қаржылық және беделдік шығындарды барынша азайтуға;
- әкімшілік кедергілердің жедел жойылуын қамтамасыз етуге;
- мемлекеттің ашық диалогке және инвестицияларды жедел қорғауға дайын екенін көрсете отырып, шетелдік және отандық инвесторлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік институттарына деген сенім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері

1. Прокурорға өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында

қандай да бір нысанда ықпал ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Прокурордың жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, қаралатын жолданымдар және өзінің өзге де өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберіндегі талаптары мен сұрау салулары жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың, мекемелердің, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының орындауы үшін міндетті.

3. Жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданымдар мәселелері бойынша мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар прокурордың талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге белгіленген талаптарды сақтай отырып, прокурор белгілеген, бірақ үш жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды беруге міндетті.

Прокурор мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Адам өмірі, денсаулығы, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің заңды мүдделері, инвесторлар құқықтарының қорғалуы, қоғам мен мемлекет мүдделері үшін орны толмас зардапты, заңдылық пен құқықтық тәртіптің жаппай бұзылуын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне төнетін қатерді

болғызбау мақсатында сұратылатын ақпарат, құжаттар мен өзге де материалдар дереу беріледі.

5. Прокурордың талап етуі бойынша органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар тексеруге, қорытынды беруге қатысу үшін ғалымдар, сарапшылар, мамандар бөлуге міндетті.

6. Прокурор өзінің іс жүргізуіндегі материалдардың, актілердің, сот істерінің және жолданымдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктеме бермейді. Материалдарды танысу үшін біреуге ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Іс жүргізуінде жатқан прокурордың рұқсатынсыз заңдылықтың сақталуын тексеру мен істердің материалдарын жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.

7. Жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, күшіне енген актілерді бағалау, қаралатын жолданымдар шеңберінде прокурордың талап етуі бойынша өзі белгілеген уақытта жеке және лауазымды адамдар, сондай-ақ мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардың өзге де өкілдері түсініктемелер беру үшін келуге міндетті.

8. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар, дағдарыстық ахуал немесе осындай жағдайлар кезінде алдын алу мүмкін болмайтын мән-жайлар туындаған жағдайларды қоспағанда, прокуратура органдарына шақыру уақтылы келу үшін жеткілікті мерзімдерде хабарлама (хабархат) жіберу арқылы жүргізіледі.

9. Хабарлама (хабархат) телефонограммамен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе электрондық пошта мекенжайы бойынша мәтіндік хабармен, телеграммамен немесе оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін

қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

10. Шақырылған адам шақыру бойынша белгіленген мерзімде келуге кедергі келтіретін себептер туралы шақырған прокуроры алдын ала хабардар етуге міндетті.

11. Жеке және лауазымды адамдар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, мекемелердің және меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың өзге де өкілдері дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда Бас Прокурордың, оның орынбасарларының, прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы, прокуратура органдарының мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ведомствосы мен оның аумақтық және оларға теңестірілген органдары, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдары басшыларының, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорлардың, олардың орынбасарларының, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлардың, олардың орынбасарларының уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі (мәжбүрлеп жеткізілуі) мүмкін.

12. Прокурордың күштеп әкелу (мәжбүрлеп жеткізу) туралы қаулысын ішкі істер органы орындайды.

13. Күштеп әкелу (мәжбүрлеп жеткізу) түнгі уақытта жүргізілмейді.

14. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар, ал он сегіз жасқа толмаған адамдар олардың заңды өкілі хабардар етілмей, жүкті әйелдер, сондай-ақ дәрігердің куәландыруы тиіс денсаулық жағдайына байланысты өзінің болатын орнын тастап кете алмайтын немесе тастап кетпеуге тиісті адамдар күштеп әкелінуге жатпайды.

15. Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талап етуі бойынша дәлелсіз себептермен келмей

қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

Конституциялық заңның 26-бабы прокурор қызметінің тәуелсіздігін, қадағалау өкілеттіктерінің тиімді жүзеге асырылуын және заңсыз араласудан қорғалуын қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктер жүйесін бекітеді.

Доктриналық тұрғыдан прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері лауазымды адамның жеке басының игілігін емес, оған жүктелген мемлекеттік функцияның объективті әрі бейтарап жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін құқықтық құралдар болып табылатын жария биліктің институционалдық кепілдіктеріне жатады. Прокурорды жеке тұлға ретінде емес, жоғары қадағалау жөніндегі конституциялық функцияны атқарушы ретінде қамтитын кепілдіктердің белгіленуі баптың жүйелі құрылымын білдіреді.

Конституциялық заңның 26-бабы 1-тармағы прокурорға өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да бір нысанда ықпал етуге жол берілмейтіні туралы негізгі кепілдікті белгілейді.

Мұндай ықпал ету деп қысым көрсетудің тікелей нысандарын - өлтіремін деп қорқытуды, денсаулыққа зиян келтіруді, мүлікті жоюды немесе бүлдіруді, сондай-ақ әкімшілік, қызметтік немесе өзге де ықпал етуді қоса алғанда, араласудың басқа да тәсілдерін, оның ішінде прокурордың жақындарына қатысты ықпал етуді түсіну қажет.

Прокурордың қызметіне кедергі келтіру, атап айтқанда:

- прокурорды мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан ұйымдардың аумағына немесе үй-жайларына кіргізуден;
- құжаттарды, мәліметтерді және материалдарды беруден;
- тексерулер мен ревизиялар жүргізуді, сондай-ақ мамандар бөлуді қамтамасыз етуден бас тарту арқылы көрініс табуы мүмкін.

Мұндай әрекеттерге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында заңнамада күштеп әкелуді (мәжбүрлеп жеткізуді) және прокурор

талаптарын мәжбүрлеп орындатуды қоса алғанда, мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары көзделген.

Көрсетілген іс-әрекеттер үшін заңдық жауаптылық белгіленген.

Атап айтқанда, қылмыстық заңнамада:

- прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау үшін — Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 381-бабы бойынша;
- сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге кедергі жасау мақсатында прокурордың қызметіне араласу үшін — Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 407-бабының екінші бөлігі бойынша;
- прокурорға немесе оның жақындарына қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыруына байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері үшін — Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 409-бабы бойынша;
- прокурорға қатысты жала жабу, оның ішінде оны ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан жала жабу үшін - Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 411-бабы бойынша жауаптылық көзделген.

Бұдан басқа, әкімшілік жауаптылық Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген. Мәселен, ӘҚБтК-нің 664–666-баптарында:

- прокурордың ұсынуын қараусыз қалдырғаны не онда көрсетілген заң бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолданбағаны;
- прокурорға келмегені;
- прокурорды хабардар етпегені немесе уақтылы хабардар етпегені үшін жауаптылық белгіленген.

Қосымша ретінде ӘҚБтК-нің 667-бабында құқық қорғау органы қызметкерінің заңды өкіміне немесе талабына бағынбағаны үшін жауаптылық көзделеді. Бұл норма прокурордың заңды талаптарына бағынбау жағдайларына да қолданылады.

Конституциялық заңның 26-бабы 2-тармағы прокурор қызметінің негізгі бастауларының бірі — прокурор талаптарының

міндеттілігін бекітеді. Бұл норма прокуратураның жария-құқықтық табиғатынан және оның заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі конституциялық функциясынан туындайды.

Прокурор өзіне берілген өкілеттіктер шегінде әрекет ете отырып, мемлекет атынан өкілдік етеді, осыған байланысты оның заңды талаптары биліктік сипатқа ие және барлық құқық субъектілерінің сөзсіз орындауына жатады.

Прокурор талаптарының міндеттілігі - түсіндірме беріліп отырған Конституциялық заңның 10-бабына қатысты бұған дейін атап көрсетілген «биліктік нұсқама актілері» жалпы санатының жекелеген көрінісі. Өзге рәсімді бастайтын актілерден - наразылық пен ұсынудан айырмашылығы, тексеру шеңберіндегі прокурор талабы қосымша құқық қолдану буынынсыз адресат үшін тікелей заңдық міндет туындатады.

Талаптардың міндеттілігі мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, меншік нысанына қарамастан ұйымдарды, олардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ азаматтарды қамтитын кең ауқымды тұлғаларға қолданылады.

Егер прокурордың талаптары оның құзыреті шегінде қойылса және заңға сәйкес келсе, ешбір субъект оларды елемеуге немесе орындаудың орындылығын өз бетінше бағалауға құқылы емес.

Мұндай талаптарға, атап айтқанда, құжаттарды, материалдар мен мәліметтерді талап етіп алдыру; тексерулер, ревизиялар және аудиттер жүргізу туралы талаптар; тексеруге қатысу үшін мамандар тарту; адамдарды түсініктемелер беру үшін шақыру; анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы талаптар жатуы мүмкін.

Бұл талаптардың ерекшелігі — олардың ведомстволық мүдделерге, ұйымдардың ішкі регламенттеріне немесе өзге органдармен келісуге тәуелді етілмеуінде. Қызметтік жұмыстың көптігіне, ішкі рәсімдердің болмауына немесе қосымша келісудің қажеттілігіне сілтеме жасау талаптарды орындау міндетінен босатпайды.

Прокурордың талаптары заңда немесе тікелей прокурор белгілеген мерзімдерде орындалуға жатады. Мұндай мерзімдер міндетті болып табылады және адал сақталуға тиіс. Орындау мерзімдерін бұзу іс жүзінде талапты орындамауға теңестіріледі және заңда белгіленген жауаптылыққа алып келуі мүмкін.

Сонымен бірге талаптың заңдылығы оны орындаудың міндетті шарты болып табылады. Бұл талаптың:

- уәкілетті прокурордан туындауға;
- тексеру нысанасына немесе прокуратураның өзге де өкілеттіктеріне байланысты болуға;
- қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуге тиіс екенін білдіреді.

Конституциялық заңның 26-бабы 3-тармағы прокурорға ақпарат пен материалдар беру міндетін нақтылайды. Заң ең төменгі мерзімді - кемінде үш жұмыс күнін белгілейді, бұл ретте мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтау қажеттігін көздейді.

Мысалы, банктік құпия клиенттердің банктік шоттары, операциялары, ақша қалдықтары, кредиттері және өзге де мүлкі туралы мәліметтерді қамтиды. Мұндай мәліметтер тексеру мақсаттары үшін қажетті шектерде ғана берілуі мүмкін.

Бұл ретте заң шығарушы маңызды теңгерімді белгілейді: прокурор тексеру үшін қажетті ақпаратты ғана және қажетті көлемде талап етіп алдыруға құқылы және алынған мәліметтерді жария еткені үшін жауапты болады.

Бұл талаптың жалпы бағыты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 151-бабының бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етуге және таратуға тыйым салатын ережелерінен де туындайды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды және оған қол жеткізген адамдардың құпиялылықты сақтау міндетін бекітетін 28-бабының ережелерін ескеру қажет.

4-тармақта ақпарат берудің айрықша тәртібі — осы баптың 3-тармағында белгіленген жалпы мерзімдерге қарамастан, дереу, яғни кідіріссіз беру көзделеді. Мұндай құқықтық құрылым кідіріс ауыр немесе орны толмас салдарға алып келуі мүмкін жағдайларда прокуратура органдарының жедел ден қою қажеттігіне негізделген.

Бұл тәртіпті қолдануға:

- адамның өмірі мен денсаулығына;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің заңды мүдделеріне;
- инвесторлардың құқықтарына;
- қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне;
- заңдылық пен құқықтық тәртіптің жаппай бұзылуына;
- өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына;
- Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нақты қатердің болуын куәландыратын мән-жайлар негіз болады.

Ақпаратты дереу беру деп тиісті органдар мен ұйымдардың осы баптың 3-тармағында көзделген ең төменгі үш жұмыс күндік мерзімді сақтамай, мәліметтерді техникалық дайындау және жіберу үшін ғана қажетті барынша қысқа мерзімде прокурорға беруді қамтамасыз ету міндетін түсіну қажет.

Бұл ретте ақпарат беру нысаны жеделдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кез келген нысанда болуы мүмкін: электрондық байланыс құралдарымен, факсимильдік байланыспен, кейіннен құжаттамалық растау арқылы ауызша хабарлау және басқа да тәсілдермен.

Бұл норма прокуратураның жасалып қойған құқық бұзушылықтарды анықтауға ғана емес, ықтимал теріс салдардың алдын алуға бағытталған превентивтік функциясын іске асырады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар, дағдарыстық құбылыстар немесе өзге де қатерлер кезінде прокурор прокурорлық қадағалау немесе ден қою актілерін енгізуді, мемлекеттік

органдардың іс-қимылын үйлестіруді не өзге де құқықтық қорғау тетіктерін бастамашылық етуді қоса алғанда, тиісті шаралар қабылдау үшін ақпаратты дереу алу мүмкіндігіне ие болуға тиіс.

Ақпаратты дереу беру міндеті мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қорғау туралы заңнама талаптарының күшін жоймайтынын атап өткен жөн. Мұндай жағдайларда ақпарат белгіленген құпиялылық режимі сақтала отырып және прокурорлық тексеру мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті көлемде берілуге тиіс.

Көрсетілген мән-жайлар болған кезде прокурордың ақпаратты дереу беру туралы талабын орындамау заңдық жауаптылыққа алып келуі мүмкін, өйткені мұндай әрекетсіздік қатердің салдарын ауырлатып, мемлекеттің уақтылы араласуына кедергі келтіруі ықтимал.

Конституциялық заңның 26-бабы 5-тармағы прокурордың органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан жүргізілетін тексеруге қатысу және қорытынды беру үшін ғалымдарды, сарапшыларды және мамандарды бөлуді талап ету құқығын бекітеді. Бұл өкілеттік прокурорлық қадағалау барысында көбінесе прокурордың заң саласындағы құзыреті шегінен шығатын арнаулы білімді талап ететін мәселелердің туындауына байланысты.

Осы тұрғыда ғалымдар, сарапшылар және мамандар деп экономиканы, қаржыны, бухгалтерлік есепті, банк саласын, құрылысты, экологияны, медицинаны, ақпараттық технологияларды және өзге де салаларды қоса алғанда, белгілі бір қызмет саласында кәсіби білімі мен практикалық тәжірибесі бар адамдар түсініледі. Бұл ретте:

ғалымдар академиялық талдауды қажет ететін күрделі жүйелі проблемалар бойынша ғылыми негізделген қорытындылар беру үшін;

сарапшылар ресми, объективті және тәуелсіз бағалар бере отырып, бейіндік сараптамалар жүргізу үшін;

мамандар тікелей бақылау-қадағалау іс-шаралары барысында практикалық және консультациялық жәрдем көрсету үшін тартылады.

Мамандарды тарту:

- тексерудің жан-жақтылығы мен толықтығын;
- нақты мән-жайлардың объективті бағалануын;
- тек құқықтық құралдармен анықтау мүмкін болмайтын жасырын немесе күрделі бұзушылықтарды анықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мамандардың функциялары:

- тексеру іс-шараларына қатысуды;
- құжаттарды, оның ішінде бухгалтерлік, қаржылық және техникалық құжаттаманы талдауды;
- есеп-қисаптарды, сараптамалар мен ревизияларды жүргізуді;
- қойылған мәселелер бойынша қорытындылар мен консультациялар дайындауды;
- тексерілетін субъект қызметінің ерекшеліктерін түсіндіруді қамтуы мүмкін.

Прокурордың мамандар бөлу туралы талабы орындау үшін міндетті екенін атап өткен жөн. Тиісті органдар мен ұйымдар оны орындаудан бас тартуға құқылы емес. Бұл ретте бөлінетін мамандар тексеруге тиімді қатысуға мүмкіндік беретін қажетті біліктілік пен құзыретке ие болуға тиіс.

Бұл өкілеттіктің құқықтық негізі прокурордың өз функцияларын жүзеге асыру шеңберінде мамандар тарту құқығы туралы норма болып табылады және оның қадағалау өкілеттіктерінің жалпы мазмұнынан туындайды. Жекелеген жағдайларда тексеруге өзге құқық қорғау немесе бақылаушы органдардың қызметкерлері де тартылуы мүмкін, әсіресе бұл қауіпсіздікті немесе тексерудің кешенді сипатын қамтамасыз ету үшін қажет болған кезде.

Мамандардың қатысуы прокурордың өкілеттіктерін алмастырмайды. Анықталған мән-жайларға түпкілікті құқықтық

баға беру, шешімдер қабылдау және прокурорлық қадағалау мен ден қою актілерін шығару прокурордың айрықша құзыретінде қалады. Мамандардың қорытындылары қосалқы сипатта болғанымен, дәлелдемелік базаны қалыптастыру және тексеру қорытындыларын негіздеу кезінде маңызды мәнге ие.

Конституциялық заңның 26-бабы 6-тармағы прокурор қызметінің аса маңызды кепілдіктерін - құпиялылық режимін және оның процестік дербестігін белгілейді.

Бұл норма прокурор қызметіне қандай да бір сыртқы араласуды болғызбауға, ол қабылдайтын шешімдердің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қадағалау және процестік өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында алынған ақпаратты қорғауға бағытталған.

Ең алдымен, прокурор өзінің іс жүргізуіндегі материалдардың, актілердің, сот істері мен жолданымдардың мәні бойынша қандай да бір түсіндірме бермейтіні бекітіледі. Бұл ереже мүдделі тұлғалардың, лауазымды адамдардың, процеске қатысушылардың және өзге де субъектілердің прокурорға қысым жасау мүмкіндігін болғызбайды. Прокурор дербес әрекет етеді және заң талаптарын ғана басшылыққа алады.

Бұл қағидадан ерекшеліктерге заңнамада тікелей көзделген жағдайларда ғана жол беріледі. Оларға, атап айтқанда, прокурорға қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізу немесе прокурордың өзі қылмыстық қудалау субъектісі болған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру жатады. Мұндай жағдайларда түсініктеме беру міндеті заңдылық және жұрттың бәрінің заң алдындағы теңдігі қағидаттарынан туындайды.

Құпиялылық режимі прокурордың іс жүргізуіндегі барлық материалдарға қолданылады. Ол тексеру барысында алынған мәліметтерді, сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін, мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қамтиды.

Бұл норма қылмыстық-процестік және әкімшілік заңнаманың бірқатар ережелерімен жүйелі өзара байланыста болады.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс. Егер бұл тергеп-тексеру мүдделеріне қайшы келмесе және басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзумен байланысты болмаса, олар прокурордың рұқсатымен жария ету мүмкін деп танылған көлемде ғана жария етілуі мүмкін.

Бұдан басқа, Қылмыстық-процестік кодекстің жекелеген ережелері, атап айтқанда, процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін және тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібін реттейтін нормалар да сотқа дейінгі тергеп-тексеру құпиясын сақтау қажеттігіне негізделеді. Бұл тергеп-тексерудің тиімділігін және қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Жария етуге тыйым салу прокурорға ғана емес, тексеруге немесе процеске қатысуына байланысты тиісті мәліметтер белгілі болған өзге адамдарға да қолданылады. Ешкімнің де өзінің іс жүргізуінде жатқан заңдылықтың сақталуын тексеру материалдары мен істерді прокурордың рұқсатынсыз жария етуге құқығы жоқ.

Белгіленген құпиялылық режимін бұзғаны үшін жауаптылық көзделген.

Атап айтқанда, прокурордың құпиялылық режимін сақтауға байланысты заңды талабына бағынбау Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 667-бабында көзделген жауаптылыққа алып келуі мүмкін. Тексеру нәтижесінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз жария еткені үшін жауаптылық құқық бұзушылықтың сипатына қарай Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес туындайды.

Егер мәліметтерді жария ету азаматтардың, ұйымдардың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірсе, құқық бұзушылықтың сипатына қарай тәртіптік немесе қылмыстық жауаптылық та туындауы мүмкін.

Прокурордың өзі қол жеткізген мәліметтердің сақталуы үшін жоғары жауаптылықта болатынын ерекше атап өткен жөн. Бұл оның

ақпаратты талап етіп алдыру жөніндегі кең өкілеттіктеріне байланысты.

Конституциялық заңның 26-бабы 7-тармағы прокурордың жүргізілетін заңдылықтың сақталуын тексеру, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданымдар шеңберінде жеке және лауазымды адамдарды түсініктемелер беру үшін шақыру құқығын бекітеді.

Бұл өкілеттік ықтимал заң бұзушылықтардың мән-жайларын жан-жақты, толық әрі объективті анықтау үшін қажетті ақпаратты алудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Шақыру құқығы азаматтарды, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың өкілдерін, сондай-ақ тексеру үшін маңызы бар мәліметтерге ие өзге де адамдарды қамтитын субъектілердің кең ауқымына қолданылады.

Прокурордың шақыруы бойынша келу міндеті императивтік сипатқа ие және оның қызметінің жария-құқықтық табиғатынан туындайды.

Түсініктемелер прокуратура органдарында да, адамның жұмыс істейтін немесе болатын жерінде де алынуы мүмкін. Бұл процестік үнемділік пен орындылық қағидаттарына негізделген. Мұндай тәсіл ұйымдардың қызметіне араласуды барынша азайтуға және бір мезгілде тексерудің жеделдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Прокурорлық тексеру шеңберінде түсініктеме беру қылмыстық-процестік заңнамада көзделген жауап алудан ерекшеленетінін ескеру қажет. Түсініктеме алу тергеу әрекеті болып табылмайды және жауап алу сияқты процестік салдарға алып келмейді. Алайда алынған түсініктемелер одан әрі ден қою, оның ішінде материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу үшін беру туралы шешім қабылдауға негіз болуы мүмкін.

Конституциялық заңның 26-бабының 8–10-тармақтары адамдарды прокуратура органдарына шақыру тәртібін реттейді және прокурорлық қадағалаудың тиімділігі мен шақырылатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл нормалар прокурор әрекеттерінің озбырлығын болғызбайтын және шақырылатын адамдардың тиісінше хабардар етілуін қамтамасыз ететін процестік кепілдіктерді нақтылайды.

Прокуратура органдарына шақыру адамның уақтылы келуі үшін жеткілікті мерзімдерде жүзеге асырылуға тиіс. Бұл талап процестік әрекеттердің ақылға қонымдылығы мен адалдығы қағидаттарын көрсетеді.

Мерзім шақырылатын адамның орналасқан жері, жұмыспен қамтылуы, құжаттарды немесе түсініктемелерді дайындау қажеттігі, сондай-ақ өзге де объективті факторлар ескеріле отырып белгіленуге тиіс. Басқаша айтқанда, прокурор адамның келу туралы талапты шамадан тыс қиындықсыз іс жүзінде орындай алатын жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен бірге заң шығарушы бұл қағидадан ерекшеліктерді көздейді. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар, дағдарыстық құбылыстар немесе өзге де болмай қоймайтын мән-жайлар, мысалы қоғамдық қауіпсіздікке қатер төнген, заңдылық жаппай бұзылған немесе төтенше оқиғалар болған жағдайда, шақыру қысқартылған мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жедел ден қою және теріс салдардың туындауына жол бермеу қажеттігіне байланысты. Мұндай жағдайларда жария мүдделер мен заңдылықты қамтамасыз ету міндеттеріне басымдық беріледі.

Шақыру хабарлама (хабархат) жіберу арқылы жүзеге асырылады. Бұл рәсімді сақтау мен адамның тиісінше хабардар етілгенін растаудың міндетті элементі болып табылады. 9-тармақта осындай хабарламаны жіберу тәсілдері нақтыланған.

Заң телефонограмманы, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе электрондық пошта мекенжайы бойынша мәтіндік хабарды, жеделхатты, оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатты, сондай-ақ хабарлауды немесе шақыруды тіркеп-белгілеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалануға жол береді.

Негізгі талап - хабарламаның жіберілгені мен алынғанын тіркеп-белгілеу мүмкіндігінің болуы. Бұл адамның шақыру туралы

тиісінше хабардар етілгенін анықтауға мүмкіндік беретіндіктен, маңызды дәлелдемелік мәнге ие.

Заманауи байланыс құралдарының пайдаланылуы құқық қолдану қызметінің цифрландырылуын көрсетеді және өзара іс-қимылдың жеделдігін арттыруға бағытталған.

Бұл ретте хабарлау тәсілін таңдау ақпараттың адресатқа нақты жеткізілу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Мысалы, мәтіндік хабар немесе электрондық хат анық байланыс деректері болған кезде, ал тапсырысты хат оның табыс етілгенін ресми құжаттамалық растау қажет болған кезде жіберіледі.

Шақырылған адам шақыру бойынша белгіленген мерзімде келуге кедергі келтіретін себептер туралы шақырушы прокурорды алдын ала хабардар етуге міндетті.

Бұл норма процестік тәртіпті қамтамасыз етуге және прокуратура органдарының жұмысын тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

Дәлелді себептерге ауру, іссапар, отбасылық мән-жайлар және келу мүмкіндігін жоққа шығаратын өзге де объективті кедергілер жатуы мүмкін. Бұл ретте адам өзінің келе алмайтыны туралы хабарлап қана қоймай, қажет болған жағдайда көрсетілген мән-жайларды тиісті құжаттармен растауға тиіс.

Алдын ала хабарлау прокурорға:

- келмеу себептерінің дәлелділігін бағалауға;
- шақыру мерзімін ауыстыруға;
- өзге де ұйымдастырушылық шешімдер қабылдауға;
- мәжбүрлеу шараларын қолдануды болғызбауға мүмкіндік береді.

Бұл міндетті орындамау, сол сияқты дәлелді себептерсіз келмеу заңда белгіленген жауаптылыққа алып келуі мүмкін.

Конституциялық заңның 26-бабының 11–14-тармақтары прокуратура қызметіндегі негізгі мәжбүрлеу шараларының бірін — шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген адамдарды күштеп әкелуді (мәжбүрлеп жеткізуді) бекітеді.

Бұл норма прокурордың заңды талаптарының орындалуын және прокурорлық қадағалаудың тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң күштеп әкелу шарасын жеке және лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдардың, мекемелердің және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың өкілдеріне, сондай-ақ тексеру үшін қажетті ақпаратқа немесе құжаттарға ие өзге де адамдарға қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл барлық санаттағы субъектілер үшін қолданылатын прокурордың заңды талаптарын орындаудың бұлтартпастығы қағидатын көрсетеді.

Күштеп әкелу (мәжбүрлеп жеткізу) осы тармақта көрсетілген уәкілетті прокурордың уәжді қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Қаулыда күштеп әкелуді қолданудың нақты себептері, жеткізілуге жататын адам туралы мәліметтер және шараны қолданудың мақсаттары көрсетілуге тиіс. Бұл прокурор әрекетінің заңдылығы мен құқыққа сәйкестігін қамтамасыз етіп, мәжбүрлеудің негізсіз қолданылуын болғызбайды.

Күштеп әкелу тек келуді және заңды талаптардың орындалуын қамтамасыз ету шарасы болып табылады және жаза ретінде қарастырылмауға тиіс.

Ол адамның қажетті құжаттарды, мәліметтерді беруін немесе түсініктемелер ұсынуын қамтамасыз ету үшін қолданылады. Бұл тексерудің толықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді және прокуратура органдарының беделін қолдауға ықпал етеді.

Бұл ретте заң азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды шектеулерді көздейді. Күштеп әкелу түнгі уақытта жүргізілмейді. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар күштеп әкелуге жатпайды, ал он сегіз жасқа толмаған адамдарды күштеп әкелуге олардың заңды өкілі хабардар етілмей жол берілмейді. Жүкті әйелдер, сондай-ақ денсаулық жағдайына байланысты өздері тұратын жерден кете алмайтын немесе кетпеуге тиіс адамдар да күштеп әкелуге жатпайды, бұл дәрігердің куәландыруына жатады. Бұдан басқа, күштеп әкелудің алдында адамға келу және

түсініктемелер дайындау үшін жеткілікті уақыт беріле отырып, тиісінше шақыру жүргізілуге тиіс.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды және заңды өкілі хабардар етілмей он сегіз жасқа толмаған адамдарды күштеп әкелуге тыйым салу императивтік норма болып табылады. Оны бұзу шақырудың мәні бойынша негізді болған-болмағанына қарамастан, прокурордың тиісті әрекетін заңсыз деп тануға негіз болады.

Күштеп әкелу (мәжбүрлеп жеткізу) туралы қаулыны ішкі істер органы орындайды. Бұл шараның тек уәкілетті мемлекеттік құрылымдар арқылы қолданылуына кепілдік береді және озбырлыққа жол бермейді.

Конституциялық заңның 26-бабы 15-тармағы прокурордың заңды талаптарын орындамағаны не прокурордың талап етуі бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін заңдық жауаптылықты бекітеді.

Кез келген жеке немесе лауазымды адам, мемлекеттік орган және меншік нысанына қарамастан ұйым прокурордың заңды талаптарын орындауға міндетті.

Белгіленген жауаптылықтың мақсаты прокурордың заңды талаптарын орындаудың бұлтартпастығын қамтамасыз ету болып табылады, бұл прокурорлық қадағалаудың тиімділігін қолдайды. Сонымен қатар жауаптылық жеке және заңды тұлғаларды, лауазымды адамдар мен ұйымдарды заң талаптарын сақтауға және прокуратура органдарының қызметіне кедергі келтірмеуге ынталандыратын алдын алу сипатына ие.

27-бап. Прокуратура органдарының жауапкершілігі

1. Прокурорлар өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Прокурорлардың және өзге де жұмыскерлердің әрекеттерімен келтірілген залал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеледі.

Түсіндірме беріліп отырған бап прокурорлық қызметті жүзеге асыру кезіндегі заңдық жауаптылық қағидатын бекітеді және прокурорлар мен прокуратура органдарының өзге де жұмыскерлерінің әрекеттерімен келтірілген залалды өтеудің заңнамалық негізін айқындайды.

Оның ережелері прокуратураның конституциялық мәртебесімен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабына сәйкес прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Прокуратураға мемлекеттік-биліктік өкілеттіктердің берілуі оларды құқыққа қайшы жүзеге асырғаны үшін заңда белгіленген жауаптылықтың да болуын көздейді.

Осы тұрғыдан алғанда, Конституциялық заңның 27-бабы прокуратура органдары қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктердің бірі болып табылады. Конституцияда белгіленген прокуратураның басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіздігі өзіне жүктелген функцияларды дербес жүзеге асыруын қамтамасыз етеді, алайда прокурорларды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес әрекет ету міндетінен және заңда көзделген негіздер болған кезде жауаптылықтан босатпайды.

Мұндай түсінік Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабына сәйкес келеді, онда: «Әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтетіп алуға құқығы бар», – деп бекітілген. Осылайша, жария билікті заңсыз жүзеге асырғаны үшін мемлекеттің жауаптылығы тікелей конституциялық деңгейде бекітілді.

Конституциялық заңның 27-бабы, ең алдымен, прокуратура қызметінің қағидаттарын белгілейтін 3-баппен, прокурордың өкілеттіктерін айқындайтын 10-баппен, прокуратура шешімдеріне, актілеріне және прокуратура органдары лауазымды адамдарының

әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау тәртібін көздейтін 25-баппен, сондай-ақ прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктерін белгілейтін 26-баппен өзара байланысты.

Конституциялық заңның 26 және 27-баптарының арақатынасы қағидаттық маңызға ие. Прокурор тәуелсіздігінің кепілдіктері оны өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде заңсыз араласудан қорғайды, ал 27-бап өкілеттіктердің өзін құқыққа қайшы жүзеге асырғаны үшін жауаптылықты қамтамасыз етеді. Осылайша, тәуелсіздік пен жауаптылық прокурордың құқықтық мәртебесінің өзара байланысты элементтері болып табылады: біріншісі өкілеттіктердің тек заң негізінде жүзеге асырылуын, екіншісі оларды іске асырудың заңда белгіленген шектерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 27-бабының 1-тармағында: «Прокурорлар өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады», – деп белгіленген.

Бұл норма сілтемелік сипатқа ие. Ол құқық бұзушылықтың дербес құрамын немесе «прокурорлық жауаптылықтың» арнайы түрін белгілемейді. Прокурорды жауаптылыққа тартудың негіздері, шарттары, тәртібі мен құқықтық салдары жасалған іс-әрекеттің сипатына қарай заңнаманың тиісті салаларымен айқындалады.

Мұндай заңнамалық шешім прокурор қызметінде құқық бұзушылықтың болуының өзі оған жауаптылықтың түрі мен мөлшерін өз бетінше айқындауға мүмкіндік бермейтінін білдіреді. Жауаптылықтың туындауы үшін тиісті заңда көзделген заңдық негіздер белгіленуге тиіс.

Прокуратура органдарының қызметкерлеріне қатысты бұл ереже Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңында нақтыланады. Аталған Заңның 19-бабында қызметкерлердің өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылығы көзделген. Тәртіптік жауаптылық аталған Заңның 56 және 57-баптарында егжей-тегжейлі реттелген: оны қолдануға тәртіптік теріс қылық

жасау негіз болады, ал тәртіптік жазаны айқындау кезінде теріс қылықтың сипаты мен ауырлығы, оның жасалу мән-жайлары, уәжі мен кінәнің дәрежесі, сондай-ақ жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Осылайша, прокурордың жеке жауаптылығы заңдылық, жауаптылықты даралау және заңда көзделген негіздің болуы қағидаттарына сүйенеді.

Осыған байланысты прокурор әрекетінің (әрекетсіздігінің) немесе шешімінің заңсыздығы мен оны жеке заңдық жауаптылыққа тарту негіздерінің болуын ажырату қажет. Прокуратура актісінің немесе процестік шешімнің күшін жою не оны өзгерту, сондай-ақ әрекетті заңсыз деп тану барлық жағдайда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болуын автоматты түрде білдірмейді. Жеке жауаптылық туралы мәселе жауаптылықтың тиісті түрін реттейтін заңға сәйкес шешіледі.

Мұндай ажырату прокуратураның конституциялық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін тікелей маңызға ие. Прокурор заңда белгіленген өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде нақты мән-жайларды, дәлелдемелер мен құқық нормаларын бағалайды және заңнамада көзделген шешімдерді қабылдайды. Кейіннен мұндай шешімге өзгеше құқықтық баға берілуінің өзі заңда көзделген жауаптылық негіздерінің анықталуын алмастырмайды.

Сонымен бірге прокурордың кәсіби дербестігі заңның императивтік талаптарынан ауытқуға негіз ретінде қарастырыла алмайды. Прокурордың қалауы өзіне берілген құзырет пен заңда белгіленген рәсімдер шегінде ғана қолданылуы мүмкін.

Бұл құқықтық құрылым құқық қорғау қызметі туралы заңнамада да нақтыланған. Мәселен, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 57-бабы [153] адамды қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тартуға әкеп соққан әрекеттері үшін қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту жағдайын реттейді және кейіннен ақтау үкімінің не істі ақтайтын негіздер бойынша тоқтату туралы

[153] «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

қаулының күші жойылған кезде тәртіптік жазаны қайта қарау мүмкіндігін көздейді. Бұл норма заң шығарушының қызметкердің жеке жауаптылығын процестік нәтиженің өзгеру фактісімен ғана емес, оның әрекеттеріне заңда белгіленген тәртіппен берілген заңдық бағамен байланыстыратынын көрсетеді.

Бас Прокурорды жауаптылыққа тартудың ерекшеліктері оның конституциялық мәртебесі мен оған қол сұғылмаушылыққа байланысты. Олар Конституциямен, Конституциялық заңмен және процестік заңнамамен реттеледі және 27-бапта бекітілген жауаптылық қағидатын іске асырудың ерекшелігін құрайды. Бұл ретте Бас Прокурорды жауаптылықтан босату емес, жауаптылықты іске асыру тәртібі арнайы болып табылады.

Конституциялық заңның 27-бабының 2-тармағында: «Прокурорлардың және өзге де жұмыскерлердің әрекеттерімен келтірілген залал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтеледі», – деп белгіленген, яғни залал азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен өтеледі. Бұл ережені Конституцияның 15-бабымен өзара байланыста түсіндіру қажет, оған сәйкес «әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтетіп алуға құқығы бар». Конституциялық кепілдік, ең алдымен, жария билікті заңсыз жүзеге асырудан зиян шеккен адамның құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған.

Осыған байланысты заңдық тұрғыдан дербес үш құқықтық қатынасты ажырату қажет: мемлекеттің зиян келтірілген тұлға алдындағы жауаптылығы; прокурордың немесе өзге де жұмыскердің жеке заңдық жауаптылығы; заңда көзделген жағдайларда кінәлі лауазымды адамның мемлекет алдындағы кері талап қою (регресс) тәртібімен жауаптылығы. Мұндай ажырату азаматтық заңнамадан тікелей туындайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 923-бабы анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеудің арнайы режимін белгілейді. Заңсыз соттау, қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тарту,

заңда тізбеленген бұлтартпау шараларын заңсыз қолдану және осы нормада көзделген өзге де жағдайларда азаматқа келтірілген зиянды мемлекет тиісті лауазымды адамдардың кінәсіне қарамастан толық көлемде өтейді. Прокуратура органдарының өзге де заңсыз қызметінен азаматқа немесе заңды тұлғаға келтірілген зиян Азаматтық кодекстің 922-бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен өтеледі.

Демек, 27-баптың 2-тармағын прокурорға қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде келтірілген кез келген залалды тікелей өз қаражаты есебінен өтеу міндетін жүктеу ретінде түсіндіруге болмайды. Залалды өтейтін субъект, өтеудің негіздері мен тәртібі заңнаманың арнайы нормаларымен айқындалады.

Мемлекеттің жауаптылығы мен лауазымды адамның жеке жауаптылығын ажырату кері талап қою туралы қағидалармен де расталады. Азаматтық кодекстің 923-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының лауазымды адамдары келтірген зиянды өтеген мемлекеттің, егер олардың кінәсі заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленсе, осы адамдарға кері талап қоюға құқығы бар.

Осы арқылы заң шығарушы екі заңдық фактіні: мемлекеттің жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеуі мен прокурордың жеке кінәсінің белгіленуін автоматты түрде теңестіруге жол бермейді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» нормативтік қаулысының[154] Конституциялық заңның 27-бабының 2-тармағын қолдану үшін арнайы маңызы бар. Ол жаңартылған редакцияда қолданылады және қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу және ақтау туралы заңнаманың біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді.

[154] «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысы.

Азаматтық кодекстің 923-бабының және аталған Жоғарғы Сот нормативтік қаулысының ережелері ҚПК-нің қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу және ақтау туралы нормаларымен бірге қарастырылуға тиіс. Бұл салада заң шығарушы арнайы өтемдік тетік белгілейді. Оған сәйкес адамның бұзылған мүліктік жағдайын қалпына келтіру құқығы нақты прокурорды, тергеушіні немесе өзге де лауазымды адамды алдын ала жеке жауаптылыққа тартуға байланысты болмайды.

Моральдық зиянды өтеу туралы мәселелерді шешу кезінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 951 және 952-баптары[155], сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысы[156] қолданылады.

Бұдан тағы бір қағидаттық қорытынды туындайды: прокурордың шешіміне, актісіне немесе әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасау, оны заңсыз деп тану, келтірілген зиянды өтеу және прокурордың жеке жауаптылығы дербес құқықтық тетіктер болып табылады.

Түсіндірме беріліп отырған Конституциялық заңның 25-бабында прокуратура шешімдеріне, актілеріне және прокуратура органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа дейін реттеу мүмкіндігі туралы мәселе қарастырылады. Заңсыз шешімнің күшін жою немесе оны өзгерту, ең алдымен, заңдылықты қалпына келтіруге бағытталған. Зиянды өтеу өтемдік сипатқа ие. Прокурордың жеке жауаптылығы дербес заңдық мақсатты көздейді және заңда көзделген негіз болған кезде ғана туындайды.

Сондықтан прокурордың шешімін немесе әрекетін заңсыз деп тану зиянды өтеу туралы мәселені шешу үшін заңдық маңызы бар мән-жай болуы мүмкін, бірақ ол нақты прокурордың тәртіптік,

[155] Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім).
[156] «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы.

әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені автоматты түрде алдын ала шешпейді.

4-тарау. ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНДАҒЫ АЛҚАЛАР. НОРМАШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ

28-бап. Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру

1. Құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады. Прокуратура органдары көрсетілген қызметті Бас прокуратураның, бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокуратуралардың жанынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестерінің шеңберінде жүзеге асырады.

2. Үйлестіру кеңестерінің шешімдерін қатысушы мемлекеттік органдар бірлескен, ведомстволық құқықтық актілер шығару және (немесе) тиісті іс-шараларды жүзеге асыру арқылы іске асырады.

3. Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Бұл норма прокуратураның негізгі өкілеттіктерінің бірін бекітеді, бұл оның Қазақстан Республикасы Конституциясының 84-бабында белгіленген жоғары қадағалау органының конституциялық мәртебесіне байланысты.

Құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру қажеттілігі заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыскерлікке қарсы күрес дербес құзыретке ие әртүрлі мемлекеттік органдардың қатысуын талап ететін кешенді міндет болып табылатындығымен айқындалады.

Бұл ретте құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру тиісті мемлекеттік органдардың прокуратураға бағыныстылығын білдірмейді және олардың ұйымдастырушылық-өкімдік қызметіне араласуды көздемейді. Әрбір қатысушы заңда белгіленген құзыретін сақтайды және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауапты болады.

Үйлестіру қызметінің мазмұны өзара байланысты үш элемент арқылы ашылады: органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, өзара ақпарат алмасу және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың әрекеттерінің келісімділігі.

Органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыскерлікке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысын ұйымдастыруды білдіреді. Мұндай өзара іс-қимыл ортақ мақсаттар мен міндеттерді айқындауды, әрбір органның құзыретін ескере отырып жұмыс бағыттарын бөлуді, ведомствоаралық кеңестер өткізуді, жұмыс топтарын құруды, бірлескен жоспарлар мен іс-қимыл алгоритмдерін әзірлеуді, сондай-ақ бірлескен профилактикалық, талдамалық және өзге де іс-шараларды ұйымдастыруды қамтиды. Бұл ретте әрбір орган өзіне берілген өкілеттіктер шегінде әрекет етеді.

Өзара ақпарат алмасу органдардың ортақ міндеттерді орындау үшін қажетті мәліметтерді бір-біріне уақтылы беруін білдіреді. Оларға заңдылық пен қылмыскерліктің жай-күйі, анықталған құқық бұзушылықтар, тәуекел тобындағы адамдар мен отбасылар, құқық

бұзушылықтар жасаудың себептері мен жағдайлары, профилактикалық жұмыстың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы деректер жатуы мүмкін. Ақпарат алмасу жедел, анық, толық болуға және дербес деректерді, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнама талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс. Оның мақсаты қаралатын мәселе туралы тұтас түсінік қалыптастыру және шешімдердің уақтылы қабылдануын қамтамасыз ету болып табылады.

Ортақ міндеттерді іске асыру кезінде әрекеттердің келісімділігі заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге және қылмыскерлікке қарсы іс-қимылға бағытталған іс-шараларды құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың бірыңғай тәсіл негізінде келісіп жүзеге асыруын білдіреді. Ол ортақ мақсатты айқындауды, әрбір органның құзыретін ескере отырып міндеттер мен жауапкершілік аймақтарын бөлуді, іс-қимылдардың реттілігі мен оларды орындау мерзімдерін белгілеуді, сондай-ақ жауапты орындаушылар мен күтілетін нәтижелерді айқындауды көздейді. Мұндай тәсіл функциялардың қайталануын, шешімдердің қарама-қайшылығын, ведомстволық бытыраңқылықты және жекелеген мәселелердің жауапты орындаушысыз қалуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Үйлестіру қызметі заңдылықты сақтау; қылмыскерлікке қарсы күресті күшейту жөніндегі мақсаттар мен міндеттердің бірлігі, мемлекеттік органдардың заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі күш-жігерін біріктіру; мәселелерді қоюда, ұсыныстар енгізуде және шешімдер қабылдауда әрбір ведомствоның теңдігі; келісілген іс-шаралар мен ұсынымдарды іске асыру кезінде мемлекеттік органның ұйымдастырушылық-өкімдік қызметіне араласпау; күрделі құқықтық проблемаларды шешуге бірыңғай тәсілді белгілеу; жұмыстағы қайталануды жою және туындайтын мәселелерді шешу кезінде ведомстволық тәсілге жол бермеу; адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарына қайшы келмейтін жариялылық; Үйлестіру кеңесінің

келісілген шешімдерін орындау үшін әрбір мемлекеттік орган басшысының жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді. Бұл терминология № 238 Жарлықпен бекітілген Ереженің қолданыстағы қазақша мәтініне сәйкес келтірілді.

Көрсетілген қағидаттар мемлекеттік органдардың үйлестіру қызметіне тең құқықты және келісілген қатысуын қамтамасыз етеді, олардың әрқайсысының белгіленген құзырет шегіндегі дербестігін сақтайды және сонымен бірге бірлесіп қабылданған шешімдерді орындау үшін дербес жауапкершілік жүктейді. Оларды сақтау ведомстволық бытыраңқылық пен жұмыстың қайталануын болдырмауға, ортақ міндеттерді шешуге бірыңғай тәсіл қалыптастыруға және Үйлестіру кеңесі шешімдерінің іс жүзіндегі нәтижелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үйлестіру қызметін прокуратура органдары консультативтік-кеңесші органдар болып табылатын тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестері шеңберінде жүзеге асырады.

Үйлестіру кеңестері Бас прокуратураның, бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың (астана және республикалық маңызы бар қалалар) жанынан құрылады.

Әскери немесе көлік прокуратурасының қызметін қозғайтын мәселелерді қарау кезінде облыстық және оларға теңестірілген үйлестіру кеңестерінің отырыстарына өңірлер мен гарнизондардың әскери прокурорлары, сондай-ақ өңірлік көлік прокурорлары тартылуы мүмкін. Мұндай тәртіп тиісті прокурорлардың аумақтық және арнаулы құзыретін ескере отырып, ведомствоаралық мәселелердің кешенді қаралуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аудандық және оларға теңестірілген деңгейлерде тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестері құрылмайды. Қалалық, аудандық, ауданаралық және мамандандырылған прокурорлар, оның ішінде мамандандырылған өңірлік және гарнизондық әскери прокурорлар, сондай-ақ мамандандырылған көлік прокурорлары үйлестіру қызметін ведомствоаралық кеңестер арқылы жүзеге

асырады. Бұл тұжырым № 238 Жарлықтың 2026 жылғы редакциясындағы ресми қазақша мәтінге сәйкес келеді[157].

Үйлестіру қызметін жоғары қадағалаудан ажырата білу қажет. Заңдылықтың нақты бұзылуы анықталған кезде прокурор заңда көзделген прокурорлық ден қою шараларын қолданады және үйлестіру кеңесін өткізу қадағалау қызметін алмастыра алмайды. Сонымен бірге, егер анықталған мәселе жүйелі сипатта болса, бірнеше мемлекеттік органның құзыретін қозғаса және бірлескен шараларды талап етсе, үйлестіру тетіктері пайдаланылады. Демек, қадағалау мен үйлестіру бірін-бірі алмастырмайды, керісінше бірін-бірі дәйекті түрде толықтырады: қадағалау бұзушылықтар мен жүйелі мәселелерді анықтауға, ал үйлестіру олардың негізінде жатқан себептер мен жағдайларды жою үшін әртүрлі мемлекеттік органдардың құзыретін біріктіруге мүмкіндік береді.

Түсіндіріліп отырған норма үйлестіру кеңестері шешімдерін іске асыру тетігін белгілейді. Мұндай шешімдерді қатысушы мемлекеттік органдар бірлескен немесе ведомстволық құқықтық актілер шығару және (немесе) тиісті іс-шараларды өткізу арқылы орындайды.

Егер шешім бір мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, қажетті шаралар оның ведомстволық құқықтық актісінде бекітілуі мүмкін. Шешім бірнеше органның тұрақты өзара іс-қимылын талап еткен кезде бірлескен құқықтық актілер, жоспарлар мен іс-қимыл алгоритмдері қабылдануы, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де ұйымдастырушылық тетіктер пайдаланылуы мүмкін.

Бұл ретте Үйлестіру кеңесінің шешімдері мемлекеттік органдарға заңнамада көзделмеген жаңа өкілеттіктер бермейді. Олардың мақсаты әрбір қатысушының заңда белгіленген құзыретін келісіп іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

---

[157] «Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 238 Жарлығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000238

Талқылау нәтижелері мен қабылданған шешімдер отырыс хаттамасына енгізіледі, ол Үйлестіру кеңесінің мүшелерімен келісіледі және төрағаның қол қоюына ұсынылады.

Қол қойылған хаттама оған қол қойылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Кеңес мүшелеріне жіберіледі. Хаттаманың орындалуы туралы хатшыға хабарланады, ол келіп түскен материалдарды талдайды және төрағаға баяндайды. Қылмыскерліктің алдын алудың әлеуметтік-экономикалық шараларын әзірлеу мәселелері жөніндегі шешімдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жіберіледі.

Үйлестіру кеңесінің қызметі «Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 30 мамырдағы № 238 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ережемен (бұдан әрі – Ереже) регламенттеледі. Бұл - «Әділеттегі» актінің ресми қазақша атауы.

Ереженің Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен бекітілуі Үйлестіру кеңесінің мемлекеттік деңгейдегі мәртебесін және оған заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмыскерлікке қарсы іс-қимыл саласында жүктелген міндеттердің маңызын көрсетеді.

Ереже Үйлестіру кеңесінің мәртебесін, міндеттерін, функцияларын, құрамын және қызмет тәртібін айқындайды, үлгілік сипатқа ие және бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралардың жанындағы тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестері туралы ережелерді әзірлеу үшін негіз болады. Бұл прокуратура органдарының бүкіл жүйесіндегі үйлестіру қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық тәсілдерінің бірлігін қамтамасыз етеді.

Ереженің 2-тармағында Үйлестіру кеңесінің мынадай негізгі міндеттері айқындалған:

1. құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, сондай-ақ қылмыскерлікке қарсы күрес саласындағы қызметін үйлестіру;

2. құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыруға, оны құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған келісілген ұсыныстар мен іс-қимылдарды әзірлеу;

3. қылмыскерліктің жай-күйін, оның құрылымы мен серпінін талдау және талқылау негізінде қылмыскерлікке қарсы күрестің негізгі бағыттарын айқындау, сондай-ақ қылмыскерлік пен өзге де құқық бұзушылықтардың даму үрдістерін болжау.

Көрсетілген міндеттер құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі келісілген қызметін қамтамасыз етуге, сондай-ақ құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыруға және криминогендік ахуалды талдау мен оның даму үрдістерін болжау негізінде қылмыскерлікке қарсы күрестің негізгі бағыттарын айқындауға бағытталған.

Практикада көрсетілген міндеттердің іске асырылуын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мысалында қарастыруға болады. Үйлестіру кеңесі жасөспірімдер қылмыскерлігінің жай-күйін, құрылымы мен серпінін талдау, сондай-ақ ықтимал тәуекелдерді болжау негізінде профилактикалық жұмыстың басым бағыттарын айқындайды.

Прокуратура, ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау органдарының және профилактиканың басқа да субъектілерінің қатысуымен құқық бұзушылықтар жасаудың себептері мен жағдайлары қаралады, ведомствоаралық өзара іс-қимылдағы кемшіліктер мен құқықтық реттеу проблемалары анықталады. Қорытындысы бойынша келісілген ұсыныстар мен шаралар әзірленеді, нақты іс-шаралар, жауапты орындаушылар, орындау мерзімдері және күтілетін нәтижелер айқындалады. Бұл

әртүрлі мемлекеттік органдардың мүмкіндіктерін біріктіруге және кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олардың жасалуына ықпал ететін себептерді жоюға кешенді тәсілді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ереженің 3-тармағына сәйкес жүктелген міндеттерді іске асыру үшін Үйлестіру кеңесі талдамалық, ұйымдастырушылық, құқық шығармашылық және практикалық функциялар кешенін жүзеге асырады.

Олардың қатарына қылмыскерлік пен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-шараларды әзірлеу және келісу, бұл жұмысқа мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарын тарту, сондай-ақ ұйымдасқан топтар мен қылмыстық қоғамдастықтардың (қылмыстық ұйымдардың) қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері жатады. Қажет болған кезде бұл жұмысқа өзге де мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары тартылады.

Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау жөніндегі құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметін, сондай-ақ қылмыскерлікке қарсы күрес бағдарламаларының орындалуын талдау маңызды орын алады.

Үйлестіру кеңесі қылмыстарды анықтау, ашу, тергеп-тексеру, алдын алу және жолын кесу практикасын зерделейді. Мұндай зерделеудің нәтижелері құқық қорғау жүйесі қызметінің басым бағыттарын айқындауға, криминогендік ахуалы неғұрлым қолайсыз өңірлерді анықтауға және өңірлік те, республикалық та деңгейде профилактикалық шаралар кешенін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Үйлестіру кеңесі қызметінің жеке бағыты қылмыскерлікке және басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күреске бағытталған заңнаманы қолданудың біркелкі практикасын қалыптастырумен байланысты. Құқықтық реттеудегі олқылықтар, қайшылықтар немесе кемшіліктер анықталған кезде Үйлестіру кеңесі заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды белгіленген

тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Құрылтайына және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Үйлестіру кеңесі жұмысының практикалық құрамдас бөлігі істің жай-күйін зерделеу, тексерулер жүргізу және жергілікті мемлекеттік органдарға құқық бұзушылықтар мен қылмыскерлікке қарсы іс-қимылды ұйымдастыруда әдістемелік және практикалық көмек көрсету үшін өңірлерге бірлесіп баруды көздейді.

Бұдан басқа, Үйлестіру кеңесі кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелерінде мемлекеттік органдардың ынтымақтастығын қамтамасыз етеді. Бұл бірыңғай кәсіби тәсілдерді қалыптастыруға, қызметкерлердің құзыреттерін жетілдіруге және құқық қорғау қызметінің оң тәжірибесін таратуға мүмкіндік береді.

Аталған функциялар Үйлестіру кеңесі міндеттерінің криминогендік ахуал мен құқық қолдану практикасын талдаудан бастап келісілген шаралар қабылдауға, заңнаманы жетілдіруге және кадрлардың кәсіби деңгейін арттыруға дейінгі практикалық іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Жүктелген міндеттерді орындау мақсатында Үйлестіру кеңесі Ереженің 4-тармағына сәйкес:

1. мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың басшыларын және өзге де лауазымды адамдарын, оның ішінде онлайн-форматта қатысуға шақыра отырып, Үйлестіру кеңесінің отырыстарын шақыруға және өткізуге;

2. Үйлестіру кеңесінің отырыстарында құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау жөніндегі жұмысының қорытындыларын талқылауға;

3. Үйлестіру кеңесінің мүшелеріне және мемлекеттік органдарға заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз етудің әдістемесі мен практикасын жетілдіру, сондай-ақ жұмыстағы бар кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар беруге;

4. мемлекеттік органдарға заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

5. құқық бұзушылықтар мен қылмыскерліктің профилактикасының перспективалы әдістерін мемлекеттік ақпараттық қолдау мәселелерін қарауға және тиісті шаралар әзірлеуге;

6. құқық бұзушылықтар мен қылмыскерліктің алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмысқа тартылатын құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың функционалдық мүмкіндіктері мен материалдық-техникалық базасын келісім бойынша пайдалануға уәкілетті.

Ереженің 6–13-тармақтарында Үйлестіру кеңесі қызметінің ұйымдастырушылық негіздері мен оның жұмыс тәртібі айқындалған.

Мәселен, Үйлестіру кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының басшылары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы және Қазақстан Республикасының Әділет министрі кіреді.

Үйлестіру кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры болып табылады, ол оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарда төрағалық етеді, жұмыс жоспарлары мен бірлескен іс-қимыл алгоритмдерін бекітеді, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды, сондай-ақ Кеңес жұмысының нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Президентін хабардар етеді.

Үйлестіру кеңесінің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді хатшы басқаратын хатшылық жүзеге асырады. Хатшы жұмыс жоспарларын қалыптастырады, отырыстар мен материалдардың дайындалуын қамтамасыз етеді, хаттамаларды ресімдейді, шешімдердің орындалуын ұйымдастырады және бақылайды, сондай-ақ аумақтық және мамандандырылған үйлестіру кеңестерінің қызметін үйлестіреді.

Үйлестіру кеңесінің жұмысы жартыжылдық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Отырыстар қажеттілігіне қарай, бірақ

тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Қажет болған кезде кезектен тыс отырыстар шақырылуы мүмкін.

Қаралатын мәселенің сипатына қарай отырыстарға Президент Әкімшілігінің, Қауіпсіздік Кеңесінің, Үкіметтің және өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері тартылуы мүмкін.

Үйлестіру кеңесінің шешімдері оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде жай көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Егер шешімдерді іске асыруға бірнеше мемлекеттік орган қатысса, ұйымдастырушылық функция бірінші болып көрсетілген органға жүктеледі, ал қалғандары бірлесіп орындаушылар болып табылады.

Осылайша, түсіндіріліп отырған бап прокуратураның үйлестіру қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін бекітеді[158].

29-бап. Прокуратураның адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі өзара іс-қимылы

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, инвесторлардың, қоғам мен мемлекеттің Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында прокуратура:

1) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, мекемелермен, олардың лауазымды адамдарымен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен және меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдармен;

[158] Осы қызметті жүзеге асырудың теориялық және практикалық мәселелері осы түсініктеме авторының зерттеулерінде неғұрлым егжей-тегжейлі баяндалған: Абдиров Н. М. Координация органами прокуратуры деятельности правоохранительных и иных государственных органов по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью в Республике Казахстан: учебное пособие. Карагандинский ун-т им. акад. Е. А. Букетова. - Караганда: Карагандинский ун-т им. акад. Е. А. Букетова, 2024. – 194 с.; Абдиров Н. М. Координационная деятельность органов прокуратуры Республики Казахстан по обеспечению законности, правопорядка и борьбы с преступностью: состояние, проблемы и пути совершенствования: монография. - Алматы : Жеті жарғы, 2021. - 198 с. и др.

2) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл жасайды және оның қызметіне жәрдем көрсетеді.

2. Прокуратура органдарының шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылы қылмыстық-құқықтық ынтымақтастық шеңберінде, сондай-ақ активтерді қайтару, инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру, оның ішінде қылмыстық процестен тыс білдіру шеңберінде жүзеге асырылады.

Конституциялық заңның 29-бабы прокуратура органдарының адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ заңды тұлғалардың, инвесторлардың, қоғам мен мемлекеттің Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделерін қорғау және қалпына келтіру мақсатында мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, адам құқықтарын қорғау институттарымен, шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауының құқықтық негіздерін бекітеді.

Түсіндірме беріліп отырған баптың мазмұнын прокуратураның конституциялық мақсат-міндеттерімен өзара байланыста қарастыру қажет. Конституцияның 84-бабының 1-тармағына сәйкес прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысанда жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Конституциялық заңның 29-бабында көзделген өзара іс-қимыл осы функцияларды іске асырудың ұйымдық-құқықтық тетіктерінің бірі болып табылады және заңда белгіленген құзыреттен тыс прокуратура қызметінің дербес бағытын құрмайды.

Конституциялық заңның 29-бабының 1-тармағында прокуратура өзара іс-қимыл жасайтын субъектілердің кең ауқымы көзделген. Оларға мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы

органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері және меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар жатады.

Бұл тізбеде жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары ерекше орын алады. Дәл осы жергілікті деңгейде жеке және заңды тұлғалардың, инвесторлардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелердің елеулі бөлігі тікелей шешіледі.

Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың конституциялық-құқықтық негіздері Конституцияның 87–91-баптарында бекітілген.

Конституцияның 87-бабына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы ахуалдың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады. Осылайша, жергілікті мемлекеттік басқарудың конституциялық моделі тиісті органдардың белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында өздеріне жүктелген жария функцияларды жүзеге асыруы үшін жауаптылығын көздейді.

Өз кезегінде, Конституцияның 91-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылған. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және оның қызметі заңмен реттеледі.

Демек, түсіндірме беріліп отырған норма прокуратураның жергілікті деңгейдегі жария билікті ұйымдастырудың өзара байланысты, бірақ бір-бірінен ерекшеленетін екі элементімен – жергілікті мемлекеттік басқарумен және жергілікті өзін-өзі басқарумен өзара іс-қимылын қамтиды. Мұндай ажырату субъектілерді және прокуратураның олардың әрқайсысымен өзара іс-қимылының мазмұнын заңда белгіленген құзыретті ескере отырып дұрыс айқындау үшін маңызды. Түсіндірме авторы жария биліктің осы нысандарын институционалдық тұрғыдан ажырату қажеттігіне ерекше назар аударады.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті, оларды ұйымдастыру және қызметінің тәртібі заңмен белгіленеді. Тиісті қатынастарды құқықтық реттеу «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен [159] жүзеге асырылады.

Бұл ретте заңнамалық реттеудің қолданыстағы моделінің өзіндік тарихи ерекшелігі бар. Бастапқыда Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы негізінен жергілікті мемлекеттік басқару саласындағы қатынастарды реттеді. Жергілікті өзін-өзі басқару институтын аталған заңнамалық акт шеңберінде нормативтік тұрғыдан бекіту кейінгі өзгерістердің, оның ішінде 2009 жылы енгізілген өзгерістердің нәтижесінде одан әрі дамытылды [160]. Нәтижесінде жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы қатынастар бірыңғай заңнамалық актімен реттеледі.

Ғылыми-құқықтық тұрғыдан алғанда, мұндай құрылым жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқаруды институционалдық және функционалдық жағынан ажырату дәрежесі туралы мәселені алға тартады. Конституция жергілікті өзін-өзі басқаруды халықтың жария билікті жүзеге асыруының дербес нысаны ретінде қарастырады, ал жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік басқару жүйесіне кіреді.

Осыған байланысты жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнаманың әкім мемлекеттік басқару функцияларымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын да жүзеге асырады деген ережесі назар аударуды талап етеді. Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық тұрғыдан ажыратылуын ескере отырып, бұл заңнамалық құрылым құқықтық реттеуді одан әрі

[159] «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы.

[160] «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы № 126-IV Заңы.

жетілдіру және жария биліктің тиісті субъектілерінің құзыретін неғұрлым нақты ажырату қажеттігі туралы мәселе қоюға мүмкіндік береді.

Доктриналық тұрғыдан мұндай жетілдірудің ықтимал бағыттарының бірі жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың функцияларын, құзыретін және жауаптылық тетіктерін нақты айқындай отырып, оларды бөлек заңнамалық реттеу болуы мүмкін. Мұндай тәсіл Конституцияда көзделген жергілікті деңгейдегі жария билікті ұйымдастырудың екі нысанын дәйекті түрде ажыратуға ықпал етер еді.

Осылайша, прокуратура тиісті субъектілермен өзара іс-қимыл жасаған кезде Конституциялық заңның 29-бабының ережелері Конституцияда және заңнамада белгіленген жергілікті өкілді, атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыретін ажырату ескеріле отырып қолданылуға тиіс.

Олармен қатар Конституциялық заңның 29-бабында прокуратураның мемлекеттік органдармен, мекемелермен, лауазымды адамдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен және меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылы көзделген.

Меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың осы тізбеге енгізілуі адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ заңды тұлғалардың, инвесторлардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуы мемлекеттік органдардың ғана емес, құқықтық қатынастардың өзге де субъектілерінің қызметімен байланысты болуы мүмкін екендігіне негізделген.

Бұл ретте тиісті субъектінің Конституциялық заңның 29-бабында белгіленген тізбеге енгізілуінің өзі прокуратураның қадағалау құзыретін кеңейтпейді. Өзара іс-қимылдың нысандары мен шектері прокуратура қызметінің нақты бағытына қарай Конституциямен, Конституциялық заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен айқындалады.

Өзара іс-қимыл ақпарат алмасу, қажетті құжаттар мен мәліметтерді алу, анықталған бұзушылықтарды жою мәселелерін қарау, заңнамада көзделген бірлескен іс-шараларды өткізу, сондай-ақ тиісті субъектілердің құзыретінен туындайтын өзге де нысандар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Өзара іс-қимыл мен үйлестіруді ажырату қажет. Құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыскерлікке қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру прокуратураның дербес өкілеттігі болып табылады және Конституциялық заңның 28-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Сондықтан 29-бапта көзделген мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің кең ауқымымен өзара іс-қимыл жасау прокуратураның оларға қатысты үйлестірушілік немесе басқарушылық өкілеттіктерді жүзеге асыруын өздігінен білдірмейді.

Конституциялық заңның 29-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында прокуратураның Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл жасауы және оның қызметіне жәрдем көрсетуі жеке белгіленген.

Мұндай заңнамалық тұрғыдан бөліп көрсету Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесіне, сондай-ақ прокуратура мен аталған институт қызметінің құқықтық табиғаты, құзыреті және қызмет нысандары әртүрлі болғанымен, олардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге ортақ бағытталуына байланысты.

Уәкілмен өзара іс-қимыл әрбір институттың құзыреті шегінде жүзеге асырылады және жіберілген материалдар мен жолданымдарды қарауды, құқықтық ақпарат алмасуды, құқықтар мен бостандықтардың анықталған бұзушылықтары бойынша заңда көзделген шараларды қабылдауды және ынтымақтастықтың өзге де нысандарын қамтуы мүмкін.

Прокуратураның Уәкіл қызметіне жәрдем көрсетуі бір институттың екіншісіне ұйымдық немесе функционалдық тұрғыдан

бағыныстылығын білдірмейді. Олардың әрқайсысы Конституция мен заңдарда берілген құзырет шегінде дербес әрекет етеді.

Сонымен бірге құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың мамандандырылған институттарының жүйесі Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен шектелмейді. Қазақстан Республикасында Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл және Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл де жұмыс істейді, олардың қызметі құқықтар мен заңды мүдделердің жекелеген санаттарын қорғаумен тікелей байланысты. Прокуратураның өзара іс-қимылын сипаттау кезінде аталған институттарды ескеру қажеттігін түсіндірме авторы арнайы атап көрсетеді.

Олар Конституциялық заңның 29-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында тікелей аталмағанымен, прокуратураның олармен өзара іс-қимылы заңнамада белгіленген құзырет шегінде және түсіндірме беріліп отырған баптың 1-тармағының 1) тармақшасында қамтылатын қатынастарға қатысты жүзеге асырылуы мүмкін.

Баланың құқықтары жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерін қарау кезінде, ал Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау мәселелерін қарау кезінде маңызды.

Бұл ретте мұндай өзара іс-қимыл прокуратура үшін Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделмеген қосымша өкілеттіктер туғызбайды және заңнамада белгіленген бұзылған құқықтарды қорғау мен қалпына келтіру тетіктерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Конституциялық заңның 29-бабының 2-тармағы прокуратура органдарының шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылын реттейді.

Қолданыстағы нормада мұндай өзара іс-қимылдың заңмен тікелей белгіленген үш бағыты қамтылған: қылмыстық-құқықтық ынтымақтастық; активтерді қайтару мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру; инвесторлардың құқықтарын

қорғау мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру, оның ішінде қылмыстық процестен тыс білдіру.

Қылмыстық-құқықтық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына, халықаралық шарттарға және заңнаманың қолданылатын өзге де нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Ол қылмыстық істер бойынша халықаралық құқықтық көмек көрсетуді, адамдарды қылмыстық қудалау немесе үкімді орындау үшін ұстап беруді, сотталған адамдарды беруді, қылмыстық қудалауды беруді және заңнамада көзделген халықаралық ынтымақтастықтың өзге де нысандарын қамтуы мүмкін.

Екінші дербес бағыт активтерді қайтару кезінде мемлекеттің мүдделерін білдіру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл болып табылады.

29-баптың 2-тармағының ерекшелігі – мұндай өзара іс-қимылды оның ішінде қылмыстық процестен тыс жүзеге асыру мүмкіндігіне тікелей нұсқау берілуінде. Осы арқылы заң шығарушы активтерді қайтару жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберімен шектемейді. Ол заңнамада және халықаралық шарттарда көзделген азаматтық-құқықтық және өзге де құқықтық тетіктерді қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл бөлікте түсіндірме беріліп отырған бап Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы заңнамасымен және Бас прокуратураның осы саладағы құзыретін айқындайтын өзге де актілермен өзара байланыста қолданылуға тиіс.

Бұл ретте қолданыстағы институционалдық модельді ескеру қажет: Активтерді қайтару жөніндегі комитет қайта ұйымдастырылғаннан кейін активтерді қайтару саласындағы тиісті функциялар мен өкілеттіктерді құрылымында Активтерді қайтару жөніндегі қызмет жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жүзеге асырады.

Үшінші бағыт - инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру шеңберіндегі халықаралық өзара іс-қимыл.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау 29-баптың 1-тармағын қолдану үшін де тікелей маңызға ие, өйткені онда инвесторлардың Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мүдделері прокуратураның өзара іс-қимылы жүзеге асырылатын қорғау объектілерінің қатарына тікелей енгізілген.

Прокуратура құзыретінің қолданыстағы моделінде бұл ережені Конституциялық заңның инвесторлардың құқықтарын қорғау туралы арнайы нормаларымен және Бас Прокурордың Инвестициялық омбудсмен ретіндегі өкілеттіктерін айқындайтын заңнамамен өзара байланыста қарастыру қажет.

Сонымен бірге инвесторлардың құқықтарын қорғау Конституциялық заңның 29-бабының 2-тармағында халықаралық өзара іс-қимылдың дербес бағыты ретінде тікелей көзделген. Шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен және халықаралық ұйымдармен инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл прокуратураның заңнамада белгіленген өкілеттіктері шегінде, оның ішінде қылмыстық процестен тыс жүзеге асырылады. Мұндай қызметтің нақты нысандары Конституциялық заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен, халықаралық шарттармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалады.

30-бап. Прокуратура органдарындағы алқалар

1. Прокуратура органдарында алқалар құрылады.

2. Алқа жұмысының регламентін, оның құрамын прокуратура органдарының бірінші басшылары айқындайды.

3. Алқа отырыстарында прокуратура органдары қызметінің мәселелері, сондай-ақ Бас Прокурордың, прокуратура органдары бірінші басшыларының қалауы бойынша мүдделі адамдардың қатысуымен алқалы түрде

қарауды талап ететін, заңдылықты бұзушылықтардың анықталуына байланысты өзге де мәселелер қаралады.

4. Алқаның шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және бағыныстыпрокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болып табылады.

Конституциялық заңның 30-бабы прокуратура органдары қызметінің мәселелерін алқалы түрде қарауды бекітеді және алқаларды ұйымдастыру мен олардың қызметінің негізгі элементтерін айқындайды.

Конституциялық заңның 30-бабы 1-тармағында прокуратура органдарында алқалар құрылатыны белгіленген. Бұл норманы прокуратура жүйесінің біртұтастығы мен орталықтандырылуын, сондай-ақ Бас Прокурордың прокуратура органдары жүйесіне басшылық жасау және Бас прокуратураның алқасын құру жөніндегі өкілеттіктерін бекітетін Конституциялық заңның 5 және 9-баптарының ережелерімен өзара байланыста қарастыру қажет.

Алқа тиісті прокуратура органының құрылымында жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылады. Ол прокуратура жүйесінен тыс дербес құзыретке ие болмайды және тиісті органды басқаратын прокурордың өкілеттіктерін алмастырмайды. Алқалы нысан жан-жақты кәсіби бағалауды және басшылықтың келісілген ұстанымын талап ететін мәселелерді талқылау үшін қолданылады.

Осыдан мәселелерді алқалы түрде талқылау мен бірінші басшының дербес құзыреті арасындағы қағидаттық айырмашылық туындайды. Мәселені алқаның қарауы Бас Прокурордың, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың заңда көзделген өкілеттіктерін өзгертпейді. Ұйымдастырушылық-өкімдік шешімдерді тиісті құзырет Конституциялық заңмен және өзге де құқықтық актілермен берілген лауазымды адамдар қабылдайды және іске асырады.

Конституциялық заңның 30-бабы 2-тармағы алқаның құрамын және оның жұмыс регламентін айқындауды прокуратура органдары

бірінші басшыларының өкілеттіктеріне жатқызады. Осы арқылы заң шығарушы алқалы жұмыстың талаптарының біртұтастығын сақтай отырып, прокурорлық жүйенің тиісті деңгейінің ұйымдастырушылық дербестігінің жалпы қағидатын белгілейді.

Бас прокуратура алқасының қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 224 «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы алқасының жұмыс регламентін бекіту туралы» бұйрығында нақтыланған. Бұйрық Конституциялық заңның 9-бабының 12) және 15) тармақшалары негізінде қабылданған және алқаны қалыптастыру, оның жұмысын жоспарлау, отырыстарды дайындау және өткізу, шешімдерді қабылдау мен ресімдеу, сондай-ақ олардың орындалуын бақылау тәртібін айқындайды.

Регламентке сәйкес Бас прокуратура алқасын Бас Прокурор басқарады. Алқа кеңесші орган болып табылады, ал оның шешімдері прокуратура органдарының, ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының прокурорлары мен өзге де жұмыскерлері үшін міндетті. Оларды іске асыру Бас Прокурордың бұйрықтары, өкімдері, нұсқаулары мен тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, Регламент алқалы шешімнің өзін және оны прокуратура жүйесінде одан әрі іске асырудың құқықтық нысандарын ажыратады.

Мұндай тетік прокуратураның орталықтандырылған моделіне сәйкес келеді: алқалы талқылау мәселені кешенді бағалауды қамтамасыз етеді, алайда Бас Прокурордың өкілеттіктерімен қатар әрекет ететін дербес басқару орталығын құрмайды.

Алқаның дербес құрамы Бас прокуратураның құрылымы мен оның қызмет бағыттары ескеріле отырып қалыптастырылады. Оның құрамына лауазымы бойынша прокуратура қызметінің негізгі бағыттарын ұйымдастыруға тікелей қатысатын басшылар кіреді. Регламент прокуратура органдарының, ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының өзге де лауазымды адамдарын алқа құрамына енгізуге мүмкіндік береді. Алқа мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз жеке қатысады. Бұл

ережелер алқа мүшелерінің өз құзыреті аясына кіретін мәселелерді қарауға қатысуы үшін дербес жауаптылығын қамтамасыз етеді.

Алқаның жұмысын жоспарлау құрылымдық бөлімшелердің ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады. Жоспар жобасын дайындауды, отырыстарды ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді, іс жүргізуді, шешімдерді есепке алуды және олардың орындалуын жалпы бақылауды Бас Прокурордың Аппараты жүзеге асырады. Мұндай реттеу алқа күн тәртібін қалыптастыру, материалдарды дайындау, шешім қабылдау және оның іске асырылуын бақылау арасындағы дәйекті байланысты қамтамасыз етеді.

Регламентте алқа отырысының заңды болу шарттары мен шешімдер қабылдау тәртібі де көзделген. Алқа отырысы оның Регламентте белгіленген сандағы мүшелері қатысқан кезде заңды болады. Шешімдер Регламентте көзделген тәртіппен көпшілік дауыспен қабылданады. Алқа мүшесінің ерекше пікірі хаттамада көрсетілуге тиіс.

Бұл ретте Регламенттің ережелерін Конституциялық заңның 30-бабы 4-тармағының тікелей талабын ескере отырып қолдану қажет. Оған сәйкес алқаның шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және бағыныста прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндетті болып табылады.

Конституциялық заңның 30-бабы 3-тармағы алқалы түрде қаралатын мәселелердің нысанасын айқындайды. Оған прокуратура органдары қызметінің мәселелері, сондай-ақ Бас Прокурор немесе тиісті бірінші басшы мүдделі тұлғалардың қатысуымен алқалы түрде қарауды қажет деп есептеген жағдайда анықталған заңдылық бұзушылықтарына байланысты өзге де мәселелер жатады.

Бұл норма бірінші басшыға қандай мәселелердің жеке басқарушылық шешімді емес, алқалы форматта алдын ала қарауды талап ететінін айқындауға мүмкіндік береді. Прокурорлық қадағалаудың, қылмыстық қудалаудың, сотта мемлекет мүддесін білдірудің нәтижелері, заңдылықтың жай-күйін талдау, өтініштермен жұмыс, ведомстволар мен аумақтық органдардың

қызметі, сондай-ақ прокуратура жүйесінің жұмыс істеуіне қатысты өзге де мәселелер мұндай қарауға негіз бола алады.

Бұл ретте мәселенің алқада қаралуы прокуратура қызметінің тиісті бағытының құқықтық табиғатын өзгертпейді. Егер қадағалау, қылмыстық қудалау немесе өзге де қызмет нәтижелері талқылау нысанасы болса, процестік және қадағалау өкілеттіктері тек заңда көзделген нысандарда іске асырылады. Алқа шешімі прокурорлық қадағалау актісін, процестік шешімді немесе қабылдаудың арнайы негіздері мен тәртібі заңнамада белгіленген өзге де актіні алмастыра алмайды.

Конституциялық заңның 30-бабы 4 тармағы алқа шешімдерінің бағыныстыпрокурорлар мен өзге де жұмыскерлер үшін міндеттілігін бекітеді. Бұл ереже ішкі ұйымдастырушылық мәнге ие және прокуратураның біртұтас орталықтандырылған жүйесінде алқа шешімдерінің іске асырылуын қамтамасыз етеді.

№ 224 Регламентте бұл тетік нақтыланған: шешімдер хаттамамен ресімделеді, төраға қол қойғаннан кейін орындаушыларға жіберіледі, ал оларды іске асыру Бас Прокурордың тиісті ұйымдастырушылық-өкімдік актілері мен тапсырмалары арқылы жүзеге асырылады.

Шешімнің әрбір тармағы бойынша жауапты орындаушылар мен орындау мерзімдері айқындалады. Орындалудың толықтығы мен уақтылығын бақылау құзыреті шегінде Бас Прокурордың орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына, комитеттердің төрағаларына, Академия ректорына, Бас әскери және Бас көлік прокурорларына, облыстар прокурорларына және оларға теңестірілген прокурорларға жүктеледі. Жалпы бақылауды Бас Прокурордың Аппараты жүзеге асырады.

Демек, алқа шешімдерінің міндеттілігі алқаның дербес сыртқы құқық субъектілігінің туындауын білдірмейді. Шешім прокуратура органдары жүйесінің ішінде қолданылады және нақты лауазымды адамдардың өкілеттіктері, сондай-ақ заңнамада және ведомстволық реттеуде көзделген ұйымдастырушылық-өкімдік актілер арқылы іске асырылады.

Мәселені қарау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда прокуратура органдарының біртұтас орталықтандырылған жүйесінің басшысы ретіндегі Бас Прокурордың құзыреті шешуші мәнге ие болады. Алқалы талқылау Бас Прокурордың Конституцияда және Конституциялық заңда бекітілген дербес өкілеттіктерін шектемейді.

Осылайша, 30-бап прокуратура органдары бірінші басшыларының дара басшылық қағидаты мен дербес құзыретін өзгертпей, прокуратура жүйесінде басқарушылық шешімдерді дайындау мен келісудің алқалы тетігін бекітеді. Алқа прокуратура қызметінің мәселелерін кәсіби тұрғыдан талқылауды қамтамасыз етеді, ал қабылданған шешімдер заңда және ведомстволық актілерде көзделген ұйымдастырушылық-өкімдік нысандарда іске асырылады.

31-бап. Нормашығармашылық қызметке қатысу

Прокуратура органдары заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында:

1) өз құзыреті шегінде уәкілетті және өзге де мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру туралы ұсыныстар енгізеді;

2) прокуратураның құзыреті мен функцияларын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі;

2-1) прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің жаңа нысандары мен құралдарын қатаңдатуға не енгізуге байланысты заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша қорытындыларды келіседі және береді;

3) нормашығармашылық қызметте Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындайды.

Конституциялық заңның 31-бабы заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында прокуратура органдарының нормашығармашылық қызметке қатысу нысандарын жүйелі түрде бекітеді.

Мұндай қатысудың негізгі нысандарына мыналар жатады:

1) бастамашылық нысан – заңнаманы жетілдіру туралы ұсыныстар енгізу;

2) келісу нысаны – прокуратураның құзыреті мен функцияларын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуге қатысу;

3) мамандандырылған нысан – инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоның инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің жаңа нысандары мен құралдарын қатаңдатуды не енгізуді көздейтін жобаларды қарауға қатысу;

4) нормашығармашылық қызметке қатысудың заңда көзделген өзге де нысандары.

Көрсетілген қатысу нысандары прокуратураның құқықтық реттеуді жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде – заңнамадағы проблемаларды анықтаудан және оларды жою жөнінде ұсыныстар қалыптастырудан бастап нормативтік құқықтық актілердің нақты жобаларын бағалауға дейін өз өкілеттіктерін іске асыруына мүмкіндік береді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының прокуратура органдары заң шығаруға тікелей бастама жасау құқығына ие емес.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабына сәйкес заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайда іске асырылады.

Бұл ретте заңнамада заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілетін заң жобаларын әзірлеушілердің әртүрлі субъектілері көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасының Құрылтайына енгізілетін заң жобаларын әзірлеушілер Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша не Қазақстан Республикасы Президентінің

тапсырмасына негізделген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар және олардың келісімімен азаматтар болуы мүмкін.

Құрылтай депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заң жобаларын әзірлеушілер Құрылтай депутаттары болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заң жобаларын әзірлеушілер орталық атқарушы органдар, сондай-ақ олардың келісімімен өзге де мемлекеттік органдар болып табылады.

Қазақстан Халық Кеңесінің заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалатын заң жобаларын әзірлеушілер Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері және (немесе) хатшылығы болып табылады.

Осылайша, прокуратура органдарының нормашығармашылық қызметке қатысуын заң шығаруға бастама жасау құқығын іске асырудан ажырату қажет.

Прокуратура заңнамада белгіленген нысандарда және шектерде құқықтық реттеуді жетілдіруге қатысуға құқылы, алайда ол заң шығару бастамасы субъектілерін және нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау функциялары жүктелген өзге де мемлекеттік органдарды алмастырмайды.

Прокуратураның осы салаға қатысуы оның заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі конституциялық-құқықтық мақсатынан туындайды.

Бұл ретте нормашығармашылық қызмет прокуратура органдарына жүктелген міндеттерді іске асыру құралдарының бірі болып табылады.

Конституциялық заңның 31-бабының мазмұны Конституцияның, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы

Конституциялық заңының, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [161] , «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және қабылдау мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің ережелерімен өзара байланыста қолданылуға тиіс.

Конституциялық заңның 31-бабының 1) тармақшасында прокуратура органдарының өз құзыреті шегінде уәкілетті және өзге де мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру туралы ұсыныстар енгізу құқығы көзделген.

Бұл жағдайда заңнаманы жетілдіру деп құқықтық реттеудің анықталған кемшіліктерін, оның ішінде олқылықтарды, қайшылықтарды және құқықтық белгісіздікті, шамадан тыс не тиімсіз реттеуді, негізсіз әкімшілік кедергілерді, сондай-ақ заңнаманың тиісінше қолданылуына кедергі келтіретін өзге де мән-жайларды жоюға бағытталған қызметті түсіну қажет.

Тиісті ұсыныстар енгізу қажеттілігі, атап айтқанда, прокурорлық қадағалау, заңдылықтың жай-күйін талдау, құқықтық мониторинг, құқық қолдану практикасын зерделеу, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау, құқық қолдану рәсімдеріне қатысу және заңда белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру нәтижелері бойынша анықталуы мүмкін.

Прокуратура органдары заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау кезінде де, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу кезінде де Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін ескеруге міндетті.

Конституцияның 75-бабына сәйкес Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық

[161] «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480

актілер, олардың жекелеген ережелері Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап қолданысын тоқтатады және қолданылмауға тиіс.

Конституциялық Соттың шешімдерін ескеру прокуратураның нормашығармашылық қызметі үшін тікелей маңызға ие, өйткені ол конституциялық емес деп танылған ережелердің заңнамада сақталуына жол бермеуге және нормативтік реттеуді Конституцияға сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты белгіленген тетік құқық қолдану қызметі, прокурорлық қадағалау және нормативтік реттеуді жетілдіру арасындағы қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді.

Прокуратура органдарының жүйесінде осы жұмысты ұйымдастыру тәртібі «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының нормашығармашылық қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 34 бұйрығымен айқындалған[162].

Практикалық қызмет барысында анықталған құқықтық реттеу проблемасы құзыретті мемлекеттік органға тиісті ұсыныс енгізу арқылы нормативтік шешімін табуы мүмкін.

Бұл ретте заң шығарушы мемлекеттік органдардың құзыретін ажырату қағидатын негізге алады.

Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағына сәйкес қадағалауды жүзеге асырған кезде прокуратура органдары өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды.

Демек, прокуратура органдары құқықтық реттеу проблемаларын анықтауға, оларға құқықтық баға беруге және оларды жоюдың ықтимал тәсілдері туралы ұсыныстар енгізуге құқылы, алайда тиісті нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және қабылдау құзыретіне жататын мемлекеттік органның өкілеттіктерін өзіне алуға құқылы емес.

[162] «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының нормашығармашылық қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 34 бұйрығы / https://prg.kz/document/?doc_id=34125358

Конституциялық заңның 31-бабы 1) тармақшасына қатысты «өз құзыреті шегінде» деген тұжырымның қағидаттық маңызы бар. Ол прокуратура органдарының ұсыныстары өздеріне жүктелген міндеттер мен өкілеттіктерге тікелей байланысты болуға және заңдылықты қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауға бағытталуға тиіс екенін білдіреді.

Прокуратура органдарының заңнамалық ұсынысы прокуратура органдары өкілінің тиісті жұмыс тобына қатысуы арқылы не Бас прокуратураның Құрылтайдағы ресми өкілі арқылы да іске асырылуы мүмкін.

Нормативтік реттеудің кемшіліктерін анықтаудың қосымша құралы құқықтық мониторинг болып табылады.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабына сәйкес[163] прокуратура органдары өздері қабылдаған және (немесе) әзірлеушілері өздері болған не өздерінің құзыретіне жататын нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүзеге асырады және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу не олардың күші жойылды деп тану жөнінде уақтылы шаралар қабылдайды.

Прокуратура жүйесінде көрсетілген жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 33 бұйрығымен реттеледі[164].

Аталған бұйрықта Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелерінің, бағыныстағы ведомстволардың, прокуратураның білім беру ұйымының, әскери және көлік прокуратурасы органдарының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген астананың және республикалық маңызы бар қалалардың прокуратураларының өз қызметінің нысанасына

[163] «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480

[164] «Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізу жөніндегі жұмысы және құқықтық қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 33 бұйрығы / https://prg.kz/document/?doc_id=32744248

жататын нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізуі көзделген.

Құқықтық мониторингтің нақты заң бұзушылыққа ден қоюдан айырмашылығы оның нысанасы тікелей нормативтік реттеу және оны қолдану практикасы болып табылатындығында. Басқаша айтқанда, нақты норманы бұзу фактісі ғана емес, сонымен қатар қолданыстағы құқықтық реттеудің тиімділігі, онда жүйелі кемшіліктердің болуы және оны одан әрі жетілдіру қажеттілігі де талданады.

Осылайша, құқықтық мониторинг кейіннен заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар дайындауға негіз болуы мүмкін проблемаларды анықтау көздерінің бірі болып табылады.

Конституциялық заңның 31-бабының 2) тармақшасында прокуратура органдарының прокуратураның құзыреті мен функцияларын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуі көзделген.

Заңнаманы жетілдіру туралы ұсыныстарды бастамашылық тәртіппен енгізуді көздейтін 1) тармақшадан айырмашылығы, бұл ереже прокуратураның нақты нормативтік құқықтық актінің жобасын дайындау және келісу сатысына тікелей қатысуын реттейді.

Мемлекеттік органдар заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының немесе Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының жобаларын әзірлеген кезде, егер тиісті жобалар прокуратура органдарының өкілеттіктерін, құрылымын, штат санын, қаржыландырылуын, материалдық-техникалық не әлеуметтік қамсыздандырылуын қозғайтын болса, оларды ресми келісу үшін Бас прокуратураға жіберуге міндетті.

Осы нормаға қатысты прокуратураның құзыреті деп заңнамада белгіленген прокуратура органдарының тиісті қызмет салаларындағы өкілеттіктерінің жиынтығын түсіну қажет.

Прокуратураның функциялары заңнамада белгіленген прокуратура органдары қызметінің негізгі бағыттарын білдіреді.

Демек, нормативтік құқықтық актінің жобасында прокуратура органдарының аталуының өзі оны келісу үшін сөзсіз негіз болып табылмайды. Тиісті ережелердің мазмұны және олардың прокуратураның құзыреті мен функцияларына ықпал ету сипаты айқындаушы мәнге ие болады.

Жобаны қарау кезінде оның Конституцияға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігі, әзірлеушінің құзыреті шегінде ұсынылып отырған реттеуге жол берілуі, прокуратура өкілеттіктерінің негізсіз шектелмеуі бағалануға тиіс.

Мұндай келісу рәсімдік қана емес, құқық қорғаушылық маңызға да ие, өйткені нормативтік құқықтық актіні дайындау сатысында прокуратура өкілеттіктерінің заңда белгіленген көлемінің өзгеруіне не оған тән емес функциялардың жүктелуіне әкеп соғуы мүмкін ережелердің қабылдануын болдырмауға мүмкіндік береді.

Жобаны қарау нәтижелері бойынша прокуратура органдары өздеріне берілген құзырет шегінде қорытынды береді.

Конституциялық заңның 31-бабының 2-1) тармақшасында прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосының инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің жаңа нысандары мен құралдарын қатаңдатуға не енгізуге байланысты заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша қорытындыларды келісу және беру жөніндегі арнайы өкілеттігі көзделген.

Бұл норма «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен енгізілді[165].

[165] «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, Қазақстан Республикасының сайлау және прокуратура туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII ҚРЗ / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000305

Көрсетілген өкілеттіктің бекітілуі инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді қалыптастыру кезінде инвесторлардың құқықтарын қорғаудың алдын алу тетіктерін күшейту қажеттілігіне байланысты.

Инвестициялық қызметті реттеуді қатаңдатуды не мемлекеттік ықпал етудің жаңа нысандары мен құралдарын енгізуді көздейтін заң жобасы немесе заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің жобасы дайындалған жағдайда, тиісті жоба заңнамада белгіленген тәртіппен прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосында қаралуға тиіс.

Ведомство жобаға құқықтық бағалау жүргізеді және оның нәтижелері бойынша тиісті қорытынды береді.

Бұл ретте аталған тетіктің мәні уәкілетті мемлекеттік органның нормашығармашылық құзыретін шектеуде емес, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы тұрғысынан ұсынылып отырған реттеудің негізділігіне қосымша бағалау жүргізуді қамтамасыз етуде болып табылады.

Прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосының нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуі алдын алу сипатына ие, өйткені тиісті бағалау нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін жүргізіледі.

Мұндай тәсіл инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің негізсіз күшеюіне әкеп соғуы мүмкін ережелерді бастапқы кезеңде анықтауға және оларды құқықтық тұрғыдан түзету жөнінде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты 31-баптың 2-1) тармақшасында көзделген өкілеттік инвесторлардың құқықтарын қорғаудың қосымша заңдық кепілдігі және сонымен бір мезгілде инвестициялық қызметті нормативтік реттеу сапасын арттыру құралы болып табылады.

Конституциялық заңның 31-бабының 3) тармақшасында прокуратура органдарының нормашығармашылық қызметте Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындауы көзделген.

Бұл норма сілтемелік сипатқа ие және прокуратураның тиісті тікелей құқықтық негіз болған кезде нормашығармашылық саладағы өзге де өкілеттіктерін іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Демек, прокуратура органдары нормашығармашылық қызметте өзге де функцияларды өз қалауы бойынша емес, тиісті өкілеттіктер Қазақстан Республикасының заңында не Қазақстан Республикасы Президентінің актісінде тікелей көзделген жағдайларда ғана жүзеге асыруға құқылы.

Сонымен қатар прокуратура органдарының заңнаманы жетілдіруге қатысуы заңнамада көзделген консультативтік-кеңесші және ведомствоаралық тетіктер шеңберінде де жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, «Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 380 бұйрығымен құрамына Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары кіретін Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылды.

Комиссия Үкіметтің және уәкілетті мемлекеттік органдардың заң жобалау қызметіне талдау жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары мен жыл сайынғы жолдауларын ескере отырып, Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарын және заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын қалыптастыру жөнінде ұсынымдар әзірлейді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 31 шілдедегі № 739 бұйрығымен құрамына Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары енгізілген Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдірудің кейбір мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобының қызметі шеңберінде тиісті саладағы реттеушілік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу, қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамаға

талдау жүргізу, сондай-ақ оны жетілдіру және жүйелеу жөнінде ұсынымдар әзірлеу көзделген.

Осылайша, қолданыстағы тәртіп тиісті нормативтік және ұйымдастырушылық негіз болған кезде прокуратура органдарының заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды ведомствоаралық талқылауға және әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мұндай қатысу прокуратура органдарының заңда белгіленген құзыретін кеңейтуге әкеп соқпайды, өйткені ол заңнамада және тиісті консультативтік-кеңесші әрі жұмыс органдарының қызметін реттейтін актілерде айқындалған өкілеттіктер шегінде жүзеге асырылады.

Бұл прокуратура органдарының заңнаманы жетілдіру процестеріне қажетті қатысуын және оның құзыретінің шектерін айқындау кезінде заңдылық қағидатының сақталуын бір мезгілде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Конституциялық заңның 31-бабы прокуратура органдарының нормашығармашылық қызметке қатысуының кешенді жүйесін бекітеді. Оның мазмұны заңнаманың кемшіліктерін анықтау мен оларды жоюға бастамашылық етуді де, инвестициялық қызметті реттеуді бағалаудың арнайы рәсімін қоса алғанда, нормативтік құқықтық актілердің нақты жобаларын келісуге қатысуды да қамтиды.

5-тарау. ПРОКУРАТУРА АКТІЛЕРІ

32-бап. Прокуратура актілерінің жүйесі

1. Прокуратура актілерінің жүйесін мыналар құрайды:

1) прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, санкция, нұсқау, ұсыну, қаулы, ұйғарым;

2) прокурорлық ден қою актілері: өтінішхат, арыз (талап қою), жолданым, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына жол берілмейтіні туралы түсіндірме;

3) прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және басқалар.

2. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды, күшіне енген актілерді бағалауды жүргізу, жолданымдарды қарау және осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындау нәтижелері бойынша енгізіледі және олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы үшін міндетті.

3. Прокуратура актілерін қарамау, сол сияқты тиісінше қарамау, орындамау не прокурордың заңды талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

4. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізілгеннен кейін бұзушылық жасаған адамдарды жауаптылыққа тарту мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын тәртіппен осы акт бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Конституциялық заңның 32-бабы прокуратура актілерінің жүйесін бекітеді, олардың негізгі түрлерін, енгізілу негіздерін, қаралуы мен орындалуының міндеттілігін, сондай-ақ прокурордың заңды талаптарын орындамаудың құқықтық салдарын айқындайды.

Конституциялық заң жүйесінде бұл бап 5-тараудың кейінгі ережелері үшін жалпы маңызға ие: ол прокуратура актілерінің заңнамалық жіктемесін белгілейді, ал Конституциялық заңның 33–41-баптары актілердің жекелеген түрлерін қолданудың негіздерін, мазмұны мен тәртібін нақтылайды.

Прокуратура актілерінің жүйесі өзінің заңдық табиғаты бойынша біртекті емес. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері негізінен прокурордың нақты өкілеттіктерін іске асыру

кезінде қабылданатын жеке құқық қолдану актілері болып табылады. Прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін актілер мазмұнына қарай нормативтік не ұйымдық-өкімдік сипатта болуы мүмкін.

Заң әдебиетінде прокуратура актілері мақсаты, қолданылу негіздері, мазмұны және заңдық салдары бойынша ерекшеленетін прокурорлық өкілеттіктерді іске асырудың құқықтық нысандары ретінде қарастырылады. Ғылыми және оқу еңбектерінде прокуратура актілері жүйесінің жалпы мәселелері де, прокурор қызметінің нақты бағыттарында жекелеген актілерді қолдану ерекшеліктері де зерттеледі[166].

Бұл институттың ғылыми тұрғыдан әзірленуі прокуратура актілерін олардың атауына қарай ғана емес, сондай-ақ құқықтық табиғатын, қолданылу негіздерін және олар туындататын заңдық салдарды ескере отырып қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте құқық қолдану үшін түсініктеме беріліп отырған бапта тікелей бекітілген жіктеме бастапқы болып табылады.

Конституциялық заңның 32-бабының 1-тармағы прокуратура актілерін үш топқа бөледі.

Бірінші топқа прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, санкция, нұсқау, ұсыну, қаулы және нұсқама жатады.

Көрсетілген актілердің бір топқа біріктірілуі олардың прокурордың заңда көзделген өкілеттіктерін жүзеге асырумен тікелей байланысты болуына негізделген. Сонымен бірге оларды қолданудың негіздері, мазмұны мен заңдық салдары әртүрлі.

Наразылық прокурордың Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келетін мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың,

[166] Винокуров А.Ю., Винокуров Ю.Е. Прокурорский надзор: учебник для вузов / под общ. ред. А.Ю. Винокурова. 5-е изд., перераб. и доп. М.: Юрайт, 2020. 380 с.; Баяндина М.О., Табылдиев К.Б. Акты прокурорского реагирования как показатель правовой культуры органов прокуратуры // Вестник КазНУ. Серия юридическая. 2017. № 1 (81). С. 326–330; Оралбек Е.Т., Алибеков А.Е. Образцы актов прокурорского надзора и реагирования в сфере исполнительного производства. Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2024. 45 с. Библиографические данные последних двух источников подтверждаются изданием КазНУ и официальным ресурсом Академии.

лауазымды және өзге де уәкілетті адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ден қою нысаны болып табылады және заңдылықтың бұзылуын жоюға бағытталады.

Прокурордың санкциясы (келісімі) өзгеше құқықтық табиғатқа ие. Ол алдын ала рұқсат беру сипатында болады және заң құқықтарды шектейтін сипаттағы жекелеген әрекетті жасау не заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алу мүмкіндігін прокурордың алдын ала шешімімен байланыстыратын жағдайларда қолданылады.

Нұсқау прокурордың Конституциялық заңның 35-бабында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында тікелей айқындалған мәселелер бойынша өкілеттіктерін іске асыруының заңда көзделген жазбаша нысаны болып табылады. Прокурордың өз құзыреті шегінде берген нұсқауы орындалуға міндетті.

Ұсыну заңда көзделген жағдайларда енгізіледі және заңдылықтың бұзылуын, сондай-ақ оны жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға бағытталады.

Қаулы заңмен прокурордың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша оның шешімін ресімдеу нысаны болып табылады және Конституциялық заңда және өзге де заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда шығарылады.

Нұсқама Конституциялық заңның 39-бабында көзделген негіздер болған кезде қолданылады және прокурордың заңдылықтың бұзылуын жою туралы міндетті талабын қамтиды.

Осылайша, аталған құқықтық құралдардың прокурорлық қадағалау актілеріне жатқызылуы олардың заңдық табиғатының бірдей екендігін білдірмейді. Әрбір актінің нақты негіздері, мазмұны мен салдары Конституциялық заңның арнаулы нормаларында және тиісті салалық заңнамада айқындалады.

Екінші топқа прокурорлық ден қою актілері: өтінішхат, арыз (талап қою), жолданым және Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына жол берілмейтіні туралы түсіндіру жатады.

Осы актілер арқылы прокурор заңда көзделген жағдайларда құзыретті органның заңдық маңызы бар мәселені шешуіне

бастамашылық жасайды, сот арқылы қорғау үшін жүгінеді не заң бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі өкілеттіктерін іске асырады.

Арыз (талап қою) прокурордың сотқа жүгінуінің процестік нысаны болып табылады және тиісті процестік заңнамада белгіленген тәртіппен қаралады. Өтінішхат заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен енгізіледі әрі прокурор қойған мәселенің уәкілетті субъектінің қарауына жататынын білдіреді. Жолданым Конституциялық заңда белгіленген жағдайларда прокурорлық ден қоюдың дербес нысаны ретінде қолданылады. Заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіру алдын алу бағытына ие және Конституциялық заңның 41-бабында көзделген негіздер болған кезде қолданылады.

Бұл актілердің бір топқа жатқызылуы оларды қарау тәртібі мен заңдық салдарының бірдей екендігін білдірмейді. Олардың әрқайсысының құқықтық режимі Конституциялық заңның тиісті нормаларында және салалық заңнамада айқындалады.

Үшінші топты прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және басқа да актілер құрайды.

Мұндай актілер арқылы прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесінің қызметін ұйымдастыру, құзыреттерді бөлу, қызметтің жекелеген бағыттарын іске асыру тәртібі, ұйымішілік рәсімдер, ал заңда көзделген жағдайларда заңнамамен Бас Прокурордың құзыретіне жатқызылған өзге де қатынастар реттеледі.

Осы топтағы актілер тек ұйымішілік құжаттармен шектелмейді. Конституциялық заң Бас Прокурорға заңнамада оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдау өкілеттігін береді. Мұндай актілер Қазақстан Республикасының құқықтық актілер туралы заңнамасына сәйкес қабылданады және қолданылады.

Бұл топқа, атап айтқанда, прокурорлық қадағалауды, қылмыстық қудалауды, жолданымдарды қарауды, мемлекеттік

құқықтық статистика мен арнайы есепке алуды жүргізуді, қызмет өткеруді ұйымдастыруды және прокуратура органдары жүйесі қызметінің өзге де бағыттарын регламенттейтін Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілері жатады.

Конституциялық заңның 32-бабының 2-тармағы прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізудің жалпы негіздерін айқындайды.

Олар заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, жолданымды қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындау кезінде енгізіледі.

Бұл ережені Конституциялық заңның 3-тарауының нормаларымен өзара байланыста қарастыру қажет. Заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау және күшіне енген актілерді бағалау жоғары қадағалауды жүзеге асырудың заңда белгіленген нысандары болып табылады. Прокурор актісі тиісті негіздер болған кезде қабылданатын шешімді іске асырудың заңда көзделген құқықтық нысаны болып табылады.

Осыған байланысты жоғары қадағалауды жүзеге асыру нысанын және тиісті өкілеттікті іске асыру нәтижелері бойынша не оны іске асыру процесінде қабылданатын прокуратура актісін ажырата білу қажет. Тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау немесе күшіне енген актіні бағалау жүргізудің өзі прокурорлық қадағалау немесе ден қою актісі болып табылмайды.

Заңдылықтың бұзылу фактісінің анықталуы да прокурордың Конституциялық заңның 32-бабында көзделген кез келген актіні өз қалауынша таңдауын білдірмейді. Қолданылатын актінің түрі анықталған бұзушылықтың немесе өзге де заңдық маңызы бар мән-жайдың сипатына, прокурор өкілеттігінің мазмұнына, адресатқа және заңда көзделген құқықтық нәтижеге қарай айқындалады.

Сондықтан түсініктеме беріліп отырған баптың 2-тармағы жекелеген актілердің арнаулы негіздері мен құқықтық режимін

белгілейтін Конституциялық заңның 33–41-баптарымен өзара байланыста қолданылады.

Бұл тәртіп Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерінде нақтыланады. Атап айтқанда, № 32 бұйрықпен [167] бекітілген Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеру, заңдылықтың жай-күйіне талдау жүргізу, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалауды жүзеге асыру қағидалары қадағалау қызметінің тиісті нысандарын жүргізу және олардың нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды.

Қылмыстық қудалау саласында прокурор өкілеттіктерін іске асыру тәртібі № 65 бұйрықпен бекітілген Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта нақтыланады. Жолданымдарды қарау кезінде № 29 бұйрықтың [168] ережелері қолданылады.

Осылайша, Конституциялық заңның 32-бабы прокуратура актілерінің жалпы жүйесін белгілейді, ал нақты актіні қолданудың негіздері мен тәртібі прокурор қызметінің тиісті бағытына қатысты арнаулы нормаларда айқындалады.

Конституциялық заңның 32-бабының 3-тармағы прокурорлық қадағалау және ден қою актілерінің өздері жолданған органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың қарауы және орындауы үшін міндеттілігін белгілейді.

Бұл ереже нақты актілердің құқықтық табиғатындағы айырмашылықтар ескеріле отырып қолданылады.

Прокуратура актісінің міндеттілігі адресаттың оған ден қоюдың заңда белгіленген тәртібін сақтауын білдіреді. Мұндай міндеттің мазмұны актінің түріне байланысты болады: бір жағдайларда заң актіде қамтылған прокурор талабын тікелей орындауды көздейді, басқа жағдайларда енгізілген актіні қарауды және ол бойынша заңда көзделген шешімді қабылдауды талап етеді, ал жекелеген процестік

[167] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы /https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300031753

[168] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 29 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің жолданымдарын қарау мен оларды жеке қабылдаудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031715

актілер бойынша қойылған мәселені түпкілікті шешу соттың немесе өзге де уәкілетті органның құзыретіне жатады.

Атап айтқанда, прокурордың арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінуі оны қараудың нәтижесін күні бұрын айқындамайды. Сот мәлімделген талаптарды Конституцияға және процестік заңнамаға сәйкес дербес шешеді. Өтінішхат та прокурор қойған мәселені тиісті құзыретті субъектінің заңда белгіленген тәртіппен шешуін көздейді. Сонымен бірге прокурордың Конституциялық заңның 35-бабында көзделген мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде берген жазбаша нұсқауы орындалуға міндетті.

Демек, Конституциялық заңның 32-бабындағы қарау мен орындаудың міндеттілігі туралы жалпы ереже прокуратураның барлық актілеріне бірдей заңдық күш берілгенін білдірмейді. Адресат міндетінің нақты көлемі актінің тиісті түрін реттейтін арнаулы нормамен айқындалады.

Конституциялық заңның 32-бабының 4-тармағы прокуратура актілерін қарамағаны, тиісінше қарамағаны, орындамағаны не прокурордың заңды талаптарын орындамағаны үшін жауаптылықты көздейді.

Бұл норма сілтемелік сипатта болады: заңдық жауаптылықтың негіздері, түрлері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Заңда көзделген жауаптылықты қолданудың қажетті шарты прокурор талабының заңдылығы және адресаттың тиісті актіні қарау не орындау жөніндегі заңнамада белгіленген міндетінің болуы болып табылады.

Адресаттың прокуратура актісімен келіспеуі оның осы актіні қараудың, орындаудың немесе оған шағым жасаудың заңда көзделген тәртібін сақтау міндетін өздігінен жоймайды. Конституциялық заң прокурордың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне заңнамада белгіленген тәртіппен шағым жасау мүмкіндігін көздейді.

Осылайша, 4-тармақ заңнамада тиісті заңдық жауаптылық шараларын белгілеу арқылы прокурордың заңды талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 32-бабының 5-тармағы прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізудің арнаулы құқықтық салдарын белгілейді: бұзушылық жасаған адамдарды жауаптылыққа тарту мерзімдері тиісті акт бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Бұл ереже прокурорлық қадағалау және ден қою актілеріне қолданылады және прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін актілерге қолданылмайды.

Норманың құқықтық маңызы прокурор енгізген актіні қарау кезеңінде адамды жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу мүмкіндігін сақтаудан тұрады.

Бұл ретте Конституциялық заңның 32-бабы тиісті мерзімдерді есептеудің дербес әмбебап тәртібін белгілемейді. Оларды тоқтата тұру, қайта бастау және одан әрі есептеу тәртібі заңдық жауаптылықтың тиісті түріне қарай Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Сондықтан Конституциялық заңның 32-бабының 5-тармағы анықталған бұзушылықтың сипатына және заңда көзделген жауаптылықтың түріне қарай қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік және өзге де заңнама нормаларымен өзара байланыста қолданылады.

Прокуратура актілерінің құқықтық табиғаты олардың уәкілетті прокурордың өзіне берілген құзырет шегінде, заңда көзделген негіздер болған кезде және белгіленген нысан сақтала отырып қабылдануын көздейді.

Актінің мазмұны анықталған мән-жайлар мен қолданылуға жататын заңнама нормаларына негізделуге тиіс. Нақты актінің нысанына, мазмұнына, деректемелеріне, енгізілу, қаралу және орындалу тәртібіне қойылатын талаптар Конституциялық заңда, тиісті салалық заңнамада және Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Осылайша, Конституциялық заңның 32-бабы прокуратура өкілеттіктерін іске асырудың құқықтық нысандарының жүйесін бекітеді. Прокурорлық қадағалау актілері, прокурорлық ден қою актілері және прокуратура органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметін реттейтін актілер құқықтық табиғаты, қабылдану негіздері, мақсаты, адресаттары және заңдық салдары бойынша ерекшеленеді.

Түсініктеме беріліп отырған баптың жалпы реттеуі Конституциялық заңның 33–41-баптарында және тиісті салалық заңнамада одан әрі нақтыланып, прокурордың құзыреті, оны іске асырудың заңдық негізі және прокурор актісінің заңда көзделген нысаны арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

33-бап. Наразылық

1. Прокурор Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін заңды күшіне енген актілерге, мемлекеттік органдардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды және өзге де уәкілетті адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық келтіреді.

2. Наразылық заңсыз акт, шешім қабылдаған мемлекеттік органға, мекемеге, ұйымға, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамға немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға келтіріледі. Мемлекеттік органның, мекеменің, ұйымның, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық осындай тәртіппен білдіріледі.

3. Прокурордың наразылығы күнтізбелік он күн ішінде тиісті органның немесе лауазымды адамның қарауына жатады.

Прокурор наразылық бойынша шешім дайындау және қабылдау қажеттілігіне қарай оны қараудың өзге де мерзімін, бірақ үш жұмыс күнінен кем болмайтын мерзім белгілеуге құқылы.

Наразылықты қарау нәтижелері туралы прокурорға жазбаша нысанда дереу хабарланады. Наразылық қаралғанға дейін оны келтірген не жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін.

Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын уақыты мен орны туралы прокурорды хабардар етуге міндетті.

4. Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекетін (әрекетсіздігін) тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді.

5. Наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, әскери және көлік прокуратуралары органдарының басшылары, облыстық және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлар наразылық білдірілген актінің не әрекеттің орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

6. Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғары аудиторлық палатаның актілері (жүргізілген тексеру қорытындылары бойынша) прокурорлардың наразылық білдіруіне жатпайды.

7. Заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру, сондай-ақ олардың орындалуын тоқтата тұру негіздері, тәртібі, мерзімдері Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және

Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында айқындалады.

Конституциялық заңның 33-бабы прокурордың негізгі өкілеттіктерінің бірін – мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың заңсыз актілеріне, шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық келтіру өкілеттігін бекітеді.

Доктриналық тұрғыдан алғанда, наразылық – қосарлы құқықтық табиғаты бар прокурорлық қадағалау актісі. Ол бір мезгілде екі функцияны атқарады. Құқық белгілеуші функция наразылықта анықталған заң бұзушылықтың тіркелуінен көрінеді. Құқықтық міндет жүктейтін функция наразылықтың адресаттың заң бұзушылықты жою жөніндегі міндетті рәсімді жүргізуіне бастамашылық жасауынан көрінеді, алайда бұл ретте наразылық құқықтық қатынасты өздігінен өзгертпейді. Оның тікелей құқықтық салдар туындататын прокурор қаулысынан айырмашылығы да осында.

Наразылық прокурорлық қадағалаудың ең кең таралған және дәстүрлі құралы, заң бұзушылықтарға ден қоюдың негізгі құқықтық құралдарының бірі болып табылады. «Наразылық» терминінің этимологиясы латынның «*protestor»* сөзінен туындайды және «жария талап, мәлімдеме, дәлелдеме» деген мағынаны білдіреді. Бұл оның заң бұзушылықты жою туралы ресми талап ретіндегі сипатын көрсетеді.

Прокурор наразылығы – құқықтық актінің немесе лауазымды адамның әрекетінің (әрекетсіздігінің) заңға қайшылығын жоюға бағытталған прокурорлық қадағалау актісі.

Наразылықта заңсыз актінің немесе оның бір бөлігінің күшін жою, актіні заңнамаға сәйкес келтіру, лауазымды адамның заңсыз әрекетін немесе әрекетсіздігін тоқтату, азаматтың немесе ұйымның бұзылған құқығын қалпына келтіру туралы талап білдіріледі.

Наразылықты қолдану саласы заңды бұзатын құқықтық актілермен және лауазымды адамдардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) шектеледі. Заңдарға, Қазақстан Республикасы

Президентінің және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Конституциялық Соттың, Жоғары аудиторлық палатаның актілеріне (тексерулер қорытындылары бойынша) наразылық келтірілмейді.

Наразылық келтіру құқығы тиісті деңгейдегі прокурордың құзыреті шегінде жүзеге асырылады. Жоғары тұрған прокурор өз деңгейіндегі органдардың актілеріне де, төмен тұрған органдардың актілеріне де наразылық келтіре алады. Егер төмен тұрған прокурор жоғары тұрған прокурордың қадағалауындағы органдардың қызметінде заң бұзушылықты анықтаса, ол наразылықтың жобасын дайындап, оны жоғары тұрған прокурордың қарауына жібереді.

Наразылық келтірілетін органды прокурор заңсыз құқықтық акт шығарған органдағы заңдылықтың жай-күйін сипаттайтын нақты мән-жайларды, актіде анықталған қайшылықтардың мазмұны мен оларды жоюдың өзектілігін, сондай-ақ наразылық келтірілуге жататын актіде орын алған заң бұзушылықтардың таралу ауқымын негізге ала отырып айқындайды.

Наразылықты жоғары тұрған органға құқықтық актіні шығарған органмен салыстырғанда оның наразылыққа неғұрлым объективті қарайтынына негіздер болған кезде, сондай-ақ осындай заң бұзушылықтардың осы жүйедегі өзге органдардың практикасында да орын алуы ықтимал екендігі туралы мәліметтер болған жағдайда келтірген орынды.

Наразылық жазбаша нысанда келтіріледі. Оның негізгі элементтері мыналар болып табылады: наразылықтың атауы мен күні; адресат; наразылық келтірілетін актінің атауы, нөмірі мен қабылданған күні; наразылық келтірілетін актінің немесе оның бір бөлігінің қысқаша мазмұны; наразылықтың негіздемесі; заңсыз актінің немесе оның бір бөлігінің күшін жою не оны өзгерту, лауазымды адамның заңсыз әрекетін тоқтату, бұзылған құқықты қалпына келтіру туралы ұсыныс; наразылық келтірген прокурордың лауазымы, сыныптық шені немесе әскери атағы және қолтаңбасы.

Наразылық келтірген кезде заңның мәні бойынша да, заңда белгіленген мерзімнен ауытқу арқылы да бұзылуы, сондай-ақ актінің

өкілеттіктер шегінен асып қабылдануы мүмкін екенін ескеру қажет. Осындай және басқа да ұқсас жағдайларда акт тұтастай заңсыз болып табылады, сондықтан прокурор оның толық күшін жоюды талап етеді. Кейбір актілерде заңға тек жекелеген тармақтар ғана қайшы келуі мүмкін. Мұндай жағдайларда актінің барлығына емес, оның заңға сәйкес келмейтін бөлігіне ғана наразылық келтіріледі. Кейде дәл емес тұжырымдар немесе нормативтік құқықтық актілерге дұрыс емес сілтемелер қамтылған, заң талаптары бұрмаланған актілер қабылданады. Мұндай жағдайларда прокурор наразылықта қабылданған актіні заңға дәл сәйкестендіруді талап етеді. Заң заңсыз актіні қабылдау арқылы ғана емес, лауазымды адамның заңсыз әрекетімен (әрекетсіздігімен) де бұзылуы мүмкін. Егер заңсыз актімен немесе лауазымды адамның әрекетімен (әрекетсіздігімен) азаматтың не ұйымның құқықтары бұзылса, прокурор наразылықта бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етуге тиіс.

Наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін прокурор наразылық келтірілген актінің не әрекеттің орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Мұндай шараның мақсаты – актінің заңдылығы түпкілікті анықталғанға дейін азаматтардың құқықтарына, мемлекеттің мүдделеріне немесе мүлікке ықтимал зиян келтірудің алдын алу.

Орындалуды тоқтата тұру наразылық бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін қолданылатын уақытша алдын алу шарасы болып табылады.

Прокурор наразылықтарды қарау мерзімдерін бақылауға, оларды шешу нәтижелерінің есебін жүргізуге және алынған деректерді өңірдегі заңдылықтың жай-күйін талдау үшін пайдалануға тиіс.

Наразылық келіп түскен кезден бастап он күн мерзімнен кешіктірілмей міндетті түрде қаралуға жатады.

Ерекше мән-жайлар талап еткен кезде прокурорға наразылықты қараудың қысқартылған мерзімін белгілеу құқығы берілген. Бұл қағида наразылық келтірілген актінің орындалуы қауіпті салдардың

туындауына немесе олардың туындау қаупіне, оның ішінде материалдық залал келтіруге, халықтың денсаулығына зиян келтіруге, өндірістің ұйымдастырылуын бұзуға және басқа да теріс салдарға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда қолданылады.

Наразылықты қарау мерзімі оның мәтінінде көрсетіледі. Наразылықты қарау нәтижелері туралы прокурорға сол күні жазбаша хабарлама жіберілуге тиіс.

Наразылықты қараудың уақыты мен орны туралы прокурорды міндетті түрде хабардар ету прокурордың өзі келтірген прокурорлық актіні қарауға жеке қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты.

Талқылау барысында, әдетте, тиісті орган кәсіби заң көмегінсіз жеткілікті дәрежеде айқын түсіне алмайтын құқықтық мәселелер бойынша білікті қорытынды алу қажеттілігі туындайды.

Прокурордың отырысқа қатысуы оған, біріншіден, қажет болған жағдайда наразылықты қарау кезінде туындаған мәселелердің мәні бойынша түсіндірме беруге, екіншіден, өзі наразылық келтірген актіге қатысты ұстанымын неғұрлым егжей-тегжейлі негіздеуге мүмкіндік береді.

Наразылық толық немесе ішінара қабылданбаған жағдайда прокурор органның немесе лауазымды адамның дәлелдерімен келіседі не наразылықты қабылдамау туралы шешімге сот тәртібімен дау айтады.

Наразылықты қараудың тәртібі мен мерзімінің заңнамалық тұрғыдан айқындалуы азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тұрғысынан да, прокурорлық қадағалаудың тиімділігін арттыру тұрғысынан да елеулі практикалық маңызға ие. Өйткені уақтылы келтірілгенімен, белгіленген мерзімде қаралмаған наразылықтар көбіне өзінің маңызын жоғалтады.

Прокурор өз құзыреті шегінде шешімдері, үкімдері және соттың өзге де қаулылары заңды күшіне енген істерді соттан талап етіп алдыруға құқылы. Заңды күшіне енген сот шешімі, үкімі немесе

өзге де қаулысы заңға сәйкес келмеген не негізсіз болған жағдайда прокурор наразылық келтіреді.

Заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтірудің негіздері, тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ олардың орындалуын тоқтата тұру қылмыстық-процестік заңнамада (ҚПК-нің 52, 52-1-тараулары), азаматтық процестік заңнамада (АПК-нің 54, 54-1-тараулары), әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада (ӘҚБтК-нің 46, 46-1-тараулары) және әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамада (ӘРПК-нің 169, 169-1-баптары) айқындалады.

34-бап. Санкция (келісім)

1. Прокурор заңда белгіленген жағдайларда құқықты шектейтін сипаттағы жекелеген әрекеттерді жасауға, заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға санкция (келісім) береді.

2. Санкцияны (келісімді) не оны беруден бас тартуды прокурор санкция (келісім) сұратуға негіз болған материалдар зерделенгеннен кейін лауазымды адамның қаулысына бұрыштама және қол қойып ресімдейді.

Санкция (келісім) беруден бас тартылған жағдайда оның себептері мен негіздері көрсетіледі.

3. Заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға байланысты жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, осы бапта көрсетілген әрекеттерге санкция (келісім) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба арқылы да куәландырылуы мүмкін.

Конституциялық заңның 34-бабы заң жекелеген құқықты шектейтін әрекетті жасауды не заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді алуды прокурордың алдын ала рұқсатымен байланыстыратын жағдайларда прокурордың санкция (келісім) беру жөніндегі өкілеттіктерін іске асыру тәртібін бекітеді.

Санкция (келісім) құқықтар мен бостандықтарды шектеудің дербес негізі болып табылмайды. Ол мемлекеттік органның тиісті өкілеттігі және прокурормен алдын ала келісу қажеттігі заңда тікелей көзделген жағдайларда ғана қолданылады. Сондықтан Конституциялық заңның 34-бабын қолдану кезінде алдымен тиісті әрекетті көздейтін салалық заңнаманың арнаулы нормасын анықтап, содан кейін оны санкциялау прокурордың не соттың құзыретіне жататынын айқындау қажет.

Конституциялық заңның 34-бабының 1-тармағының практикалық маңызы да осында: прокурор өз шешімімен құқықты жаңадан шектеуді белгілемейді, заңда белгіленген өкілеттікті іске асыру үшін заңда көзделген негіздердің бар-жоғын тексереді.

Прокурордың санкциясы, ең алдымен, мемлекеттік араласу жеке өмірдің, хат-хабардың, ақпараттық хабарлардың құпиясына, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияға не Конституциямен қорғалатын басқа да құқықтарға қатысты болуы мүмкін салаларда қолданылады.

Бұл ретте «санкция» терминінің өзі тиісті әрекетке бастамашылық жасайтын органның шешімін автоматты түрде мақұлдауды білдірмейді. Конституциялық заңның 34-бабының 2-тармағы прокурорды санкция беру сұратылған материалдарды алдын ала зерделеуге және содан кейін ғана келісім беру не одан бас тарту туралы шешім қабылдауға міндеттейді.

Демек, прокурор ресми түрде ресімделген қаулының болуын ғана емес, сонымен қатар бастамашының құзыретін, заңда көзделген негізді, жоспарланған әрекеттің нақты мақсатпен байланысын, ұсынылған материалдардың жеткіліктілігін және заңда белгіленген араласу шектерінің сақталуын бағалайды.

Санкция беруден бас тарту да дербес құқықтық шешім болып табылады. Конституциялық заңның 34-бабының 2-тармағына сәйкес прокурор бас тартудың себептері мен негіздерін көрсетуге міндетті, бұл уәжделмеген бас тарту туралы шешім қабылдауға жол бермейді.

Конституциялық заңның 34-бабын тікелей қолданудың негізгі салаларының бірі – жедел-іздестіру қызметі.

«Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес арнайы жедел-іздестіру іс-шаралары осы нормада көзделген жағдайларда және мақсаттарда прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысының 3-тармағында жасырын тергеу әрекеттері мен жедел-іздестіру іс-шараларын арнайы ажыратып, «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген, жасырын тергеу әрекеттеріне ұқсас арнайы жедел-іздестіру іс-шаралары осы Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген жағдайларда прокурордың санкциясымен жүргізілетінін көрсеткен.

Бұл ажыратудың Конституциялық заңның 34-бабы үшін қағидаттық маңызы бар: прокурордың арнайы жедел-іздестіру іс-шараларына санкция беруі мен жасырын тергеу әрекеттерін соттың санкциялауы – әртүрлі заңнамалық актілерге негізделген екі бөлек құқықтық рәсім**.**

Жалпы жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалауды «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес Бас Прокурор және оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады. Сондықтан жекелеген арнайы жедел-іздестіру іс-шарасын санкциялау прокурордың заңда көзделген қатысу нысандарының бірі болып табылады, бірақ онымен жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын кейіннен қадағалау шектелмейді.

Қылмыстық процесте жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау тергеу судьясының құзыретіне жатады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 5 нормативтік қаулысы жасырын тергеу әрекеттерін санкциялаудың соттық моделіне негізделеді және оларды жедел-іздестіру іс-шараларынан ажырату қажеттігін атап көрсетеді.

Бұл ретте прокуратураның осы рәсімге қатысуы дербес маңызын сақтайды. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысында

сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы сот бақылауы мен прокурор функциясының арақатынасын түсіндірді. Атап айтқанда, тергеу судьясында жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау үшін ұсынылған мәліметтердің анықтығына күмән туындаған кезде, ол санкция бергеннен кейін олардың заңдылығын процестік прокурордың тексеруіне бастамашылық жасауға құқылы. Процестік прокурор тиісті тексеруді жүргізуге және оның нәтижелері туралы судьяны хабардар етуге міндетті.

Демек, жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты Конституциялық заңның 34-бабын прокурордың санкция беруінің дербес негізі ретінде түсіндіруге болмайды. Мұнда өзгеше тетік қолданылады: ҚПК-да белгіленген жағдайларда кейінгі немесе қатар жүретін прокурорлық бақылау жүзеге асырылатын соттық санкциялау**.**

ҚПК-нің 147-бабына сәйкес күзетпен ұстау бұлтартпау шарасы ретінде судьяның санкциясымен ғана қолданылады. Санкция беру құқығы тергеу судьясына, ал ҚПК-да көзделген жағдайларда облыстық және оған теңестірілген соттың судьясына тиесілі. Бұл ҚПК-нің 148-бабында тікелей белгіленген.

Сондықтан прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының өтінішхатымен келісуі мен соттың санкциясы – бірдей ұғымдар емес**.**

Сотқа дейінгі сатыда прокурор ұсынылған материалдарды зерделеп, бұлтартпау шарасын қолдану туралы өтінішхатты сот алдында қолдауға негіздердің бар-жоғын шешеді. Алайда күзетпен ұстау туралы түпкілікті шешімді тергеу судьясы қабылдайды.

Мұндай ажырату Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 1 нормативтік қаулысында түсіндірілген. Оның 1-тармағында сотқа дейінгі сатыда күзетпен ұстауды, үйқамақты және кепілді сот санкциялайтыны, ал тиісті өтінішхаттарды қарау тергеу судьяларының құзыретіне жататыны белгіленген. 2-тармақта бұлтартпау шарасын санкциялау кезінде күдікті мен айыпталушының құқықтарын сақтау қажеттігі қосымша атап көрсетілген.

Практикалық тұрғыдан бұл Конституциялық заңның 34-бабын күзетпен ұстауға соттың санкциясын прокурордың санкциясы ретінде сипаттау үшін қолдануға болмайтынын білдіреді. Бұл жағдайда прокурор дербес процестік функцияны орындайды – өтінішхаттың негізділігін тексереді, оны қолдау не қолдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды және тергеу судьясының алдында мемлекеттің ұстанымын білдіреді.

Конституциялық заңның 34-бабын түсіндіру үшін Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 41-НҚ нормативтік қаулысының елеулі маңызы бар.

Бұл қаулы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының өтініші бойынша қабылданып, бұрынғы Конституцияның тұрғын үйге және меншікке қол сұғылмаушылық туралы ережелеріне ресми түсіндірме берді. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты даулы жағдайларда мүліктен айыру алдын ала қабылданған сот шешіміне негізделуге не кейіннен сот бақылауын жүзеге асыру мүмкіндігімен заңда көзделген өзге де тәсілмен жүргізілуге тиіс екенін көрсетті. Тұрғын үйге қатысты Сот азаматты оның келісімінсіз тұрғын үйінен мәжбүрлеп айыру кезінде сот шешімінің міндетті екенін ерекше атап өтті.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күшіне енгеннен кейін бұл қаулы Конституцияның 96-бабының 3-тармағында тікелей көзделгендей, жаңа Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде заңдық күшін сақтайды.

Конституциялық заңның 34-бабын қолдану үшін бұл құқықтық ұстанымның әдіснамалық маңызы бар. Ол құқықты шектейтін кез келген әрекет прокурордың санкциясына жатқызыла бермейтінін көрсетеді. Егер Қазақстан Республикасының Конституциясы немесе заң мәселені шешуді тек соттың құзыретіне жатқызса, прокурордың келісімі сот бақылауын алмастыра алмайды.

Басқаша айтқанда, Конституциялық заңның 34-бабы заң шығарушы прокуратураға тікелей бекіткен алдын ала бақылау моделінің шегінде ғана қолданылады.

Қазіргі заманғы заңнамада құқықты шектейтін әрекеттер алдын ала бақылаудың әртүрлі тетіктері арасында бөлінген.

Кейбір әрекеттерге, мысалы, жекелеген арнайы жедел-іздестіру іс-шараларына прокурордың санкциясымен жол беріледі.

Өзге әрекеттер, мысалы, күзетпен ұстау немесе ҚПК-да көзделген жасырын тергеу әрекеттері соттың санкциясы негізінде ғана жүзеге асырылады.

Үшінші әрекеттер кейіннен сотқа жүгіну арқылы аралық сатыда прокурормен келісуді көздеуі мүмкін.

Сондықтан құқықтың шектелу фактісінің өзі прокурорда Конституциялық заңның 34-бабына сәйкес өкілеттіктің бар екенін автоматты түрде білдірмейді. Әрбір нақты жағдайда санкция беретін субъект пен тиісті рәсімді белгілейтін заңның арнаулы нормасына жүгіну қажет.

Мұндай тәсіл Конституциялық Соттың сотқа дейінгі іс жүргізуде сот бақылауы мен прокурорлық функцияларды ажырату туралы құқықтық ұстанымына да сәйкес келеді.

Конституциялық заңның 34-бабының 1-тармағы заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға санкция (келісім) беруді жеке көздейді.

Бұл норма да сілтемелік сипатта болады. Конституциялық заңның өзі прокурордың санкциясымен алынуы мүмкін мәліметтердің тізбесін белгілемейді. Нақты құқықтық режим жедел-іздестіру қызметі, банк қызметі, байланыс, дербес деректер, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де ақпарат туралы арнаулы заңдарда айқындалады.

Демек, Конституциялық заңның 34-бабы прокурор шешімінің нысанын айқындайды, ал құпияның нақты түріне қол жеткізу негізі тиісті салалық заңда белгіленуге тиіс.

Материалдарды зерделеу кезінде прокурор ресми негіздің болуын ғана емес, арнаулы заңнамада белгіленген қол жеткізу режимін, уәкілетті адамдар тобын, сұратылатын мәліметтердің көлемі мен мақсатын да ескеруге міндетті.

Конституциялық заңның 34-бабының 2-тармағы шешім қабылдаудың арнаулы нысанын белгілейді: санкция не одан бас тарту тиісті әрекетке бастамашылық жасаған лауазымды адамның қаулысына прокурордың қарары мен қолтаңбасын қою арқылы ресімделеді.

Қарар қойылғанға дейін прокурор құқықты шектеу немесе заңмен қорғалатын мәліметтерді алу қажеттігі негізделетін материалдарды зерделеуге тиіс.

Сондықтан прокурордың қолтаңбасы техникалық мәнге ғана ие емес, ол ұсынылған негіздерге дербес құқықтық бағалау жүргізудің аяқталғанын куәландырады.

Бас тартқан кезде заң себептері мен негіздерін көрсетуді талап етеді. Себеп санкция беруге кедергі келтіретін нақты мән-жайды, ал негіз заңның тиісті нормасын не заңда көзделген шарттың болмауын көрсетеді.

Мұндай уәждеу прокурор қабылдаған шешімнің заңдылығын кейіннен тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 34-бабының 3-тармағы заңда көзделген жағдайларда санкцияны (келісімді) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыруға жол береді.

Бұл ретте заң шығарушы заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға байланысты жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шаралары және жасырын тергеу әрекеттері үшін ерекшеліктер белгіледі.

Бұл норманың заңдық мәні санкция беруге қойылатын талаптарды оңайлату емес, шешімді электрондық нысанда куәландыруға жол беру болып табылады. Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану санкция берудің негіздерін де, прокурордың материалдарды тексеру көлемін де өзгертпейді.

35-бап. Нұсқау

1. Прокурор:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру;

2) жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері;

3) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қосымша тексеру жүргізу;

4) атқарушылық іс жүргізу;

5) жазаларды орындау;

6) прокуратураның талап етуі бойынша жүргізілетін тексерулер;

7) мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша;

7-1) инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық қызметті жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де мәселелер бойынша жазбаша нұсқаулар береді.

2. Прокурордың өз құзыреті шегінде берген нұсқаулары орындау үшін міндетті.

Конституциялық заңның 35-бабы нұсқауды прокурорлық қадағалаудың дербес актісі ретінде бекітеді. Конституциялық заңның 32-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес нұсқау прокурорлық қадағалау актілеріне жатады, ал түсініктеме беріліп отырған бап нұсқау берілуі мүмкін салаларды, оның міндетті жазбаша нысанын және қабылдануының заңдық салдарын – нұсқау прокурордың құзыреті шегінде берілген жағдайда оны орындаудың міндеттілігін айқындайды.

Конституциялық заңның 35-бабының 1-тармағында белгіленген тізбе нысаналық қағидат бойынша құрылған. Заң сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қосымша тексеру жүргізу, атқарушылық іс жүргізу, жазаларды орындау, прокуратураның талап етуі бойынша жүргізілетін тексерулер, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу, инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша, сондай-ақ заңда тікелей көзделген өзге де жағдайларда жазбаша нұсқаулар беруге жол береді. 2026 жылғы 11 маусымдағы өзгерістерден кейін бапта жаңа

бағыт – инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық қызметті жүзеге асыру арнайы бөлініп көрсетілген.

Бұдан бапты қолданудың практикалық өлшемшарты туындайды: нұсқау беру үшін прокуратураның қадағалау құзыретіне жалпы сілтеме жасау жеткіліксіз; заңда көзделген бағыт және тиісті прокурордың нақты өкілеттігі болуға тиіс**.**

Прокурор нұсқауының тетігі қылмыстық-процестік заңнамада барынша егжей-тегжейлі реттелген.

ҚПК-нің 58-бабы прокурорды анықтау мен тергеудің заңдылығын қадағалауды және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды адам ретінде айқындайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы негізгі өкілеттіктер ҚПК-нің 193-бабында бекітілген. Осы баптың 4-бөлігінде прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға және қылмыстық қудалау органының бастығына ҚПК-де көзделген тәртіппен берген нұсқаулары орындалуға міндетті екені тікелей белгіленген; оларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

Демек, қылмыстық процестегі нұсқау ҚПК-де шешілуі прокурордың құзыретіне жатқызылған мәселелерге ғана қатысты болуы мүмкін. Ол Кодексте көзделген процестік әрекеттерді жасау, белгілі бір мән-жайларды тексеру, жол берілген процестік бұзушылықтарды жою, тергеп-тексерудің толықтығын, объективтілігін және заңдылығын қамтамасыз ету үшін қажетті әрекеттерді орындау туралы талаптарды қамтуы мүмкін.

Әрбір жағдайда нұсқаудың мазмұны қылмыстық істің мән-жайларынан және прокурордың ҚПК-нің 193-бабында көзделген өкілеттіктерінен туындауға тиіс. Нұсқау дәлелдеу нәтижесін күні бұрын айқындауға, тергеушіні алдын ала белгіленген қорытынды алуға міндеттеуге не заңмен соттың немесе қылмыстық процеске өзге де қатысушының құзыретіне жатқызылған процестік шешімді алмастыруға тиіс емес.

Нұсқаудың міндеттілігі де тергеушінің прокурорға әкімшілік бағыныстылығын білдірмейді. Конституциялық Сот 2024 жылғы 29

мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысында прокуратураның сотқа дейінгі сатыдағы конституциялық жағдайын аша отырып, прокурорлық функцияны, қылмыстық қудалау органдарының қызметін және сот бақылауын ажыратты. Прокурордың нұсқауы тергеп-тексеруге процестен тыс басшылық жасау ретінде емес, заңмен берілген процестік құзырет шеңберінде қарастырылуға тиіс.

Нұсқауларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасау мүмкіндігі олардың заңдылығы мен негізділігін тексерудің ішкі процестік тетігі болып табылады. Бұл ретте ҚПК-нің 193-бабының 4-бөлігінде шағым жасаудың өзі нұсқаулардың орындалуын тоқтата тұрмайтыны тікелей белгіленген.

Конституциялық заңның 35-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы прокурорға жедел-іздестіру қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша жазбаша нұсқаулар беруге мүмкіндік береді.

Жедел-іздестіру қызметі саласында бұл өкілеттік осындай қызметтің заңдылығын прокурорлық қадағалаудың нысанасы мен құралдарын айқындайтын «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабымен өзара байланыста қолданылуға тиіс. Нұсқау жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізудің заңда белгіленген негіздерін, тәртібі мен шектерін сақтауды қамтамасыз етуге, бұзушылықтарды жоюға не заңда көзделген әрекеттерді орындауға бағытталуы мүмкін.

Бұл ретте жазбаша нұсқау мен прокурордың заңсыз жедел-іздестіру іс-шарасын тоқтату туралы қаулысын автоматты түрде теңестіруге болмайды. Егер заңда нақты шешім үшін прокурор актісінің дербес нысаны, мысалы, қаулы көзделсе, дәл осы нысан қолданылуға тиіс. Конституциялық заңның 35-бабы заңда тікелей көзделген өзге актіні нұсқаумен алмастыруға мүмкіндік бермейді.

Жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты оларды жүргізу ҚПК-де реттелетінін және сот бақылауының аясына да жататынын ескеру қажет. Сондықтан прокурордың жазбаша нұсқауы оның құзыреті шегінде жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығы мен процестік қамтамасыз етілуі мәселелеріне қатысты болуы мүмкін, бірақ ҚПК тиісті санкциялауды сот өкілеттігіне жатқызған жағдайларда тергеу

судьясының шешімін алмастыра алмайды. Мұндай тәсіл прокурорлық функция мен сотқа дейінгі сатыдағы сот бақылауын ажырату туралы Конституциялық Соттың № 45-НҚ нормативтік қаулысына сәйкес келеді.

Конституциялық заңның 35-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында прокурордың арнайы өкілеттігі – әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқау беру көзделген.

Бұл ереже № 32 бұйрықта [169] нақтыланған. Мемлекеттің мүдделерін сотта білдіруді және сот актілерінің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың 30-тармағында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тексеру және қаулы мен өзге де актілердің заңдылығын бағалау нәтижелері бойынша прокурордың соттан басқа уәкілетті лауазымды адамға немесе органға қосымша тексеру жүргізу туралы жазбаша нұсқау беруге құқылы екені белгіленген. Онда мұндай нұсқаудың міндеттілігі де тікелей бекітілген.

Практикалық тұрғыдан бұл қосымша тексерудің істі мәні бойынша қараудың орнына емес, материалдардың анықталған толық болмауы істің мән-жайларына заңды баға беруге кедергі келтірген және бұл кемшілікті уәкілетті орган жоя алатын кезде тағайындалатынын білдіреді. Нұсқауда адамның кінәлілігі туралы алдын ала белгіленген қорытынды немесе нақты әкімшілік жаза қолдану туралы талап болмауға тиіс – бұл мәселелер ӘҚБтК-де белгіленген тәртіппен шешіледі.

Конституциялық заңның 35-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және № 32 бұйрыққа[170] 3-қосымшамен өзара байланыста қарастыру қажет.

[169] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

[170] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

№ 32 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулықтың 42-тармағына сәйкес атқарушылық іс жүргізудің белгілі бір санаттары бойынша прокурор сот орындаушысына атқарушылық әрекет жасау не белгілі бір әрекетті жасауға тыйым салу туралы нұсқау беруге құқылы. Егер мұндай нұсқау прокурордың құзыреті шегінде берілсе, ол орындалуға міндетті.

Атқарушылық іс жүргізу бойынша нұсқау әділет органдарына берілетін басқарушылық ұсыным болып табылмайды. Ол нақты атқарушылық іс жүргізуге қатысты болады және заңда көзделген атқарушылық әрекеттердің заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталады.

Бұл ретте қолданыстағы Нұсқаулықта прокурордың атқарушылық әрекет жасау не оны жасауға тыйым салу туралы нұсқауына ӘРПК-де белгіленген тәртіппен шағым жасау мүмкіндігі тікелей көзделген. Бұл прокурордың биліктік шешімінің сотта тексерілуінің маңызды кепілдігі болып табылады.

Осы саланы түсіндіру кезінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулысын да ескеру қажет, өйткені онда сот орындаушыларының әрекеттеріне сот бақылауын жүзеге асыру тәртібі және атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы қолдану мәселелері ашып көрсетілген.

Конституциялық заңның 35-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы жазаларды орындау мәселелері бойынша жазбаша нұсқаулар беруге мүмкіндік береді.

Бұл өкілеттік ҚАК-пен және қылмыстық жазаларды орындаудың заңдылығын қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ведомстволық актілерімен өзара байланыста іске асырылады. Мұндай қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі қолданыстағы нұсқаулық қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне, пробация қызметтеріне, арнаулы мекемелерге және жазалардың жекелеген түрлерін орындау кезінде атқарушылық іс

жүргізу органдарына қатысты прокуратура қызметінің нысанасын айқындайды.

Осы саладағы жазбаша нұсқау жазаны орындау тәртібінің бұзылуын жоюға, заңда белгіленген режимді қамтамасыз етуге, сотталған адамның құқықтарын сақтауға не заңнамада көзделген әрекетті жасауға қатысты болуы мүмкін.

Сонымен бірге, егер Конституциялық заңда немесе ҚАК-те прокурордың өзге дербес актісі, мысалы, мекеме әкімшілігінің заңсыз шешімінің күшін жою көзделсе, заңда көзделген нысанды қолдану қажет. Нұсқау қадағалаудың өзге актілерін алмастыратын әмбебап құралға айналмауға тиіс.

Конституциялық заңның 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасын тексеру жүргізу туралы прокурор талабының өзінен ажырату қажет.

Конституциялық заңда және № 32 бұйрықпен бекітілген Қағидаларда[171] прокурордың уәкілетті мемлекеттік органның алдына оның құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы мәселе қою құқығы көзделген. Мұндай тексеру шеңберіндегі жазбаша нұсқауда тексеру нысанасының шегінде анықталуға жататын мәселелер, белгілі бір әрекеттерді жасау және нәтижелерін ұсыну қажеттігі нақтылануы мүмкін.

Бұл ретте прокурор нұсқау арқылы мемлекеттік органға онда жоқ өкілеттікті беруге не оған алдын ала белгіленген қорытынды шешім қабылдауды ұйғаруға құқылы емес. Тексеру жүргізетін орган өз әрекеттері мен қорытындыларының заңдылығы үшін жауаптылығын сақтайды.

Конституциялық заңның 35-бабы 1-тармағының 7) тармақшасы Конституциялық заңның 11-бабымен және «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен байланысты.

Осы саладағы жазбаша нұсқаулар Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің және тиісті қадағалауды

[171] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

жүзеге асыратын прокурорлардың арнаулы құзыреті шегінде қолданылуға тиіс. Олар құқықтық статистиканы қалыптастырудың белгіленген тәртібін сақтауға, есептік мәліметтердің толықтығын, объективтілігін, анықтығы мен жеткіліктілігін қамтамасыз етуге, оларды тіркеу және арнайы есепке алуды жүргізу кезінде жол берілген бұзушылықтарды жоюға қатысты болуы мүмкін.

Бұл ретте «прокурор бұрмаланған деректерді түзетуді талап ете алады» деген тұжырым нақтылауды қажет етеді: сөз статистиканы еркін түзету туралы емес, есепке алудың заңда белгіленген тәртібінің анықталған бұзушылығын жою және мәліметтерді бастапқы есепке алу және процестік құжаттарға сәйкес келтіру туралы болуға тиіс.

2026 жылы енгізілген 7-1) тармақша жазбаша нұсқаулар берудің жаңа арнаулы бағытын – инвесторлардың құқықтарын қорғауды және инвестициялық қызметті жүзеге асыруды белгілейді.

Инвестиция саласындағы жазбаша нұсқау прокуратураның құзыреті шегінде және заңда көзделген прокурорлық араласу нысанасы болған кезде ғана берілуі мүмкін. Ол прокурорға инвестор мен мемлекеттік орган арасындағы азаматтық-құқықтық немесе әкімшілік дауларды дербес шешуге не мемлекеттік реттеу органдарының құзыретін алмастыруға мүмкіндік бермейді.

Бұл өкілеттіктің практикалық мазмұнын инвесторлардың құқықтарын қорғаудың жаңа арнаулы кепілдіктері жүйесінде қарастыру қажет. № 32 бұйрықта[172] инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексеру жүргізу туралы шешімдерді, талап қоюларды және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімдерді прокурордың келісуінің жеке қағидалары көзделген.

Демек, жазбаша нұсқау осы салада заңда көзделген құралдардың бірі ғана болып табылады және басқа арнаулы тетіктердің орнына емес, олармен бірге қолданылуға тиіс.

[172] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

Конституциялық заңның 35-бабы нұсқаудың жазбаша нысанда берілуін тікелей талап етеді. Бұл техникалық емес, заңдық маңызға ие: жазбаша тіркеу нұсқаудың авторын, оның адресатын, нысанасын, талаптың мазмұнын, құқықтық негізін анықтауға және кейіннен оның прокурор құзыретінің шегінде берілгенін тексеруге мүмкіндік береді.

Конституциялық заңның 35-бабының 2-тармағының құрылымынан нұсқау деп аталған прокурордың кез келген талабы емес, оның құзыреті шегінде берілген нұсқау міндетті болып табылатыны туындайды. Сондықтан нұсқауда анықталған мән-жайлар, заң нормасы және талап етілетін нақты әрекет арасындағы жеткілікті байланыс көрсетілуге тиіс.

Практикада жазбаша нұсқауда мыналар айқындалуға тиіс екенін негізге алған орынды:

1) нұсқаудың берілуіне байланысты іс жүргізу немесе материал;
2) нұсқау беру қажеттігін туындатқан мән-жайлар;
3) жасалуға тиіс не жасалудан тартыну қажет нақты әрекет;
4) прокурорға тиісті өкілеттік беретін заң нормасы;
5) адресат және қажет болған жағдайда орындау мерзімі.

Конституциялық заңның 35-бабының 2-тармағында прокурордың құзыреті шегінде берілген нұсқаулардың міндеттілігі белгіленген. Бұл шарт шешуші мәнге ие.

Демек, нұсқаудың міндеттілігі оның авторын заңда белгіленген құзыретті сақтаудан босатпайды және 35-бап арқылы соттың қызметіне араласуға, басқа мемлекеттік органның құзыретін алмастыруға немесе заңнамада көзделмеген әрекеттерді талап етуге мүмкіндік бермейді.

Қылмыстық процесте арнаулы тәртіп ҚПК-нің 193-бабының 4-бөлігінде тікелей көзделген: нұсқауларға жоғары тұрған прокурорға шағым жасалуы мүмкін, бірақ шағым олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

Атқарушылық іс жүргізуге қатысты ведомстволық Нұсқаулықта, керісінше, прокурордың жекелеген нұсқауларына

ӘРПК-де белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасау мүмкіндігі тікелей көзделген. Бұл нұсқауға шағым жасаудың құқықтық режимі оның қай құқық саласында берілгеніне байланысты екенін көрсетеді.

Конституциялық заңның 35-бабына тұтастай тікелей түсіндірме беретін Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының арнайы нормативтік қаулысы қабылданбаған. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымдары жазбаша нұсқаулардың шектерін айқындау кезінде маңызды.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысы сотқа дейінгі сатыдағы прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының және соттың функцияларын ажыратады. Осы ұстанымнан жазбаша нұсқау арқылы тергеу судьясының өкілеттіктерін алмастыруға немесе ҚПК-де белгіленген сот бақылауының моделін өзгертуге болмайтыны туындайды.

Атқарушылық іс жүргізу бойынша нұсқаулар берілген кезде атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың қолданылуын түсіндіретін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 нормативтік қаулысы қолданылуға жатады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысына[173] 2026 жылғы 20 мамырдағы № 5 қаулымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, қылмыстық процесте прокурордың әрекеттеріне, әрекетсіздігіне және шешімдеріне берілген шағымдарды сотта қарау туралы қолданыстағы түсіндірмелерді басшылыққа алу қажет.

36-бап. Ұсыну

1. Прокурор өз құзыреті шегінде:

1) заңдылықтың бұзылуын жою туралы;

[173] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P120000003S

2) қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда ұсыну енгізеді.

2. Ұсыну онда көрсетілген заңдылықтың бұзылуын жою жөніндегі шараларды қабылдай отырып, лауазымды адамның немесе органның – күнтізбелік отыз күн ішінде, ал адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығы, мемлекеттің қауіпсіздігі үшін орны толмас зардаптың басталуы мүмкін болған жағдайларда прокурор белгілеген мерзімде қарауына жатады.

Прокурор ұсыну қаралған кезде қатысуға құқылы. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам прокурорды ұсынудың қаралатын уақыты мен орны туралы ұсыну қаралатын күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге тиіс.

Ұсынуды қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы ұсыну қаралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде прокуратураға хабарланады.

Конституциялық заңның 36-бабы прокурор ұсынуын енгізудің негіздерін, оны қарау және орындау тәртібін айқындайды. Конституциялық заңның 32-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ұсыну прокурорлық қадағалау актілеріне жатады. Оның мақсаты анықталған заңдылық бұзушылықтарын, ал заңда көзделген жағдайларда қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюдан тұрады.

Түсініктеме беріліп отырған баптың ережелері прокуратура актілерінің жүйесін және оларды енгізудің жалпы негіздерін айқындайтын Конституциялық заңның 32-бабымен өзара байланыста қолданылады. Көрсетілген баптың 2-тармағына сәйкес прокурорлық қадағалау және ден қою актілері заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, жолданымды қарау және Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан

Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындау нәтижелері бойынша енгізіледі. Осылайша, ұсыну прокурор жүзеге асырған қызмет нәтижелерін іске асыру нысаны болып табылады және анықталған нақты мән-жайлар мен оларға қолданылатын заңнама нормаларына негізделуге тиіс.

Конституциялық заңның 36-бабының 1-тармағында ұсынуды енгізудің үш құқықтық негізі белгіленген.

Бірінші негіз – заңдылық бұзушылықтарын жою қажеттігі. Бұл жағдайда ұсыну анықталған бұзушылықты жою жөніндегі заңнамада көзделген шараларды қабылдауға құзыретті лауазымды адамға немесе органға енгізіледі. Прокурор талаптарының мазмұны анықталған бұзушылықтың сипаты мен адресаттың өкілеттіктеріне қарай айқындалады. Бұл ретте прокурор тиісті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның құзыретін алмастырмайды және өкілеттікті жүзеге асыру тәсілі заңмен белгіленген олардың құзыретіне жататын болса, оны адресаттың орнына айқындамайды.

Мұндай тәсіл Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағында бекітілген прокурорлық қадағалаудың жалпы шегіне сәйкес келеді, оған сәйкес прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды. Сондықтан ұсынуда қамтылған талап заңдылықты қалпына келтіруге бағытталуға тиіс, бірақ прокурордың адресаттың орнына оның әкімшілік, бақылау, шаруашылық немесе өзге де функцияларын жүзеге асыруына әкеп соқпауға тиіс.

Екінші негіз – қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою. Бұл бөлікте ұсыну алдын алу функциясын орындайды. Прокурорлық ден қою нысанасы нақты бұзушылықтың салдары ғана емес, сонымен қатар қадағалау немесе заңда көзделген өзге де қызмет барысында анықталған, оның жасалуына ықпал еткен және ұсыну адресатының құзыретіне жататын мән-жайлар болып табылады.

Себептер мен жағдайларды жою туралы талаптар анықталған мән-жайлардан туындауға және ұсыну енгізілген органның немесе

лауазымды адамның құзыреті шегінде болуға тиіс. Осы арқылы Конституциялық заңның 36-бабы бұзушылықты анықтау, оған себеп болған факторларды белгілеу және уәкілетті субъектінің ұқсас бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шаралар қабылдауы арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Конституциялық заңның 36-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда ұсыну енгізу мүмкіндігі көзделген. Норма сілтемелік сипатқа ие. Демек, ұсынуды пайдаланудың өзге негіздері тек ведомстволық реттеумен немесе прокурордың қалауымен айқындалмайды – олардың заңнамалық негізі болуға тиіс. Мұндай тәсіл прокуратураның өз өкілеттіктерін заңда белгіленген шектерде және нысандарда жүзеге асыруы туралы конституциялық талаптан тікелей туындайды.

Қадағалау өкілеттіктерін іске асырудың ұйымдық тәртібі № 32 бұйрықта [174] нақтыланған. Онымен бекітілген қағидалар заңдылықтың сақталуын тексеруді, заңдылықтың жай-күйін талдауды және күшіне енген актілерді бағалауды – жоғары қадағалау нысандарын жүргізуді реттейді, олардың нәтижелері бойынша заңда көзделген негіздер болған кезде прокурорлық қадағалаудың немесе ден қоюдың тиісті шаралары қабылданады.

Ұсынуды дайындау кезінде анықталған бұзушылықтар, анықталған әрекеттер (әрекетсіздік) немесе шешімдер сәйкес келмейтін заңнама нормалары, егер олар ден қою нысанасы болса, құқық бұзушылықтардың жасалу себептері мен жағдайлары, сондай-ақ адресаттың құзыретіне жататын талаптар заңдық маңызға ие болады. Мұндай құрылым ұсынудың құқықтық және нақты негіздерінің тексерілуін және оның орындалу толықтығын бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

[174] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

Қылмыстық қудалау саласында 36-баптың ережелері қылмыстық-процестік заңнамамен және № 65 бұйрықпен [175] бекітілген Нұсқаулықпен өзара байланыста қолданылады. Қылмыстық қудалау органдарының қызметінде заңдылықтың бұзылуын анықтаған кезде прокурор бұзушылықтың сипатын, оны жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, сондай-ақ бұзушылықтардың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою қажеттігін ескере отырып, Конституциялық заңда және қылмыстық-процестік заңнамада көзделген өкілеттіктерді пайдаланады.

Түсініктеме беріліп отырған баптың 2-тармағында ұсынуды қараудың міндетті тәртібі белгіленген. Жалпы мерзім күнтізбелік отыз күнді құрайды. Бұл ретте заң ұсынуды қарауды белгіленген мерзімді сақтаумен ғана емес, онда көрсетілген заңдылық бұзушылықтарын жою жөнінде шаралар қабылдаумен де байланыстырады. Сондықтан 36-бапты орындау прокурор баяндаған мән-жайлар мен талаптарды қарауды, олар бойынша адресаттың құзыреті шегінде шешім қабылдауды және нәтижелері туралы прокуратураны кейіннен хабардар етуді көздейді.

Жалпы отыз күндік мерзімнен ерекшелік адамның және азаматтың өмірі мен денсаулығына не мемлекет қауіпсіздігіне қайтымсыз салдарлар туындауы мүмкін жағдайлар үшін көзделген. Мұндай мән-жайлар кезінде қарау мерзімін прокурор тиісті салдарлардың уақтылы алдын алу қажеттігін негізге ала отырып айқындайды. Қысқартылған мерзім белгілеу мүмкіндігі Конституциялық заңда тікелей көзделген және прокурор өкілеттіктерінің дербес кеңейтілуі болып табылмайды.

Бапта прокурордың өзі енгізген ұсынуды қарауға қатысу құқығы да бекітілген. Бұл құқыққа мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның прокурорды ұсынуды қараудың уақыты мен орны туралы қарау жүргізілгенге дейін үш жұмыс күнінен

[175] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://prg.kz/document/?doc_id=33556520

кешіктірмей хабардар ету міндеті сәйкес келеді. Прокурордың қатысуы енгізілген актінің құқықтық және нақты негіздерін баяндауға, онда қамтылған талаптар бойынша түсіндірмелер беруге және адресат қабылдап жатқан шаралар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте заңмен тиісті органның немесе лауазымды адамның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді ұсыну адресатының өзі қабылдайды.

Белгіленген рәсімнің қорытынды элементі прокуратураны нәтижелер туралы хабардар ету болып табылады. Ұсынуды қараудың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы ол қаралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде прокуратураға хабарлануға тиіс. Бұл прокурорға ұсынудың толық көлемде қаралғанын және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылданғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл ережені Конституциялық заңның 32-бабының 4-тармағымен бірге қарастыру қажет: прокуратура актілерін қарамау, тиісінше қарамау немесе орындамау, сол сияқты прокурордың заңды талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Демек, прокуратураға жауаптың ресми түрде жіберілуі емес, ұсынуды қараудың заңда белгіленген тәртібінің сақталуы және онда қамтылған заңды талаптар бойынша шешімдердің қабылдануы заңдық маңызға ие.

Бұл ретте ұсынудың міндеттілігі прокурорға адресаттың айрықша құзыретіне жататын шешімдердің мазмұнын өз қалауы бойынша айқындау өкілеттігін беруді білдірмейді. Актінің міндеттілігі прокурордың заңды құзыреті шегінде қолданылады және Конституциялық заңда белгіленген өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастыруға тыйым салуға сәйкес келеді. Мұндай ажырату бір мезгілде прокурорлық қадағалаудың пәрменділігін және мемлекеттік органдардың заңмен берілген өкілеттіктерді іске асыру кезіндегі дербестігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, ұсыну Конституциялық заңда көзделген прокурорлық қадағалау актісі болып табылады, ол арқылы анықталған заңдылық бұзушылықтарын, ал тиісті жағдайларда

қылмыстық және өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы мәселе қойылады. Оның құқықтық тетігі заңда көзделген негіздің болуын, құзыретті адресатқа енгізілуін, белгіленген мерзімде міндетті түрде қаралуын, адресаттың өкілеттіктері шегінде шаралар қабылдануын және орындалу нәтижелері туралы прокуратураның хабардар етілуін қамтиды.

37-бап. Қаулы

1. Прокурор:

1) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген жағдайларда;

2) тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы;

3) жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы;

4) жедел-іздестіру іс-шараларын және жасырын тергеу әрекеттерін тоқтату туралы;

5) актінің қолданысын тоқтата тұру туралы;

6) заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізу туралы;

7) мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ олардың лауазымды және өзге де адамдары негізсіз жүзеге асыратын тыйым салу не шектеу сипатындағы әрекеттер мен шаралардың күшін жою туралы;

8) күзетпен ұсталатын, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан, сондай-ақ пробация қызметтерінің есебіне алынған адамдарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесінің органдары қолданған тәртіптік жазалар мен көтермелеулердің күшін жою туралы;

9) лауазымды және өзге де адамның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұру туралы;

10) сот орындаушыларының заңсыз актілерінің күшін жою туралы;

11) прокурорлық қадағалау актісін мәжбүрлеп орындату туралы;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қаулы шығарады.

2. Прокурордың қаулысы онда белгіленген мерзімдерде міндетті түрде орындалуға жатады. Қаулыға шағым жасау оның қолданысын тоқтата тұрмайды.

Конституциялық заңның 37-бабы прокурордың қаулы шығару негіздерін, оның міндеттілігін және құқықтық салдарын айқындайды. Прокуратура актілерінің жүйесінде қаулы прокурорлық қадағалау актілеріне жатады және Конституциялық заңда, процестік және өзге де заңнамада тікелей көзделген жағдайларда қолданылады.

Қаулының ерекшелігі оның заңдық қолданысының прокурордың нақты өкілеттігінің сипатына қарай айқындалуынан тұрады. Бір жағдайларда қаулы прокурордың процестік шешімін ресімдейді, басқа жағдайларда заңдылықтың бұзылуына жол бермеу, заңсыз актінің қолданысын не әрекетті тоқтата тұру, тексеру тағайындау, заңда көзделген іс жүргізуді қозғау немесе бұрын енгізілген прокурорлық қадағалау актісінің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді іске асыру нысаны болып табылады.

Сондықтан Конституциялық заңның 37-бабында ортақ атаумен біріктірілген прокурор қаулылары негіздері, реттеу нысанасы және туындататын заңдық салдары бойынша ерекшеленеді. Оларға ортақ талаптар – тікелей құқықтық негіздің болуы және прокурордың заңда белгіленген құзыреті шегінде қабылдануы.

Бұл ереже қаулыны прокурорлық қадағалау актілеріне жатқызатын Конституциялық заңның 32-бабының 1-тармағымен, сондай-ақ прокуратура актілерін енгізудің жалпы негіздерін бекітетін осы баптың 2-тармағымен тікелей байланысты.

Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы бланкеттік сипатқа ие және Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және Қазақстан

Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сілтеме жасайды.

Қылмыстық процесте прокурордың қаулысы ҚПК-де оған тікелей берілген өкілеттіктерді іске асырудың процестік нысаны болып табылады. Мұндай қаулының мазмұны, оны шығарудың негіздері мен тәртібі және оған шағым жасау тәртібі, ең алдымен, қылмыстық-процестік заңнамада айқындалады.

Прокуратура органдары жүйесінде қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта» [176] нақтыланған. Бұл ретте ведомстволық акт прокурорлық қызметті ұйымдастыруды реттейді, ал процестік шешім қабылдаудың негіздері мен шектері ҚПК-де айқындалады.

Көрсетілген өкілеттіктерді қолдану кезінде прокурордың, қылмыстық қудалау органының және соттың функцияларын ажырату қажет. Прокурордың қаулысы Конституцияда және ҚПК-де соттың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сот актісін алмастыра алмайды. Мұндай тәсіл Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, оның ішінде 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ [177] нормативтік қаулысында баяндалған құқықтық ұстанымдарына сәйкес келеді.

Қылмыстық процестегі прокурор шешімдерінің сотта тексерілуі ҚПК-де көзделген тәртіппен қамтамасыз етіледі. Тиісті мәселелер 2026 жылғы өзгерістер ескеріле отырып қолданылатын

[176] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 21 ақпандағы № 65 «Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://prg.kz/document/?doc_id=33556520

[177] «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын, 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 нормативтік қаулысының қарар бөлігінің 6-тармағына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000045

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысында[178] ашып көрсетілген.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде прокурор қаулысы ӘҚБтК-де белгіленген жағдайларда және тәртіппен шығарылады. Осылайша, Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы дербес процестік өкілеттіктерді белгілемейді, қаулыны сол өкілеттіктерді іске асырудың Конституциялық заңда көзделген нысаны ретінде бекітеді.

Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында прокурордың жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы, сондай-ақ жедел-іздестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін тоқтату туралы қаулылар шығару мүмкіндігі көзделген.

Бұл өкілеттіктер «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және ҚПК-мен өзара байланыста қолданылады. Олардың мазмұны прокуратураның заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі конституциялық функциясымен байланысты және адамның құқықтары мен бостандықтарын қозғауы мүмкін іс-шараларды жүргізудің заңда белгіленген тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл ретте 37-бапта қаулының тиісті түрінің көзделуінің өзі оны арнаулы заңнамада белгіленген негіздер мен рәсімдерден тыс шығаруға мүмкіндік бермейді.

Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес прокурор тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығарады.

Бұл өкілеттік тәртіптік жауаптылық туралы мәселені шешу тиісті органның немесе лауазымды адамның құзыретіне жататын кезде анықталған заңдылық бұзушылығына прокурорлық ден қоюдың заңда көзделген нысаны болып табылады.

[178] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P120000003S

Бұл жағдайда прокурордың қаулысы заңнамада белгіленген тәртіптік рәсімге бастамашылық жасайды, бірақ тәртіптік теріс қылықтың бар-жоғы, тәртіптік жаза түрі және оны қолдану туралы мәселені шешуге уәкілеттік берілген субъектінің құзыретін алмастырмайды.

Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында заңдылықтың сақталуын тексеруді жүргізу туралы қаулы шығару көзделген.

Бұл норма Конституциялық заңның 18-бабымен және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен бірге қолданылады. Осы бұйрықпен бекітілген Қағидалар заңдылықтың сақталуын тексеруді тағайындау мен жүргізудің ұйымдық тәртібін айқындайды. Бұйрық 2026 жылғы 12 маусымдағы өзгерістер ескерілген жаңартылған редакцияда қолданылады.

Бұл жағдайда қаулы тексеру жүргізу туралы шешімнің заңдық нысаны болып табылады. Оны шығаруға Конституциялық заңда және тиісті Қағидаларда айқындалған негіздер болған кезде және оған уәкілеттік берілген прокурордың ғана құқығы бар.

Демек, ведомстволық реттеу прокурорлық тексеру жүргізудің қосымша негіздерін белгілемейді, заңда белгіленген өкілеттікті іске асыру тәртібін нақтылайды.

Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 5), 7) және 9) тармақшаларында актінің қолданысын тоқтата тұру, мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ олардың лауазымды және өзге де адамдары негізсіз жүзеге асыратын тыйым салу не шектеу сипатындағы әрекеттер мен шаралардың күшін жою, сондай-ақ лауазымды және өзге де адамның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтата тұру туралы қаулылар көзделген.

Аталған қаулылар прокурор өз құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес келмейді деп бағалайтын құқықтық салдарды тоқтатуға, жоюға немесе уақытша тоқтата тұруға бағытталған.

Көрсетілген өкілеттіктер анықталған заңдылық бұзушылығына негізделуге және заңда көзделген негіздерге дәл сәйкес келуге тиіс. Қаулы мемлекеттік органның, ұйымның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің әкімшілік не шаруашылық қызметіне араласудың әмбебап нысаны ретінде пайдаланылмайды.

Мұндай шектеу прокуратура органдарына өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастыруға тыйым салатын Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағынан тікелей туындайды.

Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы прокурорға күзетпен ұсталатын, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан, сондай-ақ пробация қызметтерінің есебіне алынған адамдарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесінің органдары қолданған тәртіптік жазалар мен көтермелеулердің күшін жою туралы қаулы шығаруға өкілеттік береді.

Бұл өкілеттік Қылмыстық-атқару кодексімен және жазаларды орындаудың заңдылығын қадағалауды ұйымдастыруды реттейтін Бас Прокурордың ведомстволық актілерімен өзара байланыста жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда қаулының заңдық маңызы жазаларды орындау жүйесіндегі адамның құқықтық жағдайына әсер ететін заңсыз шешімді тікелей жоюдан тұрады.

Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында сот орындаушыларының заңсыз актілерінің күшін жою туралы қаулы көзделген.

Бұл норма «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау мәселелері жөніндегі Бас Прокурордың ведомстволық реттеуімен бірге қолданылады.

Осы норманы түсіндіру кезінде тиісті заңнаманы қолдану және осы саладағы сот бақылауы тәртібін ашып көрсететін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 «Соттардың атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың кейбір нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулысын да ескеру қажет.

2026 жылдан бастап прокурорлық қадағалаудың тиісті бағыты Бас Прокурордың № 32 бұйрығына 3-қосымшаның өзектендірілген редакциясымен қосымша реттеледі.

Конституциялық заңның 37-бабы 1-тармағының 11) тармақшасында прокурорлық қадағалау актісін мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығару мүмкіндігі көзделген.

Бұл норма прокуратураның заңды актілерінің міндеттілігін қамтамасыз етудің дербес тетігі болып табылады. Ол прокуратура актілерін қарау мен орындаудың міндеттілігін және оларды қарамағаны, тиісінше қарамағаны немесе орындамағаны үшін жауаптылықты бекітетін Конституциялық заңның 32-бабының 3 және 4-тармақтарымен өзара байланыста қолданылады.

Бұл ретте мәжбүрлеп орындату туралы қаулы заңда көзделген тәртіппен және прокурор бастапқыда өз құзыреті шегінде қойған талаптарға қатысты ғана шығарылуы мүмкін. Кейіннен мәжбүрлеп орындату бастапқы прокурорлық қадағалау актісінің өзінің заңдылығын тексеру қажеттігін жоймайды.

Конституциялық заңның 37-бабының 2-тармағында прокурор қаулысының онда белгіленген мерзімдерде міндетті түрде орындалуға жататыны бекітіліп, қаулыға шағым жасау оның қолданысын тоқтата тұрмайтыны белгіленген.

Бұл ережелер қаулы заңда белгіленген тәртіппен күші жойылғанға немесе өзгертілгенге дейін оның заңдық қолданысының үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге шағым жасау тәртібі қаулының құқықтық табиғатына байланысты болады. Процестік қаулыларға тиісті процестік заңнамада белгіленген тәртіппен, ал өзге қаулыларға

Конституциялық заңда және қолданылуға жататын өзге де заңнамалық актілерде көзделген тәртіппен шағым жасалады.

Сондықтан қаулыға шағым жасалуы оның қолданысын тоқтата тұрмайтыны туралы қағида, егер бақылаудың мұндай нысаны заңда көзделсе, мүдделі адамның қаулыны жоғары тұрған прокурордың немесе соттың тексеруіне құқығын жоймайды.

Прокурор қаулысын орындамау заңда көзделген негіздер болған кезде ғана жауаптылыққа алып келеді. Осыған байланысты ӘҚБтК-нің 664-бабына немесе ҚК-нің жекелеген бабына сілтеме жасаумен ғана шектелмей, Конституциялық заңның 32-бабының 4-тармағында бекітілген жалпы қағиданы көрсету неғұрлым дұрыс: прокуратура актілерін орындамау және прокурордың заңды талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Осылайша, Конституциялық заңның 37-бабы нысанасы мен заңдық салдары бойынша әртүрлі, заңдылық, прокурордың құзыреті шегінде қабылдану және орындалу міндеттілігі туралы ортақ талаптармен біріктірілген прокурор қаулыларының жүйесін бекітеді. Олар Конституциялық заңмен, тиісті салалық заңнамамен, Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының қалыптасқан құқықтық ұстанымдарымен өзара байланыста қолданылуға тиіс.

37-1-бап. Ұйғарым

1. Заң бұзушылықты жою туралы ұйғарымды прокурор заң бұзушылыққа жол берген не жол берілген бұзушылықты жоюға құқылы мемлекеттік органға, жергілікті атқарушы органға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, олардың лауазымды және оларға теңестірілген адамдарына, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарға шығарады.

2. Заң бұзушылық айқын сипатта болған, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға алып келуі не

инвестициялық қызметті жүзеге асыруға теріс әсер етуі мүмкін болған және ол дереу жойылмаған жағдайда, прокурор заң бұзушылықты жою туралы ұйғарым шығарады.

Ұйғарым нормативтік құқықтық актілерге шығарылмайды.

3. Ұйғарымда Конституцияның, заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің бұзылған нормаларына нұсқаулар, құқық бұзушылықтың сипаты және бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы нақты ұсыныстар қамтылуға тиіс.

4. Ұйғарым прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындалуға тиіс.

Ұйғарымның орындалуы туралы прокурорға дереу хабарланады.

5. Прокурордың ұйғарымын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

6. Ұйғарымға жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым жасалуы мүмкін. Ұйғарымға шағым жасау оның орындалуын тоқтата тұрмайды.

7. Жоғары тұрған прокурор немесе сот шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін ұйғарымның орындалуын тоқтата тұруы мүмкін.

Конституциялық заңның 37-1-бабы прокурорлық қадағалаудың арнаулы актісін – заң бұзушылықты жою туралы ұйғарымды бекітеді. Конституциялық заңның 32-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ұйғарым наразылықпен, санкциямен, нұсқаумен, ұсынумен және қаулымен қатар прокурорлық қадағалау актілерінің жүйесіне енгізілген.

Ұйғарым институты инвесторлардың құқықтарын прокурорлық қорғаудың жаңа тетіктерін заңнамалық тұрғыдан бекіту шеңберінде «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес

келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен енгізілді. Сонымен бірге инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық қызметті жүзеге асыру саласындағы прокуратура органдарының құзыреті кеңейтілді, прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосы құрылды, ал Бас Прокурорға Инвестициялық омбудсменнің функциялары жүктелді.

Ұйғарымның арнаулы мақсаты түсініктеме беріліп отырған баптың 2-тармағында айқындалады. Ол анықталған кез келген заң бұзушылық кезінде емес, заңда көзделген талаптардың жиынтығы болған кезде қолданылады.

Біріншіден, заң бұзушылық айқын сипатта болуға тиіс. Бұл тұжырым нақты мән-жайларды Конституцияның, заңның не Қазақстан Республикасы Президенті актісінің талаптарымен салыстырудан тікелей туындайтын және өзге мемлекеттік органның немесе соттың құзыретін алмастыру арқылы даулы мәселені шешуді қажет етпейтін анықталған заң бұзушылықтың болуын білдіреді.

Екіншіден, заң бұзушылық инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға алып келуі не инвестициялық қызметті жүзеге асыруға теріс әсер етуі мүмкін болуға тиіс. Осы арқылы заң шығарушы ұйғарымды қолдану нысанасын инвестициялық саламен тікелей шектейді. Бұл актіні заңда көзделген мақсаттан тыс қолдануға жол берілмейді.

Үшіншіден, анықталған заң бұзушылық дереу жойылмауға тиіс. Бұл талап ұйғарымды анықталған заң бұзушылықтың сақталуы инвестор құқықтарының одан әрі бұзылуына алып келуі не инвестициялық қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін жағдайларда заңдылықты жедел қалпына келтіру құралы ретінде сипаттайды.

Демек, заң бұзушылық фактісінің болуы ұйғарым шығару үшін өздігінен жеткіліксіз. Прокурор осы актіні қолданудың арнаулы негізін айқындайтын, Конституциялық заңның 37-1-бабының 2-тармағында көзделген барлық белгілерді анықтауға тиіс.

Конституциялық заңның 37-1-бабы 1-тармағы ұйғарым шығарылатын адресаттар тобын айқындайды. Ұйғарым заң бұзушылыққа жол берген не жол берілген бұзушылықты жоюға құқылы мемлекеттік органға, жергілікті атқарушы органға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, олардың лауазымды және оларға теңестірілген адамдарына, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарға шығарылуы мүмкін. Бұл ретте адресаттың ұйымдық-құқықтық мәртебесінің өзі емес, мынадай екі негіздің бірінің болуы заңдық маңызға ие: тиісті субъект заң бұзушылыққа жол берген не оны жою жөніндегі өкілеттіктерге ие болған.

Норманың мұндай құрылымы заң бұзушылықты оған тікелей жол берген адамның ғана емес, заңнамамен заңдылықты қалпына келтіру жөніндегі өкілеттіктер берілген құзыретті субъектінің де жоюын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге ұйғарымда оның адресатының құзыретінен тыс талаптар қамтылмауға тиіс.

Ұйғарымды қолдану шектері оны нормативтік құқықтық актілерге шығаруға тікелей тыйым салу арқылы қосымша айқындалады. Осылайша, заң шығарушы ұйғарым мен прокурор наразылығының аражігін ажыратады. Нормативтік құқықтық актінің заңдылығы Конституциялық заңда және заңнамада көзделген рәсімдер арқылы бағаланады және дауланады; ал ұйғарым инвестициялық саладағы нақты заң бұзушылықты жоюға арналған.

Сондықтан бастапқы жобада қамтылған «наразылық заңсыз нормативтік құқықтық актілерге келтіріледі, ал қаулы әкімшілік немесе қылмыстық іс жүргізуді қозғайды» деген қарама-қарсы қою нақтылауды қажет етеді. Наразылықтың нысанасы неғұрлым кең, ал прокурор қаулысы да Конституциялық заңның 37-бабында тікелей көрсетілген едәуір көп жағдайларда қолданылады. Актілерді салыстыру оңайлатылған формула бойынша емес, олардың заңда көзделген негіздері мен заңдық салдарына қарай жүргізілуге тиіс.

Конституциялық заңның 37-1-бабының 3-тармағы ұйғарымның мазмұнына қойылатын арнаулы талаптарды белгілейді. Онда

Конституцияның, заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің бұзылған нормаларына нұсқаулар, құқық бұзушылықтың сипаты және бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы нақты ұсыныстар қамтылуға тиіс. Бұл ереже актінің нормативтік және нақты негізділігін қамтамасыз етеді әрі прокурор талаптарының шектерін айқындайды.

Заң шығарушы ұйғарымда көрсетілетін бұзушылықтың нормативтік негізін Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен тікелей шектегені назар аударуға тұрарлық. Сондықтан тиісті талап 37-1-баптың 3-тармағында көрсетілген актіге негізделмесе, ұйғарымның мазмұны тек заңға тәуелді ведомстволық актінің сақталмауына ғана құрылмауға тиіс.

Бұзушылықты жою жөніндегі шараларды тұжырымдау кезінде прокурор заң бұзушылықтың сипаты мен адресаттың құзыретін негізге алуға тиіс. Ұйғарым заңдылықты қалпына келтіруге бағытталғанымен, ол мемлекеттік органның заңнамада көзделген дискрециялық өкілеттіктерін алмастырмауға және адресатқа заңнан туындамайтын міндеттерді жүктемеуге тиіс.

Бұл бөлікте 37-1-баптың ережелерін Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағымен өзара байланыста қарастыру қажет, оған сәйкес прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды. Бұл шектеудің маңызын Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының құқықтық ұстанымы да растайды: прокуратураның конституциялық мақсаты оның қадағалау өкілеттіктері мен өзге мемлекеттік органдардың функцияларын нақты ажыратуды талап етеді.

Инвестициялық салада ұйғарымдарды қолданудың ұйымдық-құқықтық негізін прокуратура органдарының инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствосының қызметін реттейтін актілер де құрайды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 1125 «Инвесторлардың құқықтарын қорғау және активтерді қайтару саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» Жарлығына сәйкес, 2026 жылы

енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Бас прокуратураның Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитеті инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыратын ведомство болып табылады. Оның өкілеттіктері қатарында инвесторлардың құқықтарын қорғау және инвестициялық қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша орындалуға міндетті ұйғарымдар шығару және нұсқаулар беру құқығы тікелей бекітілген.

Көрсетілген саладағы ведомстволық реттеу жүйесіне Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілері де кіреді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен нәтижелері бойынша заңда көзделген прокурорлық қадағалау актілерін қолдануға негіз болатын мән-жайлар анықталуы мүмкін жоғары қадағалау нысандары реттеледі. 2025–2026 жылдардағы заңнамалық өзгерістерден кейін бұйрыққа инвесторларды қорғауға байланысты арнаулы рәсімдер, оның ішінде инвесторларға қатысты тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды, тексерулерді, талап қоюларды және жекелеген әкімшілік-процестік шешімдерді келісу рәсімдері енгізілді.

Инвестициялық саладағы жүйелі проблемаларды анықтау үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 30 маусымдағы № 100 «Инвесторлардың жүйелі проблемаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының да қосымша маңызы бар. Онымен бекітілген Қағидалар инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын орнықты әкімшілік және құқықтық кедергілерді, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың құқыққа сыйымсыз әрекеттерін (әрекетсіздігін) есепке алу және талдау тетігін айқындайды. Бұл ретте проблеманың тиісті тізілімге енгізілу фактісінің өзі 37-1-бапта белгіленген ұйғарым шығару негіздерін алмастырмайды: әрбір акт түсініктеме беріліп отырған баптың талаптарына тікелей сәйкес келуге тиіс.

Конституциялық заңның 37-1-бабы 4-тармағы ұйғарымды прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындауды белгілейді. Сондықтан бастапқы жобадағы ұйғарым «егер прокурор өзгеше мерзім белгілемесе, дереу орындалуға жатады» деген тұжырым дұрыс емес. Заң ұйғарымды орындау мерзімін прокурор белгілейтінін тікелей көздейді. Ұйғарым орындалғаннан кейін адресат бұл туралы прокурорға дереу хабарлауға міндетті.

Ұйғарымның заңдық міндеттілігі оның прокурорлық қадағалау актілеріне жатқызылуына негізделеді және 37-1-бапта тікелей бекітілген. Бұл ретте құзыретті прокурор заңда көзделген негіздер болған кезде және өз өкілеттіктері шегінде шығарған заңды ұйғарым міндетті түрде орындалуға жатады.

Конституциялық заңның 37-1-бабы 5-тармағы Қазақстан Республикасының заңдарына сілтеме жасау арқылы ұйғарымды орындамағаны үшін жауаптылықты белгілейді.

Конституциялық заңның 37-1-бабы 6 және 7-тармақтары ұйғарым адресатын қорғау тетігін қалыптастырады. Ұйғарымға жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым жасалуы мүмкін. Жалпы қағида бойынша шағым беру фактісінің өзі оның орындалуын тоқтата тұрмайды. Сонымен бірге жоғары тұрған прокурор немесе сот шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін ұйғарымның орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Осылайша, заң шығарушы прокурорлық ден қоюдың жеделдігін шығарылған актінің заңдылығына әкімшілік және сот бақылауын жүзеге асыру мүмкіндігімен ұштастырады.

38-бап. Өтінішхат

Заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты прокурор Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының

әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізеді.

Конституциялық заңның 38-бабы прокурордың өтінішхатын заңды күшіне енбеген сот актісін қайта қарауға бастамашылық жасауға арналған прокурорлық ден қою актісі ретінде айқындайды. Конституциялық заңның 32-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өтінішхат прокурорлық ден қою актілерінің жүйесіне кіреді.

Органға, ұйымға немесе лауазымды адамға тікелей жолданатын прокурорлық қадағалау актілерінен айырмашылығы, 38-бапта көзделген өтінішхат тек сот-процестік нысанда іске асырылады. Оны келтіру сот актісінің өздігінен күшін жоюына немесе өзгеруіне әкеп соқпайды: тиісті сот шешімінің заңдылығы мен негізділігі туралы мәселені процестік заңнамада белгіленген тәртіппен сот шешеді.

Мұндай құқықтық реттеу прокуратураның сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі конституциялық функциясына сәйкес келеді және сонымен қатар прокуратура мен сот билігінің құзыретін ажыратуды қамтамасыз етеді. Прокурор заңда көзделген қайта қарау рәсіміне бастамашылық етеді, құқықтық ұстанымын және сот актісімен келіспеу негіздерін тұжырымдайды, алайда түпкілікті шешімді тиісті сот сатысы қабылдайды.

38-баптың ерекшелігі оның сілтемелік сипатында. Конституциялық заң прокуратура актісінің түрін және оның жалпы мақсатын айқындайды, ал оны келтіруге құқығы бар субъектілер, қайта қаралуға жататын сот актілері, өтінішхаттың мерзімдері мен мазмұны, оны беру, өзгерту, толықтыру және кері қайтарып алу тәртібі, сондай-ақ соттың өкілеттіктері тиісті процестік заңнамада айқындалады.

Түсіндірме беріліп отырған бап прокурор өтінішхатын қолданудың төрт процестік режимін тікелей көздейді: қылмыстық сот ісін жүргізу, азаматтық сот ісін жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу және әкімшілік сот ісін жүргізу.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде прокурордың өтінішхаты бойынша заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау тәртібі ҚПК-нің 8-бөлімінде белгіленген. ҚПК-нің 48-тарауы прокурордың өтінішхат келтіру құқығын, апелляциялық тәртіппен қайта қаралуға жататын сот актілерінің тізбесін, соттардың құзыретін, оны беру тәртібі мен мерзімдерін, өтінішхат келтірудің салдарын, сондай-ақ оның мазмұнына қойылатын талаптарды реттейді. 49-тарау апелляциялық сатыдағы соттың істі қарау тәртібін айқындайды.

ҚПК-нің ережелері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 13 «Қылмыстық істерді апелляциялық тәртіппен қарау тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысында нақтыланған. Жоғарғы Сот апелляциялық іс жүргізуді сот шешімін тексерудің процестік нысаны ретінде қарайды және оның, соның ішінде, прокурордың өтінішхаты бойынша қозғалатынын көрсетеді. Мұндай өтінішхат келіп түскен кезде сот оны келтірген адамның өкілеттіктерін, мерзімнің және өзге де процестік талаптардың сақталуын тексереді; істі қарау ҚПК-де белгіленген шектерде және тәртіппен жүзеге асырылады.

Прокурордың қылмыстық іс бойынша өтінішхатында шағым жасалып отырған сот актісінің заңдылығына, негізділігіне және әділдігіне қатысты нақты дәлелдер қамтылуға және ол ҚПК талаптарына сәйкес келуге тиіс. Прокурор ұстанымының мазмұны нақты іс жүргізу материалдарымен және апелляциялық қайта қараудың заңда көзделген негіздерімен айқындалады. Бұл ретте соттың процестік дербестігі өтінішхат дәлелдерін істің басқа материалдарымен және процеске қатысушылардың ұстанымдарымен қатар бағалауды көздейді.

Азаматтық сот ісін жүргізуде прокурордың апелляциялық өтінішхаты институты АПК-де реттеледі. Соттың заңды күшіне енбеген шешімі Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша қайта қаралуы мүмкін. АПК өтінішхаттың мазмұнына қойылатын талаптарды, ол келіп түскеннен кейін бірінші сатыдағы сот жасайтын әрекеттерді,

оны қозғалыссыз қалдыру және қайтару негіздерін, сондай-ақ өтінішхатты кері қайтарып алу тәртібін айқындайды.

Бұл нормалардың құқық қолдану мазмұны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы № 2 «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулысында ашып көрсетілген. Жоғарғы Сот заңды күшіне енбеген шешімді қайта қарауды апелляциялық шағыммен не прокурордың өтінішхатымен тікелей байланыстырады және апелляциялық қарау, жаңа дәлелдемелерді ұсыну және прокурордың өтінішхатты кері қайтарып алуы мәселелерін түсіндіреді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуде прокурордың өтінішхаты да заңды күшіне енбеген сот қаулысын қайта қарауға бастамашылық жасаудың ӘҚБтК-де көзделген процестік құралы болып табылады. Прокурордың құзыреті, өтінішхат келтіру мерзімдері мен тәртібі, сондай-ақ соттың өкілеттіктері тікелей ӘҚБтК-де айқындалады. Сондықтан осы салада өтінішхатты пайдалану қылмыстық немесе азаматтық процеске ұқсастық бойынша емес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің арнайы процестік режимі негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіру тәртібі ӘРПК-де белгіленген. Кодекс тиісті өкілеттік берілген прокурорлар шеңберін, өтінішхат беру мерзімдерін және апелляциялық сатыдағы соттың құзыретін айқындайды. Атап айтқанда, істі қарауға қатысқан прокурорға апелляциялық өтінішхат келтіру құқығы тиесілі, ал Бас Прокурорға, оның орынбасарларына және ӘРПК-де тікелей көрсетілген өзге де прокурорларға мұндай өкілеттік өз құзыреті шегінде істі қарауға қатысқанына қарамастан да беріледі.

Осы ережелерді қолдану үшін Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 6 қазандағы № 33-НҚ нормативтік қаулысының елеулі мәні бар. Конституциялық Сот ӘРПК-нің 168-бабының ережелерін қарай отырып, жұрттың бәрінің

заң мен сот алдындағы теңдігі конституциялық қағидатын сақтау қажеттігін негізге алды және апелляциялық шағым мен прокурордың өтінішхатын беру мерзімін есептеудің басталу кезін сот шешімінің түпкілікті нысанда дайындалған күні деп түсіндірді. Бұл құқықтық ұстаным әкімшілік сот ісін жүргізуде Конституциялық заңның 38-бабын іске асыру кезінде процестік мерзімдердің қолданылуына тікелей ықпал етеді.

Прокуратура жүйесінде тиісті жұмысты ұйымдастыру Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады. Азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы қолданылады. Оның ішінде Бас Прокурордың 2026 жылғы 12 маусымдағы № 90 бұйрығымен қалыптастырылған қолданыстағы редакцияда 3-қосымшамен Азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сотта мемлекет мүдделеріне өкілдік етуді, заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын қадағалауды және атқарушылық іс жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілген. Нұсқаулық өкілдіктің ведомствоішілік ұйымдастырылуын, міндеттердің бөлінуін және сот актілеріне ден қою тәртібін айқындайды, бұл ретте процестік кодекстерде көзделген прокурор өкілеттіктерінің негіздері мен шектерін өзгертпейді.

Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында жұмысты ведомствоішілік ұйымдастыру қылмыстық сот ісін жүргізуде мемлекет мүддесін білдіруді және сот актілерінің заңдылығын қадағалауды реттейтін Бас Прокурордың арнаулы нормативтік құқықтық актісі негізінде жүзеге асырылады. Оны қолдану кезінде ҚПК нормалары айқындаушы болып қала береді: ведомстволық реттеу прокурорлар жұмысының ұйымдастырылуын белгілейді, бірақ сот актілерінің шеңберін, қайта қарау негіздерін, процестік мерзімдерді немесе соттың құзыретін өзгерте алмайды.

Осылайша, 38-бап төрт дербес процестік режимде іске асырылатын прокурорлық ден қою актісінің бірыңғай түрін бекітеді. Оларға ортақ белгі — прокурордың өтінішхаты арқылы соттың алдына заңды күшіне енбеген сот актісін тексеру туралы мәселе қойылатыны; ал оны келтірудің нақты негіздері, субъектілер құрамы, мерзімдері, нысаны, мазмұны мен салдары тиісті процестік заңнамада айқындалады.

Прокурор өтінішхатының өздігінен емес, прокуратураның сот ісін жүргізудегі өкілеттіктерін іске асырудың процестік тетігі ретінде құқықтық мәні бар. Оны келтіру сот актісінің заңдылығы мен негізділігіне ықпал етуі мүмкін материалдық немесе процестік заңның нақты бұзылуына негізделуге және тиісті прокурордың құзыреті шегінде қатаң түрде жүзеге асырылуға тиіс. Мұндай тәсіл бір мезгілде прокуратураның конституциялық функциясының іске асырылуын және сот шешімін қайта қарау туралы мәселені шешу кезінде соттың дербестігін қамтамасыз етеді.

39-бап. Арыз (талап қою)

1. Прокурор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінуге құқылы.

2. Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған не олар қараусыз қалдырылған кезде прокурор органдардың және лауазымды адамдардың актілерін, шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінеді.

Түсініктеме беріліп отырған бап прокурордың арызын (талап қоюын) Конституциялық заңда көзделген прокуратура актісі ретінде айқындайды, ол арқылы прокурор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, негіздер бойынша және тәртіппен сотқа жүгінеді.

Арыздың (талап қоюдың) құқықтық табиғаты прокуратураның сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі конституциялық функциясымен байланысты. Конституцияның 84-бабына сәйкес

прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Сондықтан 39-баптың ережелері Конституциялық заңның прокуратура органдарының сотта мемлекет мүддесін білдіруі туралы 22-бабымен жүйелі байланыста қолданылады.

Конституциялық заңның 22-бабына сәйкес прокуратура органдары қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамада, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада және әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамада көзделген негіздер бойынша және тәртіппен сотта мемлекет мүддесін білдіреді. Демек, 39-бап арызды (талап қоюды) прокуратура актісі ретінде бекітеді, ал оны пайдаланудың нақты процестік режимі тиісті заңнамамен айқындалады.

Осы тәсіл Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ Нормативтік қаулысында тұжырымдалған құқықтық ұстанымдарға сәйкес келеді [179] . Конституциялық Сот прокуратура қызметінің конституциялық тұрғыдан айқындалған бағыттарының ерекшелігі мемлекет мүддесін кешенді түрде білдіруден тұратынын атап өтті. Сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі өкілеттіктер мемлекет, қоғам және өз құқықтарын өз бетінше қорғауға мүмкіндігі жоқ адамдардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Конституциялық заңның 39-бабы 1-тармағында: «Прокурор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінуге құқылы» деп белгіленген. Норма сілтемелік сипатта болады және сотқа жүгінудің негіздерін, прокурордың өкілеттігін, талап қоюдың нысаны мен мазмұнын, соттылықты, процестік мерзімдерді және істі қарау тәртібін арнайы процестік заңнама айқындайтынын білдіреді.

[179] «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын, 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 нормативтік қаулысының қарар бөлігінің 6-тармағына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000045

Азаматтық сот ісін жүргізуде прокурордың іске қатысуы және оның талап қоюмен жүгінуі АПК-нің 54-бабымен реттеледі. Прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңдарда көзделген жағдайларда қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа талап қоюмен жүгінуге құқылы.

Азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурордың талап қоюы адамның физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын өз бетінше қорғауға мүмкіндігі болмаған жағдайларда берілуі мүмкін. Бұл шектеу шектелмеген адамдар тобының мүдделерін қорғау үшін немесе адамдардың өмірі мен денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін қайтымсыз салдарды болғызбау қажет болған жағдайларда қолданылмайды.

Мемлекеттің мүддесін қорғау үшін талап қоюлар мемлекеттің мүддесіне нұқсан келтіруі мүмкін құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу мақсатында, мемлекеттік органның заңсыз актісін заңсыз деп тану туралы, мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ лауазымды адамдардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген залалды өтеу туралы, мемлекеттің кірісіне тыйым салынған қызметтен алынған мүлікті өндіріп алу туралы және заңдарда көзделген өзге де жағдайларда беріледі.

2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылатын редакцияда прокурордың инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторлардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін талап қоюмен сотқа жүгіну өкілеттігі де көзделген. Осылайша, азаматтық процесте прокурордың талап қоюы жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғаудың процестік нысаны болып табылады.

Талап қоюды мәлімдеген прокурор талап қоюшының барлық процестік құқықтарын пайдаланады және барлық процестік міндеттерін атқарады. Бұған татуласу, медиация немесе дауды

партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу құқығы жатпайды. Прокурордың талап қоюдан бас тартуы мүддесі үшін талап қойылған тұлғаны істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды. Егер мүддесі үшін талап қойылған тұлға мәлімделген талапты қолдамаса, сот үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері қозғалмайтын болса, талап қоюды қараусыз қалдырады.

Инвесторлардың құқықтарын қорғауға қатысты 2026 жылы енгізілген өзгерістер мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің инвесторларға қарсы талап қоюларының жекелеген санаттарын прокурормен міндетті түрде келісуді көздейді. Бұл ретте осындай талап қоюды келісу прокурордың Конституциялық заңның 39-бабына сәйкес өз бастамасымен талап қоюынан ажыратылуға тиіс. Бірінші жағдайда прокурор басқа субъектінің сотқа жүгіну заңдылығын алдын ала бағалайды, ал екінші жағдайда өзі прокуратура актісін енгізетін тұлға ретінде әрекет етеді.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде прокурордың талап қоюмен жүгіну құқығы ӘРПК-нің 31-бабымен регламенттеледі. Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ӘРПК-де белгіленген тәртіппен талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

ӘРПК-нің 9-бабында әкімшілік органға немесе лауазымды адамға наразылық келтіру және ол қабылданбаған жағдайда заңсыз әкімшілік актінің күшін жою, сондай-ақ әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) заңсыз деп танылуы туралы талап қоюмен сотқа жүгіну прокурорлық қадағалаудың құралдарының бірі ретінде көзделген. Мұндай жағдайда прокурор сотта талап қоюшының процестік құқықтарын пайдаланады және міндеттерін атқарады.

Осы нормалардың қолданылуы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 2 «Әкімшілік істер бойынша процестік заңнаманы қолданудың жекелеген мәселелері туралы» нормативтік қаулысында нақтыланған. Жоғарғы Сот прокурордың ӘРПК-де және өзге де заңдарда белгіленген негіздер бойынша талап қоюмен сотқа жүгінетінін және мұндай жүгіну тиісті

әкімшілік істің соттылығы мен процестік тәртібі туралы қағидаларға бағынатынын түсіндіреді.

Конституциялық заңның 39-бабы 2-тармағында прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған не олар қараусыз қалдырылған кезде прокурордың сотқа жүгінуінің арнайы негізі белгіленген. Нормаға сәйкес: «Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған не олар қараусыз қалдырылған кезде прокурор органдардың және лауазымды адамдардың актілерін, шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінеді».

Бұл ереже Конституциялық заңның прокуратура актілерінің жүйесін айқындайтын 32–38-баптарымен өзара байланыста қолданылады. Прокурор заңдылықтың бұзылуын анықтаған кезде тиісті прокурорлық қадағалау актісін енгізеді. Егер адресат оны қабылдамаса немесе қараусыз қалдырса, заңдылық туралы мәселе соттың қарауына беріледі.

Прокурордың сотқа жүгінуі дау айтылып отырған жария-биліктік шешімнің күшін өздігінен жоймайды. Органның немесе лауазымды адамның актісін, шешімін не әрекетін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тану туралы түпкілікті шешімді тиісті процестік заңнамада белгіленген тәртіппен сот қабылдайды. Бұл прокуратураның қадағалау өкілеттіктері мен сот билігінің өкілеттіктерін ажыратуды қамтамасыз етеді.

Қолданыстағы процестік заңнамада мұндай талап қоюларды қараудың бірыңғай арнайы мерзімі Конституциялық заңның 39-бабында белгіленбеген. Сотқа жүгіну мерзімдері мен істі қарау тәртібі даудың санатына және қолданылатын процестік кодекске қарай айқындалады. Сондықтан бұрынғы құқықтық реттеуде болған АПК-нің 286-бабының арнайы тәртібіне сілтеме және осы санаттағы арыздарды он күн ішінде қарау туралы ереже қазіргі уақытта қолданылмайды[180].

[180] «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 351-VI ҚРЗ Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000351#z148

Прокуратура жүйесінде сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады. Азаматтық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы қолданылады[181]. Бұйрықпен бекітілген нұсқаулық сотта мемлекет мүддесін білдіруді, заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын қадағалауды және сот актілеріне прокурорлық ден қоюды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Ведомстволық реттеу прокурорлар арасындағы міндеттерді бөлуді, материалдарды зерделеу және құқықтық ұстанымды қалыптастыру тәртібін, сот актілеріне ден қоюды және олардың орындалуын бақылауды белгілейді. Бұл ретте ол процестік кодекстерде көзделген прокурордың сотқа жүгіну негіздерін, соттылықты, процестік мерзімдерді немесе соттың өкілеттігін өзгерте алмайды.

Конституциялық заңның 39-бабын қолданған кезде Конституциялық заңның 5-бабының 4-тармағында бекітілген, прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды деген жалпы қағида сақталуға тиіс. Сондықтан прокурордың талап қоюмен жүгінуі заңда көзделген негіздермен және прокуратураның конституциялық міндеттерімен байланысты болуға тиіс. Жеке-құқықтық даудың немесе тараптардың мүліктік келіспеушілігінің болуы өздігінен прокурордың іске араласуы үшін сөзсіз негіз болып табылмайды.

Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ Нормативтік қаулысында баяндалған құқықтық ұстаным маңызды мәнге ие. Конституциялық Сот прокурордың сотқа қатысуы мен сотқа жүгінуі

[181] «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

оның конституциялық функцияларынан туындайтынын және заңда белгіленген шектерде жүзеге асырылуға тиіс екенін атап көрсетті[182].

Прокурордың азаматтық істер бойынша сотқа жүгінуі кезінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 21 «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» нормативтік қаулысының ережелері де ескеріледі. Жоғарғы Сот істі дұрыс және уақтылы шешу үшін талап қоюдың нысанасын, негізін, құқықтық қатынастардың сипатын және қолданылуға жататын құқық нормаларын анықтау қажеттігін түсіндіреді[183]. Бұл талаптар прокурор мәлімдеген талап қоюларға да қолданылады.

Осылайша, Конституциялық заңның 39-бабы прокурордың сотқа жүгінуінің өзара байланысты екі нысанын қамтиды. Бірінші нысан - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша адамның, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін арыз (талап қою) беру. Екінші нысан - прокурорлық қадағалау актісі қабылданбаған немесе қараусыз қалдырылған кезде органның немесе лауазымды адамның актісін, шешімін не әрекетін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгіну.

Екі жағдайда да арыз (талап қою) прокуратураның конституциялық функцияларын сот-процестік нысанда іске асырудың құралы болып табылады. Прокурор талапты тұжырымдайды, оның құқықтық және нақты негіздерін келтіреді әрі процестік өкілеттіктерді жүзеге асырады, ал дауды мәні бойынша шешу және тиісті құқықтық салдарды айқындау соттың айрықша құзыретіне жатады.

Қылмыстық процесте прокурордың талап қоюы дербес прокурорлық ден қою актісі ретінде емес, ҚПК-де көзделген азаматтық талап қоюдың арнайы процестік нысаны ретінде

---

[182] «Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын, 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 нормативтік қаулысының қарар бөлігінің 6-тармағына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 45-НҚ нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000045

[183] «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 21 нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000021S_

қарастырылады. Мұндай талап қоюдың мақсаты қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетімен келтірілген мүліктік немесе моральдық зиянды қылмыстық іс шеңберінде өтеу болып табылады.

ҚПК-нің 58-бабының екінші бөлігіне және 167-бабының бірінші бөлігіне сәйкес прокурор өз бастамасы бойынша мемлекеттің мүддесін қорғау, өз бетінше қорғануға қабілеті жоқ жәбірленушінің мүддесін қорғау, сондай-ақ қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға немесе олардың әрекеттері үшін мүліктік жауаптылықта болатын адамға азаматтық талап қоюға құқылы.

Прокурордың талап қоюының нысанасы қылмыстық құқық бұзушылықпен тікелей келтірілген мүліктік немесе моральдық зиянды өтеу туралы талаптар, сондай-ақ емдеуге, жерлеуге, сақтандыру төлемдеріне, жәрдемақылар мен зейнетақылар төлеуге байланысты шығыстарды өтеу туралы талаптар болуы мүмкін. Талап қою талаптары қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлармен байланысты болуға тиіс.

Прокурор қылмыстық процесте азаматтық талап қоюды сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап сот тергеуі аяқталғанға дейін жазбаша нысанда немесе электрондық құжат нысанында беруге құқылы. Талап қоюда оның негіздері мен талаптың мөлшері көрсетілуге тиіс. Қажет болған жағдайда талап қоюдың негіздері мен мөлшері кейіннен нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.

Қылмыстық процестегі азаматтық талап қоюға қатысты азаматтық процестік заңнаманың нормалары ҚПК-ге қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады. Азаматтық талап қою кезінде мемлекеттік баж төленбейді. Мұндай талап қоюдың соттылығы ол бірге қаралатын қылмыстық істің соттылығына қарай айқындалады.

Күдіктінің анықталмауы азаматтық талап қоюға кедергі келтірмейді. Жәбірленушінің дәрменсіз күйіне, күдіктіге, айыпталушыға немесе сотталушыға тәуелді болуына не өзге де себептерге байланысты өз құқықтарын дербес қорғауға мүмкіндігі

болмаған кезде прокурор оның мүддесін қорғау үшін талап қоюға міндетті.

Азаматтық талап қоюды дәлелдеу қылмыстық іс бойынша дәлелдеу қағидалары бойынша жүзеге асырылады. Зиянды өтеудің негіздері, шарттары, көлемі мен тәсілі азаматтық, еңбек және өзге де заңнаманың нормалары ескеріле отырып айқындалады. Талап қоюды қамтамасыз ету мақсатында ҚПК-нің 161 және 171-баптарында көзделген шаралар қолданылуы мүмкін.

Сот үкім шығарған кезде азаматтық талап қою бойынша ҚПК-нің 170-бабында белгіленген шешімдердің бірін қабылдайды. Егер талап қоюды прокурор қолдаса, сот оны азаматтық талап қоюшының сот отырысына келуіне қарамастан қарайды.

Демек, қылмыстық сот ісін жүргізуде прокурордың талап қоюы қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеуге бағытталған процестік құрал болып табылады. Оны мәлімдеу ҚПК-де көзделген негіздерге, субъектілер шеңберіне, мерзімдерге және дәлелдеу қағидаларына қатаң сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

40-бап. Үндеу

Бас Прокурор және оның орынбасарлары, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының басшылары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген (астананың және республикалық маңызы бар қалалардың) прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлар заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға үндеу жасауға құқылы.

Үндеу бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып немесе өзге де жария тәсілмен таратылады.

Конституциялық заңның 40-бабы прокурорлық ден қою актісінің дербес түрін – прокурордың лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға үндеуін реттейді. Конституциялық заңның 32-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жолданым өтінішхатпен, арызбен (талап қоюмен) және Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына жол берілмейтіні туралы түсіндірмемен қатар прокурорлық ден қою актілерінің жүйесіне кіреді.

Үндеудің ерекшелігі оның жария сипатымен айқындалады. Нақты адресаты бар және заңда белгіленген қарау немесе орындау рәсіміне әкеп соғатын прокуратураның өзге де актілерінің көпшілігінен айырмашылығы, үндеу прокурордың ресми ұстанымын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де жария тәсілмен белгілі бір не белгісіз адамдар тобына жеткізуге арналған.

Түсіндірме беріліп отырған бап осындай үндеу жасау құқығы берілген субъектілердің толық тізбесін белгілейді. Оларға Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдарының басшылары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, сондай-ақ аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар жатады. 2026 жылы осы тізбеге әскери прокуратура және көлік прокуратурасы органдары басшыларының, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың енгізілуі үндеуді тікелей тиісті аумақтық және мамандандырылған деңгейде пайдалану мүмкіндігін кеңейтті.

Конституциялық заңның 40-бабында көзделген өкілеттік арнайы сипатқа ие және онда көрсетілген прокурорларға ғана тиесілі. Демек, егер тиісті үндеу уәкілетті прокурордан туындамаса, прокуратура органдарының өзге қызметкерінің көпшілік алдында сөз сөйлеуі өздігінен осы бапта көзделген прокурорлық ден қою актісі болып табылмайды.

Заң үндеудің өзара байланысты төрт мақсатын айқындайды: заңдылықты қамтамасыз ету; қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; құқық бұзушылықтардың алдын алу; адамның және азаматтың

құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Заңда көзделген мақсаттардың кемінде біреуінің болуы прокурорлық ден қоюдың осы нысанын қолдануға құқықтық негіз болып табылады. Бұл ретте үндеу прокуратураның қызметі туралы жалпы ақпарат беруге не кез келген қоғамдық маңызы бар мәселеге жария түсініктеме беруге арналмаған. Оны пайдалану 40-бапта тікелей көрсетілген міндеттерді іске асырумен байланысты болуға тиіс.

Прокурорлық ден қою актісі ретіндегі үндеудің прокуратура органдарының ағымдағы ақпараттық-түсіндіру қызметінен айырмашылығы осында. Ақпаратты ресми интернет-ресурста орналастыру, бұқаралық ақпарат құралдарына арналған хабарлама, сұхбат не өзге де көпшілік алдында сөз сөйлеу 40-бапта көзделген үндеудің құқықтық сипатына автоматты түрде ие болмайды. Тиісті жария коммуникацияны прокурорлық ден қою актісі ретінде саралау үшін оның субъектісі, мазмұны және түсіндірме беріліп отырған бапта тікелей белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталуы елеулі мәнге ие.

Үндеудің жария нысаны оның құқықтық құрылымының міндетті элементі болып табылады. 40-баптың екінші бөлігі таратудың жол берілетін екі тәсілін белгілейді: бұқаралық ақпарат құралдары арқылы не өзге де жария тәсілмен. Осылайша, заң шығарушы өкілеттіктің іске асырылуын тек дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыстырмайды. Үндеудің тиісті аудиторияға ашық жеткізілуі қамтамасыз етілген жағдайда, жария тәсіл прокуратура органдары пайдаланатын ақпараттық арналармен айқындалуы мүмкін.

Ұйымдастырушылық тұрғыдан бұл ереже прокуратура жүйесінде белгіленген бірыңғай ақпараттық саясатпен байланысты. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ережеге сәйкес прокуратура органдары жүйесінің бірыңғай ақпараттық саясатын жүргізуді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-

қимыл жасауды қамтамасыз ету Бас прокуратураның функцияларына жатқызылған. Бұл үндеулерді жария таратудың ұйымдастырушылық негізін қалыптастырады, алайда 40-бапта көзделген оларды пайдалану негіздерін, субъектілері мен мақсаттарын өзгертпейді.

Үндеуді жеке және заңды тұлғалардың прокуратура органдарына жолданымдарынан да ажырату қажет. Терминологияның сәйкес келуіне қарамастан, бұл әртүрлі құқықтық институттар. Прокуратураға келіп түсетін арыздар мен шағымдарды қарау тәртібі Конституциялық заңның 24-бабымен, әкімшілік рәсімдік-процестік және өзге де заңнамамен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 29 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің жолданымдарын қарау мен оларды жеке қабылдаудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен реттеледі. Ал 40-бапта, керісінше, үндеу субъектісі ретінде уәкілетті прокурордың өзі әрекет етеді, ал оның адресаттары – лауазымды адамдар, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар.

Үндеу мен Конституциялық заңның 41-бабында көзделген заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндірудің де аражігін ажырату қажет. Түсіндіру жеке тұлғаға не заңды тұлғаның өкіліне жолданады және заңнаманы бұзуға жол берілмейтіні әрі заңда белгіленген жауаптылық туралы ескертумен байланысты. 40-бапта көзделген үндеу жария нысанда болады, адамдардың нақты санатына да, субъектілердің кең ауқымына да арналуы мүмкін және заңда көзделген неғұрлым кең мақсаттар кешеніне – заңдылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қол жеткізу үшін пайдаланылады.

Бұл ретте үндеу Конституциялық заңда көзделген прокуратураның өзге де актілерін алмастырмайды. Егер анықталған мән-жайлар наразылық, ұсыну, қаулы, ұйғарым енгізуді не заңда көзделген басқа құқықтық құралды қолдануды талап етсе, жария

үндеу өздігінен тиісті актіні алмастырмайды. Оның мақсаты, ең алдымен, құқыққа қайшы мінез-құлықтың алдын алуға, заңдылық пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге не құқықтар мен бостандықтарды қорғауға бағытталған прокурордың жария ден қоюы болып табылады.

Үндеудің мазмұны прокуратураның заңда белгіленген құзыреті шегінде болуға және тексерілген мәліметтерге негізделуге тиіс, өйткені ол уәкілетті прокурордың ресми ұстанымын білдіреді және жария түрде жеткізіледі. Бұл ретте үндеу жаңа жалпыға міндетті мінез-құлық қағидаларын белгілемейді, заңда көзделмеген тыйым салуларды немесе шектеулерді енгізбейді және нормативтік құқықтық актінің орнына пайдаланылмайды. Прокурор сақтау қажеттігін көрсететін заңнаманың міндеттілігі жария үндеу жасау фактісінің өзінен емес, заңның тиісті нормаларынан туындайды.

Осылайша, 40-бапта көзделген үндеу заңда белгіленген мақсаттарда арнайы уәкілеттік берілген прокурорлар пайдаланатын дербес жария прокурорлық ден қою актісі болып табылады. Оның айрықша белгілері – жария тарату тәсілі, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға да, жеке және заңды тұлғаларға да үндеу жасау мүмкіндігі, профилактикалық бағыттылығы және заңдылықты, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен әрі конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қорғаумен байланысы.

41-бап. Заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіру

Құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде прокурор жеке тұлғаларға және заңды тұлғалардың өкілдеріне Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға жол берілмейтіні туралы жазбаша немесе ауызша нысанда түсіндіреді және оларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылық туралы ескертеді.

Заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіру түсіндірме беріліп отырған Конституциялық заңда көзделген, ескерту сипатындағы дербес прокурорлық ден қою актісі болып табылады. Аталған заңның 32-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ол өтінішхатпен, арызбен (талап қоюмен) және үндеумен қатар прокурорлық ден қою актілерінің жүйесіне кіреді. Бұл ретте Конституциялық заңның 32-бабы прокурорлық қадағалау және ден қою актілерін енгізуді заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, жолданымдарды қарау және заңнамада көзделген өзге де функцияларды орындау нәтижелерімен тікелей байланыстырады. Прокуратура актілері заңда белгіленген құзырет шегінде адресаттардың қарауы және орындауы үшін міндетті.

Доктриналық тұрғыдан заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіруді прокуратураның превентивтік функциясын іске асырудың арнайы құқықтық құралы ретінде қарастырған жөн. Оның мәні болжамды құқыққа қайшы іс-әрекет жасалғанға дейін не оның зиянды салдары туындағанға дейін тиісті заңнамалық тыйымның немесе міндеттің мазмұнын нақты адресатқа жеткізу және оларды бұзғаны үшін заңдық жауаптылық туралы ескерту арқылы оның мінез-құлқына ықпал етуден тұрады. Мұндай түсінік осы актіні қолдану заңның анықталған бұзылуымен, оны жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, заңсыз актінің күшін жою не заңнамада көзделген өзге де шараларды қабылдау қажеттігімен байланысты болатын прокурорлық қадағалау және ден қою актілерінің көпшілігінен ажыратуға мүмкіндік береді.

Түсіндірудің превентивтік сипаты прокурордың жасалып қойған құқық бұзушылықтың дәлелдемелеріне ие болуға тиіс екенін білдірмейді. Түсіндірме беріліп отырған баптың мақсаты, егер мұндай ықпал ету үшін заңда көзделген негіздер болса, құқыққа қайшы ниет іске асырылғанға дейін прокурорлық ықпал ету мүмкіндігін қамтамасыз етуден тұрады[184].

[184] 41-бапта қарастырылып отырған институт өзінің заңдық функциясы бойынша Ресей заңнамасында бекітілген және ғылыми әдебиетте құқық бұзушылықтар профилактикасының дербес құралы ретінде

Түсіндірме беріліп отырған бапта прокурордың нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіру жөніндегі жалпы өкілеттігі туралы да, азаматтар мен ұйымдарға болжамды мінез-құлыққа қатысты заң консультацияларын беру туралы да сөз болып отырмағанын атап өткен жөн. Қарастырылып отырған актінің нысанасы нормативтік норманың абстрактілі мазмұны емес, нақты заң бұзушылыққа жол берілмейтіні болып табылады.

Мұндай аражікті ажыратудың тікелей нормативтік негізі бар. Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 58-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актілерде қамтылған нормаларға ресми түсіндірме беру заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте аталған баптың 6-тармағында осы тарауда белгіленген нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру тәртібі мен шарттары Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылатын заңға түсіндірме беруге қолданылмайтыны арнайы белгіленген. Сонымен бірге бұл ерекшелікті прокуратураға заңнамаға ресми түсіндірме беру жөніндегі жалпы өкілеттік беру деп түсінуге болмайды. Ол прокурордың арнайы түсіндіруі аталған заңмен реттелетінін білдіреді.

Дәл осындай түсінік Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 19 шілдедегі № 2-010324-23-57581 хатында баяндалған ресми ұстанымына сәйкес келеді. Онда заңды түсіндіру жөніндегі өкілеттікті прокуратура органдарынан құқық қолдану практикасы мәселелері бойынша консультациялар алу не болжамды әрекеттердің заңдылығын алдын ала келісу үшін негіз

қарастырылатын заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы алдын ала ескерту институтына жақын екенін атап өткен жөн (А.Ю. Винокуров алдын ала ескертуді заңның болжамды бұзылуы орын алғанға дейін қолданылатын прокурорлық ден қоюдың ерекше құралы ретінде сипаттайды, ал С.В. Филипенко дайындалып жатқан құқыққа қайшы әрекеттер туралы жеткілікті мәліметтердің болуы қажеттігіне және алдын ала ескертуді жасалып қойған құқық бұзушылыққа ден қою құралына айналдыруға жол берілмейтініне назар аударады. Толығырақ қараңыз: Винокуров А.Ю. О некоторых вопросах применения прокурорами предостережения о недопустимости нарушения закона // Административное и муниципальное право. 2014. № 8. С. 882–889; Филипенко С.В. Проблемы применения предостережения о недопустимости нарушения закона // Законность. 2017. № 6. С. 9–12). Алайда салыстырмалы-құқықтық талдау «ресейлік алдын ала ескерту» мен «қазақстандық түсіндіруді» теңестіруге алып келмеуге тиіс. Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында заң шығарушы дербес құрылымды – «Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына жол берілмейтіні туралы түсіндірмені» пайдаланады және оны прокурорлық ден қою актілеріне тікелей жатқызады. Сондықтан Ресей заңнамасы мен доктринасының ережелері қарастырылып отырған институттың превентивтік табиғатын ашу үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ оны Қазақстанда қолдану тәртібін тікелей айқындай алмайды.

ретінде пайдалануға жол берілмейтініне назар аударылған. Түсіндірме беріліп отырған баптың мәні белгілі бір мінез-құлықты жоспарлап отырған субъектілерге заң консультацияларын көрсетуде емес, заң бұзушылықтың алдын алуда. Бұл ұстаным түсіндірме беріліп отырған заңның прокуратура органдарына өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастыруға тыйым салатын 5-бабының 4-тармағымен де үйлеседі.

Осыдан, егер тұлғаның жолданымы нақты бір саладағы заңнаманы (салық, жер, құрылыс, санитариялық немесе өзге де арнаулы заңнаманы) қолдану тәртібі туралы түсіндірме алу қажеттігімен байланысты болса, прокурор тиісті салада мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органды алмастырмауға тиіс деген қорытынды туындайды. Өз құзыреті шегінде мұндай түсіндірмелерді тиісті мемлекеттік органдар береді. Түсіндірме беріліп отырған бап онда тікелей көзделген заң бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету не адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажеттігі туындаған кезде қолданылады.

Осы баптың мазмұнынан оны қолданудың төрт дербес негізі туындайды, атап айтқанда: құқық бұзушылықтардың алдын алу; қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау; дайындалып жатқан құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы мәліметтердің болуы. Алғашқы үш негіз прокурорлық ықпал етудің мақсаттары арқылы, ал төртіншісі нақты фактілік мән-жай арқылы тұжырымдалған. Бұл ретте негіздерді бір-бірімен араластырмаған жөн, өйткені дайындалып жатқан құқыққа қарсы іс-әрекет туралы мәліметтердің болуы норманы қолданудың дербес фактілік алғышарты болып табылады, ал құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқықтар мен бостандықтарды қорғау түсіндіру қолданылуы мүмкін мақсаттарды сипаттайды.

Заң болжамды құқық бұзушылықтың жасалып қойғанын не прокурордың тұлғаны жауаптылыққа тарту үшін жеткілікті дәлелдемелерге ие болуын талап етпейді. Сонымен бірге түсіндірме

беріліп отырған бапты қолдану тұлғаның әлдебір уақытта заңды бұзуы ықтимал деген мүлдем белгісіз болжамға негізделе алмайды. Бұл әсіресе дайындалып жатқан құқыққа қайшы іс-әрекет туралы мәліметтердің болуы түріндегі негізге қатысты. Мұндай мәліметтердің белгілі бір фактілік негізі болуға және болжамды құқыққа қайшы мінез-құлықты нақты жеке тұлғамен не заңды тұлғаның өкілімен байланыстыруға мүмкіндік беруге тиіс. Бұл ретте «дайындалып жатқан құқыққа қайшы іс-әрекеттер» деген сөз тіркесінің мазмұнын тек белсенді әрекеттермен шектеуге болмайды. Егер заңнама тұлғаға белгілі бір міндет жүктесе, ықтимал құқық бұзушылық оның әрекетсіздігімен де байланысты болуы мүмкін.

Алайда заңды бұзу мүмкіндігі туралы абстрактілі болжамның өзі түсіндірме беріліп отырған бапты осы Конституциялық заңда көзделген мақсаттармен байланысты емес жалпы профилактикалық ықпал ету құралына айналдырмауға тиіс екенін негізге алу маңызды. Түсіндірме беріліп отырған бапты қолданудың нақты негіздері мен шектері тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалуға тиіс.

Қарастырылып отырған бапта түсіндірудің адресаттары ретінде «жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың өкілдері» көрсетілген. Осы арқылы заң шығарушы прокурорлық ден қоюдың бұл актісінің атаулы сипатын айқындайды. Басқаша айтқанда, түсіндіру мінез-құлқы болжамды құқық бұзушылықпен байланысты не осындай құқық бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндігі бар нақты тұлғаға немесе заңды тұлғаның нақты өкіліне арналуға тиіс. Заңды тұлғаға қатысты адресат ретінде абстрактілі субъект ретіндегі заңды тұлға емес, нақ оның өкілі әрекет етеді. Бұл ретте оның өкілеттіктері заңнан, құрылтай құжаттарынан не заңнамада көзделген өкілдіктің өзге де негіздерінен туындауға тиіс.

Адресатты таңдаудың заңдық маңызы бар, өйткені ескерту сипатындағы ықпал ету болжамды құқық бұзушылықпен байланысты субъектінің мінез-құлқына нақты ықпал етуге қабілетті болуға тиіс.

Түсіндіру өзінің мазмұны бойынша заңдық тұрғыдан айқын болуға тиіс. Заңнаманы сақтау қажеттігі туралы жалпы тұжырыммен шектелу жеткіліксіз. Прокурор қолда бар мәліметтерді заңнаманың нақты нормасымен салыстырып, нақты қандай мінез-құлыққа жол берілмейтінін көрсетуге және адресатқа тиісті құқық бұзушылық үшін заңда көзделген жауаптылық туралы ескертуге тиіс. Мұндай талап түсіндірме беріліп отырған баптың заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіруді «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылық» туралы ескертумен байланыстыратын құрылымының өзінен туындайды.

Бұл ретте жауаптылық туралы ескерту тұлғаның кінәлілігі туралы мәселені күні бұрын шешуге айналмауға тиіс. Прокурор түсіндірме беріліп отырған бапты қолдану кезінде заңдық жауаптылықты белгілемейді, адресатқа заң тиісті құқық бұзушылықтың жасалуымен байланыстыратын салдарлар туралы ғана хабарлайды. Егер кейіннен тиісті іс-әрекет жасалса, құзыретті орган тиісті қылмыстық, әкімшілік, азаматтық не өзге де заңнамада көзделген тәртіппен құқық бұзушылық оқиғасын, оның құрамын, тұлғаның кінәлілігін және өзге де мән-жайларды дербес анықтауға міндетті. Бұрын берілген түсіндірудің болуы құзыретті органды заңда белгіленген жауаптылыққа тарту рәсімін сақтаудан босатпайды және өздігінен тұлғаның кінәлілігін дәлелдемейді.

Ескерту сипатындағы актінің жасалып қойған құқық бұзушылықты тіркейтін актіден түбегейлі айырмашылықтарының бірі осында. Түсіндіру жаңа заңдық міндетті туындатпайды, адресатқа қолданыстағы заңнамалық талап пен оны бұзудың ықтимал салдарын жеткізеді. Прокурор 41-бап арқылы заңнамада жоқ тыйымдарды немесе міндеттерді белгілеуге, құқық бұзушылық құрамын кеңейтуге не жауаптылықты заңда белгіленген шектерден тыс айқындауға құқылы емес.

Бұдан басқа, түсіндірме беріліп отырған бапты қолдану кезінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының заңнаманың тиісті нормаларына қатысты міндетті құқықтық ұстанымдары мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік

қаулыларын ескеру қажет. Бұл ескертудің мазмұны мен ықтимал жауаптылыққа сілтеме заңның мәтініне ғана емес, қолданыстағы міндетті түсіндіруге де сәйкес болуға тиіс екендігіне байланысты. Бұл қылмыстық не әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін мінез-құлық туралы ескерту кезінде ерекше маңызды. Прокурор превентивтік акт арқылы тыйым салынған іс-әрекеттің белгілерін не жауаптылық негіздерін кеңейтіп айқындауға құқылы емес.

Түсіндірме беріліп отырған бап түсіндірудің екі нысанын – жазбаша және ауызша нысандарын көздейді. Заң шығарушының екі нысанды көрсетуі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дербес (үшінші) нысанды құрайтынын білдірмейтініне назар аударған жөн. Түсіндірудің заңдық нысаны мен техникалық тәсілі әртүрлі санаттар болып табылады. Электрондық құжатта көрсетілген электрондық түсіндіру өзінің заңдық нысаны бойынша жазбаша түсіндіруге жатады, ал телефон немесе бейнебайланыс арқылы жүзеге асырылған ауызша түсіндіру ауызша нысанын сақтайды.

Мұндай түсінік Қазақстан Республикасының цифрлық орта туралы қазіргі заманғы заңнамасына сәйкес келеді. 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 255-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі электрондық құжатты дұрыстығы, тиесілілігі және өзгермейтіндігі электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қамтамасыз етілген цифрлық жазба ретінде айқындайды; Кодекстің талаптарына сәйкес келетін және уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен тең деп танылады. Демек, түсіндірме беріліп отырған бапта «электрондық нысанға» арнайы нұсқаудың болмауы өздігінен жазбаша түсіндіруді цифрлық ортада жүзеге асыруға кедергі келтірмейді. Құжатты электрондық тәсілмен беру жаңа заңдық нысанды қалыптастырмайды, жазбаша нысанды жүзеге асыру тәсілін сипаттайды[185].

[185] Осыған байланысты электрондық түсіндіру мен электрондық жолданымның аражігін ажырату қажет. Жолданымның «Электрондық жолданымдар» (e-Otinish) ақпараттық жүйесі арқылы келіп түсу фактісінің өзі 41-баптың автоматты түрде қолданылатынын білдірмейді. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 4 бұйрығымен Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына,

Түсіндірме беріліп отырған заңның 41-бабы мен 40-бабының аражігін ажыратудың ерекше маңызы бар. 40-бапқа сәйкес прокурордың үндеуі бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып не өзге де жария тәсілмен таратылады. Демек, заң шығарушы «жария үндеу» мен «атаулы түсіндірудің» аражігін ажыратады. Прокуратураның ресми интернет-ресурсында, әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында не өзге де жария цифрлық алаңда жариялау өздігінен 41-бапта көзделген түсіндіру ретінде автоматты түрде сараланбауға тиіс. Ол 40-бапты іске асыру, прокуратураның ақпараттық-түсіндіру қызметі не заңда көзделген жариялылықты қамтамасыз етудің өзге де тәсілі болуы мүмкін. Мұндай аражікті ажырату цифрландыру жағдайында ерекше маңызды, өйткені ақпаратты жария орналастыру мен прокурордың атаулы ден қоюы әртүрлі заңдық сипатқа ие.

Жазбаша немесе ауызша нысанды таңдау нақты жағдайдың мән-жайларына, болжамды құқық бұзушылықтың сипатына және ескерту мазмұнының тиісінше тіркелуін қамтамасыз ету қажеттігіне байланысты. Бұл ретте жазбаша түсіндіру үшін прокурорды құжаттың авторы ретінде, адресатты, оның жасалған күнін, ескертудің мазмұнын, қолданылатын заңнама нормаларын және құжаттың адресатқа жеткізілу фактісін анықтау мүмкіндігі ерекше

мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидалары бекітілген; Қағидалар қолданыста және оларға, оның ішінде 2025 жылғы желтоқсанда өзгерістер енгізілген. Сондықтан «коммуникация арнасы» мен «прокурор жауабының заңдық табиғатының» аражігін ажырату қажет. e-Otinish арқылы келіп түскен жолданым жолданым болып табылады және тиісті тәртіппен қаралады. Алайда мұндай жолданымға берілген жауап, егер онда осы бапта көзделген барлық элементтер – заңда көзделген мақсат не дайындалып жатқан құқыққа қайшы іс-әрекет туралы мәліметтер, атаулылық, жол берілмейтін нақты мінез-құлықты көрсету және заңда белгіленген жауаптылық туралы ескерту болса, өзінің мазмұны бойынша бір мезгілде 41-бапта көзделген заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіруді қамтуы мүмкін. Басқаша айтқанда, электрондық жолданым «өзара іс-қимылдың процестік нысаны» болып табылады, ал заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы түсіндіру «тиісті прокурорлық ден қою актісінің материалдық-құқықтық мазмұнын» білдіреді. Бұл санаттарды араластыруға болмайды. Егер прокурор жолданымға берген жауабында өтініш берушіге мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу тәртібін ғана хабарласа, мемлекеттік органның құзыретін түсіндірсе не өзге де жалпы ақпарат берсе, мұндай жауап өздігінен 41-бапта көзделген акт болып табылмайды. Ал егер жауапта адресатқа нақты мінез-құлыққа жол берілмейтіні түсіндіріліп, заңның тиісті нормасы және заңда көзделген жауаптылық көрсетілсе, мұндай электрондық құжат заңнаманың өзге де талаптары сақталған жағдайда 41-бапта көзделген жазбаша түсіндіру функциясын орындай алады. Бейнеконференцбайланыс, телефон байланысы не тікелей коммуникацияның өзге де құралдары пайдаланылған кезде өзгеше жағдай қалыптасады. Егер прокурор адресатқа ескертудің мазмұнын ауызша жеткізсе, мұндай түсіндіру «ауызша нысанын» сақтайды, ал пайдаланылатын цифрлық технология оны жүзеге асырудың және тиісті құралдар болған кезде тіркеудің тәсілі ғана болып табылады. Аудио- немесе бейнежазба фактісінің өзі ауызша өзара іс-қимылды жазбаша түсіндіруге айналдырмайды.

маңызға ие. Электрондық ортада тиісті мәселелер цифрлық заңнаманың талаптары мен электрондық құжат айналымы қағидалары ескеріле отырып шешіледі.

Жазбаша нысан түсіндіру кейіннен дәлелдемелік немесе процестік маңызға ие болуы мүмкін жағдайларда, мысалы, дайындалып жатқан құқыққа қайшы іс-әрекет туралы нақты мәліметтер болған кезде не адресатқа белгілі бір мінез-құлыққа жол берілмейтіні туралы тиісінше ескертілген-ескертілмегенін кейіннен бағалау қажеттігі болжанған кезде ерекше маңызға ие. Сонымен бірге жазбаша құжаттың болуы өздігінен прокурорды түсіндірме беріліп отырған 41-бапты қолданудың заңдылығы мен негізділігін дәлелдеу міндетінен босатпайды. Түсіндірме беріліп отырған бап оның деректемелерінің арнайы тізбесін, табыс ету тәртібін, қолданылу мерзімін, адресаттың оны алудан бас тартуының арнайы тәртібін немесе оның орындалуын бақылаудың жеке рәсімін белгілемейді. Мұндай мәселелер прокуратура актілеріне қойылатын жалпы талаптар, жолданымдар, цифрлық құжаттар туралы заңнама және тиісті қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер ескеріле отырып шешілуге тиіс. Осы тұрғыдан № 32 бұйрықтың елеулі маңызы бар [186]. Осы бұйрықпен, атап айтқанда, Прокуратура органдарының заңдылықтың сақталуына тексеріс тағайындау және жүргізу, заңдылықтың жай-күйіне талдау жасау, сондай-ақ күшіне енген актілерді бағалау қағидалары және Мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерінің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Ведомстволық актілердің ережелері түсіндірме беріліп отырған бапта белгіленген прокурор құзыретін кеңейте немесе түсіндірудің заңдық табиғатын өзгерте алмайды. Олардың мақсаты

[186] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 32 «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753

қарастырылып отырған Конституциялық заңда белгіленген өкілеттіктер шегінде прокуратура қызметін ұйымдастырушылық және рәсімдік тұрғыдан қамтамасыз етуден тұрады.

Практикада түсіндірме беріліп отырған бапты қолдану прокурордың заңдық маңызы бар бірқатар мән-жайларды дәйекті түрде анықтауын көздейді. Алдымен прокуратураның тиісті саладағы құзыретінің бар-жоғын айқындап, қарастырылып отырған жағдайдың түсіндірме беріліп отырған Конституциялық заңда көзделген прокурордың функциялары және өкілеттіктерімен байланысын анықтау қажет (даулы құқықтық жағдайдың болуы немесе азаматтың жолданымы өздігінен осы баптың автоматты түрде қолданылуға тиіс екенін білдірмейді).

Осыдан кейін түсіндірме беріліп отырған бапта көзделген негіз, атап айтқанда құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажеттігі не дайындалып жатқан құқыққа қайшы іс-әрекет туралы мәліметтердің болуы айқындалады. Егер дайындалып жатқан іс-әрекет туралы мәліметтер негіз болса, прокурор олардың атаулы ескерту сипатындағы ықпал ету үшін жеткіліктілігін бағалауы қажет. Осыдан кейін түсіндірудің адресаты – мінез-құлқы болжамды құқық бұзушылықпен байланысты немесе оның алдын алуға мүмкіндігі бар жеке тұлға не заңды тұлғаның өкілі айқындалады. Келесі қадам бұзылуының алдын алу көзделетін заңның нақты нормасын айқындау, жол берілмейтін мінез-құлықтың сипаты мен тиісті жауаптылықты анықтау болады. Осы кезеңдерден кейін түсіндіру нысаны таңдалып, оның мазмұнының адресатқа тиісінше жеткізілуі қамтамасыз етіледі.

Мұндай алгоритм түсіндірме беріліп отырған бапты жалпы құқықтық консультация беру құралы ретінде пайдаланудан тұратын, оны қолданудағы елеулі қателіктердің бірін болдырмауға мүмкіндік береді. Прокурор заңда көзделген қандай мінез-құлыққа жол берілмейтінін және оны жасағаны үшін қандай жауаптылық белгіленгенін түсіндіруге құқылы, алайда осы бап арқылы тұлға жоспарлаған әрекеттердің заңдылығын алдын ала растауға не

заңнаманы қолдану тәсілдеріне қатысты жеке заң консультациясын беруге тиіс емес.

Түсіндірудің құқықтық маңызын Конституциялық заңның 32-бабында белгіленген прокуратура актілерінің жүйесімен өзара байланыста айқындау қажет. Түсіндіру дербес прокурорлық ден қою актісі болып табылады, сондықтан наразылықты, ұсынуды, қаулыны, ұйғарымды, үндеуді немесе заңда көзделген өзге де актілерді алмастырмайды.

Егер құқық бұзушылық жасалып қойған және оны жою, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, заңсыз актінің күшін жою, құқық бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою не заңда көзделген жауаптылық шараларын қолдану талап етілсе, прокурор тиісті актіні және тиісті рәсімді пайдалануға тиіс. Мәселен, ұсыну заңдылықтың бұзылуын, сондай-ақ оған ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою үшін қолданылады, ал ұйғарым түсіндірме беріліп отырған заңда көзделген жағдайларда заңның анық бұзылуы болған кезде қолданылады. Өзге актілердің өзіндік негіздері мен құқықтық салдары бар.

Басқаша айтқанда, егер болжамды құқыққа қайшы іс-әрекет жасалғанға дейін ықпал ету талап етілсе, превентивтік түсіндіру осы баптың мақсатына сәйкес келуі мүмкін. Ал егер құқық бұзушылық анықталып қойған және оны жою талап етілсе, прокурорлық ден қоюдың тиісті шаралары қолданылуға тиіс [187].

Бұл ретте түсіндіру мемлекеттік ден қою актісі болғанымен, жаңа міндеттер мен тыйымдардың қайнар көзі болып табылмайтынын ескеру қажет. Оның заңдық мазмұны прокурордың қалауынан емес, заңнан туындайды.

Осы себеппен жауаптылық туралы ескерту тікелей заңның тиісті нормасына негізделуге тиіс. Прокурор заңда көзделмеген

[187] Мұндай аражікті ажырату норма шығару қызметіне қатысты да маңызды. Түсіндірме беріліп отырған заңда прокуратураның заңнаманы жетілдіруге қатысуының арнайы тетіктері бекітілгеннен кейін прокурордың нормативтік құқықтық актінің жобасымен келіспеуінің өзі 41-бапты қолдануға негіз болып табылмайды. Прокуратураның норма шығару қызметіне қатысуы заңда көзделген тетіктер арқылы жүзеге асырылады, ал түсіндірме беріліп отырған бап оның мазмұнында белгіленген дербес негіздер болған кезде ғана қолданылады. Осылайша, прокуратураның норма шығару құзыреті мен прокурордың превентивтік ден қоюының заңдық мақсаттары әртүрлі.

жауаптылыққа сілтеме жасауға, оның туындау негіздерін кеңейтіп түсіндіруге не бұрын берілген түсіндірудің өзі неғұрлым қатаң жауаптылыққа негіз болып табылады деген түсінік қалыптастыруға құқылы емес.

Практикада прокуратура актісін қараудың міндеттілігі мен ескертудің өзінің заңдық салдарын да ажырату қажет. Түсіндірудің болуы оны елемегені үшін жауаптылықтың автоматты түрде туындайтынын білдірмейді. Егер адресат кейіннен құқық бұзушылық жасаса, жауаптылық құқық бұзушылық оқиғасы мен тұлғаның кінәлілігін анықтаудың заңда көзделген рәсімі сақталған кезде тиісті құқық бұзушылықты және ол үшін санкцияны белгілейтін заң негізінде туындайды. Түсіндірме беріліп отырған баптың мәні, ең алдымен, осындай құқық бұзушылықтың алдын алу мүмкіндігін қалыптастырудан тұрады. Бұл ретте актінің ескерту сипаты оның заңдық негізділігі мен айқындылығына қойылатын талаптарды төмендетпейді.

Ғылыми әдебиетте прокурорлық ден қою актілеріне қойылатын талаптар дәстүрлі түрде олардың заңдылығымен, негізділігімен, нақтылығымен, заңдық айқындылығымен және тиісті заң техникасымен байланыстырылады.

Түсіндіру прокурорлық ден қою актісі болып табылатындықтан, оның заңдылығы мен негізділігі түсіндірме беріліп отырған заңда белгіленген тәртіппен бақылау нысанасы болуы мүмкін. Прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым жасалуы мүмкін. Демек, түсіндірме беріліп отырған бапты қолдану прокурордың өзіне берілген құзырет шектерін сақтауына сот және ведомстволық бақылау жасауды жоққа шығармайды. Бұл дәл превентивтік актілер үшін ерекше маңызды, өйткені ескерту функциясын кеңінен түсіну мемлекеттік араласудың заңда белгіленген шектерден тыс кеңеюіне әкеп соқпауға тиіс. Прокуратураның превентивтік функциясы тек заң шегінде іске асырылады. Превентивтіктің заңдылық, құқықтық айқындылық, атаулылық және өзге мемлекеттік органдарды

алмастыруға жол бермеу қағидаттарымен ұштасуы түсіндірме беріліп отырған бапты қолданудың тиісті мазмұны мен шектерін айқындайды.

42-бап. Прокуратура актілерін жариялау

1. Бас Прокурордың азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнамасының талаптары сақтала отырып, ресми жариялануға жатады.

2. Прокуратура органдары өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзатын органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне прокуратура актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жариялай алады.

Конституциялық заңның 42-бабы прокуратура актілерін жариялауды реттейді және екі дербес құқықтық режимді белгілейді: азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерін міндетті түрде ресми жариялау және прокуратура органдарының өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында өзге де актілерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы.

Көрсетілген режимдердің аражігін ажыратудың түбегейлі маңызы бар. Бірінші жағдайда жариялау Конституцияда және заңда көзделген нормативтік құқықтық актіні қолданудың шарты болып табылады. Екінші жағдайда прокуратура қызметін ақпараттық

қамтамасыз ету және Конституциялық заңда бекітілген жариялылық қағидатын іске асыру туралы сөз болып отыр.

Конституциялық заңның 42-бабының 1-тармағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабының 4-тармағына тікелей негізделген, оған сәйкес азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Бұл конституциялық кепілдік Конституциялық заңда және өзге де заңнамалық актілерде белгіленген құзырет шегінде қабылданатын Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілеріне де қолданылады. Конституциялық заңның 9 және 32-баптарына сәйкес Бас Прокурор заңнамада өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға құқылы, ал прокуратура органдарын ұйымдастыруды және олардың қызметін реттейтін актілерге бұйрықтар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және басқа да актілер жатады. Сонымен бірге нақты актінің нормативтік сипаты оның атауымен емес, онда құқықтық нормалардың болуымен және оның нормативтік-құқықтық реттеу жүйесіндегі орнымен айқындалады.

Мұндай актілерді ресми жариялау тәртібі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңымен айқындалады. Заң Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін әзірлеу, қабылдау, тіркеу, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібін реттейді.

Осылайша, 42-баптың 1-тармағы Бас Прокурорға нормативтік құқықтық актілерді жариялау жөніндегі қосымша өкілеттік бермейді, прокуратураның ведомстволық норма шығару қызметіне қатысты жалпы конституциялық кепілдікті бекітеді: азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық акт заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жарияланбай қолданылмайды.

Бұл ретте жариялау мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама сақтала отырып жүзеге

асырылады. Бұл шектеу нормативтік реттеудің ашықтығы қағидатын заңда белгіленген қорғалатын ақпарат режимдерімен үйлестіру қажеттігіне байланысты.

Конституциялық заңның 42-бабының 2-тармағы өзгеше құқықтық сипатқа ие. Ол прокуратура қызметінің жариялылығы қағидатын іске асыруға бағытталған және прокуратура органдарына адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзатын органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне байланысты енгізілген прокуратура актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау мүмкіндігін береді.

Конституциялық заңның 42-бабы 1-тармағынан айырмашылығы, мұнда заң шығарушы «жариялай алады» деген құрылымды пайдаланады. Демек, прокурорлық қадағалау немесе ден қоюдың нақты актісін жариялау оның заңдық күшінің, қаралуының немесе орындалуының шарты болып табылмайды. Мұндай актінің құқықтық салдары оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануына қарамастан, Конституциялық заңның 32–41-баптарында белгіленген тәртіппен туындайды.

Жарияланым ақпараттық функцияны орындайды: мұндай ақпарат заңға сәйкес ашылуы мүмкін жағдайларда қоғамға анықталған заңдылық бұзушылықтары және прокуратура қабылдаған шаралар туралы мәліметтерді жеткізеді. Бұл ретте жарияланымның өзі прокуратура актісінің мазмұнын өзгертпейді, оның адресатына қосымша міндеттер жүктемейді және оны енгізудің, қараудың және орындаудың Конституциялық заңда белгіленген тәртібін алмастырмайды.

Конституциялық заңның 42-бабы 2-тармағының ережелері Конституциялық заңның 3-бабында бекітілген жариялылық қағидатына сәйкес келеді. Бұл ретте прокуратура қызметінің жариялылығы абсолютті сипатқа ие емес және заңнамада белгіленген шектерде іске асырылады.

Осы бағытты іске асырудың ұйымдастырушылық негізі Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ереже болып табылады. Бас прокуратураның функцияларына прокуратура органдары жүйесінің бірыңғай ақпараттық саясатын жүргізуді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету жатқызылған.

Ақпаратты масс-медиа арқылы таратуға байланысты қатынастар осы саладағы қызметтің және ақпаратты алу мен тарату бостандығын іске асырудың құқықтық негіздерін айқындайтын «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 маусымдағы № 93-VIII ҚРЗ Заңымен реттеледі.

Сонымен қатар Конституциялық заңның 42-бабы жариялылықтың тікелей шегін – мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнама талаптарының сақталуын белгілейді. Бұл бөлікте баптың ережелері «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-I Заңымен, сондай-ақ құпиялылықтың арнайы режимдерін белгілейтін өзге де заңдармен өзара байланыста қолданылады.

Жеке тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын актілерді жариялау кезінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңының талаптары да ескерілуге тиіс. Оның ережелерінде дербес деректерді өңдеудің заңдылығы және қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің құпиялылығы көзделген.

Көрсетілген шектеулер жаңа Конституциямен тікелей үйлеседі. Конституция 23-бапта кепілдік берілген ақпаратты алу және тарату бостандығымен қатар, 21-бапта жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жеке және отбасы құпиясы әрі дербес деректерді қорғау құқығын бекітеді. Сондықтан прокуратура органдарының жариялылықты іске асыруы заңдылықтың жай-күйі туралы ақпарат алудағы қоғамдық

мүдде мен қолжетімділігі шектеулі мәліметтердің заңда белгіленген қорғалу теңгерімін сақтауды көздейді.

Конституциялық заңның 42-бабы 2-тармағы бойынша жариялау нысанасының да ерекше маңызы бар. Заң прокурорлық қызметтің кез келген материалдарын емес, прокуратура актілерін жариялау мүмкіндігін береді. Сондықтан прокуратура актісінің өзін жариялау мен прокурорлық қызметтің нәтижелері туралы ақпараттық хабарламаны таратудың аражігін ажырату қажет. Соңғысы прокуратура органдарының жалпы ақпараттық саясаты және масс-медиа туралы заңнама шеңберінде жүзеге асырылады, ал 42-бап прокуратура актілерін жариялауды тікелей реттейді.

Актіні жариялау оған шағым жасаудың белгіленген тәртібін де өзгертпейді. Құқықтары мен заңды мүдделерін прокурор актісі қозғайтын тұлға осы актінің жарияланғанына не жарияланбағанына қарамастан, Конституциялық заңның 43-бабында көзделген ведомстволық немесе сот арқылы шағым жасау тетіктерін пайдалануға құқылы.

Осылайша, Конституциялық заңның 42-бабы прокуратура қызметінің жариялылығы мен заңмен қорғалатын ақпаратты таратуға қойылатын құқықтық шектеулердің үйлесуін қамтамасыз етеді. Бас Прокурордың нормативтік құқықтық актілерін міндетті түрде жариялау азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік реттеудің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, ал прокуратураның өзге де актілерін жариялау жариялылық қағидатын іске асыру нысаны болып табылады және нақты актіде қамтылған ақпараттың сипаты мен оны қорғаудың заңда белгіленген режимдері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

43-бап. Прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне шағым жасау

1. Прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне жоғары тұрған прокурорға не сотқа осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге

де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

2. Прокурордың актілері мен әрекеттеріне шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

Сот не жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім шығарғанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

3. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасымен төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоя алады, оларды кері қайтара алады, тоқтата тұра алады немесе өзгерте алады.

4. Прокурордың активтерді қайтару мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне шағым жасау "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Конституциялық заңның 43-бабы прокурордың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне шағым жасау тетігін белгілейді және сол арқылы оларды ведомствоішілік тәртіппен де, сот тәртібімен де тексеру мүмкіндігін бекітеді.

Норма сот арқылы қорғалудың конституциялық кепілдігіне негізделген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Сот билігі Конституцияны, заңдарды, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын қолдануға байланысты туындайтын істер мен дауларға қолданылады.

Конституциялық Сот сот арқылы қорғалу құқығы тұлғаға бұзылған құқықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін сотқа жүгінудің нақты мүмкіндігін қамтамасыз етеді деген ұстанымды дәйекті түрде басшылыққа алады. Бұл ретте осы құқықты іске асыру тәртібі заңмен айқындалады және сотқа жүгінудің процестік

шарттарын көздеуі мүмкін. Мұндай құқықтық ұстаным, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 56-НҚ «2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 434-бабы екінші бөлігінің 3) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» нормативтік қаулысында тұжырымдалған.

Конституциялық заңның 43-бабының 1-тармағы шағым жасаудың екі бағытын көздейді: жоғары тұрған прокурорға не сотқа. Сонымен бірге бұл норма барлық жағдайлар үшін бірыңғай жүгіну тәртібін белгілемейді және өтініш берушінің қалауы бойынша осы екі тәсілдің кез келгенін сөзсіз таңдау мүмкіндігін білдірмейді. Заң шағым жасау тәртібін Конституциялық заңның және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптарымен тікелей байланыстырады.

Демек, қолданылатын тәртіп шағым жасалатын прокурор шешімінің, әрекетінің немесе актісінің құқықтық табиғатымен айқындалады.

Егер прокурордың шешімі немесе әрекеті әкімшілік рәсім шеңберінде қабылданса, Конституциялық заңның, ӘРПК-нің және оларды дамыту үшін қабылданған ведомстволық реттеудің ережелері қолданылады. Егер қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберіндегі прокурордың процестік шешіміне шағым жасалса, ҚПК қолданылады. Азаматтық процестік заңнамамен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы, жазаларды орындау, жедел-іздестіру қызметі немесе активтерді қайтару туралы заңнамамен реттелген мәселелерге қатысты тиісті арнайы рәсімдер қолданылады.

Мұндай аражікті ажырату № 29 бұйрықта тікелей жүргізілген[188]. Осы бұйрықпен бекітілген Нұсқаулықта ӘРПК-нің әкімшілік рәсімдері қарау тәртібі қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, қылмыстық-атқару заңнамасында, әкімшілік құқық

[188] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 29 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалар өкілдерінің жолданымдарын қарау мен оларды жеке қабылдаудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031715

бұзушылық туралы, жедел-іздестіру қызметі туралы заңнамада және активтерді қайтару туралы заңнамада белгіленген жолданымдарға қолданылмайтыны көзделген.

Осылайша, Конституциялық заңның 43-бабы жалпы норма функциясын орындайды, ал нақты процестік тәртіп арнайы заңнамамен айқындалады.

Прокуратура жүйесінде шағымдарды қараудың әкімшілік тәртібі ерекше маңызға ие. № 29 бұйрықпен бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес шағымдарды әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен жоғары тұрған прокуратура не жоғары тұрған прокурор қарайды. Прокуратураның шешіміне, актісіне немесе прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым белгіленген мерзімде беріледі, содан кейін материалдар жоғары тұрған прокурордың қарауына жіберіледі.

Бұл ретте ӘРПК-нің 91-бабының ережелерінде де жалпы қағидат көзделген: егер заңда өзгеше белгіленбесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіп сақталғаннан кейін жол беріледі. Прокуратура органдары үшін ӘРПК шағымдарды қарау Конституциялық заңда белгіленген негіздерде, шектерде және тәртіппен жүзеге асырылатынын жеке бекітеді.

Демек, ведомстволық шағым жасау мен сот арқылы қорғалу құқықтық кепілдіктердің өзара байланысты жүйесін құрайды, ал оларды қолданудың реттілігі тиісті салалық рәсіммен айқындалады.

Қылмыстық процесте прокурордың шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасау ҚПК-де белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 20 мамырдағы № 5 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысын ескеру қажет[189]. Ол қылмыстық процесте прокурордың әрекеттері мен шешімдерін тексерудің сот нысанын нақтылайды.

[189] Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 «Прокурордың, қылмыстық құдалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P120000003S

Әкімшілік сот ісін жүргізуде ӘРПК-нің ережелері, сондай-ақ соттарды Конституцияны, конституциялық заңдарды және ӘРПК-ні олардың қолданыстағы құқық жүйесіндегі орны ескеріле отырып қолдануға бағдарлайтын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2026 жылғы 9 сәуірдегі № 2 «Әкімшілік істер бойынша процестік заңнаманы қолданудың жекелеген мәселелері туралы» нормативтік қаулысы ескерілуге тиіс.

Жалпы қағида бойынша шағым беру прокурор актісінің немесе әрекетінің орындалуын тоқтата тұрмайды. Бұл 43-баптың 2-тармағында тікелей белгіленген және қабылданған актінің заңдық қолданысының сақталуын білдіреді, ол заңда көзделген тәртіппен күші жойылғанға, өзгертілгенге, тоқтатыла тұрғанға не заңсыз деп танылғанға дейін қолданылады.

Сонымен қатар заң арнайы қамтамасыз ету тетігін көздейді: шағым шешілгенге дейін сот не жоғары тұрған прокурор шағым жасалған актінің немесе әрекеттің орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Осылайша, заң шығарушы екі құқықтық салдардың аражігін ажыратады: шағым берудің өзі актінің орындалуға жататындығын өзгертпейді, алайда уәкілетті субъект шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін оның орындалуын уақытша тоқтата тұруға құқылы.

Жоғары тұрған прокурордың тоқтата тұруы ведомствоішілік бақылау элементі болып табылады және нақты істің мән-жайлары, шағым жасалған актінің сипаты мен оны одан әрі орындаудың ықтимал құқықтық салдары ескеріле отырып қолданылады.

Сот тәртібімен шағым жасау кезінде тиісті қамтамасыз ету шараларын қолданудың негіздері мен тәртібі қолданылатын процестік заңнамамен айқындалады.

Конституциялық заңның 43-бабы 3 тармағы жоғары тұрған прокурордың төмен тұрған прокурор актісінің күшін жою, оны кері қайтарып алу, тоқтата тұру немесе өзгерту өкілеттіктерін көздейді.

Бұл норма прокуратура органдарын орталықтандыру қағидатымен тікелей байланысты. Конституциялық заңның 5-бабына

сәйкес прокурорлардың бағыныстылығы жоғары тұрған прокурордың төмен тұрған прокурор актілерінің күшін жою, оларды кері қайтарып алу, тоқтата тұру немесе өзгерту, сондай-ақ оның шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне берілген шағымдарды шешу құқығын қамтиды.

Демек, 43-бапта көзделген өкілеттіктер сыртқы бақылаудың дербес нысаны болып табылмайды, прокуратураның бірыңғай орталықтандырылған жүйесінің жұмыс істеу тетіктерінің бірі болып табылады.

Оларды іске асыруға жеке немесе заңды тұлғаның шағымы да, жоғары тұрған прокурордың өз бастамасы да негіз болуы мүмкін. Осы арқылы заң мүдделі тұлғаның жолданымының болуына қарамастан, заңсыз немесе негізсіз актіні жоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте көзделген өкілеттіктердің әрқайсысының дербес құқықтық салдары бар: күшін жою актінің қолданысын белгіленген тәртіппен тоқтатады; тоқтата тұру оның орындалуын уақытша тоқтатады; өзгерту актінің мазмұнын жоғары тұрған прокурордың құзыреті шегінде түзетеді; кері қайтарып алу тиісті прокурорлық актінің сипатына қарай жол берілетін жағдайларда және тәртіппен қолданылады.

Ведомстволық рәсім Бас Прокурордың № 29 бұйрығымен нақтыланған. Шағымды қарау нәтижелері бойынша жоғары тұрған прокурор заңнамада көзделген шешімді қабылдайды; Нұсқаулықта жоғары тұрған прокурордың төмен тұрған прокурор актісінің күшін жою, оны кері қайтарып алу, тоқтата тұру немесе өзгерту өкілеттігі тікелей көзделген.

Бұл норманың практикалық маңызы тұлғаның заңда көзделген тәртіппен сот арқылы қорғалу құқығын сақтай отырып, сот шешімін күтпей, прокуратура жүйесінің ішінде бұзушылықтарды жою мүмкіндігін қамтамасыз етуден тұрады.

Конституциялық заңның 43-бабы 4-тармағы прокурордың активтерді қайтару мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне қатысты арнайы қағиданы белгілейді. Оларға шағым жасау «Заңсыз иемденілген активтерді

мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 21-VIII ҚРЗ Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл норма сілтемелік сипатқа ие және 43-баптың жалпы тәртібі активтерді қайтару туралы заңнамада көзделген арнайы рәсімдер ескеріле отырып қолданылатынын білдіреді.

Бұл ретте түсіндірмеде 2026 жылғы институционалдық модельдің өзгеруін ескеру қажет. 4-тармақтың бастапқы редакциясы арнайы шағым жасауды прокуратура органдарының активтерді қайтару жөніндегі ведомствосының шешімдерімен және әрекеттерімен байланыстырған. Активтерді қайтару комитеті Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті болып қайта құрылғаннан кейін активтерді қайтару жөніндегі тиісті функциялар Бас прокуратураға берілді, ал 43-баптың 4-тармағы тікелей прокурордың активтерді қайтару мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне қатысты редакцияда жазылды.

Арнайы Заң заңсыз иемденілген активтерді анықтау мен мемлекетке қайтаруды реттейді, оларды ерікті және мәжбүрлеп қайтару тетіктерін көздейді және осы саладағы арнайы рәсімдерді белгілейді.

Шағым жасаудың арнайы кепілдіктерінің маңызын Конституциялық Сот активтерді қайтару туралы заңнаманы алдын ала тексеру кезінде жеке атап өтті. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 11 шілдедегі № 20-НҚ нормативтік қаулысында Сот активтерді қайтару саласындағы тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін қозғайтын шешімдерге, актілерге және әрекеттерге жоғары тұрған лауазымды адамға және сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін екенін көрсетіп, бұл тетікті сот арқылы қорғалудың конституциялық кепілдігімен байланыстырды.

Сондықтан Конституциялық заңның 43-бабы 4-тармағын шағым жасау құқығын шектеу ретінде емес**,** активтерді қайтару

жөніндегі қатынастарға қатысты оны іске асырудың арнайы рәсімін заңнамалық тұрғыдан белгілеу ретінде қарастырған жөн.

Конституциялық заңның 43-бабы прокурордың шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығын бақылаудың өзара байланысты жүйесін қалыптастырады. Ол жоғары тұрған прокурорға ведомстволық шағым жасауды, процестік заңнамада белгіленген тәртіппен сот арқылы қорғалуды, шағым жасалған актінің орындалуын тоқтата тұру мүмкіндігін, сондай-ақ жоғары тұрған прокурордың төмен тұрған прокурор актілерінің күшін жою, оларды кері қайтарып алу, тоқтата тұру және өзгерту жөніндегі өкілеттіктерін қамтиды.

Бұл ретте бап барлық прокурорлық актілер үшін бірыңғай әмбебап рәсімді белгілемейді. Шағым жасаудың тәсілі, реттілігі және процестік нысаны құқықтық қатынастың сипатымен және арнайы заңнамамен айқындалады. Сондықтан Конституциялық заңның 43-бабы ережелерін Қазақстан Республикасының Конституциясымен, ӘРПК-мен, ҚПК-мен, өзге де процестік заңдармен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 29 бұйрығымен, ал активтерді қайтаруға қатысты «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен өзара байланыста қолдану қажет.

6-тарау. ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ КАДРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

44-бап. Прокуратура органдары кадрларының құрамы

1. Прокуратура органдарының кадрларын прокурорлар және өзге де жұмыскерлер құрайды.

2. Прокуратура органдары жүйесінде қызметте тұрған, офицерлік құрамның сыныптық шені немесе әскери атағы берілген Қазақстан Республикасының азаматы прокурор болып табылады.

3. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер, қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери қызметшілері, азаматтық қызметшілер өзге де жұмыскерлерге жатады.

4. Прокуратура органдары жүйесінің сыныптық шендер немесе әскери атақтар, сондай-ақ оларға сәйкес келетін шекті сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілетін лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5. Прокурорлар осы Конституциялық заңда көзделген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы заңнамасына сәйкес қызмет өткереді.

6. Әскери прокуратура органдарының прокурорлары, қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери қызметшілері осы Конституциялық заңда көзделген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес қызмет өткереді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген мәртебеге ие болады және құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.

7. Прокуратура органдарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

8. Әскери міндетті прокурорлар прокуратура органдарында арнайы есепте тұрады.

Конституциялық заңның 44-бабы прокуратура органдары жүйесі кадрларының құрамын айқындайды және осы жүйеде қызмет өткеретін не еңбек қызметін жүзеге асыратын адамдардың құқықтық мәртебесін ажыратады. Мұндай ажыратудың негізінде адамның өзі жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің атауы емес, оның қызметтік немесе еңбек мәртебесінің түрі жатыр: прокурор, мемлекеттік әкімшілік қызметші, әскери қызметші не азаматтық қызметші.

Доктриналық тұрғыдан прокурордың құқықтық мәртебесі нақты міндеттерді іс жүзінде атқаруы арқылы емес, формальды өлшемшарттардың жиынтығы — прокуратура органдары жүйесінде қызмет өткеруі және сыныптық шеннің немесе әскери атақтың берілуі арқылы айқындалады. Мұндай түсінік лауазымды адамның ұғымы функционалдық емес, формальды-мәртебелік тұрғыдан айқындалатын мемлекеттік қызмет теориясына тән классикалық тәсіл болып табылады[190]. Осыдан әдіснамалық тұрғыдан маңызды қорытынды туындайды: прокуратура органдарындағы лауазымды атқарудың өзі, сыныптық шен берілмейінше, прокурор мәртебесін туындатпайды.

Конституциялық заңның 44-бабының 1-тармағы прокуратура органдарының кадрларын прокурорлар және өзге де жұмыскерлер деп жалпы бөлуді белгілейді. Бұл бөлудің тікелей құқықтық салдары бар, өйткені әрбір санат үшін қызметке немесе жұмысқа кірудің, лауазымға тағайындаудың және лауазымнан босатудың, шендер мен атақтар берудің, қызмет өткерудің, тәртіптік жауаптылыққа тартудың, материалдық қамтамасыз ету мен әлеуметтік қамсыздандырудың әртүрлі қағидалары қолданылады.

Сондықтан адамның прокуратура кадрларына жатуының өзі оның прокурор мәртебесіне ие екенін білдірмейді.

Конституциялық заңның 44-бабының 2-тармағына сәйкес, мынадай екі белгіге бір мезгілде сай келетін Қазақстан Республикасының азаматы прокурор болып табылады:

1) прокуратура органдары жүйесінде қызметте тұрады;

2) оған офицерлік құрамның сыныптық шені немесе әскери атағы берілген.

Бұл белгілер жиынтығында болуға тиіс. Демек, егер тиісті лауазым бойынша сыныптық шен немесе офицерлік құрамның әскери атағын беру көзделмесе, прокуратура органдарындағы

[190] Лауазымды адамды айқындаудың формальды-мәртебелік теориясы — мәртебе функцияларды іс жүзінде орындаумен емес, қызмет өткеру және шеннің немесе атақтың берілуі сияқты формальды белгілердің жиынтығымен айқындалады — мемлекеттік қызмет теориясының орныққан ережесі болып табылады.

лауазымды атқарудың өзі жұмыскерді автоматты түрде прокурорлар қатарына жатқызуға мүмкіндік бермейді.

Аталған заңнамалық анықтама ведомстволық кадрлық реттеуде де көрсетілген. Мәселен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 8 ақпандағы № 56 бұйрығымен бекітілген Прокурорлар мен өзге де қызметкерлерді лауазымдарға тағайындау және лауазымдардан босату қағидаларының (бұдан әрі - № 56 бұйрық) 3-тармағында [191] «прокурор» мен «өзге де қызметкерлер» Конституциялық заңның 44-бабындағы құқықтық конструкцияға сәйкес ажыратылған.

Прокурордың құқықтық мәртебесі бұдан әрі Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңында нақтыланады. Егер Конституциялық заңда арнаулы қағида белгіленбесе, дәл осы Заң құқық қорғау қызметіне кірудің, қызмет өткерудің, ауысудың, аттестаттаудың, тәртіптік жауаптылыққа тартудың, қызметті тоқтатудың, сыныптық шендер берудің жалпы тәртібін және тиісті кепілдіктерді реттейді.

Бұл ретте прокурордың нақты өкілеттіктерінің мазмұны кадрлық мәртебенің өзімен емес, Конституциялық заңмен, процестік кодекстермен және өзге де заңдармен айқындалады. Сондықтан сыныптық шен адамның қызметтік мәртебесін растайды, бірақ оның процестік құзыретінің көлемін өздігінен айқындамайды.

Конституциялық заңның 44-бабының 3-тармағы өзге де жұмыскерлерге мынадай үш санатты жатқызады:

1) мемлекеттік әкімшілік қызметшілер;

2) қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери қызметшілері;

3) азаматтық қызметшілер.

Заңда осы кадрлар санатына қатысты тізбе түпкілікті түрде тұжырымдалған.

[191] «Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және (немесе) онымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша тағайындалатын лауазымдарды қоспағанда, прокурорлар мен өзге де қызметкерлерді лауазымдарға тағайындау және лауазымдардан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 8 ақпандағы № 56 бұйрығы.

Өзге де жұмыскерлер прокурор мәртебесіне ие болмайды және Конституциялық заңда немесе процестік заңнамада прокурорға тікелей берілген өкілеттіктерді жүзеге асыра алмайды. Олардың лауазымдық функциялары тиісті арнаулы заңнамамен, лауазымдық нұсқаулықтармен және прокуратура органдарының актілерімен айқындалады.

2026 жылдан бастап прокуратура органдарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 19 мамырдағы № 290-VIII Заңы қолданылады [192] . Заң мемлекеттік әкімшілік қызметшіні мемлекеттік әкімшілік лауазымда тұрақты кәсіби негізде қызметін жүзеге асыратын адам ретінде айқындайды.

Демек, егер арнаулы заңда өзгеше тікелей көзделмесе, прокуратура органдары жұмыскерлерінің осы санатына құқық қорғау қызметі туралы заңнама емес, мемлекеттік қызмет туралы заңнама қолданылады.

Азаматтық қызметшілер тиісті мемлекеттік мекемемен еңбек қатынастарында болады және оларға еңбек заңнамасы мен азаматтық персоналдың еңбегін реттейтін арнаулы актілер қолданылады.

Конституциялық заңның 44-бабының 4-тармағы кадрлық мәртебені іс жүзінде ажырату үшін түйінді маңызға ие. Онда прокуратура органдары жүйесінің сыныптық шендер немесе әскери атақтар, сондай-ақ оларға сәйкес келетін шекті сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілетін лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетіні белгіленген.

Бұл өкілеттік Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Жарлығымен іске асырылған[193].

[192] «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 19 мамырдағы № 290-VIII Заңы.

[193] «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығы.

Іс жүзінде аталған Жарлық өзара байланысты үш мәселені шешеді:

1) тиісті лауазымды белгіленген санатқа жатқызады;

2) лауазым бойынша сыныптық шен немесе әскери атақ беру көзделетінін айқындайды;

3) тиісті лауазым үшін шеннің немесе атақтың шекті деңгейін белгілейді.

Сондықтан шен немесе атақ беру туралы кадрлық шешім тек лауазымның атауына немесе ішкі штат кестесіне негізделе алмайды. Ол Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тізбеге сәйкес болуға тиіс.

Бұл ережені Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 90 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 18 ақпандағы № 26 бұйрығымен жаңа редакцияда жазылған Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарымен бірге қарастырған жөн [194]. Біліктілік талаптарында прокуратура органдарының лауазымдары белгіленген санаттар бойынша жүйеленіп, олардың әрқайсысына білім деңгейіне, жұмыс өтіліне, кәсіби біліміне, іскерлігі мен дағдыларына қойылатын талаптар айқындалған.

Конституциялық заңның 44-бабы № 56 бұйрықпен [195] өзара байланыста қолданылуға тиіс.

№ 56 қағидалардың 4-тармағында прокурордың бос лауазымына орналасу және одан босату құқық қорғау қызметі және әскери қызмет туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатыны тікелей белгіленген.

---

[194] «Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 90 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 18 ақпандағы № 26 бұйрығы.

[195] «Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және (немесе) онымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша тағайындалатын лауазымдарды қоспағанда, прокурорлар мен өзге де қызметкерлерді лауазымдарға тағайындау және лауазымдардан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 8 ақпандағы № 56 бұйрығы.

Сондықтан адамды лауазымға тағайындау кезінде мыналарды дәйекті түрде айқындау қажет:

1) нақты лауазымның қай санатқа жататынын;

2) ол бойынша сыныптық шен немесе әскери атақ беру көзделген-көзделмегенін;

3) лауазымға қызметтің қай түрі қолданылатынын;

4) кандидаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін;

5) лауазымға тағайындауға қандай лауазымды адамның уәкілетті екенін.

Мұндай алгоритм лауазым мәртебесі мен жұмыскердің өзінің мәртебесін араластыруға жол бермейді.

Конституциялық заңның 44-бабының 5-тармағы прокурорлар үшін осы Конституциялық заңда көзделген ерекшеліктермен бірге құқық қорғау қызметінің жалпы құқықтық режимін белгілейді.

Бұл арнайы норма қағидатының қолданылуын білдіреді: егер қызмет өткерудің белгілі бір мәселесі Конституциялық заңда тікелей реттелсе, оның арнаулы ережелері қолданылады. Қалған бөлігінде Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының нормалары қолданылады.

Бұл ретте Конституциялық заң басшыларды тағайындаудың, бағыныстылықтың, сыныптық шендер берудің, тәртіптік рәсімдердің және өзге де мәселелердің арнаулы тәртібін белгілей алады.

Сол сияқты Конституциялық заңның 44-бабының 6-тармағы әскери прокуратура органдарының прокурорлары және қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери қызметшілері үшін өзгеше құқықтық режимді белгілейді.

Олар осы Конституциялық заңда көзделген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес қызмет өткереді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген мәртебеге ие болады және құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады. Қолданыстағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан

Республикасының Заңы [196] әскери прокуратураның әскери қызметшілеріне прокуратура туралы заңнаманың арнаулы нормаларымен қатар қолданылады.

Іс жүзінде бұл әскери прокуратура органының офицері Конституциялық заңның 44-бабының 2-тармағының мағынасы бойынша прокурор болып қала беретінін, алайда оның қызметтік мәртебесі әскери атақпен айқындалатынын, ал қызмет өткеруі әскери заңнамамен реттелетінін білдіреді.

Қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери қызметшілері, керісінше, Конституциялық заңның 44-бабының 3-тармағына сәйкес «өзге де жұмыскерлерге» жатады және прокурор мәртебесіне ие болмайды.

Бұл ажыратудың қағидаттық маңызы бар: әскери прокуратураға тиесілі болудың өзі кез келген әскери қызметшіні прокурор етпейді.

Әскери қызмет туралы заңда әскери полиция, әскери прокуратура және әскери-тергеу органдары әскери қызметшілерінің қызметтік куәлігі олардың қаруды, арнаулы құралдарды алып жүру және сақтау құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскери қызметшілер мен қызметкерлерге берілген өзге де өкілеттіктерді растайтыны арнайы бекітілген.

Конституциялық заңның 44-бабының 7-тармағы тікелей сілтеме жасайтын норма болып табылады.

2026 жылдан бастап прокуратура органдарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 19 мамырдағы № 290-VIII Заңымен реттеледі[197].

Егер арнаулы заңнамада өзгеше тікелей көзделмесе, бұл санатқа мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру, қызметті бағалау, мансаптық ілгерілеу, тәртіптік жауаптылық және мемлекеттік қызметті тоқтату қағидалары қолданылады.

---

[196] «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы.

[197] «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 19 мамырдағы № 290-VIII Заңы.

Конституциялық заңның 44-бабының 8-тармағында әскери міндетті прокурорлардың жалпы тәртіппен аумақтық әскери басқару органдарында емес, прокуратура органдарында арнайы есепте тұратыны көзделген.

Бұл адамдардың прокуратура органдарында қызмет өткеруіне байланысты әскери есепке алудың арнаулы нормасы болып табылады.

45-бап. Прокуратура органдарын қаржылық қамтамасыз ету

1. Прокуратура органдарының жүйесін қаржылық қамтамасыз ету бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес активтерді қайтаруға қатысты қызмет бөлігінде Арнаулы мемлекеттік қор есебінен жүзеге асырылады.

2. Прокуратура органдарының қазынашылық органдарында тиісті шоттары болуы мүмкін.

Осы бапта заң шығарушы прокуратура органдарын қаржылық қамтамасыз ету мәселелерін реттейді және олардың қызметінің экономикалық негізін бекітеді. Бұл норманың қағидаттық маңызы бар, өйткені тұрақты және кепілдендірілген қаржылық қамтамасыз ету прокуратураның конституциялық орган ретіндегі тәуелсіздігімен, сондай-ақ өзіне жүктелген функцияларды тиісінше орындау мүмкіндігімен тікелей байланысты.

Конституциялық заңның 45-бабының 1-тармағына сәйкес прокуратура органдарының жүйесін қаржылық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ активтерді қайтаруға қатысты қызмет бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арнаулы мемлекеттік қор есебінен жүзеге асырылады.

Заң ғылымы тұрғысынан прокуратураны бюджеттік қаржыландыру қаражаттың шығу тегі туралы техникалық норма ғана емес, оның тәуелсіздігінің институционалдық кепілдігі болып табылады. Органның мүдделі субъектілерге мемлекеттік бюджеттен

тыс қаржылық тәуелділігі қадағалау функциясын жүзеге асырудың объективтілігіне қауіп төндірер еді.

Прокуратура органдарын бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру жария-құқықтық функцияларды жүзеге асыратын органдардың қызметін мемлекеттік қамтамасыз етудің жалпы қағидатын көрсетеді. Түсіндірме беріліп отырған бап прокуратураның заңнамада көзделмеген жеке, корпоративтік немесе өзге де қаржыландыру көздеріне тәуелділігін болғызбауға бағытталған және оның институционалдық тәуелсіздігінің, объективтілігі мен бейтараптығының кепілдіктерінің бірі болып табылады.

Прокуратура органдарын қаржыландыру бюджетті қалыптастыру, бекіту және атқару тәртібін, сондай-ақ бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылауды реттейтін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің ережелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Бас прокуратура және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер өздерінің жалпы мемлекеттік мәртебесі мен орындайтын функцияларының сипатына байланысты республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Қаржылық қамтамасыз етуді орталықтандыру прокуратура органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етудің біркелкілігіне ықпал етеді және прокуратураның аумақтық органдарының жергілікті атқарушы органдарға тәуелділігін болғызбайды.

Конституциялық заңның 45-бабының 1-тармағында прокуратура органдарының жүйесін Арнаулы мемлекеттік қор есебінен, бірақ активтерді қайтаруға қатысты қызмет бөлігінде ғана қаржылық қамтамасыз ету мүмкіндігі де көзделген. Бұл ереже Қазақстан Республикасының заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы арнайы заңнамасының дамуымен және тиісті қызмет бағытын қаржылық қамтамасыз ету қажеттігімен байланысты.

Арнаулы мемлекеттік қорды прокуратура органдарын қаржылық қамтамасыз ету көздерінің қатарына енгізу прокуратура органдарының жүйесін бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік қаржыландырудың жалпы қағидатын жоймайды. Бұл көз арнайы және нысаналы сипатқа ие әрі заңнамада белгіленген тәртіппен және шектерде активтерді қайтаруға байланысты қызмет бөлігінде ғана қолданылады.

Мұндай тәсіл активтерді қайтару жөніндегі қызметтің ерекше сипатына байланысты. Ол заңсыз иемденілген активтерді анықтауға, қайтаруға және мемлекетке қайтаруға байланысты процестерді сүйемелдеуге бағытталған құқықтық, талдамалық, ұйымдастырушылық, халықаралық-құқықтық және өзге де қызметті қамтуы мүмкін. Осыған байланысты заң шығарушы тиісті өкілеттіктерді заңда белгіленген тәртіппен іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін арнайы қаржылық-құқықтық тетікті көздеді.

Бұл ретте Арнаулы мемлекеттік қордың қаражатын пайдалану тек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Мұндай қаражатты қалыптастыру, бөлу, пайдалану және бақылау тәртібі активтерді қайтару мәселелерін реттейтін заңнама нормаларымен, бюджет заңнамасымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

Конституциялық заңның 45-бабының 2-тармағында прокуратура органдарының қазынашылық органдарында тиісті шоттары болуы мүмкін екені көзделген. Бұл ереже прокуратура органдарының мемлекеттік мекемелер ретіндегі мәртебесінен туындайды және бюджетті атқарудың қазынашылық жүйесімен байланысты.

Қазынашылық органдары қаржылық операцияларды есепке алуды, мемлекеттік қаражаттың қозғалысын, сондай-ақ оның нысаналы пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Қазынашылық органдарында шоттардың болуы прокуратура органдарына бекітілген бюджеттік ассигнованиялар шегінде және белгіленген қаржылық рәсімдерге сәйкес қаржылық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазынашылық қызмет көрсету мемлекеттік қаражатты пайдаланудың ашықтығының, есептілігі мен заңдылығының маңызды кепілдігі болып табылады. Активтерді қайтаруға қатысты қызмет бөлігінде қаржылық операциялар да Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген арнайы қағидалар мен рәсімдер сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс.

46-бап. Прокурорларды және өзге де жұмыскерлерді материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру

1. Прокурорлар мен өзге де жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Конституциясының 65-бабының 8) тармақшасында көзделген тәртіппен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін бірыңғай қаржыландыру және еңбекақы төлеу жүйесі негізінде белгіленеді.

2. Прокурорларды зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Прокуратура органдарынан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығымен шығарылған прокуратура органдары зейнеткерлерінің, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) және қызметке жарамсыз деп танылған прокурорлардың салтанатты іс-шаралар мен ресми қабылдауларда нысанды киім киіп жүруіне құқығы бар.

Конституциялық заңның 46-бабы прокурорлар мен прокуратура жүйесінің өзге де жұмыскерлерін материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етудің негізгі құқықтық кепілдіктерін айқындайды. Ол еңбекақы төлеудің жалпы тәртібін белгілейді, зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік төлемдер мәселелерін арнайы заңнамаға жатқызады, сондай-ақ прокуратура

органдары зейнеткерлерінің және қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі салдарынан қызметке жарамсыз деп танылған прокурорлардың жеке құқығын бекітеді.

Конституциялық заңның 46-бабының 1-тармағында прокурорлар мен өзге де жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Конституциясының 65-бабының 8) тармақшасында көзделген тәртіппен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын органдарды қаржыландырудың және олардың жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде айқындалатыны белгіленген. Мұндай реттеу прокуратура жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің мөлшерлері мен негізгі параметрлерін прокуратура органдарының өздері ерікті түрде белгілемейтінін, олардың мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің жалпы мемлекеттік жүйесі шеңберінде қалыптастырылатынын білдіреді.

Сонымен бірге прокуратура қызметкерлеріне ақшалай қамтылымды, жәрдемақыларды және өзге де төлемдерді төлеудің арнайы тәртібі қолданылады. Ол № 55 бұйрықпен белгіленген. Қағидалар Конституциялық заңның 9-бабының 22) тармақшасын орындау үшін қабылданған және арнайы заңнама бойынша әскери қызмет өткеретін әскери прокуратура органдарының әскери қызметшілерін қоспағанда, прокуратура жүйесінің қызметкерлеріне қолданылады.

Практикалық тұрғыдан № 55 бұйрық лауазымдық айлықақылардың мөлшерін емес, заңнамада көзделген төлемдерді жүзеге асыру тәртібін айқындайды[198]. Атап айтқанда, ақшалай ризық штаттық лауазымдарды атқаратын, сондай-ақ Құқық қорғау органдары академиясында білім алатын қызметкерлерге төленеді; лауазымға тағайындау, оқуға қабылдау не қарамағына қабылдау туралы тиісті бұйрық төлем жүргізуге негіз болып табылады. Қағидаларда қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы,

[198] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 7 ақпандағы № 55 «Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемдерді төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031871

тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақшалай өтемақы төлеу, қызметтің толық емес айы үшін төлемдер және өзге де жағдайлар реттеледі.

Осылайша, Конституциялық заңның 46-бабының 1-тармағын қолдану кезінде еңбекақы төлеу жүйесін нормативтік белгілеу мен нақты төлемдерді жүзеге асырудың ведомстволық тәртібінің аражігін ажырату қажет. Біріншісі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және жалпы мемлекеттік актілермен, екіншісі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының арнайы құзыреті шегінде айқындалады.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 21 қаңтардағы № 11 бұйрығымен [199] Қағидалар қызмет бабында ауыстыру және жылжыту кезінде көтерме жәрдемақы төлеу туралы жаңа 8-1-тараумен толықтырылды. Қызметкер елу километрден астам қашықтықтағы басқа елді мекенге көшкен кезде қызметкердің өзіне және онымен бірге көшетін отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы төлеу көзделген.

Бұл прокуратура қызметкерлерін материалдық қамтамасыз ету ай сайынғы ақшалай ризықты ғана емес, қызмет өткеру жағдайларына, қызмет бабында ауыстыруға, жылжытуға және заңнамада көзделген өзге де мән-жайларға байланысты арнайы төлемдерді де қамтитынын көрсететін мысал ретінде маңызды.

Бұл ретте мұндай төлемдерді прокуратураның дербес «жеңілдіктері» ретінде сипаттауға болмайды. Олар заңда және ведомстволық актілерде белгіленген құқық қорғау қызметін материалдық қамтамасыз ету тетігінің бір бөлігі болып табылады.

Конституциялық заңның 46-бабының 2-тармағы сілтемелік сипатқа ие: ол прокурорларға зейнетақы тағайындаудың дербес шарттарын белгілемейді, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы жалпы және арнайы заңнамасын қолдануды көздейді.

[199] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 21 қаңтардағы № 11 «Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 7 ақпандағы № 55 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2600037867

Қолданыстағы жүйеде негізгі акт Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі болып табылады. Оның зейнетақымен қамсыздандыру туралы тарауының 4-параграфы еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін реттейді: 212-бап мұндай төлемдерге құқықты, 213-бап оларды есептеу тәртібін, 214-бап еңбек сіңірген жылдар мен жалпы еңбек өтілін есептеуді, 215–216-баптар төлемдерді тағайындайтын және жүзеге асыратын органдар мен мерзімдерді айқындайды[200].

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері арнайы құқықтық сипатқа ие және жасына байланысты әдеттегі зейнетақы төлемдерінен ерекшеленеді. Әлеуметтік кодекс оларды еңбек сіңірген жылдар мен қызметтен босатудың белгіленген шарттары болған кезде әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және заңда көзделген басқа да санаттағы адамдарға төленетін төлемдер ретінде айқындайды.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты 2023 жылғы 27 наурыздағы № 5 нормативтік қаулысында[201] құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқығы құқық қорғау қызметінің ерекшелігіне байланысты екенін және қызметті тиісінше өткергені үшін оларды әлеуметтік қорғау нысандарының бірі болып табылатынын тікелей көрсетті. Сот сондай-ақ мұндай құқықты іске асыру шарттары құқық қорғау қызметін тоқтату сәтінде айқындалатынын атап өтті. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін әдеттегі зейнетақымен қамсыздандырудан ерекшеленетін арнайы құқықтық санатқа жатқызу және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің осы құқығын Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының растауы автор келтірген еңбек сіңірген

[200] Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексі / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224

[201] «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының, 64-бабы 1-тармағының және 65-бабы 2-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 5 нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000005

жылдары үшін зейнетақы төлемдері мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың аражігін ажыратуға тікелей конституциялық-құқықтық негіз беретін құқықтық ұстаным болып табылады.

Бұл түсіндіру 46-бап үшін тікелей маңызға ие және прокурорды зейнетақымен қамсыздандыру қызметтен босатылғаннан кейінгі ақшалай ризықтың жалғасы емес, заңнамада көзделген шарттар болған кезде туындайтын әлеуметтік кепілдіктің дербес түрі екенін білдіреді.

Прокуратура қызметкерлері үшін арнайы ұйымдастырушылық тәртіп Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 189 бұйрығымен[202] белгіленген. Осы бұйрықпен Прокуратура органдарының жүйесінде (әскери прокуратура органдарын қоспағанда) қызмет өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық бекітілген. Нұсқаулық зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі жұмысты уақтылы және толық ұйымдастыруды прокуратура жүйесінің кадр қызметтеріне жүктейді.

Практикалық тетік еңбек сіңірген жылдарды анықтауды, тиісті материалдарды дайындауды және зейнетақы төлемін тағайындау үшін құжаттарды ресімдеуді қамтиды. Атап айтқанда, еңбек сіңірген жылдар мен есепке алынатын еңбек өтілін есептеу жөніндегі қорытындыны тиісті прокуратура органының комиссиясы бекітеді, ал өтініш пен құжаттар соңғы қызмет өткерген жері бойынша кадр қызметі арқылы беріледі.

Бұл ретте № 189 нұсқаулық[203] Қазақстан Республикасының қолданыстағы Әлеуметтік кодексі және Қазақстан Республикасы

[202] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 189 «Прокуратура органдарының жүйесінде (әскери прокуратура органдарын қоспағанда) қызмет өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014682

[203] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 189 «Прокуратура органдарының жүйесінде (әскери прокуратура органдарын қоспағанда) қызмет өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014682

Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 734 қаулысы[204] ескеріле отырып қолданылуға тиіс. Осы қаулымен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау мен жүзеге асырудың қолданыстағы қағидалары бекітілген. 2016 жылғы Нұсқаулықтың кіріспесінде формальды түрде сілтеме жасалған Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрынғы № 1500 қаулысының[4] күші 2023 жылдан бастап жойылды.

Бұл елеулі практикалық нақтылау болып табылады. Ведомстволық нұсқаулық прокуратура жүйесіндегі жұмысты ұйымдастыруды реттеуді жалғастырады, алайда зейнетақыны тағайындау мен төлеудің қолданылатын материалдық шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы Әлеуметтік кодексі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолданыстағы Қағидалары негізінде айқындалуға тиіс.

Қолданыстағы зейнетақылық реттеуде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемінің мөлшері ақшалай қамтылым мен еңбек сіңірген жылдардың ұзақтығына байланысты. Тиісті тетік Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 213-бабында бекітілген. Есептеу кезінде заңда белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақы, арнаулы атағы, сыныптық шені немесе біліктілік сыныбы үшін айлықақы не қосымша ақы ескеріледі.

Практикада бұл зейнетақы төлемінің мөлшері қызметтен босатылған сәтте тиісінше расталған қызметтік жағдай мен ақшалай қамтылымға байланысты екенін білдіреді. Сондықтан зейнетақы материалдарын ресімдеу кезінде лауазымның, сыныптық шеннің және еңбек сіңірген жылдардың дұрыс есепке алынуы дербес заңдық маңызға ие.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының № 5 құқықтық ұстанымы тағайындалып қойған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін тоқтатуға зейнетақымен қамсыздандыру

[204] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 «Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және оларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 734 қаулысымен күші жойылды) / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001500

туралы заңнамада тікелей белгіленген жағдайларда ғана жол берілетінін де ескеруді талап етеді.

Конституциялық заңның 46-бабының 2-тармағында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар жеке көрсетілген.

Бұл төлемдерді еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінен ажырату қажет. Оларды тағайындаудың дербес негіздері бар және олар Әлеуметтік кодекспен реттеледі. Тұлғаның прокурор немесе прокуратураның бұрынғы қызметкері мәртебесінің болуы өздігінен тиісті жәрдемақыны тағайындаудың әлеуметтік заңнамада көзделген негіздерін алмастырмайды.

Демек, Конституциялық заңның 46-бабының 2-тармағы мүгедектігі немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақылардың арнайы «прокурорлық» жүйесін қалыптастырмайды. Ол заңда тікелей көзделген жағдайларда құқық қорғау қызметінің арнайы қағидаларын ескере отырып, осы санаттағы адамдарға әлеуметтік қорғаудың жалпы мемлекеттік тетігін қолдануды бекітеді.

Конституциялық заңның 46-бабын қолдану кезінде әскери прокуратура органдары әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайын жеке ескеру қажет.

№ 55 бұйрықпен [205] бекітілген Ақшалай ризықты төлеу қағидалары осы бұйрықтың қолданылу аясынан тікелей алып тасталған бөлігінде оларға қолданылмайды. Оларды материалдық және зейнетақымен қамсыздандыру әскери қызмет, әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамамен және тиісті арнайы актілермен айқындалады.

Сол сияқты № 189 нұсқаулық та әскери прокуратура органдарының қызметкерлерін өзінің реттеу нысанасынан тікелей алып тастайды.

[205] Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 7 ақпандағы № 55 «Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемдерді төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031871

Бұл аражікті сақтау қажет, өйткені Конституциялық заңның 46-бабы тұтастай прокуратура жүйесіне қолданылады, ал жекелеген кепілдіктерді іске асыру тетігі нақты қызметкердің қызмет өткеруінің құқықтық режиміне байланысты.

Конституциялық заңның 46-бабының 3-тармағы адамдардың екі санатының салтанатты іс-шаралар мен ресми қабылдауларда нысанды киім киіп жүруге арнайы құқығын белгілейді:

1) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығымен қызметтен босатылған прокуратура органдарының зейнеткерлері;

2) қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертігу – жаралану, жарақат алу немесе контузия алған және қызметке жарамсыз деп танылған прокурорлар.

Норма адамдар тобына да, нысанды киім киіп жүру жағдайларына да қатысты толық тұжырымдалған. Ол қызметтен босатылғаннан кейін прокурордың қолданыстағы қызметтік мәртебесі сақталатынын білдірмейді және бұрынғы қызметкерге жұмыс істеп жүрген прокурордың өкілеттіктерін бермейді. Құқық салтанатты іс-шаралар мен ресми қабылдауларда нысанды киім киіп жүрумен шектеледі.

Прокуратура қызметкерлерінің нысанды киімінің, айырым белгілерінің сипаттамасы және оны киіп жүрудің жалпы тәртібі арнайы актілермен белгіленеді. Прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы қолданыстағы ережеде де нысанды киім мен айырым белгілерінің сипаттамасы қамтылған.

Конституциялық заңның 46-бабы Конституциялық заңның арнайы нормасы болып табылады, бірақ Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңымен[206] өзара байланыста қолданылады.

Бұл Заң қызмет өткеруді, құқық қорғау органдары қызметкерлерін ақшалай және әлеуметтік қамсыздандыруды,

[206] Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы (2026 жылғы 13 тамыздағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380

сондай-ақ қызметтен босату және зейнетақымен қамсыздандыру кезіндегі жекелеген кепілдіктерді реттейді. Конституциялық заңда арнайы реттелмеген бөлікте Құқық қорғау қызметі туралы заңның ережелері прокуратура қызметкерлеріне олардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері ескеріле отырып қолданылады.

Мұндай арақатынас Конституциялық заңның 46-бабы прокуратура жүйесіне арналған негізгі арнайы кепілдіктерді айқындайтынын, ал нақты негіздер, мөлшерлер, төлем тәртібі мен рәсімдік мәселелер әлеуметтік, бюджет және қызметтік заңнамада және оларды орындау үшін қабылданған актілерде ашылатынын білдіреді.

Конституциялық заңның 46-бабының 2-тармағын түсіндіру үшін Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 5 нормативтік қаулысы[207] аса маңызды.

Сот бірнеше қағидаттық ережені тұжырымдады: еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері құқық қорғау органдары қызметкерлерін әлеуметтік қорғау нысаны болып табылады; оларға құқық қызмет өткеруден туындайды; құқықтың туындау шарттары қызмет тоқтатылған сәтте айқындалады; тағайындалып қойған төлемдерді тоқтатуға заңда тікелей көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

Бұл құқықтық ұстаным Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының практикасында одан әрі расталды. 2026 жылғы 18 мамырдағы № 79-НҚ нормативтік қаулыда Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты[208] № 5 қаулыға қайта

[207] «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының, 64-бабы 1-тармағының және 65-бабы 2-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 5 нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2300000005

[208] «2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 196-бабы 1-тармағының, 202-бабы 2-тармағының, 204-бабы 3-тармағы 2) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 232 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларының 5-тармағы бесінші бөлігінің конституциялылығын тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2026 жылғы 18 мамырдағы № 79-НҚ нормативтік қаулысы / https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2600000079

сілтеме жасап, зейнетақы құқықтары конституциялық тұрғыдан қорғалатын сипатқа ие және нақты заңнамалық шарттар негізінде іске асырылуға тиіс деген тәсілді растады.

Конституциялық заңның 46-бабының 3-тармағы адамдардың жекелеген санаттарының салтанатты іс-шаралар мен ресми қабылдауларда нысанды киім киіп жүруге арнайы құқығын белгілейді.

Оларға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығымен қызметтен босатылған прокуратура органдарының зейнеткерлері, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертігу – жаралану, жарақат алу немесе контузия алған және қызметке жарамсыз деп танылған прокурорлар жатады.

Бекітілген құқық арнайы және шектеулі сипатқа ие. Ол қызметтен босатылғаннан кейін тұлғаның жұмыс істеп жүрген прокурор мәртебесін сақтауын білдірмейді және қызметтік өкілеттіктердің сақталуына әкеп соқпайды. Заң онда тікелей көзделген жағдайларда белгіленген нысанды киімді киіп жүру мүмкіндігін ғана сақтайды.

Конституциялық заңның 46-бабының 3-тармағының ережелері құқық қорғау қызметі туралы заңнамамен және прокуратура органдары қызметкерлерінің нысанды киімін реттейтін актілермен өзара байланыста қолданылады. Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 21-бабына сәйкес сыныптық шендер бойынша нысанды киім мен айырым белгілері қызметкердің құқық қорғау қызметіне тиесілілігін көрсететін белгіленген нышандарға жатады.

Прокуратура органдары жүйесінде нысанды киімді киіп жүру тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 166 «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы» Жарлығының тиісті ережелерін орындау үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 130 «Нысанды киім туралы» бұйрығымен

Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қызметкерлерінің нысанды киім кию ережесі бекітілген.

Көрсетілген Ереже нысанды киімнің түрлерін, оны пайдалану жағдайларын, айырым белгілерін, мемлекеттік наградалар мен өзге де белгіленген элементтерді тағу тәртібін, сондай-ақ сыртқы келбетке және нысанды киімнің белгіленген үлгісін сақтауға қойылатын талаптарды айқындайды. Атап айтқанда, Ереже ерекше салтанатты және салтанатты-сәнді нысанды киімнің аражігін ажыратып, оларды мемлекеттік және ведомстволық салтанатты іс-шараларда, ресми қабылдауларда, мемлекеттік наградаларды тапсыру кезінде, халықаралық іс-шараларда және өзге де көзделген жағдайларда киіп жүру тәртібін айқындайды.

Демек, Конституциялық заңның 46-бабының 3-тармағында көзделген құқық ерікті түрде емес, прокуратура органдары жүйесі үшін белгіленген нысанды киімді киіп жүрудің жалпы режимі шеңберінде іске асырылады. Қызметтен босатылғаннан кейін мұндай құқықтың сақталуы заңда айқындалған адамдар санатына және тікелей көрсетілген іс-шараларға ғана қолданылады.

Бұл ретте осы норманың құқықтық маңызын құқық қорғау қызметін өткеру мәселелерінен ажырату қажет. Қызметтен босату қызметтік құқықтық қатынастар мен прокурордың өкілеттіктерін тоқтатады. Конституциялық заңның 46-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда нысанды киімді киіп жүрудің дербес құқықтық негізі бар және ол құқық қорғау қызметінің жалғасатынын не лауазымды адамның өкілеттіктері сақталатынын білдірмейді.

Конституциялық заңның 46-бабы осы бөлікте құқық қорғау қызметі туралы жалпы заңнамаға қатысты арнайы норма болып табылады. Конституциялық заң тиісті құқық сақталатын адамдар тобын тікелей айқындайды, ал құқық қорғау қызметі туралы заңнама мен ведомстволық актілер нысанды киімнің сипаттамаларын және оны киіп жүру тәртібін реттейді.

47-бап. Қызметтік куәліктер және мөр

1. Бас Прокурорға, Бас Прокурордың орынбасарларына, прокуратура органдары ведомстволарының бірінші басшыларына белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктерді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі береді.

2. Бас Прокурор, прокуратура органдарының басшылары бағыныстысты прокурорларға белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктерді береді.

3. Қызметтік куәлік прокурордың жеке басын, оның сыныптық шенін немесе әскери атағын, лауазымын, атыс қаруын және өзге де қаруды алып жүру және сақтау құқығын растайтын құжат болып табылады.

4. Прокуратура органдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде өз атауы жазылған мөрлері болады.

Конституциялық заңның 47-бабы прокуратура органдары қызметін ұйымдық-құқықтық қамтамасыз етудің екі дербес мәселесін: прокурордың қызметтік мәртебесін куәландыру тәртібін және прокуратура органдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлерді пайдалануын реттейді.

Баптың ережелері «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 18 ақпандағы № 28 «Кадр қызметінің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – № 28 бұйрық) нақтыланады [209] . Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы прокуратура органдары жүйесі қызметкерлерінің қызметтік куәліктерінің, сондай-ақ прокуратура органдары жүйесі зейнеткерлерінің куәліктерінің сипаттамалары және прокуратура органдары жүйесінің қызметкерлеріне қызметтік куәліктер мен

[209] «Кадр қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 18 ақпандағы № 28 бұйрығы.

зейнеткерлеріне куәліктер беру қағидалары бекітілген. Бұйрық Бас Прокурорға прокуратура жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызметі мәселелері бойынша актілер шығару өкілеттігін беретін Конституциялық заңның 9-бабының 15) тармақшасы негізінде қабылданған.

Конституциялық заңның 47-бабының 1-тармағында Бас Прокурорға, Бас Прокурордың орынбасарларына және прокуратура органдары ведомстволарының бірінші басшыларына қызметтік куәліктер берудің арнайы тәртібі белгіленген – оларға белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктерді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі береді. Осылайша, заң аталған лауазымды адамдардың қызметтік мәртебесін куәландыруға уәкілетті субъектіні тікелей айқындайды.

2-тармақта бағыныста прокурорларға қатысты өзге тәртіп бекітілген: оларға белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктерді Бас Прокурор және прокуратура органдарының басшылары береді. Осы құзыреттің нақты бөлінуі № 28 бұйрықта ашып көрсетілген[210].

Атап айтқанда, қолданыстағы Сипаттамада қызметкердің ұйымдық тиесілігіне қарай қызметтік куәліктерді Бас Прокурордың, прокуратура ведомстволары төрағаларының, Академия ректорының, Бас әскери прокурордың, Бас көлік прокурорының және облыстар прокурорларының атынан ресімдеу көзделген. Куәлікке қол қойылғаннан кейін фотосуретке прокуратураның тиісті органының, ведомствосының немесе білім беру ұйымының елтаңбалы мөрінің баспа-таңбасы қойылып, оның үстіне арнайы голографиялық жапсырма орналастырылады.

Практикалық тұрғыдан бұл қызметтік куәліктің жарамдылығы белгіленген үлгідегі бланкінің болуымен ғана айқындалмайтынын білдіреді. Ол уәкілетті лауазымды адаммен ресімделуге, көзделген мәліметтер мен деректемелерді қамтуға және № 28 бұйрықта белгіленген тәртіппен берілуге тиіс[211].

[210] «Кадр қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 18 ақпандағы № 28 бұйрығы.

[211] «Кадр қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 18 ақпандағы № 28 бұйрығы.

Конституциялық заңның 47-бабының 3-тармағы куәліктің заңнамалық мақсатын тікелей айқындайды. Қызметтік куәлік прокурордың жеке басын, оның сыныптық шенін немесе әскери атағын, лауазымын, атыс қаруын және өзге де қаруды алып жүру және сақтау құқығын растайтын құжат болып табылады.

Бұл норма «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен өзара байланысты. Оның ережелеріне сәйкес қызметтік куәлік адамның құқық қорғау органына тиесілігін, атқаратын лауазымын, арнаулы атағын немесе сыныптық шенін, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда қызметкердің атыс қаруын, өзге де қаруды және арнаулы құралдарды алып жүру және сақтау құқығын растайды.

Демек, қызметтік куәлік бір мезгілде сәйкестендіру және мәртебелік функцияларды орындайды. Оны көрсету кезінде иесінің жеке басы ғана емес, прокуратура жүйесінде қолданыстағы қызметтік мәртебесінің бар екендігі де расталады.

Алайда бұдан куәліктің өзі прокурордың барлық өкілеттіктерінің қайнар көзі болып табылады деген қорытынды туындамайды. Прокурордың нақты құқықтары Конституциялық заңнан, процестік кодекстерден және өзге де заңдардан тікелей туындайды. Куәлік осындай өкілеттіктер берілген адамның қызметтік жағдайын растайды, бірақ белгілі бір әрекетті жасау үшін заңда көзделген процестік немесе ұйымдық негізді алмастырмайды.

Мысалы, қызметтік куәліктің болуы прокурордың мәртебесін растайды, алайда тексеру жүргізу, материалдарды талап етіп алдыру, процестік әрекетке қатысу немесе прокурорлық қадағалау актісін енгізу Конституциялық заңның және салалық заңнаманың тиісті нормаларында белгіленген негіздер болған кезде және тәртіппен ғана жүзеге асырылады.

№ 28 бұйрық Конституциялық заңның 47-бабының 3-тармағында көзделген мәліметтерді егжей-тегжейлі нақтылайды

және прокуратура жүйесі үшін қызметтік куәліктің бірыңғай сипаттамасын белгілейді[212].

Куәлікте оның иесі, атқаратын лауазымы, сыныптық шені немесе әскери атағы, куәліктің нөмірі, берілген күні және қолданылу мерзімі туралы мәліметтер орналастырылады. Куәліктің нысанында оған қол қоюға уәкілетті лауазымды адамның деректемелері де қамтылады. Бланкінің белгіленген цифрлық индексі мен сериялық нөмірі болады, бұл құжатты жеке есепке алуды қамтамасыз етеді.

Бұйрықта бланкілерді есепке алудың орталықтандырылған жүйесі белгіленген. Олар белгіленген талаптарға сәйкес дайындалады, прокуратура органдарының, ведомстволарының және Академияның кадр қызметтеріне бөлінеді, ал оларды беру мен қайтару арнайы есепке алу кітаптарында көрсетіледі. Кітаптың нысаны куәліктің нөмірін, қызметкер туралы мәліметтерді, лауазымын, сыныптық шенін немесе әскери атағын, берілген күнін, қолданылу мерзімін және қайтарылған күнін тіркеуді көздейді.

Мұндай есепке алу қызметкерді басқа лауазымға тағайындау, оның қызметтік мәртебесін өзгерту, қызметін тоқтату, куәлікті жоғалту немесе ауыстыру кезінде практикалық маңызға ие: құжат оның иесінің өзекті құқықтық жағдайына сәйкес келуге тиіс.

Қызметтік куәлік заңнама немесе жасалатын қызметтік әрекеттің сипаты прокурорды сәйкестендіруді талап ететін жағдайларда қызметкердің мәртебесін растау үшін пайдаланылады.

Бұл ретте қызметтік куәлікті көрсету өзге де міндетті құжаттарды алмастырмайды.

Егер Конституциялық заңда немесе Бас Прокурордың бұйрығында тиісті іс-шараны жүргізу үшін қаулы, тапсырма, талап, тексеру жүргізу туралы шешім немесе өзге де құжат талап етілсе, қызметтік куәліктің өзі жеткіліксіз. Ол прокурордың жеке басы мен мәртебесін растайды, ал арнайы құжат нақты әрекеттің құқықтық негізін куәландырады.

[212] «Кадр қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2026 жылғы 18 ақпандағы № 28 бұйрығы.

Сондықтан қызметтік куәлікті – мәртебені растайтын ресми құжатты және прокурордың процестік өкілеттіктерінің көлемін – осы мәртебенің материалдық мазмұнын ажырату құқық қолдану практикасы үшін елеулі маңызға ие. Мысалы, күмән туындаған жағдайда тексерілетін субъект тексеру тағайындау туралы қаулының немесе нақты әрекетті жүзеге асыру үшін заңда тікелей көзделген өзге де құжаттың көрсетілуін талап етуге құқылы (19-бапқа түсіндірмені қараңыз). Бұл ажырату прокурордың азаматтармен, ұйымдармен және мемлекеттік органдармен тікелей өзара іс-қимылы кезінде ерекше маңызды.

Конституциялық заңның 47-бабының 3-тармағында атыс қаруын және өзге де қаруды алып жүру және сақтау құқығының көрсетілуін құқық қорғау қызметі туралы заңнамамен өзара байланыста қарастыру қажет.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында құқық қорғау органы қызметкерінің қызметтік куәлігі, егер заңда өзгеше көзделмесе, оның атыс қаруын, өзге де қаруды және арнаулы құралдарды алып жүру және сақтау құқығын растайтыны тікелей көзделген[213].

Алайда қызметтік куәлік қаруды еркін қолданудың дербес негізі болып табылмайды. Қаруды қолданудың негіздері мен тәртібі құқық қорғау қызметі туралы заңнаманың арнайы нормаларында белгіленеді. Сондықтан Конституциялық заңның 47-бабы тиісті қызметтік құқықтың бар екенін растайды, ал оны іске асыру шарттары заңның өзге нормаларымен айқындалады.

Әскери прокуратура органдарының әскери қызметшілеріне қатысты олардың мәртебесінің ерекшеліктері ескерілуге тиіс.

Арнайы реттеу қызметтік куәліктің адамның әскери прокуратура органдарына тиесілігін, оның лауазымы мен әскери атағын, сондай-ақ атыс қаруы мен арнаулы құралдарды алып жүру және сақтау құқығын растайтынына негізделеді.

[213] «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

Тиісінше, Конституциялық заңның 47-бабының 3-тармағындағы «сыныптық шені немесе әскери атағы» деген термин прокуратура жүйесінде қызмет өткерудің әртүрлі құқықтық режимдерінің болуын ескереді.

Конституциялық заңның 47-бабының 4-тармағында прокуратура органдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде өз атауы жазылған мөрлері болатыны белгіленген.

Бұл норманы, ең алдымен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы арқылы ашып көрсету қажет[214].

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңның 6-бабына сәйкес Мемлекеттік Елтаңбаның бейнесі Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ өзге де мемлекеттік ұйымдардың мөрлерінде міндетті түрде орналастырылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы көлеміне қарамастан ұлттық стандартқа сәйкес келуге тиіс.

Бас прокуратура Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін мемлекеттік орган болып табылатындықтан, ал оның ведомстволары мен аумақтық органдары тиісті орталықтандырылған жүйеге кіретіндіктен, Конституциялық заңның 47-бабының 4-тармағы осы жалпы қағиданы прокуратура органдарына қатысты нақтылайды.

Демек, мөрде Мемлекеттік Елтаңба бейнесінің болуы прокуратура органының қалауы бойынша қолданылатын ресімдеу элементі емес, заңнамада белгіленген міндетті деректеме болып табылады.

Мөр заңнамада, іс жүргізу қағидаларында немесе тиісті құжаттың нысанында қолтаңбаны немесе құжатты елтаңбалы

[214] «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңы.

мөрмен бекіту көзделген жағдайларда құжаттарды куәландыру үшін пайдаланылады.

№ 28 бұйрық мұндай тетікті айқын көрсетеді: қызметтік куәліктегі лауазымды адамның қолы куәлік иесінің фотосуретіне елтаңбалы мөрдің баспа-таңбасын қоюмен ұштасады. Бұл жағдайда мөр қызметтік құжаттың тиісінше ресімделгенін куәландыру және оны заңсыз ауыстырудан немесе өзгертуден қорғау үшін пайдаланылады.

Мөрлерде Мемлекеттік Елтаңбаның бейнесін пайдалану мемлекеттік рәміздерді пайдалану қағидаларының талаптарына да сәйкес келуге тиіс. Қолданыстағы реттеу Мемлекеттік Елтаңбаны тиісті мемлекеттік объектілер мен құжаттарда міндетті түрде орналастыруды көздейді және оны бейнелеуге қойылатын талаптарды белгілейді.

Конституциялық заңның 47-бабы жұмыс істеп жүрген прокурорлардың қызметтік куәліктерін тікелей реттегенімен, № 28 бұйрықта прокуратура органдары жүйесі зейнеткерлерінің куәліктері институты да жеке белгіленген.

Бұл айырмашылықты түсіндірмеде сақтау маңызды. Зейнеткердің куәлігі қызметтік куәлік болып табылмайды және қолданыстағы прокурорлық өкілеттіктердің бар екенін растамайды. Оның мақсаты прокуратура жүйесі зейнеткерінің тиісті мәртебесін растауға байланысты.

Демек, қызметтік куәлік пен зейнеткер куәлігін ресімдеудің жекелеген элементтерінің, оның ішінде рәміздерді және басшының қолын пайдаланудың сәйкес келуі олардың заңдық мазмұнының бірдей екенін білдірмейді.

Конституциялық заңның 47-бабы мен № 28 бұйрық бір құқықтық тетіктің әртүрлі деңгейлерін реттейді.

Конституциялық заңның 47-бабы:

– куәліктерді беруге кімнің уәкілетті екенін;

– куәліктің заңдық тұрғыдан нені растайтынын;

– прокуратура органдарында елтаңбалы мөрлердің болуын белгілейді.

№ 28 бұйрық:

– куәліктің сипаттамасы мен оның қорғаныш элементтерін;

– оны ресімдеу және беру тәртібін;

– кадр қызметтерінің құзыретін;

– бланкілерді есепке алу мен олардың қозғалысын;

– куәліктер мен бланкілерді қайтару және жоюды;

– прокуратура жүйесі зейнеткерлерінің куәліктерін ресімдеуді нақтылайды.

Мұндай арақатынас Конституциялық заңның 9-бабының 15) тармақшасына сәйкес келеді. Оған сәйкес Бас Прокурор Конституциялық заңның 47-бабында көзделген куәліктің заңдық мақсатын өзгертпей, Конституциялық заңда белгіленген институтты іске асырудың ұйымдық тәртібін нормативтік тұрғыдан реттеуге құқылы.